821
Д-45

ДЖУСУПОВ МАХАНБЕТ
ИБРАЙМОВ ҚАПАР

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ: ҒЫЛЫМТАНЫМ ТЕРМИНЖАСАМ СТИЛИСТИКА

821
Д-45

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ӨЗБЕКСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ

ДЖУСУПОВ МАХАНБЕТ, ИБРАЙМОВ ҚАПАР

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ: ҒЫЛЫМТАНЫМ, ТЕРМИНЖАСАМ, СТИЛИСТИКА

- 2015-

TOSHKENT VILOYATI CHIRCHIQ
DAVLAT PEDAGOGIKA INSTITUTI
AXBOROT RESURS MARKAZI
3- FILIALI

АЛМАТЫ
«ӘЛЕМ»
2015

Өзбекстан мемлекеттік әлем тілдері университетінің
ғылыми кенесі баспаға ұсынған

УДК 821.252.122.0
ББК 83.3Каз

Джусупов Маханбет, Ибраймов Қапар.
Ахмет Байтұрсынұлы: ғылымтаным, терминжасам, стилистика. Алматы, «ӘЛЕМ» баспасы, 2015. – 215 б.

Жауапты редакторлар:

филология ғылымдарының докторы **Нұргелді Уәлі** (ҚР ҰҒА А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы);

филология ғылымдарының докторы **Малбақов Мырзаберген** (ҚР ҰҒА А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы)

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы **Жубаева Орынай** (ҚР ҰҒА А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы);

филология ғылымдарының кандидаты **Джусупов Нұрсұлтан Маханбетұлы** (М.А. Шолохов атындағы Москва мемлекеттік гуманитариялық университеті, Москва);

падагогика ғылымдарының кандидаты **Сапарова Нұржамал Бегайдарқызы** (Өзбекстан мемлекеттік әлем тілдері университеті, Ташкент)

ISBN 978-9965-07-576-6

Монографияда А. Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасының ғылымтанымдық, терминжасамдық, стилистикалық мәселелері зерттеледі.

А. Байтұрсынұлының XX ғасырдың бірінші ширегінде әлем тіл білімі тарихында ұлы ғалымдар қатарында тіл мен тілдесімді лингвистиканың екі негізгі ұғымдары ретінде түсінгендігі анықталады, яғни тілдің статикасы мен динамикасының екітұғырлы дүние екендігін айқындағаны паш етіледі.

Кітапта А. Байтұрсынұлының ғылымды объективтік болмыс ұғымында түсінгендігі, қазақ ғылыми терминологиясының, жалпы стилистикасының, ғылыми стилінің, ғылымтанымының негізін қалаушысы екендігі нақты тарихи деректерді зерттеу барысында дәлелденеді; қазақ және жалпы түркі әлеміндегі биік орны нақтыланады; заманауи (лингвостатистикалық, лингвоқұрылымдық, лингвосалыстырмалы, лингвотипологиялық ...) әдіс-тәсілдерді қолданылуы арқылы әлем, жалпы түркі және қазақ тілтанымындағы белгілі (дәстүрлі) ұғымдар, категориялар, ұстанымдар интерпретицияланып, олардың жаңа қырлары ғылыми суреттеу дағдысының қолданылуы арқылы талқыланады, таңбаланады.

Монография филологтарға, жалпы тіл білімі мамандарына, тіл тарихын зерттеушілерге, жоғарғы оқу орындарының оқытушыларына, магистранттарға, аспиранттарға, докоранттарға, студенттерге, мектеп оқытушыларына арналады.

УДК 821.252.122.0
ББК 83.3Каз

ISBN 978-9965-07-576-6

©Джусупов М., Ибраймов К., 2015.
©«ӘЛЕМ», 2015.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ. Қайта оралған Ахмет Байтұрсынұлының ғәзіз 6

КІРІСПЕ 7

I ТАРАУ. А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҒЫЛЫМТАНЫМ, ТЕРМИНЖАСАМ ЖӘНЕ СТИЛИСТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ 15

1.1. А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасы – тарихи шындық 16

1.2. А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасының негізгі ерекшеліктері (салалық терминология, метатіл, терминдер номенклатурасы) 21

1.3. А.Байтұрсынұлының ғылымды табиғи объективті болмыс ұғымында түсінуі және қазақ тілі ғылыми стилінің негізін қалауы 37

Түйін 45

II ТАРАУ. А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТЕРМИНЖАСАМДЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ЗЕРТТЕЛУІ 56

2.1. А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасын зерттеуге арналған еңбектердің концептуалдық ерекшеліктері 57

2.2. А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің мағыналық, құрылымдық және статистикалық ерекшеліктері 68

2.3. А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасы және жалпы тіл біліміндегі тіл, тілдесім, тілдесімдік қызмет ұғымдары 96

Түйін 112

III ТАРАУ. А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТІЛТАНЫМДЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ СТИЛЬ ЭВОЛЮЦИЯСЫ 121

3.1. А.Байтұрсынұлы ғылыми мәтіндерінің стилі мен қазіргі тілтанымдағы ғылыми стильдің сабақтастығы 122

3.2. А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтіні – қазақ ғылыми стилі динамикасының негізі..... 146
Түйін..... 169

ҚОРЫТЫНДЫ..... 176
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ..... 191

Қосымша № 1. Авторлар туралы мәлімет және монографияның аннотациясы..... 203
Қосымша № 2. Сведения об авторах и аннотация монографии..... 207
Қосымша № 3. Information about authors and summary of the book..... 211

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

1873-1937

Ғалым, ағартушы, ақын, жазушы, публицист, қоғам қайраткері.

АЛҒЫ СӨЗ

Маханбет Жүсіпұлы
(Маханбет Джусупов)

Қайта оралған Ахмет Байтұрсынұлының сөзі

Ұмыттыңдар! Таң қалмаймын!
Ұмытылғам жүз рет мен.
Жүз рет көрде күл болғанмын,
Бүгін жатқан – ол да мен.

Ойым ойға жалғаспады -
Сол заманның құрбаны.
Сөзім жанды бола алмады,
Колдағы шам жанбады.

Ұмыттыңдар! Таң қалмаймын!
Ұмытылмас тұлға жоқ!
Еске алдыңдар! Таң қалмаймын!
Оралмайтын арман жоқ!

Көк аспанды құс билейді!
Жұмыр жерде – адам би!
Барлығын да ой билейді!
Ойдың басы – «Әліф-би!»

1998 жылдың 2-қазаны. Ташкент.

Кіріспе

Тіл – құрал ретінде қоғам өмірінің барлық әлеуметтік салаларына тікелей қатынасы бар объективті болмыс құбылысы. Сол себептен тіл – тек адамдардың бір-бірімен қарым-қатынаста болатын құралы ғана емес, индивидтің өмірін, мемлекеттің өмірін, жалпы адамзаттың өмірін ұйымдастыратын құралдардың ең маңыздысы. Әлемдегі, мемлекеттегі әлеуметтік және экономикалық өрлеу мен дамудың жетістіктері мен кемшіліктерінің айтылым мен жазылым айнасы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан 2030» бағдарламасында тәуелсіз мемлекет – Қазақстанның даму стратегиясы мен тактикасының жолдарын анықтап, мемлекеттік (қазақ) тілінің әлеуметтік қарым-қатынас құрал екеніне, оның коммуникативтік қызметінің тереңдеуі, кеңеюі, биіктеуі қажет екеніне айрықша көңіл бөлген.

Тілдің қарым-қатынас құрал ретіндегі қызметінің бүгінгі деңгейі, оның ғылыми және басқа салаларда қолданылу ерекшеліктері, қоғамдық маңызы мен мәні тек синхрондық зерттеулер жүргізу арқылы анықталмайды. Бұл мәселелердің ғылыми және тәжірибелік мақсаты әділ, кең және терең шешілуі үшін диахрондық та зерттеулер жүргізу керек. Осы екі түрлі лингвистикалық зерттеу жұмыстарының нәтижелері тілдің кешегісі мен бүгінінің деңгейін, даму процесінің кезеңдерін, ғылыми және жалпы қатысымдық сабақтастығын, теориялық және практикалық қасиеттерін тарихи шындық фактілердің жиынтығы (қоры) ретінде анықтайды. Сондықтан қазақ тілінің бүгінгі әлеуметтік мүмкіншілігі, ғылыми, ғылыми-әдістемелік қызметінің ішкі және сыртқы

табиғаты XX ғасырдың бірінші ширегінде қазақтың ғұлама зиялылары бастаған тілтанымдық, ағартушылық ғылыми ізденістерден өрбиді, сол зерттеулердің нәтижелерін негіз тұтады. Сол кездегі және қазіргі қазақ, жалпы түркі, әлемдік тіл білімі ғылымында ерекше биік орын алатын ғалым – А. Байтұрсынұлы.

А.Байтұрсынұлы ғылыми мұрасының қазақ ғылымы тарихындағы орны мен мәні соңғы 20 жылда жан-жақты зерттеліп келеді. Ол ізденістердің бағыты – алты түрлі.

1. А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасын қазіргі қазақ жазуында (кириллицада) жариялау (Байтұрсынұлы, 1989; 1991; 1992; 1996 т.б.).

2. Соңғы 20 жылда А.Байтұрсынұлының кириллицада жаңадан басылып шыққан кітаптарының құрамында орын алған биографиялық очерктер, кіріспе мақалалар, библиографиялық анықтамалар, аннотациялар (Сәтбаева, 1989; Нұрғалиев, 1991; Сыздықова, 1992; Өзбекұлы, 1996).

3. А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасын зерттеуге арналған мақалалар, ғылыми, ғылыми-тәжірибелік конференциялардың материалдары (Ахметтану тағылымдары, 1998; Ұлттық рұхтың ұлы тіні, 1999 т.б.).

4. А.Байтұрсынұлының тілтанымдық, әдістемелік ғылыми мұрасын зерттеуге арналған диссертациялар, олардың авторефераттары.

5. А.Байтұрсынұлының тілтанымдық ғылыми мұрасын зерттеуге арналған монографиялар (Джусупов (Жүсіпұлы) 1995. – 1998 т.б.).

6. А.Байтұрсынұлының тілтанымдық ғылыми мұрасын студенттер аудиториясына жеткізу мақсатында жазылған оқу-әдістемелік құралдар (Жалмаханов, 1997 т.б.).

Осы алты түрлі зерттеу еңбектерінің ішінде көп таралымда жарық көргендері – бірінші, екінші және үшінші топқа жататын еңбектер.

А.Байтұрсынұлының мұрасын көпшілікке таратуда маңызды қызмет атқарған шығармалар – бірінші топқа жататын шығармалар.

А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасын зерттеуде ғылыми стильдің нақ ғылыми түрінде жазылған еңбектер – мақалалар мен

монографиялар. Бүгінде бұл проблемаға арналған ғылыми мақалалар саны өте көп. Ал монографиялар саны аз (М.Джусупов (М.Жүсіпұлы), 1995, 1998). Бұл монографиялар А.Байтұрсынұлының фонемографиялық концепциясын, сингармофонологиялық графикасы мен орфографиясын, сегменттік және суперсегменттік фонологиялық көзқарастарын зерттеуге арналған. Біріншісі – «Фонемография А.Байтурсынова и фонология сингармонизма» Ташкент қаласының «Өзбекстан» баспасында 1995 жылы орыс тілінде басылып шыққан. Екіншісі – «А.Байтұрсынұлы және қазіргі қазақ тілі фонологиясы» Алматыда «Ғылым» баспасында 1998 жылы қазақ тілінде жарияланған. Мамандардың айтуы бойынша, бұл екі монографияның ғылыми маңызы өте жоғары. Автор А.Байтұрсынұлының сингармофонологиялық, сингармографиялық концепцияларын XX ғасырдың басындағы да, бүгінгі де басқа фонологиялық теориялармен салыстырып, оның еңбектерінде әлемдік деңгейдегі фонологиялық жаңалықтар бар екенін анықтайды. Яғни автор А.Байтұрсынұлының фонолог, графолог, сингармонолог, лингводидакт, әдістемеші ретінде тек қазақ, түркі тіл білімі тарихында емес, әлем тілтанымы тарихында да биік орын алатынын терең, кең және жан-жақты дәлелдеген.

А.Байтұрсынұлының тілтанымдық ғылыми мұрасын зерттеуде, оның морфологиялық, синтаксистік, терминжасамдық, стилистикалық көзқарастарына, концептуалдық ұғымдарына арналған монографиялық еңбектер әлі жарық көрмеді. Мұндай ғылыми ізденістер өз зерттеушілерін күтуде.

А.Байтұрсынұлының тілтанымдық, әдістемелік ғылыми мұрасын зерттеуге арналған диссертациялар да көп емес. Қорғалған диссертациялардың негізгі ғылыми бағыты А.Байтұрсынұлы жасаған араб графикасының реформасына, әдістемелік концепциясына арналған.

Біздің бұл еңбегіміз – А.Байтұрсынұлы ғылыми мұрасының тілтанымдық табиғатын терминология, ғылымтану, стилистика мәселелері негізінде зерттеуге арналған. А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы осындай ғылыми бағытта, осындай тілтанымдық көзқарас негізінде монография деңгейінде бүгінге дейін зерттелмеген.

XX ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ тіл білімінің, А.Байтұрсынұлы тілтанымдық мұрасының тарихын, концептуалдық қасиеттерін, ерекшеліктерін, эволюциялық өзгерістерін, теориялық және тәжірибелік маңызын зерттеудің өзектілігі мен зәрулігі үш түрлі себептермен (тарихи, әлеуметтік, тілтанымдық) дәлелденеді.

1. Қазақ тіл білімінің кешегісі мен бүгінінің ғылыми сабақтастығын зерттеудің тарихи маңызы өте биік.

Біріншіден, қазақ тіл білімі қазіргі заман тілтанымының ғылыми деңгейіне лайықты концепциялар негізінде XX ғасырдың бірінші ширегінде қарастырыла бастады және сол кезде қазақ тілтанымының негізгі теориялық, тәжірибелік бағыты, ұғымдары, зерттеу ұстанымдары қалыптасты.

Екіншіден, XX ғасырдың бірінші ширегінде қазақ тіл білімінде өшпес із қалдырған ғалымдардың, зиялылардың көпшілігі, олардың еңбектері саяси және ғылыми репрессияға ұшырады. Сондықтан олардан қалған мұраның қыры мен сыры бүгінге дейін толық зерттелмеді.

Үшіншіден, уақыт кеңістігінде ғылымның тек ғылыми ғана емес, тарихи да сабақтастығы болады. Ол сабақтастықтың, рухани байлықтың тарих кезеңдерінің бірінде мәңгілік саяси абақтыда қалып кетпеуімен, сол рухани байлықтың келер ұрпаққа қаз қалпында жету-жетпеуімен байланысты. Яғни ғылымның бүгінгі тарихы, бүгінгі деңгейі оның кешегі тарихынан, кешегі деңгейінен өніп шығады.

2. Қазақ тіл білімінің кешегісі мен бүгінінің ғылыми сабақтастығын зерттеудің әлеуметтік маңызы өте биік.

Біріншіден, тіл әлем тарихында адам қызмет ететін барлық әлеуметтік салаларда қарым-қатынас қызметін атқарады. Ол қызметтің әр заманға сай нақ ғылыми, социолингвистикалық, ғылыми-тәжірибелік ерекшеліктері болады. Тілдің қатысым қызметінің әр заманға сай ерекшеліктерін зерттеу – бүгінгі тілтаным ғылымының тек ғылыми емес, әлеуметтік те қарызы мен парызы. Себебі тіл – қарым-қатынас құралы. Қарым-қатынас – әлеуметтік қызмет. Ал ол әлеуметтік қызметті тіл атқарады.

Екіншіден, тілдің әлеуметтік қызметінің әр заманға сай ерекшеліктері сол кездегі қоғамның әлеуметтік салаларға бөліну

ерекшелерін де қамтиды. Сондықтан XX ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ тілінің зерттелу деңгейі, сол кездегі қазақ қоғамының әлеуметтік салалардағы қызметінің даму барысын да сипаттайды.

Үшіншіден, екі уақыт аралығындағы қазақ тілінің әлеуметтік қызметін салыстырып зерттеу тек тілтанымдық сабақтастықты емес, әлеуметтік сабақтастықты да терең, кең, жан-жақты ашуға жағдай жасайды.

3. Қазақ тіл білімінің кешегісі мен бүгінінің ғылыми сабақтастығын зерттеудің нақ ғылыми маңызы өте биік.

Біріншіден, ғылым – табиғи болмыстың объективті құбылысы, сол себептен ғылым заңдылықтары үшін уақыт кеңістігі – оларды өзгертетін құрал емес. Сондықтан А.Байтұрсынұлы бірінші болып ашқан, дәлелдеген, ғылыми айналымға енгізген қазақ тілінің ұғымдары, ережелері, терминдері бүгінгі қазақ тілтанымының ішкі және сыртқы дүниесінен үлкен орын алған. Бұл жағдай – XX ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ тіл білімі мен қазіргі қазақ тілтанымының сабақтас екендігінің үлкен дәлелі.

Екіншіден, А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасы (терминдер қоры, терминжасам қалыптары) – қазақ тіл білімі ғылымының сөзжасам мүмкіншіліктерінің кең және терең екендігінің көрсеткіші. Себебі қазіргі қазақ әдеби тілінде сөзжасам теориясы А.Байтұрсынұлы бірінші болып ашқан, ғылыми еңбектерінде қолданған ұғымдарға, сөз жасау модельдеріне негізделген. Яғни А.Байтұрсынұлының терминжасамдық концепциясының, жалпы тілтанымдық табиғатының негізі – әрі дәлелді, әрі қолайлы, әрі уақыт кеңістігінің сынағына шыдап берген ғылыми дүние.

Үшіншіден, А.Байтұрсынұлының стилистикалық мұрасы (жалпы стилистика, функционалды стилистика, ғылыми стиль және оның подстильдері) қазақ тіліндегі ғылыми мәтіннің заман талаптарына сай деңгейде дүниеге келуіне теориялық та, прагматикалық та негіз болды. Қазіргі қазақ тілі ғылыми мәтінінің стилі А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтінінің стилінен өрбіп шықты, А.Байтұрсынұлының ғылыми стилінің эволюциялық даму ерекшеліктеріне ұқсас даму процесінің ерекшеліктері арқылы

нықталды, тереңдеді, кеңейді. Бұл жағдай А.Байтұрсынұлының жалпы стилистикасының, ғылыми стилінің және қазіргі қазақ тіл біліміндегі стилистика мен ғылыми стильдің тілтанымдық табиғаттарының сабақтастығы мол екендігін айқындап тұр.

Төртіншіден, А.Байтұрсынұлының ғылыми тілтанымдық, әдістемелік т.б. еңбектері тек бүгін емес, XX ғасырдың басында да (Қараңыз: Поливанов, 1924; Яковлев, 1928, 1970; Самойлович, 1931 т.б.), XX ғасырдың екінші жартысында да (Қараңыз: Кононов, 1974; Джусупов (Жүсіпұлы), 1995; 1998; т.б.) Еуропа ғалымдарының еңбектерінде жоғары бағаға ие болған. Сөзіміздің дәлелі нық болу үшін тағы бір мысал келтірейік: 1993 ж. көрнекті ғалым Ingeborg Baldauf-тың үлкен еңбегі неміс тілінде жарық көрді (колемі 782 бет). Ол ғылымі еңбек негізінде араб жазуының (тағы басқа) түркі әлемінде колданған тарихына арналған (1850-1937 жылдар аралығында). Сол еңбекте А. Байтұрсынұлы жасаған араб жазуының реформасына және жалпы қазақ жазуына үлкен коніл бөлінген (қараңыз: Ingeborg Baldauf, 1993, 252-281 бб., 688-691 бб.). Сондықтан А.Байтұрсынұлының еңбектерінін тілтанымдық табиғатының маңызы – тек қазақ тілтаным үшін емес, жалпы әлем тілтаным тарихы үшін де мәні бар дүние.

Сонымен, еңбектің зерттеу тақырыбының маңызы кең, терең және жан-жақты. А.Байтұрсынұлы ғылыми мұрасының тілтанымдық табиғаты – бүгінгі қазақ тіл білімінің концептуалдық, ғылыми-тәжірибелік негізі.

Еңбекте А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімі тарихында терминжасамның, жалпы стилистиканың, функционалды стилистиканың, ғылыми стиль мен подстильдерінің ғылыми-прагматикалық жолын бастаушы және негізін қалаушы ғалым екендігі мәтіндер талдау нәтижелері бойынша иллюстрацияланып, дәлелденеді.

Сондықтан монографияда біз бірнеше ғылыми міндеттердің шешімін табуды көздедік. Олар:

1. А.Байтұрсынұлының тілтанымдық концепциясының ғылыми табиғатын анықтау, зерттеу.

2. А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасының ерекшеліктерін анықтау, талдау (салалық терминология, терминжасам модельдері, метатіл).

3. Қазіргі создіктердегі терминдер қорымен салыстыра отырып А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасының мағыналық, құрылымдық, лингвостатистикалық ерекшеліктерінің сипатын жасау.

4. А.Байтұрсынұлы терминжасамдық мұрасының қазіргі тілтанымдағы зерттелуінің концептуалдық ерекшеліктерін терең күйде көрсету.

5. А.Байтұрсынұлының ғылымды табиғи объективті болмыс ұғымында түсінуін анықтау, дәлелдеу.

6. А.Байтұрсынұлының, тіл біліміне Фердинанд де Соссюр енгізген тіл және тілдесім, Л.В.Щерба енгізген тіл, тілдесімдік қызмет, тіл материалы ұғымдарын, түсінуіндегі ерекшеліктерін анықтау, талдау.

7. А.Байтұрсынұлының қазақ тілі стилистикасының, ғылыми стильдің, оның подстильдерінің негізін қалаушы екенін мәтіндерді талдау барысында нақтылау, жан-жақты дәлелдеу.

8. А.Байтұрсынұлының мәтіндерін ғылыми стильдің лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларына сүйеніп талдау жасап, сол факторлардың ғылыми мәтін жасау барысындағы қызмет ерекшеліктерін анықтау.

9. Қазіргі тілтанымдағы ғылыми білімнің қалыптасу кезең-дерінің концепциясын А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтін-дерінен іздестіріп анықтау, нақтылау.

10. А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтініндегі сөйлемдерде тема (тақырып) және рема (жаңа хабар) концепциясының нық қалыптасқанын талдау негізінде анықтау, дәлелдеу.

11. А.Байтұрсынұлының ғылыми стилі мен қазіргі тіл біліміндегі ғылыми стильді салыстыра зерттеп, олардың сабақтастығын тереңдетіп және кеңейтіп көрсету.

12. А.Байтұрсынұлы ғылыми мәтінінің стилистикалық эволюциясы қазіргі қазақ ғылыми стилі динамикасының негізі екенін синхронды және диахронды анализ жасау барысында ашып көрсету.

Монографияда аталған міндеттердің орындалуы А.Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасының қыры мен сырын терең және жан-жақты анықтауға, концептуалдық көзқарастар негізінде жариялауға жол ашып береді, зерттеу қорытындыларының дәлелді болуына күмән келтірмейді.



I тарау

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҒЫЛЫМТАНЫМ, ТЕРМИНЖАСАМ ЖӘНЕ СТИЛИСТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

1.1. Ахмет Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасы – тарихи шындық

Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде тілтанымдық, әдебиеттанымдық, әдістемелік мәселелер тығыз байланыста зерттеледі (қараңыз: Джусупов (Жүсіпұлы), 1995; 1998; Ахметтану бастамалары, 2005; т.б.). Осындай көп салалы нақ ғылыми және ғылыми-әдістемелік ізденістерді ұлттық деңгейде жүргізу үшін, Ахмет Байтұрсынұлының көзқарасы бойынша, термин жасау және термин қолдану мәселелеріне көп көңіл бөлу керек. Осы үлкен ғылыми жүкті ұлттық, халықаралық (түркі әлемі, жалпы тіл білімі) көлемінде көтеріп мәресіне жеткізуде Ахмет Байтұрсынұлының еңбегінің маңызы ерекше.

Жиырмасыншы ғасырдың басында қазақ терминологиясының ғылыми деңгейде қалыптасу процесі жүйеге салына басталды. Ахмет Байтұрсынұлының осы кезеңдегі терминжасамдық ізденістерін зерттеу мақсатында бүгінде біраз ғалымдар атсалысып жатыр (Айтбаев Ө., Сыздықова Р., Құрманбаев Ш., Біләлов Ш., Ақаев С., Мыңбаев Д., Рақышев А., Жүсіпұлы М., Ибраймов Қ...). Бұл мамандардың барлығының ойлары бір пікірдің төңірегінде тоғысады: Ахмет Байтұрсынұлы қазақ терминология ғылымының, терминжасамның негізін қалаушы, жанашыры және ізденушісі. Зерттеушілер Ахмет Байтұрсынұлын «қазақ терминология ғылымының негізін қалаушы, қалыптастырушы (основоположник), жолын салушы» (родоначальник) болғанын айтады. Бұл екі сөз тіркестерінің мағыналарында үлкен айырмашылық бар.

Осыған байланысты бір мәселені шешіп алу керек: Ахмет Байтұрсынұлы қазақ ғылыми терминологиясының қалыптастырушысы ма, яғни негізін қалаушысы ма? Жоқ әлде негізгі жолын салушы ма? Себебі Н.Ф.Яковлев бірінші болып фонологиялық зерттеулерді Мәскеу фонология мектебінің (МФМ) рухында қарастырған (Яковлев, 1928). Ол кезде Мәскеу фонология мектебі әлі қалыптаспаған еді, яғни оның негізгі ұғымдары, ұстанымдары т.б. жүйеге келмеген еді. Мәскеу фонология мектебінің жүйелік негізі 1945 жылы қалыптасты деуге болады, себебі сол жылы Р.И.Аванесов пен В.Н.Сидоровтың «Очерк грамматики русского литературного

языка» атты кітабы жарық көрді. Осы кітапта орыс тілінің дыбыс құры тұңғыш рет жаңа Мәскеу фонология мектебінің ұғымдары, категориялары, ұстанымдары негізінде зерттелді, яғни жаңа ғылыми теория жүйеленді. Осылай жаңа ғылыми мектептің ұғымдарын, категориялық зерттеу ұстанымдарын жүйеге келтірген ғалымдар сол ғылыми мектептің, сол ғылыми теорияның негізін қалаушылар болып табылады. Бұл қатарға кейін қосылып, сол теорияны кеңейткен, тереңдеткен, жаңа ұғымдар мен жаңа зерттеу жолдарын дүниеге келтірген ғылымдарды да жатқызуға болады. Бұл қатарға Мәскеу фонология мектебінің өкілдері – А.А.Реформатский, П.С.Кузнецов, Сухотин т.б. (Реформатский, 1970) жатады.

Ал әлі қалыптастаған, әлі белгісіз теорияның (кейіннен Мәскеу фонология мектебі теориясы) ғылыми рухында 1928 жылы тұңғыш еңбекті жазып баспадан шығарған Н.Ф.Яковлев – фонология мектебі үшін кім: негізін қалаушы ма, қалыптастырушы ма (основоположник), негізгі жолын салушы ма (родоначальник)? З.М.Альмухамедова, Е.Ф.Киров 1988 жылы жарияланған еңбектерінде Н.Ф.Яковлевті Мәскеу фонология мектебінің теориялық «негізгі жолын салушы» (родоначальник) деп атайды (Альмухамедова, Киров, 1988. – 36-38-бб.). Бұл пікірді біз де қолдаймыз (Жүсіпұлы (Джусупов), 1995. – 30-б; 1998. – 46-б.), себебі. Н.Ф.Яковлев 1928 жылғы еңбегін болашақ Мәскеу фонология мектебінің теориялық рухында жазған, бірақ теорияны жүйелік деңгейге көтермеген, яғни жаңа фонологиялық теория жасамаған. Н.Ф.Яковлев ұрандатқан жаңа фонологиялық рухтың дүниеге келуіне Ахмет Байтұрсынұлының фонемографиялық көзқарастары ерекше ықпал еткен (Жүсіпұлы (Джусупов), 1995. – 30-39-бб.; 46-59-бб.; 1998. – 35-б).

Осындай көзқарас негізінде ізденістер жүргізсек, жоғарыда қойылған үлкен сұрақ өз жауабын күтуде: Ахмет Байтұрсынұлы қазақ ғылыми терминологиясының негізін қалаушы ма, қалыптастырушы ма? Жоқ әлде негізгі жолын салушы ма? Осы сауалға ғылыми жағынан да, тарихи жағынан әділ де дәлелді жауап алуымыз міндет. Себебі негізін қалаушы (қалыптастырушы) мен негізгі жолын салушының арасында үлкен айырмашылық бар. Ол айырмашылықтың негізгі көрсеткіші мынада: ғалым (я ғалымдар) қандай да бір ғылым саласының ұғымдарын, категорияларын,

зерттеу ұстанымдарын жүйеге келтірді ме, келтірмеді ме? Яғни жаңа жүйе дүниеге келді ме, келмеді ме?

Осы сауалға ғылыми және тарихи жағынан әділ жауап беру үшін біз бірқатар мәселелерге көңіл аударуды жөн көрдік:

1. Термин, терминология, терминдер номенклатурасы, метатіл.

2. Термин – заттың атауы, термин – ұғымның атауы.

3. Ана тілі бірліктерінің негізінде жасалған терминдер.

4. Жат тіл бірліктерінің негізінде жасалған терминдер.

5. Ахмет Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасын зерттеуге арналған еңбектердің концептуалдық ерекшеліктері.

6. Ғылымның мақсаты, негізгі қасиеттері (объективтілігі, ғылыми заңдылықтардың ұлттық бейтараптылығы, универсалдығы, жекеленбейтіндігі).

7. Термин –тілдік және тілдесімдік таңба.

8. Термин – ғылымның объективтілігінің көрсеткіші, жаршысы.

9. Термин, терминология және ғылыми стиль.

10. Ғылыми стильдың лингвистикалық және экстралингвис-тикалық факторлары.

11. Терминнің, ғылыми стильдің уақыт кеңістігіндегі дамуы, өзгеруі.

12. Бір ғылым саласындағы теорияларда, ғылыми мектептерде бір ғылыми ұғымның әртүрлі терминдермен аталуы т.б.

Сонымен, Ахмет Байтұрсынұлы терминжасамдық мұрасының объективті, кең, және терең зерттелуі қазіргі тіл біліміндегі терминология, стиль, ғылыми мәтін... концепцияларының құрамындағы ұғымдардың, ұстанымдардың, терминдердің зерттелу деңгейімен байланысты.

Термин жасауда негізгі екі түрлі жол бар:

1. Термин заттың атынан жасалады, яғни бірінші орынға номинация шығады. Бұлар – көбінесе техника саласында қолданылатын жабдықтарды атайтын терминдер. Мысалы, есік құлпының *кілті* (*кілт* – заттың аты). *Жүргізуші кілт бұрап машинаны от алдырды* (*кілт* – техникалық термин).

2. Термин ұғымды атайтын сөзден жасалады, яғни бірінші орынға ұғымдық мағына шығады (заттық мағына емес). Ұғымдық

көзқарас негізінде жасалған термин – нағыз ғылыми термин болады, себебі оның негізінде абстракцияландырылған (жалпылама) түсінік жатады. Мысалы, *сөйлесім* терминінің негізінде артикуляция арқылы жасалатын (ауызекі) тілдесім (қарым-қатынас) ұғымы жатыр.

Осындай негізгі екі жолмен жасалатын терминдер ана тілінің де, жат тілдің де сөздері негізінде жасала береді. Мысалы: а) *бұрғы, аккумулятор;* ә) *зат есім, интерференция.*

Осы мәселенің шешімі (термин – затты атайтын сөз; термин - ұғымды атайтын сөз) Ахмет Байтұрсынұлының терминжасамдық ізденістерінен қандай орын алды? – деген сұрақ туады. Ахмет Байтұрсынұлы осы екі үлкен жолды ажыратқан ба, ажыратпаған ба? – деген сұрақ туады. Біз жасаған ізденіс нәтижелері мұндай сұрақтардың негізі жоқ екенін дәлелдейді. Себебі Ахмет Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасында бұл екі термин жасау жолдары шатастырылмаған, керісінше, нақты, дәлелді, объективті түрде ажыратылған. Яғни Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінде затты атайтын сөз ұғымды атайтын сөздің орнын алмайды, ұғымдық термин қызметінде қолданылмайды. Керісінше, ұғымды атайтын сөз затты атайтын сөздің орнын алмайды, номинативтік мағынадағы термин қызметінде қолданылмайды. Сонымен, Ахмет Байтұрсынұлы терминолог ретінде биік ғылыми деңгейде ізденістер жүргізген.

Ахмет Байтұрсынұлы дүниеге келтірген терминдердің басым көпшілігі ұғымды атайтын сөздерден жасалған, яғни бірінші орында ұғым тұрған. Мұндай жағдайдың себебін, біздің ойымызша, былай түсіндірген жөн:

біріншіден, терминдер оқу-ағарту (ғылыми-оқыту) мәселелеріне байланысты жасалған. Ал білім беру және ғылым салаларының негізінде ұғым жатады (ұғымды қабылдау, ұғымды түсіндіру, ұғымдық мағынаны маркерлейтін терминді нақ ғылыми, ғылыми-оқыту қызметінде қолдану);

екіншіден, Ахмет Байтұрсынұлы терминді техника, экология, археология... салаларына арнап жасаған жоқ, тіл, әдебиет, әдістеме, тарих, этнография... салаларына арнап жасады, сондықтан Ахаң термин жасау үшін нақты заттардың атын алмады, себебі нақты заттың атында ұғымдық емес, номинациялық түсінік басым;

үшіншіден, қазақ менталитетінің, ойлау қабілетінің қалыптасу негізінде ұғымдық категория басым. Қазақ көбінесе заттық емес, жалпылама ұғымдық тізбегі негізінде дағдыланады (*мал, жан, ақ (сүт, айран), жайлау; жұрт, ата-баба, аға, жеңге, қарындас, құда...*);

төртіншіден, нақты заттық (номинациялық) бағытында термин жасаудың басым болмағандығының тағы да бір себебі – XX ғасырдың бірінші ширегінде қазақ қоғамында техника және басқа өндіріс салаларының даму процесінің жоғарғы деңгейде өркендемеуінде.

Ахмет Байтұрсынұлы жасаған терминдер – негізінде тілге, әдебиетке... оқыту мақсатын көздеп дүниеге келген атаулар. Сондықтан нақ ғылыми стиль (монография, диссертация) Ахмет Байтұрсынұлының термин жасау қызметінде бірінші орында тұрған жоқ. Себебі ол кездегі қазақ қоғамының әлеуметтік талабы – халық ағарту, білімді көтеру еді, яғни Ахмет Байтұрсынұлының терминді ана тілі сөзінен жасау керек деп қорытуының негізгі себебі – терминнің мектеп оқушысына міндетті түрде түсінікті болуы керек екендігінде.

Қазақ тілтанымының XX ғасырда тез және жан-жақты дамуының арқасында Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-әдістемелік салада жасаған терминдерінің басым көпшілігі ғылыми стильдің нақ ғылыми түрінің де терминдері болып қалыптасты, яғни қазақ тілтанымындағы төл термин жасау бағытының, дағдысының үлкен ерекшеліктерінің бірі мынандай жағдайда: қазақ терминінің ұғымдық-семантикалық дүниесінде мектеп қабырғасы болсын, нақ ғылым саласы болсын (жоғарғы оқу орны, ғылыми-зерттеу институты, ...) айырмашылық өте аз, себебі қазақтың төл сөзінен жасалған терминдер екі салада да бір ұғымдық-семантикалық кеңістікті таңбалайды. Мысалы: *зат есім, сын есім, етістік; жуан дыбыс, жіңішке дыбыс.*

Ш. Жалмаханов деректеріне сүйенетін болсақ, Ахмет Байтұрсынұлы жасаған 310 тілтанымдық терминнің 118 қазіргі тіл білімінде қолданылады екен (Жалмаханов, 1997). Бұл статистикалық деректің көрсеткіші өте биік. Салыстырайық: мысалы, орыс тілі білімінің және тілді оқыту әдістемесінің үлкен маманы – Н.М.Шанскийдің аты бір «лингводидактика» терминімен (Шанский, 1969. – 9-14-бб.) филология әлеміне, әсіресе педагогиканың тілді оқыту саласында

кең танымал болды. Ал енді қазақ тілтанымында, әдістемесінде жүзден астам терминдері 90 жыл бойы қолданылып келе жатқан Ахмет Байтұрсынұлының аты тек қазақ филологиясында емес, тек қана түркологияда емес, әлемдік тіл білімінің де, әлем лингводидактикасының да ең биік шыңдарының бірінен орын алу керек. Сол орынға Ахаңды бүгін орналасты десек болады. Ал тек қазақ тілымының, білімінің позициясынан қарайтын болсақ, онда «Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың болашағы үшін пайғамбардың қызметіндей қызмет атқарды» дегеніміз – тарихи әділдік пен тарихи шындық болады.

1.2. А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасының негізгі ерекшеліктері (салалық терминология, метатіл, терминдер номенклатурасы)

Тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолдану деңгейі (тілді білу деңгейі) қоғам мүшелерінің бәрінде бірдей емес... Қоғамның басым көпшілігі тілді тілдесім деңгейінде ғана біледі, яғни сол тілде қарым-қатынас жасайды (тыңдалым,сөйлесім, оқылым, жазылым). Ал сол қоғамның бір әлеуметтік тобы тілді тек қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сол тілде сол тіл туралы ізденістер жүргізу үшін де қолданады. Басқа сөзбен айтатын болсақ, сол тілде сол тіл туралы ғылыми тілдесімдік қызмет жасайды. Тілдің құрамындағы осы тілді «метатіл» (метаязык), «метатілдесім» (метаречь) дейді. «Тіл білімі сөздігінде» *метатілдің* түсіндірмесін төмендегі редакцияда берген: «Метатіл (грек meta – арқылы, кейін) ... тіл – құрал көмегімен объект-тілдің сипатталуы...» (Тіл білімі сөздігі, 1988. – 220-б.). Біз бұл түсіндірмеге «жүйелендіру сөзін де қосар едік, себебі метатіл тек сипаттамайды, жүйеге де келтіреді (Қараңыз: Большой энциклопедический словарь. Языкознание, 2000. – 297-298-бб.). Сонымен, тілдің құрамындағы бұл тілді (метатілді) арнайы тіл, «екінші қатардағы» тіл десек те болады (Ахманова, 1966. – 232-б.), себебі бұл тілдің құрамында тілді ғылым саласы ретінде зерттеп сипаттайтын, жүйелендіретін, осы салада қолданылатын тіл бірліктері – терминдер (сөздер, сөз тіркестері) болады. Метатілдің,

метатілдесімнің түрлері өте көп. Мысалы, тілтанымның метатілі, математиканың метатілі, геологияның метатілі т.б.

Метатіл – жалпы терминологияның тармағы (Реформатский, 1959; Ахманова, 1966). Бірақ солай бола тұрып, әр қоғамдық-әлеуметтік сала метатілінің құрамында бірнеше метатіл болады. Мысалы, қазақ тілтанымының метатілі бірнеше түрден (метатілдерден) құралады: жалпы тілтанымдық метатіл, фонологиялық және фонетикалық метатіл, лексикологиялық метатіл, морфологиялық метатіл, синтаксистік метатіл, стилистикалық метатіл т.б. Енді осы метатілдердің құрамында да бірнеше метатіл болады. Мысалы, қазақ тілі дыбыс жүйесі метатілінің құрамын төмендегі метатілдер құрастырады: фонологиялық метатіл, фонетикалық метатіл, артикуляциялық метатіл, акустикалық метатіл, сингармониялық метатіл, интонациялық метатіл т.б.

Сонымен, метатіл бірнеше «диалектілерге және «идиалектілерге бөлінеді (Ахманова, 1966. – 4-б.). Осыны ескере отырып, О.С.Ахманова *метатіл* ұғымының ауқымы терминология ұғымының көлемінен әлдеқайда мол екенін айтады (Ахманова, 1966. – 5-б.), себебі метатіл лингвистикалық сөз қолдануды кең мағынада түсінеді (Ахманова, 1966. – 6-б.). Біздің ойымызша, О.С.Ахмановаңың былай деуінің негізі төмендегі пікірде: метатіл иесі (мысалы, фонолог) тілді екі түрлі әлеуметтік қолданыста пайдаланады: жалпы қарым-қатынас мақсатында және арнайы (фонологиялық) қарым-қатынас мақсатында. Метатілге ие емес азамат тілді бір әлеуметтік мақсатта (жалпы қарым-қатынас мақсатында) қолданады. Метатілде тілдесім жасайтын индивид метатілдің бірліктерін жалпы қарым-қатынаста (сөйлесімнің контексіне байланысты) фрагментарлы түрде қолдануы мүмкін. Ал негізінде осы екі түрлі әлеуметтік қарым-қатынастың құралы мен нысаны бір – жалпы тіл. Сонымен, тіл білімінде екі түрлі тілдік ұғым бар: 1) зерттелу тілі (тіл – зерттеу нысаны, яғни нысан – тіл); 2) зерттеу тілі (метатіл).

Ахмет Байтұрсынұлы өзінің еңбектерінде *метатіл, метатілдесім, объект-тіл* т.б. терминдерді қолданбаған. Оның себептері көп. Мысалы:

а) ұғымдары болғанмен, кейбір терминдер ол кезде әлі пайда болмаған еді;

ә) XX ғасырдың бірінші ширегіндегі жалпы тіл білімінің және қазақ тіл білімінің деңгейі бүгінгі деңгейіндегідей емес еді;

б) Ахмет Байтұрсынұлының терминжасамдық негізгі мақсаты пәнә ғылыми мақсат емес, оқыту-ғылыми мақсат еді т.б.

Ахмет Байтұрсынұлы өз еңбектерінде осы лингвистикалық ұғымдарды атамаса да, толық қамтыған, яғни Ахаң жалпы терминжасамдық та, метатілдік те терминдерді жасаған. Мысалы:

1. а) тілтаным терминологиясы, ә) әдебиеттаным терминологиясы, б) әдістемелік терминология;

2. а) фонетикалық терминология (метатіл); ә) синтаксистік терминология (метатіл) т.б.

Бұл жағдай Ахмет Байтұрсынұлының (ғалым ретінде) зерттеу объектісінің (тілдің), біріншіден, екі түрлі өмір сүреді деп түсінгенін дәлелдейді: а) тіл, ә) тілдесім (дихотомия язык и речь); екіншіден, тілдесімнің төрт түрі болатынын ажыратқан, себебі оқушыларға арналған жаттығуларының құрамында сөйлесімдік те, тыңдалымдық та, оқылымдық та, жазылымдық та жаттығулар бар.

Ахмет Байтұрсынұлы – жалпы тіл мен метатілдің парқын кеңінен ұққан ғалым, себебі метатіл бірліктерін (терминдерін) жасаған (*дыбыс, жуан дыбыс, жіңішке дыбыс; сөйлем, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем*), сондықтан мамандардың тілді екі мақсатта қолдану керек екенін де терең түсінген: а) жалпы қарым-қатынас мақсатында; ә) арнайы қарым-қатынас мақсатында (мысалы, фонетикалық қарым-қатынас мақсатында). Сонымен, Ахмет Байтұрсынұлының тіл және тілдесім, тіл және метатіл ұғымдарын, терминдерін имплицитті түрде қолдануы биік ғылыми деңгейде жасалған.

Тілдің я басқа ғылым саласының метатілінің шыңы – сөз тіркестерінен жасалған терминдер (яғни терминдер тіркесі). Терминдер тіркесі (күрделі терминдер) ғылым саласының тек сөзжасамдық емес, сөзтіркесімдік те ерекшеліктерін сипаттайды. Терминдік тіркестер ғылым саласының (біздің жағдайда тілтанымның) метатілінің толық қалыптасқандығын дәлелдейді. Ахмет Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасында сөз тіркестерінен жасалған ғылыми терминдер үлкен орын алады. Мысалы: *жуан дыбыс, жіңішке дыбыс, дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, жай сөйлем, құрмалас*

сөйлем; оқу құралы, қазақша алифба, сауат ашқыш... Сонымен, қазақ тілтанымының әдебиеттанымының, тілді оқыту әдістемесінің терминдері Ахмет Байтұрсынұлының ізденістерінің арқасында XX ғасырдың бірінші ширегінің өзінде-ақ биік ғылыми деңгейде қалыптасқан еді.

Әр ғылым саласының тек өзіне тән ерекшеліктері бар. Метатілдің қалыптасуы, қызмет атқару қасиеттері сол ерекшеліктерге тәуелді, сол ерекшеліктердің көрсеткіші, жаршысы, себебі метатіл – семиотикалық белгілер (таңбалар) жүйесі, яғни метатілдің әлеуметтік, тілтанымдық қасиеті, сипаты бар. Мұндай метатіл, метатілдесім тіл білімінің әртүрлі салаларының, теорияларының ерекшеліктерін анықтайды, сипаттайды. Ахмет Байтұрсынұлы жасаған метатіл, метатілдесім қазақ тарихының жаңа дәуірінде қазақ ғылымын ғылыми-әлеуметтік салаларға байланысты жіктеді (тілтаным, әдебиеттаным, тілді оқыту әдістемесі).

Әр ұлттың тарихында осындай ғылыми-әлеуметтік метатілдердің жүйеленген, қалыптасқан жағдайда ғана сол ұлттың білімі мен ғылымы дамиды, үлкен қоғамдық-әлеуметтік көрсеткіш деңгейіне көтеріледі.

Термин жасаушы маманға жаңа терминді дүниеге келтіру, терминжасамдық сөздікті жасаушы маманға бір мағынада қолданылып жүрген бірнеше синоним-терминдердің арасынан ең қажеттісін таңдап алу – көп уақытты, үлкен тәжірибені, теориялық және машықтық тапқырлықты талап етеді. Көп жағдайда мамандар өзінің білімі мен сезімталдығына, халықаралық ғылыми тәжірибеге сүйенеді, терминнің ғылыми қолданыстағы жиілігіне, басқа сөздіктердегі, оқу құралдарындағы орнына, сипатталуына көңіл бөледі. Мысалы, Н.М.Шанский *лингводидактика* терминін дүниеге келтіргенде орыс тілінің бір сөзжасамдық моделіне сүйенген (*лингвостилистика, лингвотипология, лингвоконтрастивный*). М. Жүсіпұлы (М. Джусупов) *сингармофонема, сингармовариант, сингармовариация* т.б. терминдерді жасағанда, жалпы тіл біліміндегі *фонография, фонометрия, фоностилистика* сияқты терминдердің сөзжасамдық үлгісіне сүйенген (Жүсіпұлы; 1995. – 72-81-бб.; 1998. – 90-104-бб.). Ә.Жүнісбеков *үндесім, үйлесім* терминдерін жасағанда,

қазақ тіліндегі *асым, салым* сияқты сөздердің жасалу жолын үлгі еткен (Жүнісбеков, 1998. – 262-268-бб.).

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ термині мен терминологиясын жасағанда, қазақ тіліндегі сөзжасам үлгілері ғылыми жүйеге келтірілмеген еді, терминжасамдық сөздіктер жоқ, оқу құралдары өте аз еді. Ахмет Байтұрсынұлы барлық жағдайда ең алдымен жеке өзінің тәжірибесіне, сол салада атсалысып жүрген замандастарының тәжірибелеріне, содан соң орыс және басқа үндіеуропа мамандарының тәжірибелеріне, солардың тіл білімінің жетістіктеріне, араб, парсы сөзжасам үлгілеріне сүйенді.

Ахмет Байтұрсынұлы жат тілдердегі терминжасамдық үлгілерді қазақ тіліне көшіріп өткізбеді, олардың ғылыми-әдістемелік бағытын зерттеді, жетістіктеріне талдау жасады, яғни қазақша терминжасамдық шығармашылығында қазақ тілінің сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік, стилистикалық ішкі және сыртқы мүмкіншіліктерін толық пайдаланды. Тек осындай көзқарастың нәтижесінде Ахмет Байтұрсынұлы жасаған терминдер нағыз ұлттық (қазақша) болып шықты.

Терминжасамдық ізденістер жүргізу үстінде Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің дериватологиясының (сөзжасам), лексикологиясының, семантикасының, сөздердің синтаксистік байланысу жолдарының, сөз және термин стилистикасының ғылыми негіздерін салды. Бұл тарихи маңызы биік ғылыми мәселелер арнайы ізденістер жүргізуді талап етеді.

Тіл білімінің бір саласында бірнеше ғылыми теориялар болуы мүмкін. Мысалы, орыс тілі фонологиясында Ленинград фонология мектебі (ЛФМ), Мәскеу фонология мектебі (МФМ), Р.И.Аванесовтың фонологиялық теориясы т.б. концепциялар бар. Осы теориялардың терминдік айырмашылықтары күрделі, себебі ұғымдарының айырмашылықтары күрделі. Мысалы, сөздің мағынасын өзгертетін дыбыстың (фонеманың) сөз құрамындағы позициялық түрлерін ЛФМ-да *типичный оттенок* (звукотип, звуковой тип – негізгі түр), *оттенки* (түрлер) деп атайды. МФМ-да *инвариант* (негізгі түр), *вариация* (сәл өзгертілген түр), *вариант* (толық өзгерілген түр) деп атайды. Сонымен, тілдің бір саласындағы теориялардың айырмашылықтары ғылыми мәселенің сапа жағын да, сан жағын да

қамтиды. Бірақ әр ғылыми мектептің өкілдері қолданатын терминдер – сол ғылыми мектептердің теориялық ұғымдарының семиотикалық таңбалары, яғни бір тілдегі бір құбылысты, бір тіл бірлігін әртүрлі терминдермен атау – тілтанымдық ғылыми мектептердің ұғымдық, категориялық ерекшеліктерінің қалыптасқандығының нәтижесі.

Тағы бір мысал: қазақ фонологиясының дәстүрлі фонологиялық (акценты – фонемалық) теориясында (Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, ...) сөз мағынасын өзгертетін дыбысты *фонема* деп атайды; сингармониялық теориясында (Ә.Жүнісбеков, Ж.Әбуов...) *сингармема, сингема, үндеспе* деп атайды; сингармофонологиялық теориясында (М.Жүсіпұлы, яғни М.Джусупов...) *сингармофонема* деп атайды (Қараңыз: Жүсіпұлы, 2001. – 23-34-бб.).

Сонымен, тіл бірлігін, тілдің бір құбылысын атайтын бірнеше терминдердің қайсысы ең «лайықтысы», қайсысы ең «заңдысы»? – деген сұрақ туады. Әр ғылыми мектептің теориялық позициясының мінберінен ой жүгіртсек, барлығы да ең «лайықты», ең «заңды». Бірақ нормативтік сөздіктерге, оқулықтарға тіл бірлігін атау үшін бірнеше синонимдерді енгізу дәстүр болып қалыптаспаған. Сондықтан орыс тіл білімінде «Қазіргі әдеби орыс тілі. Фонетика» оқулығының бірнеше нұсқасы бар – *Л*ФМ теориясының негізінде жазылған, МФМ теориясының негізінде жазылған, Р.И.Аванесовтың фонологиялық теориясының негізінде жазылған т.б.

Терминжасамдық сөздіктерге ең жиі қолданылатын, мағына жағынан ең нақты, ең көлемді терминдер енеді. Ол терминдердің қатарында екі, үш ғылыми мектептерде тілдің бірлігін, бір құбылысын әртүрлі атайтын бірнеше терминдер болуы мүмкін. Мысалы, О.С.Ахмановаңың сөздігінде (Словарь лингвистических терминов) *Л*ФМ-ның да, МФМ-ның да терминдері енген *(звукотип (звуковой тип), оттенок; инвариант, вариация, вариант)* (Ахманова, 1966). (Ал негізінде әр ғылыми мектептің ғылымдық және терминжасамдық ерекшеліктерін арнайы сөздіктер қамтиды, түсіндіреді. Мысалы, 1964 жылы орыс тілінде басылған Й.Вахектің сөздігі (*Лингвистический словарь Пражской школы* – Прага мектебінің тілтанымдық сөздігі).

Сонымен, ұлттық тіл біліміндегі қалыптасқан ғылыми мектептер, теориялар және олардың терминжасамдық айырмашылықтары – ұлттық тілтаным байлығының көрсеткіштері. Бірақ бұл жағдайдың прагматикалық қайшылықтары бар (сөздік жасауда, тілге оқытуда).

А.Байтұрсынұлы қазақ терминологиясын жасаған кезде ғылыми мектептер, ғылыми терминдер қалыптаспаған еді. Тіпті орыс тіл білімінің өзінде бұл жағдай (әсіресе лингвистикалық терминология) енді тұрақты бір қалыпқа түсу жолында еді. Сондықтан А.Байтұрсынұлының алдында екі үлкен мәселе тұрды:

а) қазақ тіл білімінің, әдебиеттанымының, тілге оқыту әдістемесінің ұғымдарын анықтау;

ә) сол ұғымдарды терминдермен таңбалау.

Термин жасау үшін ең алдымен ұғымды анықтау керек. Мысалы, заттық ұғым – зат есім, қимыл-әрекет ұғымы – етістік т.б., яғни А.Байтұрсынұлы ғылыми ұғымдар қорын анықтап, терминдер қорын жасап, тілтанымдық, әдебиеттанымдық, әдістемелік және терминжасамдық ғылыми мектептерді қалыптастырды.

Терминдер қолданысы әркез бірдей емес. Кейбір терминдер қолданыстан шығып, олардың орнына жаңа терминдер қолданылуы мүмкін. Бұл жағдай жалпы ғылым тарихында да, ғылыми мектептердің өмірінде де кездеседі. Терминнің қолданыстан шығуының негізгі себебі – терминнің ұғымды толық қамти алмайтынында, сол ұғымды толық қамтитын жаңа терминнің дүниеге келуінде. Жаңа термин сол тілдің сөзжасамдық мүмкіншіліктерінің негізінде де, жат тілдерден еніп келу негізінде де пайда болуы мүмкін. Мысалы: *негізгі түр (негізгі нұсқа) – инвариант.* Кейбір жағдайларда бұрын қолданылып жүрген термин де, жаңа термин де бірдей (синонимдер ретінде) пайдаланылуы мүмкін. Мысалы: *тәлім-тәрбие – педагогика, фәлсафа – философия.* Бұл жағдайда бірінші қатардағы терминдер де, екінші қатардағы терминдер де ұғымды толық қамтиды. Жаңа терминдердің еніп келуінің себебі – олардың әлем ғылымында термин-доминанта ретінде өте жиі қолданылуы.

Ұлттық тіл білімінде ана тілінің негізінде жасалған термин интернационалдық терминнен кейін де пайда болуы мүмкін. Мысалы, 1924 жылы Х.Досмұхамедұлы қазақ тілінің дыбыс жүйесін

зерттегенде, *сингармонизм* терминін пайдаланған (Досмұхамедұлы, 1924; 1991. – 81-99-бб.); одан соң осы ұғымды атайтын аударма тіркестер пайда болды (*дауыстылар гармониясы, дауыстылар үндестігі – гармония гласных*); одан соң (XX ғасырдың соңында) осы ұғымды атайтын *үндестік, үндесім* терминдері пайда болды.

Бүгінде осы бес термин де қолданылады, бірақ тіл білімінде *сингармонизм* ұғымы кеңейгендіктен, *дауыстылар гармониясы, дауыстылар үндестігі* терминдері ол ұғымды толық қамти алмайтын болды, сондықтан, біздің пікіріміз бойынша, келешек бұл терминдік тіркестер қазақ сингармофонологиясында актуалды қолданыстан шығуы мүмкін, себебі соңғы 20 жылда жарияланған ірі ғылыми еңбектерде (Ә.Жүнісбеков, М.Жүсіпұлы, Ж. Әбуов) бұлар ғылыми коммуникацияның периференциясынан орын алды.

Бүгінде *сингармонизм* терминінің тағы да қазақша баламалары қолданылып жүр:

а) *дыбыстар гармониясы.* Бұл пікірді (сингармонизм – сөз құрамындағы барлық дыбыстардың гармониясы) бірінші болып Х.Досмұхамедұлы айтқан еді (Досмұхамедұлы 1924; 1981. – 81-б.; Жүсіпұлы (Джусупов), 1995. – 48-б.; 1998. – 70-71-бб.);

ә) *үндесім* (Жүнісбеков, 1999. – 266-б.);

б) *үндестік* (Жүсіпұлы (Джусупов), 1998; 2001).

Сонымен, қазіргі қазақ тіл білімінде дыбыстардың сөз құрамында я жуандық, я жіңішкелік үндестігін төмендегі терминдермен атайды:

а) сингармонизм;

ә) дауыстылар гармониясы;

б) дауыстылар үндестігі;

в) дыбыстар гармониясы (үндестік заңы);

г) үндестік;

д) үндесім (дыбыстар үндесімі).

Сонымен қатар герман тіл білімінде (ағылшын т.б.) сингармонизмді *қашықтық ықпал (дистантная ассимиляция)* деп те атайды.

Сингармонизм ұғымын жалпы тіл білімінде және қазақ тіл білімінде атайтын терминдердің тізімі төмендегі кестеде берілген.

1-кесте

Сингармонизм ұғымының жалпы тіл біліміндегі және қазақ тіл біліміндегі терминдік атаулары

Жалпы тіл білімінде	Қазақ тіл білімінде
1. Гармония гласных (дауыстылар гармониясы) 2. Сингармонизм 3. Дистантная ассимиляция (алшақтық ықпал)	1. Дауыстылар гармониясы 2. Дауыстылар үндестігі 3. Сингармонизм (үндестік заң) 4. Дыбыстар гармониясы (Х.Досмұхамедұлы) 5. Үндестік (М. Жүсіпұлы) 6. Үндесім (Ә.Жүнісбеков)

Осы терминдер («дауыстылар гармониясы» терминінен басқалары) «сингармонизм» ұғымының қазіргі қазақ тілтанымындағы түсінігінде қамтиды. Сондықтан бұл терминдер (сөз және тіркестер) синонимдер қатарын құрады.

Сол қатардың құрамындағы *сингармонизм* термині жалпы тіл білімінде де, қазақ тіл білімінде де қолданылады, басқалары (*дистантная ассимиляция* терминін есептемегенде) тек қазақ тіл білімінде қолданылады. Доминанта – *сингармонизм* термині. Келешек осы қазақша терминдердің қайсысы, *сингармонизм* термині сияқты, доминанта болатынын уақыт анықтайды (Біздің болжамымыз бойынша, келешек қазақ тілтанымында *сингармонизм* терминімен қатар *үндестік, үндесім, дыбыстар үндестігі* терминдері де жиі қолданылатын болады).

Сонымен, жаңа терминдердің бұрын қолданыста болған терминдердің орнына қолданылуы – әлемдік тіл білімінде де, ұлттық тіл білімінде де, бір ғалымның шығармашылық өмірінде де кездесетін жағдай. Мұндай жағдай А.Байтұрсынұлының да терминжасамдық тәжірибесінде кездеседі. Мысалы, фонеманың жазудағы белгісін А.Байтұрсынұлы екі терминнің төрт фоновариантында атайды. 1914 жылы басылып жыққан «Тіл – құрал» кітабында –

қаріп, харіп, әріп деп атайды (А.Байтұрсынұлы, 1914, 1992, 146-б. – 149-б.). 1925 жылы баспадан шыққан «Тіл – құрал» кітабында *таңба* деп атайды (А.Байтұрсынұлы, 1925; 1992. – 179-б.). 1926 жылы жарық көрген «Сауат ашқыш» кітабында – *қаріп, харіп* деп атайды (А.Байтұрсынұлы, 1926; 1992. – 92-б.), яғни А.Байтұрсынұлы *әріп, таңба* терминдерін толық қабылдағанша біраз уақыт өткен. Бұл жағдай А.Байтұрсынұлының ғылыми ойының әркез ізденісте болғандығын дәлелдейді.

А.Байтұрсынұлы өзінің термин жасау ғылыми бағдарламасында төмендегі ұстанымдарға сүйенген:

а) термин оқушыға түсінікті болу керек;

ә) термин қазақ (түркі) сөздерінен жасалу керек;

б) көпшілік түсінбейтін араб, парсы терминдерінен құтылу керек;

в) қажеті мол жағдайда үндіеуропа тілдеріндегі қалыптасқан әлемдік (интернационалдық) терминдерді алу керек т.б.

Қазақ тіл біліміне А.Байтұрсынұлы енгізген тілтанымдық терминдердің біразы өзгеріске ұшырады, біразы қолданылмайтын болды. Мысалы: А.Байтұрсынұлы *атауыш сөздер* атты терминдік тіркесті ғылыми айналымға енгізген. Қазір қазақ тілтанымында бұл терминдік тіркес *атау сөздер* болып өзгерген.

Сонымен, А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасы қазіргі қазақ тіл біліміне үлкен орын алады. А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер бүгінде әлемдік тіл біліміндегі терминология ілімінің биік талаптарына жауап береді.

Қазіргі тіл білімі тарихында терминдердің алмасып тұруы жиі кездеседі. Кейбір жағдайда тіпті үлкен бір ғылым саласының терминдік атауының ауысқанының куәсі боламыз. Мысалы, термин ұлттық тілтаным ғылымына алдымен жат тілден енуі мүмкін, яғни интернационалдық термин (*лингвистика*), содан соң ана тілінің негізінде де пайда болуы мүмкін (*языкознание* – орыс тілінде; *тіл білімі, тілтану, тілтаным* – қазақ тілінде; *тилшунослик* – өзбек тілінде). Бұл – бір жолы. Екінші жолы алдымен ана тілінің негізінде пайда болып (*пән сөз* – А.Байтұрсынұлының терминдер қорында), кейін оның орнына интернационалдық атау қолданылуы мүмкін (мысалы, *пән сөзі* атауының орнына *термин* атауы).

Термин пайда болу мәселесіне осы жақтан да қарасақ, ғылымның даму процесінде қызық жағдайлардың куәсі боламыз. Мысалы, орыс тіл білімінде тілді зерттейтін ғылымды екі терминмен атайды – *языкознание, лингвистика*. *Лингвистика* термині – латын тілінен, *языкознание* термині – орыс тілінен. Бұл терминдердің қайсысы орыс тіл білімінде бұрын пайда болғанын қазір дәл анықтау қиын, бірақ тек орыс тілін зерттеуге арналған ғылыми еңбектерде, оқулықтарда *языкознание* термині көбірек қолданылады («Введение в *языкознание*», «Общее *языкознание*» т.б.). Ал жалпы тіл біліміне арналған сөздіктердің аттарында *лингвистика* терминінің қолданыста болуы басым: «Словарь *лингвистических* терминов», «*Лингвистический* энциклопедический словарь» т.б.)

Қазақ тіл білімінде тілді зерттейтін ғылымды төрт терминмен атап жүр – *лингвистика, тіл білімі, тілтану, тілтаным*. *Лингвистика* термині – интернационалдық термин. *Тіл білімі, тілтану, тілтаным* терминдері – қазақтың төл терминдері. *Лингвистика* термині жалпы тіл білімі мәселерін зерттеген жағдайларда көбірек қызмет атқарады. Ең жиі қолданылатын термин – *тіл білімі* термині. Қазақ тілінің негізінде жасалған үш терминнің тұңғышы – осы термин, яғни бұл терминді пайдалану ғылыми дәстүрге айналған. Сирек қолданылатын термин – *тілтану* термині. Бірақ соңғы жылдары *тілтану* термині *лингвистика, тіл білімі* терминдерімен бір қатарда сөздіктерден орын алып жүр. Мысалы, 1998 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан «Тіл білімі сөздігінің» 204-бетінде былай деп жазған: «Лингвистика (лат. Lindua – тіл)... (глотология, тіл білімі, тілтану) – тіл туралы ғылым (қара: *тіл білімі*). Осы түсіндірмеде *тілтаным* термині *тіл білімі, тілтану* терминдері сияқты *лингвистика* терминінің синонимі ретінде қолданылмаған. Соған қарамастан *тілтаным* термині соңғы жылдары ғылыми қолданыста жиі кездеседі. Мысалы, ҚР ҰҒА А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының лингвистикалық журналының аты – «Тілтаным». Бұл жағдай *тілтаным* терминінің тек ғылыми статусы емес, ресми статусының да кәсіпқойлық коммуникация саласында биік деңгейге көтерілгенін білдіреді. Сонымен, *тілтаным* термині – қазақ тілінде кенже пайда болған ғылыми атау, яғни ана тіліміздің негізінде пайда болған термин-интернационалдық терминнен көп

жыл кейін пайда болуы мүмкін (*лингвистика – тілтаным*) және ғылыми, қоғамдық, әлеуметтік қолданыста интернационалдық терминнің қолданылу жиілігінен асып түсуі мүмкін. Бұл жағдай ана тілі негізінде жасалған терминнің ерте-кеші болмайтындығын дәлелдейді, ол термин кейін пайда болса да, бұрыннан қолданыста жүрген кірме терминді ана тіліміздегі ғылыми қарым-қатынастан шеттетуге құдіреті жетеді.

Өзбек тілтанымда тіл туралы ғылымды атау үшін екі термин қолданылады – *лингвистика* (интернационалдық термин); *тилшунослик* (өзбек тілінен). *Тилшунослик* терминінің қолданыста болуы басым. Сонымен, тіл туралы ілімді атайтын интернационалдық термин (*лингвистика*) біз салыстырған үш тілде де төл баламаларына ие. Ол баламалардың кейбіреулері кейін пайда болса да, коммуникативтік қызметтері жағынан, бұрын пайда болған *лингвистика* терминінің коммуникативтік қызметінен басым болып кеткен.

Латын сөзінен пайда болған *лингвистика* терминінің орыс, қазақ, өзбек тілдеріндегі синонимдерін төмендегі кестеден көруге болады. Кестеде бірінші қатарда латын тілі тұр, себебі *лингвистика* термині латын тілінің *Lingua* (тіл) сөзінен жасалған. Екінші қатарда орыс тілі тұр, себебі *лингвистика* термині қазақ және өзбек... тілдеріне орыс тілі арқылы енген. Үшінші қатарда қазақ тілі тұр, себебі негізгі зерттеу объектіміз – қазақ тілі терминологиясы. Төртінші қатарда өзбек тілі тұр, себебі оның бірліктерін салыстырмалы-типологиялық мақсатында ғана пайдаландық.

2-кесте

Қазақ, орыс, өзбек тілдерінде тіл туралы ғылымды атайтын терминдер

Латын тілі	Орыс тілі	Қазақ тілі	Өзбек тілі
Lingua – тіл	1) *Лингвистика* (латын тілінен) 2) *Языкознание* (орыс тілінен)	1) *Лингвистика* (латын тілінен) 2) *Тіл білімі* (қазақ тілінен) 3) *Тілтану* (қазақ тілінен) 4) *Тілтаным* (қазақ тілінен)	1. *Лингвистика* (латын тілінен) 2. *Тилшунослик* (өзбек тілінен)

Тіл білімінде *терминология* және *терминдер номенклатурасы* ұғымдары бар. Олардың мағыналары жақын болғанымен, бірдей емес. О.С.Ахманова бұл мәселе жайында былай деп жазады: «Терминология – это система понятий данной науки, закрепленных в соответствующем словесном выражений. Номенклатура же – это система названий для данной совокупности более или менее конкретных объектов, составляющих содержание различных частей данной научной области в целом» (Ахманова, 1966. – с. 6). Сонымен, *термин, терминология* және *терминдер номенклатурасы* ұғымдары лексиканың бір ұғымдық әлемінен орын алғанымен, мағына жағынан ажыратылады. (Қараңыз: Реформатский, 1959; 1968). Мысалы, *синтаксис, фонетика, фонема* терминдері – жалпы тілтанымдық ұғымдардың атаулары. Ал қазақ тіліндегі *ілік септік*, орыс тіліндегі *родительный падеж*, неміс тіліндегі *генетив* – жекеленген объектілердің атаулары, яғни номенклатуралық таңбалар. Олардың саны тілде өте көп болады. А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің материалы негізінде тек терминологияны емес, терминдер номенклатурасын да жасаған (*дыбыс, жуан дыбыс, жіңішке дыбыс, ...*).

Жалпы тіл білімі (общее языкознание) қазір жалпы тілтанымдық терминдерге негізделген, олардың басым көпшілігінің

шығу тегі – үндіеуропа тілдерінің бірліктері (*фонетика, лексика, морфология, синтаксис, стилистика, фонема, графема, лексема, ...*). А.Байтұрсынұлы осы жағдайды да ескерген. Мысалы, 1926 жылы Баку қаласында өткен Бүкілодақтық түркологиялық құрылтайдағы орыс тілінде жасаған баяндамасында интернационалдық терминдер жайында былай деген: «Общеупотребительные мировые термины могут приниматься, но с соответствующими природе казахского языка изменениями. При наличии казахских слов, могущих заменить их, должны помещаться оба, чтобы право выбора предоставить обществу» (Байтұрсынұлы, 1926; 1992. – 423-б.). Сонымен, А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасы тек жалпы қазақ я тек қазақ тілі мен әдебиет, әдістеме терминологиясын қамтумен шектелмейді, әлемдік тілтаным, әдебиеттаным, әдістеме терминологиясының дамуын да қамтиды.

Әр ғылым саласының терминологиясы – тек терминдер тізімі (жиынтығы) емес, бұл нақты ұғымдар жүйесінің семасиологиялық көрсеткіштері, ал семасиологиялық көрсеткіштер сол саланың ғылыми дүниетанымын бейнелейді. А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер семасиологиялық көрсеткіштер (белгілер, таңбалар) ретінде қалыптасты: тіл білімінің, әдебиет теориясының, ... ғылыми дүниетанымын бір ғасырға жуық уақыттан бері бейнелеп келеді (*дыбыс, жуан дыбыс, жіңішке дыбыс, ...*).

Терминнің дүниеге келуі – ғылыми абстракциялардырудың нәтижесі. Ғылыми абстракция тек ғылыми ізденістер жүргізу арқасында пайда болып қалыптасады, яғни жалпылама ұғым – ғылымның негізі, терминнің ішкі дүниесі. А.Байтұрсынұлы терминжасамдық ізденістерін жүргізгенде, осы екі мәселеге үлкен көңіл бөлген. Соның салдарынан ғылыми айналымға енгізілген терминдердің ішкі де, сыртқы да дүниелері өте нық, өте дәл, өте семасиологиялық.

Сонымен, А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасы теңдессіз дүние (тек қазақ тарихында емес, жалпы әлем тарихында). Себебі бір ұлттың тілтанымдық, әдебиеттанымдық, әдістемелік, ... ғылыми салаларының терминологиясын бір ғалымның жасап беруі – бүгінгі деректер бойынша, тек қазақ халқының мұрасы. Ол мұраны жасаған кісі – Ахмет Байтұрсынұлы.

Әлем тарихында жиі кездесетін жағдай – жеке тұлғалардың ғазуны, ғалым, ... сөздіктерін жасау (Словарь языка Пушкина, 1956-1961), ғылыми мектептердің терминдер сөздігін жасау (Прага мектебінің тілтанымдық сөздігі. Вахек, 1964) т.б. Сөздік – ғылым саласының даму кезеңдерінің көрсеткіші. Мысалы, орыс тіл білімінде лингвистикалық терминдер сөздігі көп және әртүрлі (Ахманова, 1966; Розенталь, Теленкова, 1985; Васильева, Виноградов, Шаназарович, 1995; Кубрякова, Демьянков, Панкрац, Лузина, 1996; Лингвистический энциклопедический словарь, 1990...).

Қазақ тілтанымында, әдебиетанымда қазақ тілінде жарық көрген терминдер сөздігі бүгінге дейін жоқтың қасы. Қазақ тілінде жарияланған сөздік – З.Ахметов пен Т.Жаңбаевтің әдебиеттану терминдерінің сөздігі (Ахметов, Жаңбаев, 1998). Бұдан басқа терминдер сөздігінің басым көпшілігі – орысша-қазақша сөздіктер (Кенесбаев, Жанұзақов, 1966; Аманжолов, 1997; Тіл білімі сөздігі – Словарь по языкознанию, 1998...).

Осы жағдайды ескеретін болсақ, үлкен қазақ тіл білімі сөздігімен қатар А.Байтұрсынұлының терминдер сөздігін жасайтын да уақыт келді. (Ол сөздік тек терминдер тізімінен тұрмау керек). А.Байтұрсынұлының терминдер сөздігінде жан-жақты ғылыми ақпарат болуы керек. Мысалы:

а) диахрониялық және синхрониялық;

ә) этимологиялық;

б) социолингвистикалық;

в) тарихи-салыстырмалы, типологиялық және салғастырмалы (түркі тілдерімен; араб, парсы тілдерімен; үндіеуропа тілдерімен);

г) лексикографиялық;

ғ) фонографиялық;

д) орфоэпиялық;

е) стилистикалық;

ж) лингвостатистикалық;

з) лингвомәдениеттанымдық;

и) лингвокогнитивтік;

к) жалпы ғылымтанымдық;

қ) салалық ғылымтанымдық;

л) энциклопедиялық т.б.

Сөздікте әр терминнің шығу тегі, бүгінгі қолданысы сипат- талуы керек. Қазіргі кезде ғылымда қолданылмайтын терминдердің қолданыстан шығу себебін көрсету керек. Олардың орнына қандай терминдер қолданылып жүргені, ол терминдердің шығу тегі жайында мағлұмат (төл қазақша, кірме), қазақ және әлем ғылымындағы қызметтерінің деңгейі жайында т.б. деректер берілу керек. Осындай сөздік жасау – қазіргі қазақ ғалымдарының әрі қарызы, әрі парызы.

А.Байтұрсынұлы қалдырған терминжасамдық мұраның маңызы өте кең, өте биік, себебі ол мұра бір әлеуметтік саланы емес, бірнеше әлеуметтік саланы (тілтанымды, әдебиеттанымды, әдістемені, этнографияны, тарихты, мәдениеттанымды, философияны, психологияны, дидактиканы, педагогиканы т.б.) қамтиды. Сол терминдер осы әлеуметтік салалардың әрқайсысына енетін ғылыми ағымдарды да, тармақтарды да қамтиды. Мысалы, А.Байтұрсынұлының тілтанымдық терминдері тіл білімінің барлық саласында (фонетикада, лексикологияда, морфологияда, синтаксисте, стилистикада; үндестік фонологияда, созжасамда, ...) қолданылады. А.Байтұрсынұлы ғылыми ізденістерінің нәтижесінде дүниеге келген терминдер моностильдік те, полистильдік те қызмет атқарады, себебі олар ғылыми стильдің нақ ғылыми түрінде ғана емес, ғылыми-әдістемелік, ғылыми-публицистикалық түрлерінде де, ресми стильде де қолданылады. Сонымен қатар ол терминдер өздерінің негізгі терминдік қасиеттерін (бір мағыналықтығын, бейэмоциялықтығын, ...) толық сақтайды.

Сонымен, А.Байтұрсынұлы жасаған ғылыми терминдер қазіргі тілтанымның биік талаптарына жауап береді, себебі ол терминдер терминология теориясының – салалық терминология, метатіл, терминдер номенклатурасы тағы басқа ұғымдарына сәйкестендіріліп жасалған.

1.3. А.Байтұрсынұлының ғылымды табиғи объективті болмыс ұғымында түсінуі және қазақ тілі ғылыми стилінің негізін қалауы

Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық, әдістемелік ғылыми мұрасына әділ баға беру үшін, Ахаңның ғылымтаным (науковедение) және ғылыми стиль жайындағы базистік түсініктерін зерттеу керек. Осындай ғылыми ізденістердің нәтижесі объективті болу үшін, төмендегі мәселелерді талдау қажет:

1. Ахмет Байтұрсынұлының ғылымды табиғи объективті болмыс құбылысы ұғымында түсінуі;

2. Ғылыми стильдің лингвистикалық, экстралингвистикалық, жанрлық ерекшеліктері және олардың Ахмет Байтұрсынұлының нақ ғылыми, ғылыми-оқыту (ғылыми-әдістелмелік) зерттеулеріндегі орны т.б.

Ғылымның негізгі мақсаты болмыс жайында объективті білімді анықтап, зерттеп, теориялық және машықтық тұжырымын жасау. Ғылым бір адамдікі я болмаса бір елдікі емес, жалпы адамзаттікі, яғни ғылым жекеленбейді, ұлттанбайды, себебі ғылымның зерттеу объектісі – ең алдымен диалектикалық заңдылықтар. Мысалы, «екі жердегі екі – төрт». Бұл ғылыми қорыту барлық адамдарға, барлық халықтарға бірдей, сондықтан «екі жердегі екінің» қорытындысы бір адам үшін де, бір ұлт үшін де – төрт, басқа адамдар, басқа ұлттар үшін я үш, я бес болмайды. Исаак Ньютон физика заңдылықтарын ашпағанда, ол заңдылықтарды басқа жерде, басқа уақытта, басқа елде, басқа адам (я басқа адамдар) ашар еді, себебі ғылым – объективті болмыс, бүкіл адамзатқа ортақ дүние. Ғылымның бүкіл адамзатқа ортақ дүние екеніне басқа жайлар да куәлік етеді. Мысалы, бір табиғи заңдылықты я бір ғылыми заңдылықты әлемнің әр жеріңде жасайтын бірнеше ғылымдар бір уақытта, бір я әртүрлі ғылыми жолдармен ашады (айталық, аэропланның әуеде ұшу зандылықтарын). Жоғарыда келтірілген мысалдар ғылымның өзгермейтін заңдылықтары, қасиеттері бар екенін дәлелдейді.

Ғылыми мәтіндердің мазмұны – ғалымдар ашқан ғылыми заңдылықтар, категориялар, ой-пікірлер, деректер. Ғылым бол-

мысты игеретін тәсіл ретінде білімді әркез жалпылама (жекеленбеген) түрінде анықтауға, дәлелдеуге әрекеттенеді, яғни ғылымның болмысты игеруде жалпылама білімге әрекеттенуі – заңдылық.

Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларын талдау үстінде, Ахаңның болмыс зерттеудегі ең объективті тәсіл – ғылым екендігін түсінгенін; ғылымның жалпылама білімді анықтауға, сол жайында тұжырым жасауға арналғанын терең игергенін ұқтық.

1914 жылы Орынборда басылып шыққан «Тіл – құрал» атты кітабын Ахмет Байтұрсынұлы былай бастайды: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі...» (Байтұрсынұлы, 1914; 1992. – 141-б.). Осы сөйлемде Ахаң:

біріншіден, тілдік қарым-қатынастың объективті болмыс екендігін көрсетіп тұр (себебі тілдік қарым-қатынас адамның адамдық белгісі);

екіншіден, ғылымның жалпылама білімді зерттейтінін және соған лайықты тұжырым жасайтынын көрсетіп тұр (себебі тіл – адам пайдаланатын құралдың бірі);

үшіншіден, ғылымның жекеленбейтіндігін, ұлттанбайтындығын көрсетіп тұр (себебі тіл – жалпы адамның адамдық белгісі, жалпы адамның пайдаланатын құралы);

төртіншіден, ғылымның, ғылыми мәтіндердің мазмұны – ғалымдар ашқан заңдылықтар, пікірлер, деректер екендігін көрсетіп тұр (себебі тіл – адам пайдаланатын *құрал* (бірінші заңдылық), тіл – адамның адамдық *белгісі* (екінші заңдылық), тіл – адамның адамдық *белгісінің зоры*, яғни ең негізгісі (үшінші заңдылық) т.б.).

Сонымен, Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларында болмыстың және ғылымның заңдылықтарын, ғылым мен болмыстың қатысығын, ғылымның болмысты зерттейтін ең негізгі тәсіл екендігін, ғылым білімді жалпылама түрінде анықтайтынын, тұжырымдайтынын биік, кең, терең және дәлелді иллюстрациялайды.

Ғылыми шығарманың мақсаты – гипотезаның (болжамның) табиғи шындыққа жанасатынын дәлелдеу. Сол себептен ғылыми стильде (әдеби тілдің бір нұсқасы) көбінесе тілдің үш негізгі қызметінің екеуі орын алады: хабарлау, әсер ету (әрекеттендіру). Тілдің қарым-қатынастық қызметі ғылыми стильден сирек орын

алады (конференциялардағы, симпозиумдардағы дискуссиялар, хат арқылы ғылыми қарым-қатынас жасау, ғылыми сұрақ-жауап т.б.).

Ғылыми стильден ең көп орын алатын тілдің қызметі – хабарлау қызметі. Бірақ ғылыми мәтіндердің басым көпшілігінде тілдің хабарлау қызметімен қатар әсер ету (әрекеттендіру) қызметі де орын алады. Мысалы, қазақ орфографиясының нормалары туралы ғылыми мәтінде қай жағдайда сөздерді қатесіз жазатыныңыз жайында хабарлайды және сол сөздерді қатесіз жазу үшін орфографиялық жаттығуларды орындаңыз деген тілдің әсер ету (әрекеттендіру) қызметі бар. (Қазіргі тілтаным стилистикасы, ғылыми стилі, ... жайында толық мағлұматты мына еңбектен қараңыз: «Стилистический энциклопедический словарь русского языка», 2003г.).

Ғылыми стильді қалыптастыратын негізгі факторлар – лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар. Лингвистикалық факторларға арнайы тіл бірліктерінің (терминдер, терминдік тіркестер, хабарлы сөйлемдер, атау сөйлемдер, құрмалас сөйлемдер) қолданылуы жатады. Экстралингвистикалық факторларға – нақтылық, ұғымдылық, көркемсіздік, көңіл-күйсіздік, күшейтпеушілік (экспрессияның қатынаспауы), бірмағыналылық, жалпыламалық, жекелендірілмеушілік, объективтік (шындық және әділдік), тілдік және құрылымдық стандарт жатады және басқа функционалды стильдерге арналған бірліктерді қолданбау жатады.

Бүгінде қалыптасқан ғылыми стильдің жоғарыда атап өткен ерекшеліктері Ахмет Байтұрсынұлы зерттеулерінде жиі кездеседі, яғни Ахаңның ғылыми стилінде ғылыми мәтінді жасау шарттарының лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлары толық қалыптасқан. Мысалы, төмендегі мәтін үзіндісін талдайық. Бұл мәтін үзіндісі Ахмет Байтұрсынұлының 1914 жылы Орынбор қаласында басылып шыққан «Тіл – құрал» атты кітабына да, сол кітаптың 1925 жылы Қызылорда қаласында толықтырылып, өңделіп шығарылған 5-басылымына да енген. Мәтіннің үзіндісі 1914 жылғы басылымнан алынды:

«Қазақ тілі – түрік тілінің бір тарауы, дүниадағы жұрттың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1) түбіршік тіл, 2) жалғамалы тіл, 3) қопармалы тіл. Түбіршік тіл түпкі қалпынан өзгерілмей жұмсала-

ды, мәселен, қытай, жапон тілдері. Жалғамалы тіл – сөздің аяғына жалғау қосылып өзгерілетін тіл, мәселен түрік, фин тілдері. Қопармалы тіл – сөз түбірімен қопарылып өзгерілетін тіл, мәселен, орыс тілі, араб тілі. Біздің қазақ тілі – түркі тілдің бір тарауы болғандықтан, жалғамалы тіл. Қазақ сөзінің түбірі өзгермей, аяғына жалғау қосылып өзгеріледі. Жалғау екі түрлі болады: бірі сөздің тұлғасын өзгертсе де, ішкі мағанасын өзгертпейді; екіншісі сөздің тұлғасын да, мағанасын да өзгертеді. Сондықтан бастапқысы тысқарғы, соңғысы ішкергі жалғау деп аталады.

«Құлақ» деген сөзге «тың» деген жалғау қоссақ, «құлақтың» болады. Тұлғасы өзгерді, мағанасы өзгерген жоқ. «Құлақтың» деген де бастың мүшесінің атын көрсетеді. Егер де «құлақ» деген сөзге «шын» деген жалғау қоссақ «құлақшын» болады. Мұнда тұлғасы да, мағанасы да өзгереді. «Құлақ» бастың мүшесінің көрсетушісі еді, «құлақшын» болған соң басқа киетін киімнің атын көрсетіп тұр. Міні сондықтан «тың» тысқарғы, «шын» ішкергі жалғау болады (Байтұрсынұлы, 1914; 1992. – 143-б.).

Осы контексте (90-95 жыл бұрын дүниеге келген) ғылыми стильдің қазіргі кездегі тілдік және тілдесімдік ерекшеліктері, қасиеттері, лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлары толығымен орын алған.

Мәтіннің қысқа стилистикалық анализі.

Контекстегі лингвистикалық факторлар

1. Мәтінде ғылыми терминдер қолданылған (*түбіршік, жалғамалы, қопармалы, түбір, жалғау, ...*).

2. Мәтінде терминдік тіркестер қолданылған (*түбіршік тіл, жалғамалы тіл, қопармалы тіл, ішкі мағана, сөздің тұлғасы, ...*).

3. Мәтінде ғылыми стильге тән хабарлы сөйлемдер, атау сөйлемдер, құрмалас сөйлемдер жиі кездеседі (*Тұлғасы өзгерді, мағынасы өзгерген жоқ. Түбіршік тіл түпкі қалпынан өзгерілмей жұмсалады, мәселен, қытай, жапон тілдері. Жалғау екі түрлі болады: бірі сөздің тұлғасын өзгертсе де, ішкі мағанасын өзгертпейді; екіншісі сөздің тұлғасын да, мағанасын да өзгертеді...*).

Контекстегі экстралингвистикалық факторлар

1. Нақтылық, бірмағыналылық (*қазақ тілі – түрік тілінің бір тарауы... Біздің қазақ тілі ..., жалғамалы тіл*). Контексте сөздер, терминдер, нақты бір мағынада қолданылған. Ауыспалы мағынада қолданылған тіл бірліктері кездеспеді. Бұл – ғылыми стиль мәтінін жасаудың ең негізгі шарттарының, ережелерінің бірі.

2. Мәтінде тіл бірліктерінің көркем әдебиеттік, публистикалық қолданыстары кездеспейді, яғни ғылыми стильдің бейкөркемділігі, бейэмоциялығы, бейэкспрессиялығы толық сақталған. Контексте тіл бірліктері тек нейтралдық және ғылыми стильдік реңкте қолданылған. Мысалы: «Тұлғасы өзгерді, мағанасы өзгерген жоқ». Бұл сөйлемде эмоция (көңіл-күй) жоқ, экспрессия (күшейту) жоқ, көркемдік я публицистикалық көрсеткіштер жоқ. Мұндай жағдай контекстегі сөйлемдердің барлығына тән, сондықтан талқыланып жатқан мәтін – ғылыми стиль мәтіні.

3. Мәтінде ғылыми деректердің объективтігі (әділділігі, шындығы) күдік тудырмайды. Мысалы: «Қазақ тілі – түрік тілінің бір тарауы ...». Бұл сөйлемдегі ғылыми тұжырым – табиғи шындық. Себебі қазақ тілі – шынымен түркі тілдерінің бірі, түркі әлемінің үлкен көрсеткіші. Бұл – объективті болмыс. Әділділік, шындық (объективтік) – ғылыми мәтіннің табиғи негізі.

4. Мәтінде ғылыми хабарлау, ғылыми тұжырымдар жалпылама (абстракция), жекелендірілмей (безличностно) айтылған. Мысалы: «...дүниадағы жұрттың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1) түбіршік тіл, 2) жалғамалы тіл, 3) қопармалы тіл». Бұл сөйлемде ғылыми хабар жалпылама және жекелендірілмей айтылған, яғни әлемдегі тілдердің барлығы тілдесім процесінде сөз түбірін сақтау-сақтамауына қарай, аффикстендірілудің түріне қарай үш топқа бөлінеді. Бұл ғылыми хабар – жалпылама (абстракциялан-ған) хабар, себебі ғылыми тұжырым бір я бірнеше тілге емес, жалпы әлемдегі барлық тілдерге қатысты. Осы ғылыми хабар, ғылыми тұжырым жекелендірілмеген (безличностный характер), яғни Фердинанд де Соссюрдікі я Ахмет Байтұрсынұлынікі емес, жалпы ғылымның игілігі. Жалпыламалық, жекелендірілмеушілік ғылым-

ның, ғылыми стильдің негізгі экстралингвистикалық факторлары ның қатарынан үлкен орын алады.

5. Мәтінде ғылыми стильдің тілдік (лингвистикалық) стандарты және құрылымдық (формалық) стандарты үлкен қызмет атқарады:

а) тілдік стандарт ғылыми стильде қалыптасқан лексикалық, фразеологиялық, синтаксистік бірліктердің қолданылуымен сипатталады (терминдер, терминдік тіркестер, стандарт сөз тіркестері, кітаби фразеологизмдер, ...). А.Байтұрсынұлы қазақ ғылыми стилінің негізін қалаушы, сондықтан талқыланып жатқан мәтіндегі барлық терминдерді, терминдік тіркестерді т.б. өзі жасаған, яғни қазақ ғылыми стилінің лингвистикалық стандартталуын (бірқалыпта болуын) қалыптастырған. Мысалы, *түбіршік, жалғамалы, қопармалы; түбіршік тіл, жалғамалы тіл, қопармалы тіл; сөз түбірі, сөздің тұлғасын өзгертсе, сөздің ішкі мағанасы* т.б.). Сонымен, контекстің ғылыми стиль мәтініне жататынын дәлелдейтін тілдік стандарт қалпында қолданылған тіл құралдары жеткілікті. Яғни А.Байтұрсынұлы – қазақ ғылыми стилінің тілдік стандартын да қалыптастырған ғалым.

ә) құрылымдық стандарт – ғылыми стильдің негізгі экстралингвистикалық көрсеткіштерінің бірі. Құрылымдық стандартсыз ғылыми мәтін жасалмайды. Ғылыми стильдің әр жанрының құрылымдық формасы болады. Ол құрылымдық форманы бұзуға (сақтамауға) ешкімнің де құқы жоқ. Құрылымдық стандартты сақтау – барлық ғалымдардың міндеті. Құрылымдық стандарт – ғылыми мәтіннің (мақала, рецензия, монография, диссертация, ...) сыртқы көрінісі. Мәтіннің біз талқылаған үзіндісінде қазіргі ғылыми стильдің құрылымдық стандарты толық сақталған, яғни оны А.Байтұрсынұлы қалыптастырған. Мысалы: абзацтарға бөлу; тұжырымдау; сан есімдерді ғылыми деректерді реттеп көрсету үшін қолдану т.б. Мәтіннің осы үзіндісі шағын ғылыми шығарма (тезистер) құрылымында жазылған, сондықтан ол төмендегідей сипатта: қысқа кіріспе; ғылыми деректер (жалғаулар туралы, тілдің түрлері туралы); зерттеу негізінде алынған ғылыми деректерді жүйелеу; түсіндіру; қорыту.

Сонымен, А.Байтұрсынұлының 1914 жылы және 1925 жылы жазған ғылыми еңбегінің мәтінінен қазіргі қазақ тілі ғылыми

стилінің лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлары ның орын алған. Бұл жағдай А.Байтұрсынұлының осыдан 90-95 жыл бұрын қазақ ғылыми стилін қалыптастырғанын, А.Байтұрсынұлының қазақ ғылыми стилінің негізін қалаушы екенін дәлелдейді.

Орине, тілтаным 90-95 жылда үлкен өзгерістерге ұшырады: жаңа ғылыми ұғымдар, жаңа теориялар, терминдер, ... пайда болды. Мысалы, талқыланған ғылыми мәтін үзіндісінде «құлақшын» деген сөздегі шын-ды А.Байтұрсынұлы *жалғау* деп атайды. Бүгінгі қазақ тілтанымында -шын *жұрнақ* деп аталады. Сонымен қатар А.Байтұрсынұлы қолданған терминдердің біразы қазіргі қазақ тіл білімінде қолданылмайды, себебі сол термин атаған ұғым болмаған (*тысқарғы жалғау, ішкергі жалғау* т.б.) я болмаса орнына басқа термин қолданылған.

Талқыланған ғылыми мәтіннің стилистикасында, орфографиясында қазіргі қазақ тілінде сирек қолданылатын я қолданыстан шыққан тіркестер, емле үлгілері кездеседі. Мысалы:

1. «Қазақ тілі – түрік тілінің бір тарауы». Сөйлем мағынасы толық түсінікті, стилистикалық реңкі – ғылыми, бірақ бүгінде бұл сөйлемді қазақ тілі ғылыми стилінде осы түрінде қолданбайды. Осы мағынаны, осы ғылыми хабарлауды басқаша жеткізеді: а) Қазақ тілі – түркі тілдерінің бірі; ә) Қазақ тілі түркі тілдерінің құрамына кіреді т.б.

2. «Дүниядағы жұрттың тілі негізінде үшке бөлінеді». Бұл сөйлемде де мағына толық түсінікті, стилистикалық реңкі – ғылыми. Қазіргі қазақ тілінде бұл сөйлемді төмендегі стилистикалық нұсқаларында қолданады: а) Дүниедегі халықтардың тілдері үш топқа бөлінеді; ә) Әлем халықтарының тілдері үш түрлі болады т.б.

3. Қазіргі қазақ тілі орфографиясында «дүниедегі» деген сөзді «дүниядағы» деп («я» арқылы) жазбайды. Мұндай жазу және дыбыстау («я» дүниядағы») бүгінде «дүние» сөзінің көне фонованты бар екендігін білдіреді, халық ауыз әдебиеті және поэзия тілінің стилистикасында (сиректеу болса да кездесетін) көтеріңкі стилистикалық реңктің маркері ретінде қабылданады.

Жоғарыда көрсетілген А.Байтұрсынұлының ғылыми стилі мен қазіргі қазақ тілі ғылыми стилінің арасындағы өзгерістер Ахаңның ғылыми еңбектерінің тіліне ешқандай көлеңке түсірмейді. Қазіргі

қазақ тілі ғылыми стилінің жеткен биіктігінің негізі – А.Байтұр
сынұлы қалыптастырған қазақ тілінің ғылыми стилі (стилистикасы)
Жоғарыда талқыланған ғылыми мәтіннің ерекшеліктері нақ ғылыми
емес, оқыту-ғылыми (ғылыми-әдістемелік), себебі үзінді оқулықтан
алынған. Оқулық жанрының жалпы тілі, стилистикасы ғылыми
стильдің ғылыми-әдістемелік түрін құрайды. Талқыланған мәтіннің
оқулықтан үзінді екендігін, ғылыми стильдің ғылыми-әдістемелік
түріне жататынын төмендегі жанрлық стилистика ерекшеліктері
дәлелдейді:

1. Түсіндірулер (әр жаңа ұғым жеңіл және қысқа түсіндіріледі);

2. Анықтамалар (әр терминге оқушы түсінетін деңгейде анық
тама (түсіндірме) беріледі;

3. Мысалдар (әрбір жаңа ұғымға дәлелді иллюстрация бері
леді: «Түбіршік тіл..., мәселен қытай, жапон тілдері т.б.; -тың, -шың
аффикстері – *құлақтың, құлақшын* т.б.);

4. Қысқа және *түсінікті қорыту* т.б.

Сонымен, А.Байтұрсынұлы – жалпы қазақ терминология
сының, қазақ ғылыми стилінің негізін қалаушы бола тұрып, ғылыми
стильдің әлеуметтік-ғылыми түрлерін де дүниеге алып келген
ғалым. Сонымен қатар Ахаң ғылымды табиғи объективті болмыс
ретінде түсінген, ғылымның жекеленбейтіндігін, ұлттандырылмай
тынын ұққан. Осындай түсініктерді медеу тұтып жасаған ғылыми
ізденістердің сапасы биік, өмірі ұзақ болды.

Түйін

Әлем ғылымында терминжасамдық қызмет өте қиын, өте еңбек, сұранысы өте биік еңбек болып есептеледі. Әр ұлттың тарихында ұлттық терминологияны жасау барысында бір емес, бірнеше (ондаған, жүздеген) ғалымдардың аттары аталады, бірақ ұлттық терминологияның негізін салушы, негізін қалаушы ғалымдардың есімдері көп болмайды.

Қазақ тілінің терминжасамдық тарихында теңдессіз еңбек еткен ғалым – Ахмет Байтұрсынұлы.

Әрбір ғылым саласының дүниеге келуінде екі түрлі бастама болады:

1. Пікірді дүниеге келтіру, яғни жол салу. Пікірді бірінші болып айтып өткен ғалым я ғалымдар – жол салушы (родоначальник) болады. Олар жаңа ғылыми ойды айтып кеткенімен, оны жүйеге келтірмеген, жаңа пікірді ғылыми айналымға ереже, шарт, ұстаным ретінде енгізбеген, бірақ жаңа ғылыми ойды бірінші болып (пионерство) атап, көрсетіп кеткен.

2. Пікірді ғылыми ұғым ретінде жүйелендіру, қалыптастыру. Ғылыми пікірді ғылыми айналымға енгізген, оның ережелерін, шарттарын, ұстанымдарын жасаған ғалым я ғалымдар – негізін салушы, қалыптастырушы (основоположник) болады. Ғылым саласының қалыптасуын осы, екінші түрдегі, ғалымдар жасайды, себебі олар дүниеге жаңа ғылыми бағыт алып келеді. Ол ғылыми бағыттың өз ұғымдары, ол ұғымдардың атаулары (терминдері), қолдану саласы мен қолдану деңгейі, қолдану үлгісі, жасалу моделі, стилистикалық қасиеттері, семантикалық құрылымы анықталынады.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ терминологиясының тарихында осы мәселелерді шешіп, дүниеге нақ ғылыми, ғылыми-әдістемелік ұғымдар мен терминдерді алып келген, солардың көпшілігін

бірінші болып өзі атап, ғылым саласына, білім беру саласын енгізген, жүйелендірген. Сонымен, А.Байтұрсынұлы қазақ термино логиясының әрі жол салушысы (родоначальник), әрі негіз қалаушысы. А.Байтұрсынұлы қазақ терминологиясының жол салу шысы ретінде жалғыз емес, себебі Ахаңа дейін де, Ахаңнан заманында да қазақ тілі терминологиясы саласында қызмет еткен қазақ зиялылары болған. Бірақ А.Байтұрсынұлы қазақ тілінде терминологияның негізін қалаушы, негізін салушы ретінде – дара тұлға.

А.Байтұрсынұлы терминнің негізгі екі түрлі жолмен жасалатынын жақсы игерген (термин ұғымды атайтын сөзден жасалады; термин затты атайтын сөзден жасалады). Ахаңның жасаған терминдері тіл, әдебиет, әдістеме ғылымдарына арналған соң олар ұғымның аты негізінде жасалған. Заттың атынан (номинация негізінде) термин жасау – геологиялық археологиялық, техникалық т.б. ғылым салаларында жиі кездеседі.

А.Байтұрсынұлының терминологиялық мұрасында терминжасамның осы екі негізгі жолы бірін-бірі қиып өтпеген, яғни Ахмет Байтұрсынұлы термин жасағанда, ең алдымен, қазақ халқының жалпылама (абстракциялық) ойлау қабілетінің мүмкіншіліктерін пайдаланған, себебі қазақ философиясында, қазақ менталитетінде жалпылама ұғымдық категория басым.

А.Байтұрсынұлы терминдерді көп жағдайда оқыту (білім беру) мақсатында жасағанымен, соңынан сол терминдер нақ ғылым саласында да (ғылыми стильде) өз орнын тапты, себебі ол терминдер тілтанымдық ұғымдардың маркерлері болды, содан соң әдістемелік, білім беру мен білім алу ұғымдарының маркерлері болды.

Сонымен, XX ғасырдың басында А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің негізінде қазақ тілі терминологиясын жасады да, қазақ тілтанымында терминжасам (дериватология) ілімінің негізін салды (қалыптастырды).

Индивид және қоғам тілді екі түрлі деңгейде игереді: а) жалпы қарым-қатынас жасау деңгейінде: ә) тіл туралы арнайы қарым-қатынас жасау деңгейінде (тіл туралы сол тілде тілдесім жасау – ғылыми ізденістер жасау). Тілдің тіл туралы қарым-қатынас жасау мақсатында қолданатын түрін *метатіл* дейді. Метатілдің түрлері

[illegible] Мысалы: *тілтанымдық метатіл, метаматикалық метатіл, [illegible] метатіл.* Әр метатілдің құрамында (ішінде) тағы да [illegible] метатіл болады. Мысалы: 1) тілтанымдық метатілдің құрамында: *фонологиялық метатіл, лексикологиялық метатіл, морфологиялық метатіл, синтаксистік метатіл; стилистикалық метатіл* т.б.; 2) фонологиялық метатілдің құрамында: *фонемалық метатіл, фонетикалық метатіл, артикуляциялық метатіл, интонациялық метатіл* т.б.

А.Байтұрсынұлы *метатіл, метатілдесім, объект-тіл* т.б. терминдерді қолданбаған. Ол кезде әлемдік тіл білімінде ұғымдары тілтанымен мұндай терминдер әлі пайда болмаған еді, себебі тілтанымның терминжасамдық аппаратының жалпы деңгейі қазіргідей биік емес еді. Осындай жағдайда А.Байтұрсынұлы өз еңбектерінде *метатіл, объект-тіл* ұғымдарын толық қамтыған, себебі қазақ тілін зерттеген (бұл объект – тіл), жалпы қазақ тілтанымының метатілін (терминдерін) және оның құрамындағы салалық метатілдерді жасаған. А.Байтұрсынұлы бұл ұғымдарды атамаған, бірақ имплицитті түрде қолданған.

Метатілдің шыңы – терминдер тіркесінен жасалған күрделі терминдер. А.Байтұрсынұлы күрделі терминдерді де (терминдер тіркестерін) жасаған (*жуан дыбыс, жіңішке дыбыс, құрмалас сөйлем,* ...), яғни ол метатіл ұғымының құрамындағы мағыналық ерекшеліктердің барлығын қазақ тіл білімі метатілінің құрылымына енгізген.

Ұлттың білімі мен ғылымының дамығандығының ең бірінші көрсеткіші – сол ұлттың тіліндегі метатілдердің жүйеленгендігі, қалыптасқандағы. Қазақ тілі метатілін А.Байтұрсынұлы жасады, ғылыми, ғылыми-әдістемелік қызмет айналымына енгізді, дәстүр статусында қалыптастырды, жүйелендірді. Яғни Ахаң қазақ тіл білімі ғылымының дамуының негізгі медеуі болды.

А.Байтұрсынұлы қазақ терминологиясын жасаған кезде қазақ тіл білімінің сөзжасам саласы ғылым ретінде әлі жүйеленбеген еді, себебі сөзжасам жолдары, олардың түрлері анықталмаған еді, сондықтан ғылыми жазылымы жасалмаған еді. А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің сөзжасам түрлерін анықтады, олардың анализін жасады, біршама жүйелі ретке келтірді (жүйелендірді), терминдер жасады. Сонымен, А.Байтұрсынұлы қазақ тілі сөзжасам теория-

сының да (дериватологиясының) негізін қалаушы ғалым ретінде танылды.

Ахаңның ғылыми шығармашылығында бірнеше ғылыми қызмет бір кезде жалғасып жатты. Олар: ғылыми жалпылама ұғымдарды анықтау; оларды терминдендіру; ғылыми ұғымдарды терминдендіру үшін қазақ тілінің сөзжасам модельдерін анықтау және машықтандыру.

Тілтанымның бір саласында бірнеше ғылыми теориялар болуы мүмкін. Мысалы, қазіргі тіл білімінде үш негізгі фонологиялық теориялар бар: 1) дәстүрлі фонологиялық теория; 2) сингармониялық теория; 3) сингармофонологиялық теория. Әр ғылыми теория, концепция бір түрлі тіл бірлігін, бір ұғымды өзінше атауы мүмкін, сол себептен тіл білімінде терминдер синонимиясы пайда болады. Мысалы, қазақ тілінің дыбыс жүйесі туралы ілімде сөз мағынасын өзгертетін дыбысты (фонеманы) төмендегі терминдермен маркерлейді: *фонема, сингармофонема, сингармема (сингрема), үндеспе.*

Ұлттық тіл білімнің бір саласында да бірнеше теориялардың болуы, сол теориялардың бір ғылыми ұғымды әртүрлі терминдермен атауы – сол ұлттың тілтаным ғылымының байлығы (мысалы, орыс фонологиясындағы Ленинград фонология мектебі, Мәскеу фонология мектебі, Р.И. Аванесовтың фонологиялық теориясы, ...). Сонымен қатар бір ғылыми ұғымды бірнеше терминдермен атаудың прагматикалық қиыншылықтары болады (мектепке я университетке арнап оқулық жазғанда, академиялық грамматиканы жазғанда т.б.). Осындай қиыншылықтарды ескерген жағдайда ғана авторлар оқулықтарына, сөздіктеріне, ... терминдердің ең түсініктілерін, ең жиі қолданылатындарын, яғни ғылыми қолданыс процесінің дәстүріне айналғандарын енгізеді.

А.Байтұрсынұлы қазақ терминологиясының негізін қалаған кезде қазақ тілтанымында әртүрлі теориялар жоқ еді, негізгі тілтанымдық ұғымдар әлі анықталмаған еді, сондықтан Ахаң терминдерді жасау үшін, ең алдымен, ғылыми ұғымдар қорын анықтады, оларды атады, сөйтіп тілтанымдық, әдебиеттанымдық әдістемелік ғылыми мектептерді дүниеге келтірді, қалыптастырды.

Ғылым тарихында бір термин қолданыстан шығып, орнына басқа (жаңа) термин қолданылуы мүмкін. Мысалы, жалпы қазақ

тілшілігі және қазақ тіл білімі тарихында: *тәлім-тәрбие – педагогика, философия – философия; дауыстылар гармониясы – дауыстылар үндестігі – сингармонизм – дыбыстар үндестігі – үндесім – үндестік.* Мұндай жағдай әлемдік тіл білімінде де, ұлттық тіл білімінде де, бір ғылымның шығармашылығында да кездеседі. Мысалы, А.Байтұрсынұлы бір ұғымды (*әріп* ұғымын) екі терминмен атайды және сол екі терминнің біреуінің үш фоновариантын қолданады: *қаріп – харіп – әріп; таңба,* яғни Ахаң *әріп, таңба* терминдеріне нық тоқтағанынша біраз уақыт өткен, біраз контекстуалдық эксперименттер (қолданыстар) жасаған.

А.Байтұрсынұлының термин жасау процесінде негіз тұтқан ұстанымдары: 1) терминнің оқушыға түсініктілігі; 2) терминнің ана тілі негізінде жасалуы; 3) көпшілік түсінбейтін, бірақ қолданыста бар арабша, парсыша терминдерді қолданыстан шығару; 4) қажет болған жағдайда жат тілдің терминін де қолдану (Еуропа және араб, парсы тілдерінен). Сонымен, А.Байтұрсынұлы өзінің терминжасамдық концепциясында жат тілдік бірліктерден жасалған терминдердің қазақ тілінде қолданылуының қажеттілігін жоққа шығармайды.

А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің біразы қазіргі қазақ тіл білімінде қолданылмайды, себебі заман өзгерді, ғылым дамыды, жаңа полиұғымдар пайда болды, интертерминдерді қабылдау бағыты күшейді.

Термин тілге жат тілден енуі мүмкін (*лингвистика*), содан соң ана тілінің негізінде жаңа термин пайда болуы мүмкін (*тіл білімі, тілтаным*). Керісінше де болады: термин алдымен ана тілі негізінде жасалады да, содан кейін интертермин еніп, оны ғылыми қолданыстан шеттетеді. (Мысалы, А.Байтұрсынұлының *пән сөз* ғылыми атауын интернационадық атаулар (*термин, терминология*) қолданыстан шығарды).

Терминология – сөздермен аталған ұғымдар жүйесі (мысалы, тілтанымдық ұғымдар жүйесі және олардың атаулары – терминдері). Терминдер номенклатурасы – нақты ғылым саласының ұғымдар жиынтығының атаулар жүйесі (мысалы, фонетика объектілерінің, ұғымдарының атаулар жүйесі). Сонымен, *терминология* ұғымы *терминдер номенклатурасы* ұғымынан кең, себебі терминдер номенклатурасы нақты ғылым саласының ғылыми

объектілерінің (ұғымдарының) аттары (яғни *терминология* ұғымы
нан тар ұғым).

А.Байтұрсынұлы өзінің терминжасамдық шығармашылы
ғында жалпы терминологияға да, терминдер номенклатурасына д
арнап терминдер жасаған. Мысалы: *тіл, сөз жүйесі, сөйлем жүйе*
атаулары жалпы терминологияға жатады: *дыбыс, жуан дыбы*
жіңішке дыбыс атаулары фонетиканың терминдер номенклатурасын
жатады.

А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер семасиологиялық таңба
лар ретінде қалыптасты. Ол терминдер тек қазақ тіліне, қазақ
әдебиетіне, қазақ әдістемесіне қызмет еткен жоқ, жалпы түркі әлем
тіл біліміне, әдебиеттануына, әдістемесіне қызмет етті, солардың
дамуына әсерін тигізді.

Терминнің дүниеге келуі – ғылыми абстракцияның нәтижесі,
яғни жалпылама ұғым – ғылымның негізі. А.Байтұрсынұлы осы
мәселеге ерекше көңіл бөлген, сондықтан Ахаң жасаған терминдер
әрі дәл, әрі нақты, әрі семасиологиялық.

А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы – тек қазақ тарихында
емес, жалпы әлем тарихында да теңдессіз дүние. Себебі бір
ғалымның тілтаным, әдебиеттаным, әдістеме т.с.с. ғылым сала
ларының негізін салуы – әлем тарихында өте сирек кездесетін
жағдай.

Бүгінде ең зәрулі мәселелердің бірі – А.Байтұрсынұлы тілінің
сөздігін жасау. Ол сөздікте жан-жақты (диахрониялық және
синхрониялық, социолингвистикалық, тарихи-салыстырмалы, типо-
логиялық, лексикографиялық, фонографиялық, орфоэпиялық,
салғастырмалы, стилистикалық, лингвостатистикалық, лингвомә-
дениеттанымдық, когнитивтік, тілтанымдық,жалпы ғылымтаным-
дық, салалық ғылымтанымдық, энциклопедиялық т.б.) ғылыми
хабарлама болу керек:

А.Байтұрсынұлының ғылыми ізденістерінің негізінде дүниеге
келген терминдер моностильдік те, полистильдік те қызмет
атқарады, себебі олар ғылыми стильдің нақ ғылыми түрінде ғана
емес, ғылыми-әдістемелік, ғылыми-публицистикалық шығарма-
ларда да, ресми құжаттарда да, заңдар мен қаулыларда да
қолданылады.

А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер бүгінде қазіргі тіл
білімінің талаптарына жауап береді, сондықтан олар ғылыми
зерттеулер барысында оқулықтар мен сөздіктердің құрамында толық
қолданылады.

Ғылым – индивидтің қоғамның қызмет ететін әлеуметтік
салаларының бірі. Сондықтан стилистиканың ғылыми стилі ғылыми
әлеуметтік саланың тілдік және тілдесімдік алаңы, ғылыми қызмет-
тің нәтижесінің жазбаша және ауызша (сиректеу кездеседі)
көрсеткіші (таңбалануы). А.Байтұрсынұлы ғылымның әлеуметтік
қызметін дүниетанудың ерекше түрі ретінде ұғып, сол салада еңбек
етіп, қазақ тілі ғылыми ұғымдарын, ғылыми категорияларын жазба
түрде таңбалаған.

Ғылым – объективті табиғи болмыс, сондықтан бүкіл адам-
затқа ортақ дүние. Ғылым жекеленбейді, яғни бір адамдікі, я бір топ
адамдікі емес. Мысалы, И.Ньютон физика заңдылықтарын ашқан,
бірақ сол ғылыми заңдылықтар – тек И.Ньютондікі емес, жалпы
әлемдегі адамдардікі, себебі ол заңдылықтар – объективті табиғи
болмыс. А.Байтұрсынұлы ғылымның осындай қасиеттерін (табиғи
болмыс екендігін, жекеленбейтіндігін) өте жақсы түсінген, және
өзінің еңбектерін осы ұғымдар негізінде жүргізіп тұжырымдаған,
себебі барлық елдер үшін де, мемлекеттер үшін де екі жердегі екі –
төрт деп түсінген, сондықтан Ахаңның ғылыми менталитетінде тіл –
құрал тек өзі үшін емес, тек қазақ қоғамы үшін емес, жалпы адамзат
үшін.

Ғылым ұлттандырылмайды. Мысалы, етістік – барлық тілдерде
қимыл-әрекетті білдіретін ұғым, тілдік категория, лексико-
грамматикалық сөздер тобы, грамматикалық сөз табы. Сонымен
қатар етістіктің әр тілде өзіне тән грамматикалық мағыналары мен
грамматикалық формалары болады, бірақ бұл етістік жайындағы
ілімді ұлттандырмайды, себебі етістік – ең алдымен, объективті
табиғи болмыстың бір бөлшегі, бір көрсеткіші, сондықтан барлық
тілге тән дүние. А.Байтұрсынұлы қазақтың ұлттық тіл білімі
ғылымының негізін қалады, бірақ жалпы ғылымды ұлттық дүние
деп түсінген жоқ: Ахаң ғылымды жалпы адамзаттық, жалпы әлемдік
дүние деп түсінген, сондықтан да ол «Тіл – құрал», «Тіл – адамның
белгісінің зоры...» деген.

Ғылым – болмысты игеретін тәсіл, сондықтан ғылымның қоғамдағы орны мен мәні өте биік. Ғылым болмысты игеру жалпылама білімді анықтауға әрекеттенеді, анықтаған жалпылама білімді (ұғымды) ғылыми ізденістердің негізі ретінде қалыптастырады. Ғылымның осы әрекеті – табиғи, яғни ғылыми заңдылық, себебі жалпылама білімсіз объективті табиғи болмысты толық және әділ зерттелуі мүмкін емес. А.Байтұрсынұлы ғылымның болмысты игеретін негізгі тәсіл екенін өте жақсы түсінген, сондықтан зерттеулерінде ғылымның тәсілділігін, ұғымның, білімнің жалпыламалығын жоғары деңгейде пайдаланған. Мысалы: *түбірлі тіл; жалғамалы тіл; қазақ сөзінің түбірі өзгермейді* ... . А.Байтұрсынұлының еңбегінен алынған осы мысалдардың соңғысын талқылағанның өзінде төмендегідей қорытындыға келеміз: *қазақтың барлық сөздерінің түбірі өзгермейді* – бұл жалпылама ұғым, жалпылама білім; *қазақ сөзінің түбірі өзгермейтіндік* – ғылыми ақиқат, ал ғылыми ақиқатты ғылыми тәсіл ретінде болмысты игеру барысында ашады.

Ғылыми мәтіннің мазмұны – ғалымдар ашқан ғылыми заңдылықтар, ұғымдар. Яғни ғылыми мәтін – ғалым ізденістерінің таңбаланған түрдегі нәтижесі. А.Байтұрсынұлы ашқан тіл, әдістеме ғылымдарының заңдылықтары, ұғымдары Ахаңның ғылыми мәтіндерінің мазмұны болып қалыптасқан. А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтіндерінің мазмұны сан түрлі (фонетика, орфография, графика, морфология, синтаксис, әдістеме, әдебиеттану, тарих...) себебі Ахаң ғылымның бірнеше саласында ғылыми ұғымдар, заңдылықтар ашып, оларды терминдендіріп, оқыту, ғылымтану қызметінде пайдаланып, әдістемелік, тілтанымдық, әдебиеттанымдық, ... ізденістерге баруды дәстүр ретінде қалыптастырған. Сонымен, А.Байтұрсынұлының ғылыми, ғылыми-әдістемелік мәтіндерінің мазмұны – өзі ашқан қазақ тілінің заңдылықтары мен ұғымдарының жазбаша тілдесім түрінің қоры.

Тіл үш негізгі әлеуметтік қызмет атқарады: қарым-қатынас қызметі, хабарлау қызметі, әрекеттендіру қызметі. Осы үш қызметтің екеуі (хабарлау,әрекеттендіру) – ғылыми стильдің негізі болады. Яғни барлық ғылыми стиль мәтіндерінде жаңа ғылыми дерек, шешім, заңдылық, ... жайында хабар болады және сол

ғылыми хабарды ереже, шарт, ... ретінде қолдану керектігі тілдің әрекеттендіру қызметі арқылы жеткізіледі. А.Байтұрсынұлы ғылыми стиль қызметінің негізі екі түрлі қызметтен құрастырылғанын (ғылыми стиль қарым-қатынас қызметті сирек атқарады) жақсы түсінген, себебі Ахаңның нақ ғылыми, ғылыми-оқытамалық мәтіндерінің ішкі дүниесінен тілдің хабарлау қызметі де, әрекеттендіру қызметі де үлкен орын алады. Мысалы: «Дауыссыз дыбыстардың кейі қатаң, кейі ұяң болады. Соған қарай харіптері де қатаң һәм ұяң деп аталады.

Сынау. Төмендегі сөздердің ішіндегі қатаң харіптердің астын сызып көрсетіңіздер (А.Байтұрсынұлы, 1914; 1992. – 148-б.). А.Байтұрсынұлы мәтінінің осы үзіндісінде ғылыми стильдің әрі хабарлау, әрі әрекеттендіру қызметтері айқын байқалады. Хабарлау қызметі – дауыссыз дыбыстардың екі түрлі болатындығы жайында (қатаң, ұяң). Әрекеттендіру қызметі – осы жаңа ғылыми хабарды түсініп қабылдау процесінде қолдану үшін, сөздердің құрамындағы қатаң дыбыстарды тауып, астын сызу керек екендігі. Яғни бұл ғылыми мәтін балалардан ұғу қызметін де, машықтану қызметін де атқаруды талап етеді.

Ғылыми стильді екі түрлі фактор (лингвистикалық, экстралингвистикалық) қалыптастырады. Лингвистикалық факторлар – тіл бірліктерінің (*сөз, термин, терминдер тіркесі, сөйлем – хабарлы сөйлем, құрмалас сөйлем*, ...) ғылыми мәтінде қолданылуы. Экстралингвистикалық факторлар – ғылыми мәтіннің тілдік ұғымдардан тыс ұғымдарды, шарттарды сақтайтындығы (нақтылылық, біройлылық, көркемсіздік, бейэмоциялық, жалпыламалық, күшейтпеушілік, жекелендірмеушілік, объективтік, әділдік, шындық т.б.). А.Байтұрсынұлының ғылыми, ғылыми-оқыту мәтіндерінде лингвистикалық та, экстралингвистикалық та факторлар нық қалыптасқан. (Осы еңбектің бірінші бөлімінің үшінші тармағында біз талдаған мәтін үзіндісін қараңыз). Ахаңның ғылыми және ғылыми-әдістемелік мәтіндерінде жоғарыда аталған лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар сақталғандықтан, ғылыми стильдің барлық негізгі көрсеткіштері қалыптасқан және басқа функционалды стильдердің көрсеткіштері енгізілмеген (тұрмыстық қарым-қатынас, көркем, публицистикалық). Сонымен, А.Байтұрсынұлы XX

ғасырдың басында қазақ тілі ғылыми стилінің лингвистикалық және экстралингвистикалық негізгі факторларын, ерекшеліктерін қалыптастырған; қазақ стилистикасының тілдік және тілдесімдік стандарттарын өзі жасаған, себебі терминдерді, терминдер тіркестерін мәтіннің ғылыми стильдік реңкін дүниеге келтірген, қолданған, дәстүрлендірген.

Ғылыми стильдің тілдік стандарты мен қатар сыртқы (құрылымдық) стандарты да болады. А.Байтұрсынұлының еңбектерінде құрылымдық стандарт толық қалыптасқан (мәтінді абзацтарға бөлу, сан есімдерді реттеу мақсатында пайдалану, тиісті тіл материалын қатар-қатар орналастыру, кесте, тізбек жасау т.б.). Ахаңның әрбір ғылыми мәтіні классикалық құрылым моделі негізінде жасалған (қысқа кіріспе; ғылыми деректер; ғылыми деректерді түсінікті түрде жазу (хабарлау); формалық жүйеге салу (жүйелендіру; қорыту).

Сонымен, А.Байтұрсынұлының ғылыми еңбектерінде (мәтіндерінде) лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың ішкі (тілдік) және сыртқы (құрылымдық) стандарттар жақсы қалыптасқан. Ғылыми мәтіннің осындай қасиеттері, ерекшеліктері қазіргі қазақ тілі стилистикасының ғылыми стилінде де толық қалыптасқан, яғни А.Байтұрсынұлы – қазақ тілі ғылыми стилінің негізін салушы.

Әрине, А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтіндерінде қазіргі қазақ тілтанымында кездеспейтін кейбір ерекшеліктер ұшырайды. Мұндай ерекшеліктерді біз заман тіл білімінің, заман стилистикасының деңгейіне байланысты деп түсінгенді жөн көріп тұрмыз.

А.Байтұрсынұлының еңбектерінің мәтінін біз *нақ ғылыми* деп те, *ғылыми-әдістемелік* (ғылыми-оқыту) деп те атадық. Оның себептері мынада: а) Ахаңның еңбектері бала оқыту мақсатында жазылған, яғни оқулықтар оқу құралдарды; ә) XX ғасырдың бірінші ширегінде жалпы функционалды стильдер, ғылыми стильдің үш подстилі ғылыми сала ретінде әлі толық сараланып қалыптаспаған еді.

Сонымен, А.Байтұрсынұлы – ғылымды объективті табиғи болмыс деп түсінген ғалым; қазақ тілі терминжасамының негізін қалаған ғалым (жалпы терминология, салалық терминология,



II тарау

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТЕРМИНЖАСАМДЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ЗЕРТТЕЛУІ

2.1. А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасын зерттеуге арналған еңбектердің концептуалдық ерекшеліктері

Қазіргі қазақ ғылымында А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасын зерттеп жүрген ғалымдар баршылық. Олар – тек филология саласының мамандары емес, олардың арасында математиктер де, химиктер де, дәрігерлер де, ... бар.

Ахмет Байтұрсынұлы 1988 жылының соңында реабилитация болған соң Ахаңның терминжасамдық мұрасына арналған тұңғыш мақалалардың бірі – «Қазақстан әйелдері» журналында жарияланған О.Айтбаевтың «Қазақ терминологиясының атасы» атты мақаласы (Айтбаев, 1989). Еңбек Ахаңның жалпы терминжасалымдық ізденістеріне арналған. Мақала авторы А.Байтұрсынұлының қазақ тарихындағы орнын былай бағалайды: «Қазақ әдебиет тарихында ұлы Абайдың орны қандай болса, қазақ тіл білімі мен мәдениеті тарихында Ахмет Байтұрсынұлының орны сондай» (Айтбаев, 1989. – 7 б.). Өте анық, өте дәл анықтама. Мұндай көзқарас қазақша ойлайтын адамның, қоғамның көзқарасына сәйкес. Еңбектің авторы А.Байтұрсынұлының терминжасамдық ізденістерінің бастауын терминнің оқыту саласына өте қажет болғандығынан туғанын айта келіп, Ахаңның қазақ тілін мектептерге пән ретінде енгізу керек екендігін ескертеді, сол ойды іс жүзінде мектепке өзі енгізе бастағанын айтады. Мақалада А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы» атты еңбегінің жеті басылымы, «Баяншы» атты еңбегі, «Айқап» журналындағы, «Қазақ» газетіндегі мақалалары талқыланып, Ахаңның терминжасамдық қызметіне жоғары баға беріледі. Қазақ тілін мекептерде пән ретінде оқыту үшін Ахаң қазақ тіл біліміне жаңа ұғымдар енгізеді, оларды жаңа атаулармен (терминдермен) таңбалайды. Мысалы: фонетика – *дыбыс жүйесі*, морфология – *сөз жүйесі*, синтаксис – *сөйлем жүйесі; үтір, буын, әліппе, дәйекше*, ... (Айтбаев, 1989. – 7-8 бб). Мақаланың авторы А.Байтұрсынұлының термин жасаудағы негізгі ұстанымы – терминді қазақ сөзінің негізінде жасау керек екендегі болғанын айта келіп, Ахаңның термин ретінде қазақ тілінде бұрыннан қазақшаланып қолданылып жүрген

араб, парсы сөздерін де пайдаланғанын көрсетеді. Мысалы: *мектеп, кітап, өнер* т.б. (Айтбаев, 1989. – 8-б.)

Сонымен, Ө.Айтбаевтің бұл мақаласы А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің терминология жасау тарихындағы орнын ғылыми қызметіне арналған.

А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасына арналған Ө.Айтбаевтің екінші мақаласы «А.Байтұрсынұлының терминжасам тәжірибесі» деп аталады. Мақалада төмендегі мәселелер талқыланған:

1) А.Байтұрсынұлының терең тілтанымдық сезімталдығы;

2) А.Байтұрсынұлының терминжасамдық тәжірибесінің кешегі және бүгінгі қажеттілігі;

3) А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасының қазақ және жалпы түркі тіл біліміндегі көшбастаушылық мәні;

4) А.Байтұрсынұлының терминжасамдық қызметінде лексико–морфологиялық және морфолого-синтаксистік тәсілдердің басым түрде қолданылуы;

5) А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасының сала-салаға жіктеліп зерттелуі қажет екендігі;

6) А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің семантикалық және құрылымдық анализі.

Еңбектің авторы осы мәселелерге әртүрлі деңгейде көңіл бөледі. Ө.Айтбаев еңбегінің негізгі мәнін өзі анықтап берді: «Шынында, А.Байтұрсынұлының қазақ тілі пәнінің терминдерін жасауы – теңдесі жоқ ерлік ...» (Айтбаев, 1997. – 7-б.)

Сонымен, Ө.Айтбаевтің талқыланған екі еңбегінің де негізгі мағыналық сарыны бір: А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасының ғылыми биіктігі, теориялық және машықтық маңызы.

Р.Сыздықованың «Термин жасау – Ахмет Байтұрсынұлы көтерген тарихи жүктің бірі» атты еңбегінде анализ концептуалдық көзқарас негізінде жасалады. Мақалада бес мәселе талқылынады:

1) термин және сөз;

2) терминнің түрлері;

3) термин және мектеп;

4) А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасының қазіргі қазақ тіл біліміндегі орны;

5) мамандардың А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасын зерттеудегі концептуалдық ұқсастықтары мен айырмашылықтары (Р.Сыздықова, 1999).

А.Байтұрсынұлының еңбектерін талдағандар көбінесе терминнің пәндік (құрылымдық), яғни номинациялық жағына көңіл бөліп, терминнің ұғымдық-семантикалық жағына көңіл бөлмейді я өте аз көңіл бөледі, – дейді Р.Сыздықова (Сыздықова, 1998. – 251-252-бб.) Шардың лейтмотиві – А.Байтұрсынұлы терминді қазақ сөзінің негізінде жасап, жат тілдің негізінде жасамау керек деген ұғым, – дейді ғалым (Р.Сыздықова, 1998. – 251-б.).

А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Дулатовтар қазақ терминін білім беру саласына бейімдеп жасаған. Ол кездегі негізгі білім беру сала – мектеп еді. Сондықтан терминдердің барлығы мектеп оқушысының ойлау қабілетіне лайықтанып, яғни қазақ тілінің тол мүмкіншіліктерінің негізінде жасалған (Сыздықова, 1998. – 254-б.). Мұны бүгінгі тілтанымның көзқарасымен бағалайтын болсақ, ол терминдер (жасалған кезінде) ғылыми стильдің нақ ғылыми (собственно-научный) түріне емес, ғылыми-оқыту (ғылыми-әдістемелік, оқыту-ғылыми, яғни научно-учебный, учебно-научный) түріне арналған.

Ш.Құрманбайұлының «Қазақ терминологиясын қалыптастырудағы Ахмет Байтұрсынұлының ролі» атты еңбегінде зерттеу бүгінгі терминология ілімінің ұстанымдарының, ұғымдарының, категорияларының негізінде жасалған (Құрманбайұлы, 1998). Еңбекте А.Байтұрсынұлының терминжасамдық дағдысы жан-жақты зерттеліп, жүйелік деңгейде талқыланған.

Автор көтерген мәселелер әрі күрделі, әрі өзекті. Мысалы: А.Байтұрсынұлы – қазақ тілтанымының, әдебиеттанымының, әдістемесінің терминжасамдық негізін қалаушы (салалық терминология); қазақ ғылымының терминжасамдық тәсілдері мен жолдарын анықтаушы; терминжасам ілімінде қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін толық пайдаланып, жалпы қазақ тілтанымының сөзжасалымдық мүмкіншіліктерін, түрлерін анықтаушы, ретке келтіруші. А.Байтұрсынұлының терминжасамдық қызметі тек салалық (тіл, әдебиет, әдістеме) терминологиясын жүйелендірумен шектелмеді, жалпы қазақ терминологиясының қалыптасуына ықпал етті; А.Байтұрсын-

ұлы қазақ терминологиясының тұңғыш ғылыми ұстанымдары жасаушы (Құрманбайұлы, 1998). Сонымен, еңбекте талқыланып жауабы берілген мәселелер өте маңызды. Автордың қорытулары нақты, дәлелді.

А.Байтұрсынұлының терминологиясына Ш.Құрманбайұлынан да бұрын көңіл бөлген мамандар бар (Айтбаев, 1989; 1997. Жүсіпұлы (Джусупов), 1995 т.б.), сондықтан бұл еңбекте тың мәселелер тағы көтерілді деуден аулақпыз. Бірақ А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасын термин және терминология теорияларының негіздеріне сүйеніп зерттеген еңбек ретінде бұл зерттеудің жүйелілік жан-жақтылығының биіктігі мен кеңдігі күдік тудырмайды.

Еңбектің басында қазақ ғылыми терминологиясының бастаушысы, жол салушысы және қазақ терминологиясының негізін қалаушысы, жүйесін қалыптастырушысы ұғымдарын айыру керек екенін айтқан болатынбыз. Ш.Құрманбайұлының еңбегінде осындай ғылыми әрекет жасалған. Бұл бізді қуантады. Ш.Құрманбайұлы сөздің термин қызметінде қолданылуы Абайдың да, Х.Досмұхамедұлының да, Е.Омаровтың да... еңбектерінде кездесетінін ескеріп келіп, А.Байтұрсынұлының салалық (тіл, әдебиет, әдістеме) терминологияның негізін қалыптастырғандығын айтады. Яғни А.Байтұрсынұлы – қазақ ғылыми терминологиясының негізін қалаушы, жүйелендіруші. Біз бұл қорытумен толық келісеміз. Бірақ, біздің ойымызша, А.Байтұрсынұлы – қазақ ғылыми терминологиясының және жалпы қазақ терминологиясының тарихында әрі жол бастаушы, әрі негізін қалаушы, жүйеге келтіруші. Былай деуіміздің себебі:

а) А.Байтұрсынұлы қазақтың салалық ғылыми терминологиясы жүйеге келмеген кезде қазақ зиялыларының қатарында (Х.Досмұхамедұлы, Е.Омаров, М.Дулатов, ...) термин жасау және термин қолдану жолын қалыптастырды. Сондықтан А.Байтұрсынұлы – сол кезден бұрынғы және сол кездегі қазақ зиялыларының қатарында қызмет еткен ғалым ретінде, қазақ терминжасамының жол бастаушыларының бірі. Сонымен, қазақ терминжасам тарихында жол бастаушы (родоначальник) біреу емес. Бұл қатардан көп зиялылар, ағартушылар, ғалымдар, ақындар орын алады. Сол жол

бастаушылар қатарынан өз орнын иелеп тұрған мамандардың бірі А.Байтұрсынұлы;

а) А.Байтұрсынұлы қазақ терминжасам тарихында тек жол бастаушы, тура жол салушы қызметін атқарумен шектелген жоқ. А.Байтұрсынұлы қазақ терминологиясының салалық ғылыми жүйесін жасады (тілтаным, әдебиеттаным, әдістеме). Яғни терминжасам тарихында басқа жол бастаушылардан көш ілгері жылжып, бұл ғылыми теория деңгейінде ізденістер жүргізіп, қазақ салалық терминологиясының негізін (системасын) дүниеге келтірді.

Сонымен, А.Байтұрсынұлы – қазақ ғылыми терминологиясының негізін қалаушы, теориялық жүйеге келтіруші (основоположник). XX ғасырдың бірінші ширегінде ғылыми жүйелік концепция негізінде қазақ терминология мәселелерін әлемдік терминология ғылымының деңгейінде шеше білген ғалым – А.Байтұрсынұлы.

А.Байтұрсынұлы қазақ терминологиясының жасалу тарихында жол бастаушы, тура жол салушы маман ретінде – көптің бірі, ал қазақтың салалық ғылыми терминологиясының негізін қалаушы, жүйесін қалыптастырушы маман ретінде – дара тұлға.

С.Ақаев пен Д.Мыңбайдың «Ахмет Байтұрсынұлы жасаған терминдердің тәсілдік сипаттары» атты еңбектерінде А.Байтұрсынұлы термин жасау жолынан (терминді мүмкіндігінше қазақ сөзінен жасау) көп қазақ ғалымдарының бүгінде шығып кетуін, Еуропа тілдеріндегі терминдерді күдіктенбей қабылдайтындығы, орыс тіліндегі терминдерді қазақ тіліне аудара салатындығы туралы сөз болған. Сондықтан, қазір қазақ тілінің терминжасамдық мүмкіншілігінің жасанды түрде тарылғандығын айтады, яғни олар А.Байтұрсынұлы жасаған термин жасау машықтық дәстүрі тарылғанын, қазақ тілінің бірліктерін термин жасау мақсатында машықтандыру азайғанын айтады (Ақаев, Мыңбай, 1999, – 442-443-бб.). Еңбектің авторлары қазіргі ана тіліміздің терминологиясында қазақ тілінде ұғымы да бар, ол ұғымның атауы да қашанда орыс тілі я орыс тілі арқылы енген терминдердің қолданысының басым болып кеткенін айтады. Мысалы: *әдептік, әсемдік, мұрат* терминдерінің орнына *этика, эстетика, идеал* терминдерін қолдану (Ақаев, Мыңбай, 1999, – 453-454-бб.).

XX ғасырдың 10-25 жылдарында тіл біліміне қатыс терминдерді жасауда А.Байтұрсынұлының кейбір жағдайлар орыс ғалымдарынан ілгері тұрғандығын, олардың еңбектерінде жетістіктерді еліктемей пайдаланғанын, қазақ тілінің ішкі дүни сінің құдіретін орыс тілтанымның заңдылықтарына тәуелдендірме дербес пайдаланғанын айтады. Мысалы, сол кездегі орыс т оқулықтарынының, сөздіктерінің құрамындағы біраз терминдер бұлыңғыр екенін (*иррациональные звуки, глагольные слова*) эксперимент ретінде қолданылып жүргенін анықтайды. А А.Байтұрсынұлы жасаған қазақ тілінің грамматикалық, фонетик лық терминдерінің көпшілігі сол кездегі оқулықтарда қалыптасқандығын жариялайды. Қазақ тілінде терминмен таңб ланған бірқатар универсал грамматикалық ұғымдар талдан баламаларының орыс мектебіне арналған орыс тілі оқулықтарын орын алмағандығы туралы сөз болады (Ақаев, Мыңбай, 1999. – 44 444-бб.). Мақаланың соңында А.Байтұрсынұлының терминжасам дық қызметінің ішкі және сыртқы дүниесінің ғылыми-әдістемел сипаттары тоғыз ереже бойынша тұжырымдалады.

А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасын зерттеуге арналға еңбектердің ішінде, бір жағынан, жалпылама, екінші жағынан нақты пікірлерді, ұсыныстарды ортаға салған мақала – Ш.Біләлов тың «Ахметтануға кіріспе» атты мақаласы (Біләлов, 1999). Мақала ның авторы қазіргі қазақ ғылымында ахметтану ілімінің дүниеге келуі әрі тарихи заңдылық, әрі ғылыми-әлеуметтік сұраныс екенін айтады, себебі бұл жаңа ілімнің рухани, ғылыми, тарихи менталитеттік маңызы өте биік екенін көрсетеді. Ш.Біләловтың көзқарасын толық құптаймыз. Бұл мәселенің зәрулілігін М.Жүсіпұлы 1995, 1998 жылдары жарияланған монографияларында талқы лап қорытқан (Жүсіпұлы (Джусупов), 1995, 1998). Бүгінде А.Байтұр сынұлының ғылыми мұрасын зерттеуге арналған еңбектерде Ш.Біләловтың мақаласында ахметтану ғылымы пайда болуының негізгі жеті себебі, яғни жеті мағыналық, ұғымдық қасиеті толы анықталған (Біләлов, 1999. – 417-430-бб.).

Ахметтану ілімінің жеті тірегі деп Ш.Біләлов төмендегі мәселе лерді атайды:

1) А.Байтұрсынұлы – ұлттық ғылым жасаушы;

2) А.Байтұрсынұлы – ғалым-теоретик (А.Байтұрсынұлының теориясы);

3) А.Байтұрсынұлы – ұлттық ғылыми тілді жасаушы;

4) А.Байтұрсынұлы – ұлттық ғылыми стильді қалыптастырушы (яғни қазақ тілінің функционалдық стилистикасының негізін салушы – біздің қосымшамыз);

5) А.Байтұрсынұлының атаутану ілімі, атау жасау ерекшеліктері (яғни терминжасамдық теориясы, терминжасамдық тәжірибесі – біздің қосымшамыз);

6) А.Байтұрсынұлының тұлғаландыруы – формализмі (яғни А.Байтұрсынұлының ғылыми стилінің құрылымдық, мағыналық, ерекшеліктері – біздің қосымшамыз);

7) А.Байтұрсынұлының еңбектеріндегі ақпараттылық (информативность) (яғни ғылыми және басқа деректерді хабарлаудың мағыналық байлығы және көлемі – біздің қосымшамыз) (Біләлов, 1999. – 417-б).

Сонымен, мақала авторы мәселенің кең, терең және маңызды шешілуін көздейді, мәселенің жеті тармағының әрқайсысына қысқа анықтама беріп, ахметтану ілімі пайда болуының уәждерін сипаттайды. Яғни ахметтану ілімі – бүгін де, ертең де қазақтың мол гуманитарлық ғылымының өзекті тармағы.

А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасын зерттеуге арналған мақалалардың бірі Б.Қалиұлының «Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ терминдері» атты мақаласы (Қалиұлы, 1999). Бұл еңбекте автор күрделі мәселелерді көтереді:

а) А.Байтұрсынұлының термин жасау ережелері;

ә) қазіргі қазақ қоғамындағы интернационалдық терминдер жайындағы көзқарастар;

б) ұлттық сана-сезімнің негізгі көрсеткіші – ана тілінің ұлттық сипаттары;

в) жат тілдердің бірліктеріне тәуелді болмау;

г) жат тілдерден енген сөздерді (интернациональдық терминдерді) қазақ орфографиясының заңдылықтарына сай жазу, қазақ орфоэпиясының заңдылықтарына сай дыбыстау, себебі басқа тілдерде (ағылшын, француз, неміс, орыс...) интернационалдық

терминдер көпшілік жағдайда өз заңдылықтарына сә
ықпалдандырылады (Қалиұлы, 1999. – 409-416-бб.).

Ғылыми, қоғамдық-әлеуметтік терминдер ұлттық ойла
қабілеттің, ұлттық тілдің мүмкіншіліктерінің жоғарғы деңгейде
көрсеткіші, сондықтан ол терминдердің ана тілінің негізін
жасалмауы (шығу тегі, я ықпалдандырылмауы) сол жоғар
деңгейде болатын көрсеткіштердің төмендегенінің белгісі я болмас
А.Байтұрсынұлы айтқандай, «мамандардың еріншектігінің салд
ры», – дейді Б.Қалиұлы (Қалиұлы, 1999. – 412-б.). Мақала автор
қазақша жаңа терминдердің (пайда болған кезінде) құлаққа дөре
есітілетінін А.Байтұрсынұлы да айтқанын ескертеді (Қалиұлы, 199
– 410-б), ал қазіргі кезде А.Байтұрсынұлы жасаған терминде
құлағымызға өте жеңіл сіңіп, ойымыздан үлкен орын алғанын
айтады. Сондықтан терминдерді қазақ тілінің негізінде жаса
қажеттігін көрсетеді.

Біздің пікіріміз негізінде Б.Қалиұлының тұжырымдарын
ұқсас. Бірақ Б.Қалиұлымен бір жағдайда толық келісімге кел
алмаймыз. Мақала авторы: «Біздің тіліміз – отарланып кеткен тіл
– дейді (Қалиұлы, 1999. – 415-б.). Қазіргі қазақ тілі қоғамның негіз
бес әлеуметтік саласында қызмет атқарады (тұрмыстық қарым
қатынас саласы; мемлекеттік және әкімшілік қызмет саласы (ресм
сала); ғылым саласы; ақпарат-құралдар (публицистика) саласы
көркем әдебиет саласы), яғни қазақ тілі – отарланбаған тіл. Ал кірм
терминдердің көбейіп кетуінің себебі бәрімізге белгілі, сондықта
бұл жағдайды ұлттық жүйеге келтіру өзіміздің қолымызд
(мамандарды қазақ тілінде дайындау, мемлекеттік тілге арналға
мемлекеттік құжаттарды қазақшаландыру, кірме терминдерді қаза
тілінің заңдылықтарына сай ықпалдандыру, мемлекеттік тіл
білмейтін я шала-шарпы білетін азаматты мемлекеттік, әкімдік
жалпы басқарушылық қызметіне тағайындамау т.б.).

Жоғарыда талқыланған еңбектердің мағыналық негізі өте
жақын. Мысалы:

1. А.Байтұрсынұлы – қазақ тілтанымы, әдебиеттанымы және
әдістеме ғылымдарының терминдері мен терминологиясын жасаған
ғалым.

2. А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасы жалпы ұлт
тық терминжасамды қалыптастыруға, өркендетуге үлкен әсерін
тигізді, негіз болды, яғни медицина, этнография, философия т.б.
ғылым салаларының терминологиясын қалыптастыруда үлгі болды.

3. Көптеген салалық ғылыми терминология жүйелерін жасау
қажеттігінің уәжін күшейтті.

А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасын зерттеуге
арналған ізденістердің бірі – А.Рақышевтің «Ахмет Байтұрсынұлы
еңбектерінің медицина атауларын жасаудағы ықпалы» атты
мақаласы (Рақышев, 1999). Мақалада А.Байтұрсынұлының термин
жасамдық қызметінің нәтижесі, маңызы, жалпы медицина термин
дерінің және қазақ медицина терминдерінің жасалу тарихы,
өңделген деңгейі, жылдан-жылға сан жағынан көбеюі хроно
логиялық дәстүр негізінде сөз болады.

А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасын зерттеуге
арналған еңбектердің бәрін тізіп көрсетуді мақсат етпедік. Еңбектің
осы мәселеге арналған үзіндісінде сол ғылыми ізденістердің негізгі
бағытын анықтауды, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын
анықтауды көздедік; ғылыми пікірлердің тамыры бір болғанымен,
бет алысы, дамуы алуан түрлі екенін көрсетуді көздедік;
мамандардың бір дауыстан А.Байтұрсынұлының терминжасамдық
мұрасының «полифункционалды дүние» ретінде тануларының
ғылыми негізін нығайтуды көздедік. Осы мақсатта жоғарыда
талқыланған еңбектердің маңыздылығы да, саны да, біздің
ойымызша, жеткілікті болды.

Бүгінде қазақ тіл білімінде терминология мәселесіне арналған
ірі зерттеулер көп. Олар: монографиялар, диссертациялар (Мол
дажаров, 1972; Айтбаев, 2000; Кәрімбайұлы, 1998, 1999...; Ақаев, 2000,
2002; Біләлов, 1996, 1997...), мақалалар (Қайдаров, Абдрахманов,
1987), арнайы жинақтар. Олардың бәрін талдауды мақсат етпейміз.
Біз бұл еңбекте А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасын
зерттеуге арналған еңбектерге көңіл бөліп, сол ғылыми ізденістердің
бағытын, концептуалдық реңкін анықтап, А.Байтұрсынұлыны тер
минолог-ғалым деп бағалауларының шығу тегін, деңгейін, ғылыми
дәлелдігін талдауды жөн көрдік. Себебі білім-ғылымның сапасын,
мұраның сапасын бағалаумен қатар сол берілген бағаның да

сапасын зерттеп талқылау керек: баға сапа жағынан әділ болу керек, яғни бағаның сапасында асыра сілтеу де, кемсіту де орын алмау керек. Сол себептен қазіргі қазақ тілтанымындағы тер минология мәселелеріне арналған еңбектердің біразы біз жасаған талқылаудан орын алмады. Мысалы, 1998 жылы «Ғылым» ба пасынан шыққан «Ахметтану тағылымдары» ғылыми мақалалар жинағында терминология мәселелеріне арналған төрт мақала бар Соның бірі – «Терминдендерді алдын ала жіктей, жүйелей алу жол дары» (Ақаев, Мыңбаев, 1998). А.Байтұрсынұлының термин жасамдық мұрасына арналған бұл мақалада екі мәселе көтерілген:

а) қазақ терминін қазақ тілі бірліктерінің негізінде жасау керек екендігі;

ә) А.Байтұрсынұлының терминдері – термин жасаудың және термин пайдаланудың классикалық үлгісі.

Мақаланың негізгі ғылыми бағытын қолдаймыз, бірақ, біздің ойымызша, авторлар А.Байтұрсынұлының «қазақ термині, ең алдымен, қазақ сөзінен жасалу керек», – деген пікірін абсолютті мағынада көрсеткен сияқты, яғни «... қазақ термині тек қазақ сөзінің негізінде жасалу керек» деген сияқты болып тұр. А.Байтұрсынұлының ойын мұндай қатаң мағынада түсіну және түсіндіру тарихи шындықты бұрмалау болмаса да, сол тарихи шындықты толық күйінде көрсетпеуге таяу.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жолмен өмір сүре бастаған соң ұлттық терминология мәселесі қайта жаңғырды. Қазақ термині қоғамның қазіргі кездегі әлеуметтік қызметінде үлкен орын алады. Сондықтан терминнің, терминологияның теориялық және машықтық мәселелеріне мемлекет деңгейінде үлкен көңіл бөлінеді. Бұл жағдай жаңа ғылыми еңбектердің дүниеге келуіне демеу болды. Сондай еңбектердің бірі – Ә.Қайдаровтың «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» атты кітабы (Қайдаров, 1993). Еңбекте қазақ терминологиясын жасау үшін 11 ұстанымды білу керектігі айтылады, сол 11 ұстанымның негізгі қасиеттері, ерекшеліктері анықталған. Кітаптың соңында ұсыныстар берілген. Еңбекте А.Байтұрсынұлының қазақ термині және терминологиясы жайындағы ойлары имплицитті түрде сақталып, бүгінгі қазақ тілтанымының және әлем тілтанымының жетістіктеріне байланысты интерпрета-

циаланады. Шығарма тақырыбының өзектілігі, теориялық және машықтық маңызы биік.

А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасының негізгі ұғымдары, негізгі бағыты Қазақстан Республикасы үкіметінің жанындағы мемлекеттік терминжасамдық комиссияның нормативтік құқықтық құжаттарынан да имплититті түрде үлкен орын алған («Терминжасамдық хабаршы», 2002, №1). Яғни мемлекеттік терминжасамдық комиссияның терминқорын бекітудегі көзқарасы А.Байтұрсынұлының көзқарастарына сәйкес. Мысалы: терминді ең алдымен қазақ тілінің негізінде жасау; жат тіл терминінің (интернационалдық терминнің) қазақ тіліндегі баламасын жасау (мүмкін болса); қазақ тілінде сәйкес келетін ұғым, атау болмаған жағдайда ғана жат тілдің терминін (интернационалдық терминді) қолдану т.б.

Сонымен, жоғарыдағы талдау нәтижелері А.Байтұрсынұлы терминжасамдық мұрасының жан-жақты зерттеліп жатқанын дәлелдейді. Зерттеулердің негізгі бағыты – қазақ терминжасамының теориялық және машықтық ғылыми негіздерін жасаушы А.Байтұрсынұлы екенін тарихи дерек ретінде жариялаумен шектелмей, оның ұлттық (қазақ) және ұлтаралық (түркі әлемі) деңгейлерде жаңа ғылыми ағын, яғни теория жасаушы екендігін, сол теорияның негізгі ұғымдарын, категорияларын, ұстанымдарын, зерттеу әдістерін қалыптастырушы екенін және соларды қазақ тілі материалы негізінде күнделікті ғылыми шығармашылығына, тілге, әдебиетке, оқыту салаларына енгізуші екендігін кең, терең және жан-жақты дәлелдеу. Зерттеу авторлары алдарына қойған міндеттерді орындады. Айырмашылықтары – зерттеу нысаны біреу болғанымен (А.Байтұрсынұлының терминжасамдық ғылыми, ғылыми-әдістемелік шығармашылығы), зерттеу пәндерінің (предмет исследования) көптігінде. Сондықтан бір маман жалпы терминология теориясының сипаттарын (заттық, ұғымдық т.б.) зерттесе, екінші маман қазақша сөзжасам тәсілдерін және сол тәсілдер арқылы пайда болған терминдердің заманауи мәселелерін зерттейді, үшінші маман А.Байтұрсынұлының салалық терминология жүйесін қалыптастырушы ғана емес, жалпы қазақ ғылыми

терминологиясының әрі жол бастаушысы, әрі негізін қалыпта тырушысы екенін сөз етеді.

2.2. А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің мағыналық, құрылымдық және статистикалық ерекшеліктері

Әр заманның өзіне тән ғалымы, ғылымы, ғылыми ұғымдары олардың атаулары (терминдері) болады. Осылардың қорытындысы ретінде ғылыми теориялар қалыптасады. Және ғалым я ғалымдар әр ғылым саласының бастаушысы, жолын салып берушісі, негізін қалаушысы ретінде танылады. Сол ғылыми мұраларды кейінгі ғалымдар зерттейді, себебі әр адам, әр ұлт тек генетикалық тегін емес, ана тілінің ғылыми зерттелу тегін де білу керек. Ондай зерттеулер әртүрлі сипатта болады.

А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасын зерттеуге арналған еңбектердің ішінде 1997 жылы Қарағанды қаласында басылып шыққан екі еңбек өзгеше орын алады. Олар: 1.Ш.Ж. Жалмахановтың «А.Байтұрсынұлы – қазақ лингвистикасы термин дерінің негізін салушы» атты еңбегі; 2. Ш.Ж.Жалмаханов пен Ж.Қ.Смағұловтың «А.Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттану термин дерінің негізін салушы» атты еңбегі. Осы екі оқу-әдістемелік оқу құралының практикалық маңызы биік десек қателеспейміз. Зерттеуімізде аталған екі еңбектің біріншісі – «А.Байтұрсынұлы қазақ лингвистикасы терминдерінің негізін салушы» талқыланады.

Ш.Жалмаханов еңбегінің құрылымы алты мағыналық бөлшектен тұрады:

1. А.Байтұрсынұлы жасаған қазақ лингвистикалық терминдер туралы. Еңбектің осы бөлімін «Кіріспе» деп атауды жөн көрдік.

2. А.Байтұрсынұлы еңбектерін қазіргі қазақ тілі оқулықтары мен салыстыру кестесі.

3. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде қолданылған терминдер (Ал фавиттік терминдер сөздігі).

4. Терминдердің тіл білімі салаларына қатысты тізбесі: а) фонетика, ә) лексикология, б) морфология, в) синтаксис.

5. Жалпы лингвистикалық терминдер.

6. Тапсырмалар (теориялық және практикалық).

«А.Байтұрсынұлы жасаған қазақ лингвистикасы терминдері туралы» атты шағын кіріспеде еңбек авторы бірнеше күрделі лингвистикалық мәселелерге көңіл бөледі. Сол мәселелердің А.Байтұрсынұлының шығармашылық мұрасынан алған орнын, ғылыми шешімін бағалауда автор қазіргі тілтаным ілімінің синхрондық және диахрондық ұғымдарына сүйенеді.

Ш.Жалмаханов ойларының бағытын қолдаймыз. Бірақ А.Байтұрсынұлының тілтанымдық еңбектерін талқылағанда, бағалағанда концептуалдық негіз терең және кең болуымен қатар жан-жақты да болу керек. Яғни А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасын тек қазақ тілтаным тарихының кешегісі мен бүгінінің жағдайына қарай талқылау, бағалау біржақты болады. А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасын зерттегенде, тек қазақ тіл білімі жетістіктерінің негізінде емес, жалпы түркі тіл білімі, әлемдік тіл білімі жетістіктерінің негізінде, солардың теориялық ұғымдары мен атауларының ішкі табиғатының тілтанымдық қасиеттеріне сүйеніп зерттеген нақ әділ, нақ ғылыми, нақ жан-жақты болады. Себебі А.Байтұрсынұлының лингвистикалық және әдістемелік ізденістері тек қазақ тіл білімі емес, түркі және әлемдік тіл біліміне, тілді оқыту әдістемесіне, лингводидактикаға маңызды үлес қосты (Джусупов, 1995; 1998).

Еңбектің кіріспесінде А.Байтұрсынұлының шығармаларында қолданылған терминдердің статистикалық сипаттамасы беріледі. (Статистикалық зерттеу А.Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» атты оқулықтарының (1914, 1915, 1925) материалы негізінде жасалған). Ш.Жалмахановтың берген деректеріне сүйенсек, А.Байтұрсынұлы 310 (100%) тілтанымдық термин қолданған. Оның 118-і (38,5%) қазіргі қазақ тілтанымында қолданылады, ал 191-і (61,5%) қазіргі қазақ тіл білімі саласында қолданылмайды (Жалмаханов, 1997. – 3-б.). Автор осы терминдерді тіл білімінің құрылымдық салаларына байланысты бөлшектейді де олардың статистикалық көрсеткіштерін төмендегідей анықтайды: фонетикада – 108 термин (35,4%), лексикологияда – 11 термин (3,6%), морфологияда – 109 термин (34,9%), синтаксисте – 64 термин (21,3%), жалпы тіл білімінде – 18 термин (4,8%).

(А.Байтұрсынұлы жасаған тілтанымдық терминдердің статистикалық көрсеткіштерін төмендегі кестеден көруге болады).

3-кесте

Қазақ тілтанымында А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің статистикасы (Ш.Жалмаханов келтірген материалдар негізінде)

А.Байтұрсынұлы жасаған тілтанымдық терминдердің жалпы статистикасы	А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің қазіргі қазақ тілтанымында қолданылмайтындарының статистикасы	А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің қазіргі қазақ тілтанымында қолданылатындарының статистикасы	А.Байтұрсынұлы жасаған тілтанымдық терминдердің тіл салаларына және жалпы тіл біліміне қатысты статистикасы				
			Фонетика	лексикология	Морфология	Синтаксис	жалпы тіл білімі
310=100%	192=61,5%	118=38,5%	108=35,4%	11=3,6%	109=34,9%	64=21,3%	18= 4,8%

Ш.Жалмаханов ізденістерінің статистикалық көрсеткіштері күдік тудырмайды.

Бірақ ойланатын жайлар көп:

1. Үш жүз он (310) лингвистикалық терминнің 118-і қазіргі қазақ тілтанымында қолданылып, 192-і қолданылмаса, онда осы қолданылмайтын сөздер кезінде терминдік деңгейге көтерілген бе? А.Байтұрсынұлының еңбегінен басқа еңбектерде пайдалынылған ба? Егер тіл бірлігі ретінде олар термин деңгейіне көтерілген болса, онда олардың қолданыстан шығу себептері неде? Кірме

(интернационалдық) терминдердің доминант болып кетуінде ме? Қазақ тілінің негізінде жаңа (мағына жағынан да, құрылымы жағынан да өте қолайлы) терминдердің пайда болуында ма? А.Байтұрсынұлы жасаған кейбір терминдердің терминдік қасиеттерінің қуатты болмауында ма? Жоқ әлде осы үш себептің бірінің, үлкен бір ғылыми-әлеуметтік себеп болуында ма?

2. Тіл салаларына байланысты Ш.Жалмаханов жасаған терминдер классификациясында әр термин өз орнында тұр ма? Мүмкін кейбір терминдер, мысалы, әрі фонетикаға, әрі жалпы тіл біліміне қатысты шығар.

Енді біз жоғарыда аталған мәселелерге көңіл бөлмекпіз.

Ш.Жалмахановтың А.Байтұрсынұлы терминдерін тіл салаларына қатысты жіктеуі өз орындаушысын күтіп тұрған жұмыс еді. Классификация сауатты және жан-жақты жасалған.

Терминдер классификациясы фонетикаға, лексикология, морфологияға, синтаксиске, жалпы тіл біліміне сараланып жасалған. Осы тізбекті талдау барысында жалпы тіл біліміне қатысты терминдер саны А.Байтұрсынұлының терминдер қорында 18 емес, одан көп екендігіне көз жеткіздік:

1. Фонетика, лексикология, морфология, синтаксис салаларына жататын терминдердің ішінде жалпы тілтанымдық терминдер де болады. Мысалы: дыбыс, дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, буын, әріп; атау, сөз, сөз мағынасы; зат есім, жұрнақ, жалғау, септік, сөз табы; тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, сөйлем, құрмалас сөйлем, дара сойлем т.б.

2. Термин тек бір салалық емес, салааралық та болады. Мысалы: *сөз* – ең алдымен, лексикология термині. Сонымен қатар *сөз* термині фонетикада да, сөзжасамда да, морфология да, синтаксисте де терминдік қызмет атқарады. Мысалы:

а) *сөз* – лексикологияның негізгі тіл бірлігі;

ә) *сөз* – жалпы тіл білімінің негізгі тіл бірліктерінің бірі;

б) *сөз* – фонетикада да қолданылатын негізгі тіл бірліктердің бірі (фонетикалық сөз – *барасын ба? Келе қой.*);

в) сөз – морфологияда да қолданылатын негізгі тіл бірліктерінің бірі (*сөз* – бір морфемадан да, бірнеше морфемадан да құралады; түбір *сөз;* екі түбірлі *сөз*);

г) сөз – синтаксисте де қолданылатын негізгі тіл бірліктерінің бірі (*сөз* – сөйлемнің құрылымдық негізі; сөйлемнің құрамында бір я бірнеше *сөз* болады: *Аттан! Сіз кім едіңіз?*).

3. Терминдердің көпшілігін тілдің тек бір саласына жатқызу шартты ұғым. Оның себебі термин тілдің сол саласының, ұғымын атайды, тілдің сол саласында жиі қолданылылады. Мысалы: *дыбыс, түбір; сөйлем.*

4. Терминдердің біразы ғана тілдің бір саласында қызмет атқарады. Мысалы: *езулі, еріндi, езу-ерін* – фонетикада; *лексикалық мағына* – лексикологияда т.б.

Сонымен, А.Байтұрсынұлы жасаған тілтанымдық терминдерді тек ғылыми формалдық емес, ғылыми мағыналық көзқарас негізінде де талқыласақ, жалпы тіл білімі саласына қажетті терминдердің саны әжептеуір көбейеді.

Талдау қорытындылары бойынша, жалпы тіл білімі терминдерінің құрамына А.Байтұрсынұлының лингвистикалық терминдер қорынан төменде көрсетілген терминдер де жатады.

А.Байтұрсынұлы қолданған фонетикалық терминдердің жалпы тіл біліміне де жататындары.

1) алфавит;
2) ашық буын;
3) ашық дыбыс;
4) әліп-би;
ұ) әріп (харіф) ;
6) бас әріп;
7) буын;
8) дауысты дыбыс;
9) дауыссыз дыбыс;
10) дауысты әріп (харіф) ;
11) дауыссыз әріп (харіф) ;
12) дыбыс;
13) дыбыс жүйесі;
14) дыбыстың таңбасы;
15) емле;
16) жіңішкелік белгісі (дәйекше) ;
17) қатаң дауыссыз;

18) леп белгісі;
19) нүкте;
20) сұрау белгісі;
21) сызықша;
22) тасымал;
23) тіл дыбыстары;
24) ұяң дыбыс;
25) үндестік заңы.

Ш.Жалмахановтың тізбегінде А.Байтұрсынұлының 108 термині фонетикалық терминдер ретінде көрсетілген. Талдауымыздың нәтижелері бойынша осы 108 терминнің жиырма бесі (25) тіл білімінің басқа салаларында да қолданылатынын анықтадық. Ш.Жалмаханов осы жиырма бес терминнің фонетикадан басқа тіл білімінің түрлеріне қатысы туралы сөз қозғамайды.

Жиырма бес терминнің барлығы фонетика мен жалпы тіл біліміне ғана қатысты емес. Бұл тізімдегі терминдердің біразы фонетика мен жалпы тіл білімінен басқа графикада да, орфографияда да, пунктуацияда да қолданылады. Яғни терминдердің салалық классификациясын жасағанда, олардың салааралық қызметінің бар-жоқтығын да ескеру керек. Мысалы:

1. Жоғарыдағы айтылған жиырма бес терминнің алтауы (6) лингвистиканың төрт түрлі ілімінде қолданылады:

а) фонетикада, графикада, орфографияда, жалпы тіл білімінде: *алфавит, әліп-би, бас әріп, емле, дауысты әріп, дауыссыз әріп;*

ә) фонетикада, графикада, пунктуацияда, жалпы тіл білімінде: *леп белгісі, нүкте, сұрау белгісі.*

2. Жоғарыда аталған жиырма бес терминнің екеуі лингвистиканың үш түрлі саласында қолданылады: фонетикада, пунктуацияда, жалпы тіл білімінде: *сызықша, тасымал.*

Сонымен, Ш.Жалмаханов көрсеткен 108 фонетикалық терминнің 25-і тілтанымның басқа салаларында да қолданылады, ал 81 тек фонетика ілімінде қолданылады.

А.Байтұрсынұлы қолданған лексикологиялық терминдердің жалпы тіл біліміне де жататындары:

1) атау;
2) атауыш (атаулы) сөздер;

3) жалқы есім;
4) жалпы есім;
ұ) мағына;
6) сөз мағынасы;
7) түбір;
8) түбір сөз.

Ш.Жалмаханов жасаған тізбекте А.Байтұрсынұлының термин
дер қорының құрамында он бір термин лексикология саласынд
қолданылатыны сөз болады (Жалмаханов, 1997. – 55-б.). Біздің та
дауларымыздың қорытындысы бойынша, осы 11 терминнің сегізі (
лексикология саласында да, жалпы тіл білімінің басқа салаларын
да қолданылатынын анықтадық. Мысалы:

1. Жоғарыда аталған сегіз (8) терминнің алтауы (6) лексик
логияда да, жалпы тіл білімінде де, яғни екі салада қолданылад
*атау, атауыш (атаулы) сөздер, мағына, сөз мағынасы, жалқы есім, жалп
есім;*

2. Жоғарыда аталған сегіз (8) терминнің екеуі (2) лексик
логияда да, сөзжасамда да, морфологияда да, жалпы тіл білімінде д
(яғни төрт салада) қолданылады: *түбір, түбір сөз.*

Сонымен, А.Байтұрсынұлы жасаған және қолданған лексик
логиялық терминдердің қызмет ету деңгейі тек лексикологи
саласымен шектелмейді. Сол он бір (11) терминнің сегізі (8) жалп
тіл білімінде де, ал екеуі (2) жалпы тіл білімі мен қатар сөзжасам
да, морфологияда да қолданылады.

А.Байтұрсынұлы қолданған морфологиялық терминдерд
жалпы тіл біліміне де жататындары:

1) демеу (демеуіш) ;
2) есімдік;
3) есімше;
4) етістік;
5) жай шырай;
6) жақ;
7) жұрнақ;
8) зат есім;
9) келер шақ;
10) көсемше;

11) қаратпа сөз;
12) қосымша;
13) қыстырма сөз;
14) одағай;
15) ортақ етіс;
16) осы шақ;
17) сан есім;
18) септік;
19) септік жасау;
20) сөз бөлшектері;
21) сөз табы;
22) сөз тұлғасы;
23) сын есім;
24) толықтауыш;
25) тура толықтауыш;
26) туынды сөз;
27) түйық рай;
28) үстеу (үстеуіш) ;
29) шақ;
30) жартты рай;
31) шылау;
32) шырай.

Ш.Жалмаханов жасаған тізбекте А.Байтұрсынұлының термин-
дер қорының құрамында жүз тоғыз (109) терминнің морфология
саласында қолданылатыны туралы сөз болады (Жалмаханов, 1997. –
55-60-бб.). Біз жасаған талдау қорытындысы бойынша, осы 109
терминнің отыз екісі (32) морфология саласынан басқа салаларда да
қолданылады (әсіресе жалпы тіл білімінде). Мысалы:

1. Аталған отыз екі (32) терминнің барлығы морфологиямен
қатар жалпы тіл білімінде де қолданылады: *шақ, септік, шырай, зат
есім* т.б.;

2. Аталған отыз екі (32) терминнің төртеуі (4) тілтаным ғыл
ымының төрт саласында қолданылады (морфология, сөзжасам,
синтаксис, жалпы тіл білімі):

а) морфология, сөзжасам, жалпы тіл білімі: *жұрнақ, сөз
бөлшектері, туынды сөз;*

ә) морфология, синтаксис, жалпы тіл білімі: *қыстырма сөз.*

Сонымен, А.Байтұрсынұлының морфологиялық терминдер нің де ғылыми қызметі тек морфология саласымен шектелмей Морфология саласына жатқызылған жүз тоғыз (109) терминнің отыз екісі (32) тілтанымның басқа салаларында да қолданылады.

А.Байтұрсынұлы пайдаланған синтаксистік терминдер жалпы тіл біліміне де жататындары:

1) анықтауыш;
2) бағыныңқы;
3) бастауыш;
4) баяншы мүше (баяндауыш) ;
5) болымды сөйлем;
6) болымсыз сөйлем;
7) жай сөйлем;
8) жайылма сөйлем;
9) жалаң сөйлем;
10) жанасу;
11) құрмалас сөйлем;
12) лепті сөйлем;
13) мақсат пысықтауыш;
14) мезгіл пысықтауыш;
15) мекен пысықтауыш;
16) пысықтауыш;
17) салалас сөйлем;
18) себеп пысықтауыш;
19) сөйлем;
20) сөйлем жүйесі (синтаксис) ;
21) сөйлем мүшелері;
22) сұраулы сөйлем;
23) толымды сөйлем;
24) толымсыз сөйлем;
25) төл сөз;
26) тұрлаулы мүше;
27) тұрлаусыз мүше;
28) ішкі мағына.

Ш.Жалмахановтың еңбегінде көрсетілген (Жалмаханов, 1997. 61-62-бб.) А.Байтұрсынұлының алпыс төрт (64) синтаксистік терминінің жиырма сегізі (28) жалпы тіл білімінде де қолданылады (біз жасаған талдау қорытындылары бойынша). Осы синтаксистік терминдердің құрамында тіл білімінің үш я төрт саласында қолданылатын терминдерді кездестірмедік, яғни синтаксистік терминдер тіл құрылымының жоғары сатысындағы ұғымдардың атаулары, сондықтан, біздің ойымызша, бұл терминдердің я фонетикада, я фонетикада т.с.с. қолданылуы мүмкін емес. Ал төменгі сатыдағы ұғымдардың атаулары, бірліктері (фонетикалық, фонологиялық, лексикологиялық, сөзжасамдық, морфологиялық), жоғары сатыдағы тіл салаларының (синтаксистің және салааралық білім – стилистиканың) бірліктерін құрастыру үшін де қолданылады. Сол себептен төменгі тіл салалары терминдерінің жоғары тіл салаларында, мысалы, синтаксисте қолданылуы әрі мүмкін, әрі міндет. А.Байтұрсынұлы жасаған, қолданған синтаксистік терминдердің құрамында төменгі тіл салаларында қолданылатындарын кездестірмедік. Бұл жағдай А.Байтұрсынұлының тілтанымдық стратегиясы мен тактикасының, сезімталдығының, лингвистикалық білімінің өте биік екенін көрсетеді.

Ш.Жалмахановтың тізбегінде А.Байтұрсынұлының жалпы лингвистикалық терминдерінің саны – он сегіз (Ш.Жалмаханов, 1997. 63-б.) Бұл терминдер – шынымен нағыз жалпы тілтанымдық.

Біз жасаған талдау нәтижесіне сүйенетін болсақ, осы он сегіз терминнің он алтысы жалпы тіл білімінде қолданылады да, екеуі жалпы тіл білімінде және тілді оқыту әдістемесінде қолданылады. Бұл терминдер: *қадымша оқыту; сөз негізді оқу (тұтас оқу).* Қазіргі кезде осы терминдердің жалпы лингвистикалық қолданысынан әдістемелік қолданысы басым болса керек деп ойлаймыз, себебі екі терминнің де шығу тегінде лингвистикалық ұғым доминанта емес, әдістемелік ұғым – доминанта.

Әрине, А.Байтұрсынұлы осы терминдерді жасағанда, жалпы тіл білімі де, лингводидактика да (тілді оқыту теориясы) бүгінгі деңгейде қалыптаспаған еді, сондықтан кейбір ұғымдар да, олардың атаулары да (терминдері) орныға қоймаған болатын. Мысалы, XX ғасырдың басында біраз ғалымдар *әріп, дыбыс* терминдерін кейбір

жағдайларда *фонема* терминінің орнына да қолданған. Жоғарыда талқыланған (сөз тіркестерінен жасалған) екі термин – сонің көрінісі, яғни осы екі термин де А.Байтұрсынұлы заманында жалпы лингвистикалық ұғымдарды білдірсе, бүгінде негізінен лингвидидактикалық ұғымдарды білдіреді.

Сонымен, анализіміздің қорытындылары бойынша, жалпы тіл біліміне қатысты терминдердің саны А.Байтұрсынұлының термидер қорында – 129. Осы терминдердің 18-і Ш.Жалмахановтың классификациясында, ал 111-і біздің классификация бойынша тілтанымның бір я бірнеше саласында және жалпы тіл білімінде қолданылады, яғни жалпы тілтанымдық ізденістерді тілдің салалық ілімдерінен толық айырып жүргізу мүмкін емес, сондықтан фонетикада я морфологияда т.с.с. пайда болып қолданылатын терминдердің біразы тікелей жалпы тіл біліміне де қатысты, себебі олар – жалпы тілтанымдық ұғымдардың атаулары (терминдері). Мысалы: *үндестік заң – үндестік – дауыстылар гармониясы – синар монизм; жұрнақ – суффикс* т.б. Осылай болғандықтан, А.Байтұрсынұлы тілтанымдық терминологиясының салалық, жалпы тіл білімдік статистикалық классификациясына жоғарыда жасалған өзгерістерді енгізуді жөн көрдік. А.Байтұрсынұлы жасаған тілтанымдық терминдердің салалық және жалпы тілтанымдық статистикасының өзгерген түрі төртінші кестеде (4-кесте) берілген.

4-кесте

Қазақ тілтанымында А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің тіл салаларына және жалпы тіл біліміне қатысты статистикасы

А.Байтұрсынұлы жасаған тілтанымдық терминдердің саны	А.Байтұрсынұлы жасаған тілтанымдық терминдердің қазіргі қазақ тіл білімінде қолданылмайтындарының статистикасы	А.Байтұрсынұлы жасаған тілтаымдық терминдердің қазіргі қазақ тіл білімінде қолданылатындарының статистикасы	А.Байтұрсынұлы жасаған тілтанымдық терминдердің тіл салаларына және жалпы тіл біліміне қатысты қолданылу статистикасы				
			фонетика және жалпы тіл білімінде	лексикология және жалпы тіл білімінде	морфология және жалпы тіл білімінде	синтаксисте және жалпы тіл білімінде	жалпы тіл білімінде
310=100%	192= 61,5%	118= 38,5%	108=35,4% (25-і жалпы тіл білімінде)	11 =3,6% (8-і жалпы тіл білімінде)	109=34,3 % (32-сі жалпы тіл білімінде)	64=21,3% (28-ші жалпы тіл білімінде)	18= 4,8% (2-ші тілді оқыту әдістемесінде)

Бұл кестеде көрсетілмегендері: а) тіл салаларына қатысты терминдердің біразының жалпы тіл білімімен қатар графикада, орфографияда, сөзжасамда, пунктуацияда қолданылатыны; ә) кейбір лексикалық терминдердің жалпы тіл білімімен қатар сөзжасамда, морфологияда қолданатыны; б) кейбір морфологиялық

терминдердің жалпы тіл білімімен қатар сөзжасамда, синтаксис қолданатыны т.б. Мұндай мағлұматты осы тармақтың бас жағын жасалған талдаудан көруге болады.

А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің құрылымдық ерекш ліктері қазіргі тіл білімінің талаптарына толық жауап береді. Қазі қазақ тілінде терминдердің құрылымдық тұлғасы дара және күрд болады. Дара тұлғалы терминдер түбір сөзден, туынды сөзд жасалады. Күрделі тұлғалы терминдер қос сөзден, сөз тіркестерін жасалады. Ахаң қалыптастырған терминдер нақ осы жолдар жасалған.

Яғни А.Байтұрсынұлы XX ғасырдың бірінші ширегінде қаз тілінің сөзжасамдық мүмкіншіліктерін толық ашып, қаз тілтанымының және жалпы түркологияның сөзжасам (дериват логия) теориясының негізін қалаған.

А.Байтұрсынұлының терминдік қорының құрамынд терминдердің жасалуының үлгілерін төмендегі тізбеден кору болады:

дара тұлғалы терминдер:

түбір сөзден: *дыбыс, шақ, жақ;*

туынды сөзден: *сызық + ша, айту + шы, тасы + мал.*

Күрделі тұлғалы терминдер:

сөз тіркестерінен: *жуан дыбыс, жіңішке дыбыс;*

а) екі сөзден: *дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс;*

ә) үш сөзден: *мақсат пысықтауыш сабақтас, мезгіл пысықтауы сабақтас, осы шақтық есімше;*

б) төрт сөзден: *жадағай есептік сан есім, жай есептік сан есім бұйрықты түрдегі тілекті сөйлем.*

А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің құрылымдық стати тикасын Ш.Жалмаханов төмендегідей анықтаған: 310 терминнің 24 і – күрделі тұлғалы терминдер; 65-і – дара тұлғалы терминдер; дар тұлғалы терминдердің 20-сы түбір сөзден, 45-і туынды сөзде жасалған (Жалмаханов, 1997. – 4-б.).

5-кесте

А.Байтұрсынұлы жасаған барлық терминдердің дара тұлғалылары мен күрделі тұлғалыларының статистикасы

А.Байтұрсынұлы жасаған тілтанымдық терминдердің жалпы саны	Дара тұлғалы терминдер саны		Күрделі тұлғалы терминдер саны
310	65		245
	түбір сөзден	туынды сөзден	
	20	45	

Бұл статистикалық анализ А.Байтұрсынұлы жасаған 310 терминнің негізінде жасалды. Ал қазіргі қазақ тіл білімінде қолданылып жүрген А.Байтұрсынұлы терминдерінің саны – 118. Сондықтан терминдер құрылымының статистикалық көрсеткіштерін қазіргі тілтанымда қолданылатын терминдердің негізінде жасау керек. Біз сондай анализ жасадық. Қорытындысы төмендегідей:

а) дара тұлғалы терминдер саны – 36;

ә) күрделі тұлғалы терминдер саны – 82.

6-кесте

А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің қазіргі қазақ тілтанымында қолданатындарының дара тұлғалылары мен күрделі тұлғалыларының статистикасы

А.Байтұрсынұлы жасаған тілтанымдық терминдердің қазіргі қазақ тіл білімінде қолданылатындарының саны	Дара тұлғалы терминдер		Күрделі тұлғалы терминдер
118	36		82
	түбір сөзден	туынды сөзден	
	17	19	

Сонымен, А.Байтұрсынұлы жасаған және қолданған терм
дер қорында күрделі тұлғалы терминдердің саны дара тұл
терминдердің санынан басым: а) барлық терминдердің (310 терм
негізінде 3,75 есе; ә) қазіргі қазақ тіл білімінде қолдан
тындарының (118 термин) негізінде 2,3 есе.

Бұл жағдай бірнеше сұрақ тудырады: Не себепті А.Байтұрс
ұлы жасаған терминдердің ішінде күрделі тұлғалы терминдер
саны дара тұлғалы терминдердің санынан (3,75 есе; 2,3 есе) басы
Мұның сыры неде? Қазіргі термин құрылымының статистик
осындай ма, әлде өзгерген бе? Осы сұрақтарға жауап беру үшін б
терминжасамдық сөздік терминдерінің құрылымына статистикал
талдау жасап, А.Байтұрсынұлының терминдерінің статистикал
көрсеткіштерімен салыстырдық. Ол үшін «Тіл білімі сөздігін» алд
(«Словарь по языкознанию». Сорос – Қазақстан қоры. Алма
«Ғылым», 1998). Бұл сөздік екі тілде (орыс және қазақ тілдерін
құрастырылған. Сөздіктің қазақ тіліндегі терминдер қорын стат
тикалық талқылаудан өткіздік.

Сөздіктің аннотациясында: «Сөздікте 1300-ге жуық тіл бі
терминдері бар», – деп жазылған. Біз осы 1300-ге жуық қазақ тілін
түсіндірілген терминге құрылымы жағынан статистикалық тал
жасадық. Анализ сөздіктегі терминдердің дара тұлғалылары м
күрделі тұлғаларының көлемін (санын) анықтау үшін, А.Байтұ
сынұлының терминдерінің статистикалық көрсеткіштерімен сал
тыру үшін жасалды.

Статистикалық ізденістердің қорытындысы төмендегідей:

дара тұлғалы терминдер саны – 593;

күрделі тұлғалы терминдер саны – 562.

Құрылымы жағынан «Тіл білімі сөздігінің» құрамында
терминдердің статистикалық айырмашылықтары өте аз (да
тұлғалы терминдердің саны күрделі тұлғалы терминдердің санын
31 терминге көп). Қазіргі қазақ тілтанымында қолданылат
А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің ішінде елеулі айырмаш
лық бар: ол терминдер қорында, керісінше, күрделі тұлғал
терминдер дара тұлғалы терминдерден басым (2,3 есе).

А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер мен «Тіл білім
сөздігіндегі» терминдердің құрылымдық тұлғасының статистикалы

ерминалықтары баршылық. Оны төмендегі кестеден байқауға

7-кесте

А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің қазіргі қазақ тілтанымында қолданылатындарының және «Тіл білімі сөздігіндегі» терминдердің дара тұлғалылары мен күрделі тұлғалыларының салыстырмалы статистикасы

А.Байтұрсынұлы жасаған тілтанымдық терминдердің қазіргі қазақ тіл білімінде қолданылатындары	«Тіл білімі сөздігіндегі» терминдер
118=100%	≈1300≈100%
Дара тұлғалылары	
36=30,5%	593=45,6%
Күрделі тұлғалылары	
82=69,5%	562=43,23%

Біздің санағымыз бойынша, «Тіл білімі сөздігі» құрамында 1155 дара тұлғалы және күрделі тұлғалы термин бар. Сөздік құрастырушылары: «Сөздікте 1300-ге жуық термин бар», – деген. Айырмашылық – 145 термин. Пайызға шаққанда, ≈ 1300 ≈ 100% болса, біз шықтан шыққан 1155 термин сол 100%-дың 88,83%-ы болады.

Кестеде берілген терминдердің пайызына көңіл бөлсек, онда мынадай ерекшеліктерді байқаймыз:

1. Қазіргі қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынұлы жасаған тілтанымдық терминдердің қолданылып жүргендерінің саны – 118 (100%). Олардың ішінде дара тұлғалылары – 36 (30,5%), күрделі тұлғалылары – 82 (69,5%), яғни дара тұлғалы терминдер күрделі тұлғалы терминдерден 39%-ға кем. Бұл – өте көлемді айырмашылық, себебі терминге қойылатын талаптардың бірі – қысқалық. Орнне, А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің ішінде қысқалығы жағынан бұл талапқа толық жауап беретін терминдер көп (*шақ, рай, жақ* т.б.), бірақ қалай болғанда да, күрделі тұлғалы терминдердің басымдығы тіл тарихы жағынан да, қазіргі қазақ тілі білімінің термин жасаудағы дәстүрі мен дағдысы жағынан да түсіндіруді талап етеді.

2. «Тіл білімі сөздігінің» қазақша бөліміндегі терминдердің саны 1300-ге жуық (≈100%). Олардың ішінде дара тұлғалылары – 593

(45,6%), күрделі тұлғалылары – 562 (43,23%). Яғни бұл
құрамындағы терминдердің айырмашылығы өте аз: дара
терминдер күрделі тұлғалы терминдерден 2,37%-ға ғана
Сонымен, «Тіл білімі сөздігінде», керісінше, күрделі
терминдер емес, дара тұлғалы термин сәл де болса
көрсеткішті тең деп есептесек те болады, себебі басымдық
есе емес (А.Байтұрсынұлының терминдер қорындағыдай).

А.Байтұрсынұлының терминдер қоры мен «Тіл білімі
дігіндегі» терминдердің құрылымдық статистикасындағы
айырмашылықтардың себебін, біздің ойымызша, былайша
руге болады:

1. Бір ғасырға жуық уақыт арасында тіл білімінің даму
хында күрделі өзгерістер болды. Ондай өзгерістер
ұлттардың тіл білімінде ұқсас болды. XX ғасырдың екінші
тысында тілтанымдық теориялар көбейді, тіпті тілдің бір
өзінде бірнеше ғылыми теория әлемдік, регионалдық,
деңгейде дамыды. Мысалы, фонологияда – Ленинград
мектебі, Мәскеу фонология мектебі, Прага фонология
сингармониялық фонология теориясы, тональді
теориясы т.б. Әр тілтанымдық теория өз ұғымдарымен, өз
дерімен дүниеге келді, сол ұғымдар, терминдер басқа
тілдерді зерттеуде де (я сол күйінде, я аударылып) қолданылды.
ғасырдың екінші жартысында көп жағдайда латын, көне
ағылшын, неміс, француз, орыс және т.б. тілдердің негізі
жасалған терминдер бірнеше басқа тілдердің зерттеушілер
тарапынан өзгертілмеген түрде қабылданды (*интерференц*
артикуляция, статистика т.б.). Мұндай термин қабылдау, қолда
бағыты қазақ тіл біліміне де тән болды. Қазақ, қырғыз, татар
ұлттардың тілдерінде сондай ұғым болса да, оның атауы болса
кірме терминдер дәстүр болып кетті. Мысалы, А.Байтұрсынұлы
сол уақыттағы ғалымдар сөз мағынасын өзгертетін дыбысты
(фонеманы), жалпы дыбысты да *дыбыс* терминімен атаған.
фонология ғылымы дамып өркендеген соң сөз мағынасын өзгертет
дыбыстар XIX ғасырдың соңында дүниеге келген *фонема* терминім
аталды. Осы ұғым мен термин әлемдік тіл біліміне (соның ішінд
қазақ тіл біліміне де) сол күйінде еніп кетті. Негізінде қазақ тілінд

терминіне балама жасауға болады. Мысалы: *дыбыс* термині
дыбысты атаса (яғни фон), *фонема* терминін, біздің
қазақ тілінде *дыбыснама* деп атауға болады. Бірақ бұл
бүтіне дейін қазақ тіл білімінде болмағандықтан, қазір
дәрекілеу естілетіндіктен, қолдану дәстүрі қалыптаспаған.
осы терминнің (*дыбыснама*) қолданысқа енуі де екіталай,
ғылыми дәстүрдің өзгеруіне өте күрделі дәлелдер керек
терминінің қазақ тіл білімінде (жалпы түркологияда да,
тіл білімінде де) қолданылуы терең, кең, нық). Орыс тілінде
кірме терминдердің бөтендігі онша сезілмейді, себебі орыс
үндіеуропа тілдеріне жатады. Орыс тіл білімінде де кірме
баршылық. Интернационалдық ғылыми терминдер көп
қазақ және басқа түркі тілдеріне (қырғыз, татар, өзбек,
...) орыс тілі арқылы енген.

Сонымен, А.Байтұрсынұлының терминдер қоры мен «Тіл
сөздігіндегі» термин қорының құрылымдық статистикасын-
айырмашылықтардың негізгі себептерінің бірі – қазақ
тілтанымында терминдерді жасау бағытының үлкен өзгеріске ұшы-
рауымен қатар басқа тілдерден (латын, көне грек, ағылшын, орыс
дайын термин қабылдады).

2. А.Байтұрсынұлының термин қорында күрделі тұлғалы тер-
миндер саны дара тұлғалы терминдермен салыстырғанда, екі-үш есе
болуының тағы бір себебі – сол кездегі жалпы қазақ тіл білімінің
қазақ тілінде ғылыми терминология жасау дәстүрінің әлі толық
қалыптаспағандығында. А.Байтұрсынұлы жат тілдерден термин
қабылдауға түбегейлі қарсы болмаған, бірақ терминдерді қазақ тілі
негізінде жасауды бірінші орынға қойған. Сол себепті А.Байтұр-
сынұлы терминдері қазақ (түркі) тілінің ішкі және сыртқы мүмкін-
діктерінің негізінде жасалған. Ғалым ұғымды атау үшін көп
жағдайда бір сөз емес, сөз тіркесін пайдаланған. Ал өте қиын
жағдайларда ғылыми ұғымды оқушыға жеткізу үшін түсіндірме
(толкование понятия) бергенін де сол түсіндірмені (үш-төрт сөзден
тұратын) термин орнына қолданған. Мысалы: *кең шығысты аңғал*
түрлі; тар шығысты қымқырулы түрлі т.б.

А.Байтұрсынұлының терминжасамдық тәжірибесінде кү
тұлғалы терминдердің көп кездесуінің тағы бір негізгі себе
термин жасау мақсатының нақ ғылыми емес, оқыту-ғыл
(әдістемелік) болуында, яғни ғылыми ұғымды оқушыға же
мақсаты болған. Себебі оқушы күрделі ғылыми ұғымды да, д
жаңа ғылыми ұғымды да бір сөзбен айтқанда емес, сөз тіркестер
айтқанда тез ұғады, яғни бүгінгі ғылыми көзқарасқа сү
түйіндейтін болсақ, А.Байтұрсынұлының тілтанымдық термин
жасау қызметінің негізінде нақ ғылыми мақсаттан гөрі *ли*
дидактикалық мақсат басым болған, сол себептен қаз
лингвистикалық терминдермен салыстырғанда, А.Байтұрсын
ның терминдер қорында дара тұлғалы терминдердің санынан
күрделі тұлғалы терминдердің саны 2-3 есе көп кездеседі.

Қазақ тіл білімінің негізін салушы, терминологиясын жасау
– А.Байтұрсынұлының тілтанымдық білімінің жан-жақты екен
сол кездегі орыс тілінде жарияланған еңбектерді жа
білетіндігінен де байқалады. Осы жағдайға көңіл бөлетін болса
қазіргі қазақ тіл білімінде бұл мәселе жайында ғалымдардың пі
бір ойға негізделмейтінін байқаймыз. Мысалы:

1. Ш.Жалмаханов былай деп жазады: «А.Байтұрсынұлы қа
тілін ғылыми тұрғыда жүйелеп жазғанға дейін басқа жүйе
тілдерде жаза және сөйлеу білумен қатар олардың ілімімен
қаруланғанға ұқсайды...» (Жалмаханов, 1997, – 5-б.). Бұл сөйлем
күдік байқалады: Неге ...ұқсайды? Неге қолданған емес? Біл
қолданған! (Бұл мәселе жайында осы еңбектің кейінгі беттері
оқыңыз);

2. Ж.Әбуов былай деп жазады: «Когда мы (Ж.Әбуов, А.Дж
нисбеков, ...) говорим «интуитивно-сингармонический принц
(или метод) анализа казахского языка, то имеем в виду тот факт, ч
А.Байтұрсынұлы делает свои удивительно точные выводы б
ссылок на какие-либо лингвистические теории... Если интуитивны
сингармонизм А.Байтурсынова описать в терминах современно
исследовательского аппарата, то можно легко получить готову
теорию, сингармонизма...» (Әбуов, 1997. – 6-б.).

«А.Байтұрсынұлы сингармофонологиялық зерттеулерін
негізінде сезімталдық жатыр» деген пікірге де, «ғылыми білім,

ғылыми ізденістер жүргізу тәсілдерін негіз ретінде қарастырмаған»
деген пікірге де біз толық қосылмаймыз. Бұл жайында М.Жүсіпұлы
(Джусупов) былай деген: «Точка зрения об интуитивном
сингармонизме А.Байтурсынова, на наш взгляд, является глубоким
заблуждением, повторением заблуждения Н.Ф.Яковлева,
высказанного им в 1928 г. в следующей формулировке:
«интуитивно изобретенный одним из местных культурных
деятелей – казаком, Байтурсыном...». Однако при этом Н.Ф.
Яковлев дает высочайшую характеристику сингармоническому
учению А.Байтурсынова, назвав его «лингвистическим изобрете-
нием и явлением языковедческой науки. Оценка данного труда
Байтурсынова как интуитивно возникшего есть принижение его
научной, научной значимости, отнесение его к разряду
случайных находок (как например, это бывает в археологии или
геологии, чего не бывает и не может быть в языкознании...). Ведь
разве можно на одной интуиции создать (изобрести по
Н.Ф.Яковлеву) сингармонический алфавит и орфографию логически
последовательно основанные на трех теориях фонемы И.А.Бодуэна
де Куртенэ (даже если А.Байтурсынов не был знаком с этими
теориями, то мыслил такими же категориями)... Безусловно, ученый
без научной интуиции – это полуученый. Но одна интуиция, не
подкрепленная научной образованностью (в данном случае
лингвистической) вряд ли сможет способствовать введению
фундаментально нового в мировую науку...» (Джусупов, 1995. – с.38).

Сонымен, А.Байтұрсынұлы өзінің лингвистикалық ізденістерін
тек сезімталдықтың арқасында жасаған жоқ. А.Байтұрсынұлы орыс,
түрк және жалпы Еуропа тіл біліміндегі жетістіктерден,
фонетикалық, грамматикалық концепциялардан хабардар болған
және қазақ тілінің фонетикасын, грамматикасын жүйелендіргенде
тіл білімін пайдаланған. Пайдаланудың екі түрі бар – эксплицитті
(анық атап), имплицитті (атамай). А.Байтұрсынұлы көп жағдайда
ғылыми деректерді имплицитті түрде пайдаланған: «Такие
положения как выступления сингарморазновидностей фонемы в
строго определенных фонетических условиях, взаимоисключаемость
их в одной и той же позиции, вхождение их в состав одной фонемы
(при любых артикуляционно-акустических различиях между собой)

привлекались А.Байтурсыновым имплицитно, то есть он не дает на
определения, не объясняет, но использует их для строени
алфавита как само собой разумеющееся» (Джусупов, 1995. – 36-б.).

Осы мәселеге байланысты Р.Сыздықова былай деп жазад
«А.Байтұрсынұлы алған білімі, мамандығы жағынан профессиона
лингвист емес еді... Маман лингвист еместігіне қарамастан, Ахме
Байтұрсынұлы тілдің, оның ішінде қазақ тілінің табиғатын
құрылымдық категорияларын дұрыс аңғарған. Қазақ грамматик
сын талдауда ол орыс лингвистикалық мектебінен сусындаған, бір
туыстығы жағынан өзгешеленетін түркі тілдерінің (оның ішінд
қазақ тілінің) құрылымында орыс тілінен (жалпы үндіеуро
тілдерінен) ажыратылатын (яғни типологиялық) ерекшеліктер
болуға тиіс екенін де жақсы сезген. Әрине, А.Байтұрсынұлын
грамматикасы бүгінгі түркологиялық, жалпы лингвистикалы
ғылым талабы тұрғысынан келгенде, үлкен теориялық зерттеулер
емес екені белгілі. Өйткені ол, ең алдымен, мұндай мақсатт
көздеген емес, екіншіден, мектеп грамматикасының о
А.Байтұрсынұлы бастауыш (алғашқы 4-5 жылдық) мекте
оқушылары үшін ғана талдап танытты...» (Сыздықова, 1992. – 24-б.)
Ғалымның пікірін біз қолдаймыз. Иә, А.Байтұрсынұлы ресми түрд
(университет қабырғасында) лингвистикалық білім алған жоқ. Бірақ
А.Байтұрсынұлы тіл білімінің ағы мен қарасын өз бетімен оқы
игерген.

Сонымен, А.Байтұрсынұлы қазақ, жалпы түркі тілдерін
ерекшеліктерін ғылыми жағынан дәлелді, көлемді, деректі түрд
көрсете білген. Иә, А.Байтұрсынұлы қазақ тілі фонетикасы ме
грамматикасын әдістемелік мақсатта бастауыш сыныптарға арна
жасаған. Бірақ біз А.Байтұрсынұлының тілтанымдық ізденістері
Р.Сыздықовадай «үлкен теориялық зерттеулер емес...» деп айт
алмаймыз, себебі Ахаңның фонетикалық, фонологиялық, граммати
калық ізденістерінің өзі тек қазақ тілтанымына ғана емес, жалп
түркі, әлем тілтанымына да жаңа сингармофонемо-графиялық
жаңа сингармониялық жазуды алып келді (Қараңыз: Джусупо
(Жүсіпұлы), 1995; 1998).

Иә, А.Байтұрсынұлының ғылыми жазу стилі, концептуалды
шешімдерінің қисыны бүгінгі тілтаным ғылымындағыдай биік емес

Бірақ бұл жағдайды кемшілік деп түсінбеу керек, себебі XX
ғасырдың бірінші ширегінде заман да басқа еді, тіл ғылымы да
қазіргідей биік деңгейде емес еді, стилистиканың функционалды
стильдері әлі толық қалыптаспаған еді (XX ғасыр басындағы қазақ
әдеби тілі туралы қараңыз: Мәжітаева, 1999. – 67-73-б т.б.).

А.Байтұрсынұлының сингармоалфавит пен сингармо-орфо-
графиясы жайында Ш.Жалмаханов былай дейді: «Дегенмен де баспа
беттерінде қазақ тілінің немесе түркі тілдес халықтардың дыбыстық
құрылысына негізделген араб әліппесін түгел А.Байтұрсынұлы жасады
деген жаңсақ пікірлер бой көрсетіп жүр» (Жалмаханов, 1997. – 6-б.).
Әрине, араб жазуының барлық әріптерін интерпретациялаған
А.Байтұрсынұлы емес. Мысалы, «Тіл – құрал» атты еңбегінде
(А.Байтұрсынұлы, 1914) Ахаң былай дейді: «Дауыссыз дыбыстар
қазақ тілінде – он жеті. Оларға тура келетін араб әліппесіндегі
әріптер – он үш: демек төртеуі жетпейді. Бұл харіф жетпейтін
дауыссыз төрт дыбыс үшін харіфтер бұрын арналған. ...Осы даяр
әріптерді біз де қабыл етеміз. Дауысты дыбыстардың харіф
жетпейтіндері үшін мұндай арналған даяр харіфтер жоқ. Олай
болған соң жоғарғы үлгі бойынша араб әріптерінің негіз тұлғасын
бұзбай, шет пұшпа ғана өзгертіп дауысты дыбыстарға харіф арнау
керек» (А.Байтұрсынұлы, 1992.– 170-б.) деп, соларға әріп арнады. Ахаң
қазіргі қолданыста жүрген дыбыстар – [п, ш, г, н; а, о, у, ы (й) е]. Бірақ бір
нәрсені есте сақтау керек: А.Байтұрсынұлы тек дауысты
сингармофонемаларға әріп арнаған жоқ, дауыссыз сингармо-
фонемаларға да әріп арнады (интерпретациялады), дәйекшені
енгізді т.б.

А.Байтұрсынұлының сингармофонемографиялық ізденістерін
бағалағанда, тек алфавит мәселесіне көңіл бөлумен шектелуге
болмайды. Себебі А.Байтұрсынұлы қазіргі әлемдік тіл біліміне, әлем
графикасына, орфографиясына (көне түркі Орхон-Енисей жазуынан
бөлек) мүлдем жаңа жазуды – сингармофонемографиялық жазу
теориясы мен дағдысын енгізді (Қараңыз: Жүсіпұлы (Джусупов),
1995; 1998), яғни әрі негізін қалаушы, әрі жолын салушы болып,
жаңа пікірді айтып кеткен ғалымның есімі емес, сол жаңа пікірді
жүйелендірген, өндіріске (бұл жағдайда оқулықтарға, оқу
процесіне, ақпарат құралдар тіліне т.б.) енгізген ғалымның есімі

аталады. Ал мұндай ұлы қызметті А.Байтұрсынұлы жасаған, себеб
ол араб жазуының негізінде түркі әлеміне жаңа сингармофоне
графиялық жазуды системалық және семиотикалық жағын
ұғымды, фонологиялық жағынан мінсіз, просодиялық жағынан
дәл, графикалық жағынан өте нақты етіп жасап берді (қазақ т
материалының негізінде), яғни баспа беттерінде «түркі әлемін
бірінші болып араб жазуының негізінде жаңа сингармофо
логиялық алфавитті, сингармофонологиялық графика мен орф
графияны А.Байтұрсынұлы жасады» деу жаңсақ пікір емес. Бұл
әрі тарихи, әрі ғылыми шындық. Сонымен, қазіргі тіл білі
тарихында фонетика және фонология графика және орфография,
салаларында А.Байтұрсынұлы тұңғыш ірі ғылыми зерттеуле
жүргізді. Олар:

1. Түркі тілдерінің сингармонизм заңына бейімдеп, араб гр
фикасының реформасын жасау;

2. Қазақ тілі материалының негізінде түркі тілдерінің ішкі ж
не сыртқы қасиеттеріне сай сингармофонологиялық алфавит жасау;

3. Қазақ тілі материалының негізінде түркі тілдерінің ішкі ж
не сыртқы қасиеттеріне сай сингармофонологиялық орфографи
жасау, ... (Жүсіпұлы, 1998. – 88-б.).

А.Байтұрсынұлы терминдерді ғылыми-әдістемелік ізденіст
жүргізу арқылы жасады. Сол қатардан орын алған терминдерді
ішінде фонетикалық терминдердің де маңызы ерекше.

А.Байтұрсынұлы басқа ұлттардың тілтанымдық ілімдерім
(әсіресе, орыс тілінде жазылғандарымен) жақсы таныс болға
Сондай еңбектердің авторларымен ғылыми қарым-қатынас
болған. А.Байтұрсынұлының XX ғасырдың ұлы тілшілері Е.Д
Поливановпен, Л.В.Щербамен, өзінің ұстазы А.Н.Самойловичпе
белгілі тілші Н.Ф.Яковлевпен т.б. Еуропа және Азия тіл білім
мамандарымен жақсы таныс болғандығын, белгілі ғалымдарме
үзеңгілес болғандығын дәлелдейтін тура және жанама деректер ко
Мысалы:

а) А.Байтұрсынұлы қазақтың лингвистикалық терминдерін
біразын орыс тілінен я орыс тілі арқылы калькалаған (определение –
анықтауыш, простое предложение – *жай сөйлем*, именительный
падеж – *атау септік*, ...). А.Байтұрсынұлы осы және басқа ғылым

ұғымдардың, терминдердің орыс тіліндегі нұсқаларын білмесе,
қазақ калькалар еді;

ә) 1926 жылы Баку қаласында өткен Бүкілодақтық түркология-
лық құрылтайда орыс тілінде жасаған баяндамасы ғалымдар
тарапынан (Е.Д.Поливанов, Л.В.Щерба т.б.) өте жоғары бағаланған.
А.Байтұрсынұлының жалпы лингвистикалық білімінің терең және
кең екендігіне күмән тудырудың негізі жоқ.

Тағы бір айтып кететін жай: ұлы тілші Е.Д.Поливановтың Орта
Азия халықтары тілдерінің ғылыми жүйеге келуіне үлкен үлес
қосқаны белгілі. Е.Д.Поливанов – өзбек тілінің фонетикасы мен
грамматикасын жазған, қарақалпақ, түрікмен, қырғыз, тәжік
тілдерін терең зерттеген ғалым. Е.Д.Поливанов тек қазақ тілімен
айналыспаған. Оның негізгі себебі, біздің ойымызша, сол кезде қазақ
тіл білімінде ірі ғалымдардың болуында. Олардың қазақ тіліне
арналған еңбектерінің сапасының заманына сай өте биік деңгейде
болуында, қазақ тілі ғалымдарының алдыңғы қатарында А.Байтұр-
сынұлы, Х.Досмұхамедұлы, ... сияқты ғұламалардың болуында,
олардың қазақ тілінің ішкі және сыртқы табиғатына тура ғылыми
жол тауып еңбек етуінде.

А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің барлық салаларына байланысты
ғылыми ұғымдарды енгізіп, сол ұғымдардың терминдерін (пән
атауларын) жасап ғылыми айналымда қолданған. Сол терминдердің
ішінде лексикологиялық терминдер де бар. Бірақ лексикологиялық
терминдер сан жағынан (А.Байтұрсынұлы термин қорында) тілдің
басқа салаларына арналған терминдердің санынан бірнеше есе аз
(бар-жоғы 11 термин). Мұның себебі неде? Біздің ойымызша, оның
негізгі төрт себебі бар:

1. Лексикологияда ғылыми ұғымдардың саны қазіргі тіл білі-
мінде де фонологиялық, морфологиялық, синтаксистік ұғымдардан
аз. Сондықтан А.Байтұрсынұлының термин қорында лексикология-
лық терминдер санының басқа тіл саласына қатысты терминдерден
кем болуы тіл заңдылықтарына қайшы емес.

2. А.Байтұрсынұлы лексикологияны арнайы тіл саласы ретінде
анықтамаған. Бұл жағдай жайында біздің пікіріміз Ш.Жалмахановтың
пікіріне ұқсас: «... Өйткені ол тіл жүйесін тек *дыбыстар жүйесі*,
түлдер жүйесі (*морфология* – біздің қосымшамыз), *сөйлемдер жүйесі* деп

бөледі, яғни лексикологияны тіл ғылымының бір саласы ретін
қарастырмады деген сөз» (Жалмаханов, 1997. – 5-6-бб.). Ш.Жалма
новтың бұл пікірінде күдік, күмән байқалмайды, себебі шынымен
сондай. Ал қазіргі кездегі тілшілердің А.Байтұрсынұлының тер
қорындағы лексикологиялық терминдерді бөлек сипаттауы
Ахаңның лексикологияны тіл иерархиясындағы арнайы сала ретін
қарастырды деген сөз емес, сол тілтанымдық термин
жиынтығында лексикологиялық терминдердің бар екенін көрсету

3. Біздің ойымызша, А.Байтұрсынұлының сөзтанымды (лек
кологияны) тіл білімінің арнайы иерархиялық саласы ретін
қарамауының тағы бір себебі бар. Сөз (лексема) – барлық
салаларына (фонетикаға, сөзжасамға (дериватологияға), морф
логияға, синтаксиске), тіл құрылымынан тыс тұрған тілтаным
салаларына (стилистикаға, мәтінге т.б.) бірдей қатысы бар ортақ
бірлігі. Сондықтан болса керек, А.Байтұрсынұлы морфологияны
жүйесі деп атаған, себебі морфологияда сөздің грамматикал
мағынасы мен формалары көп және оларсыз тілдесім жүйел
дірілмейді. Біздің ойымызша, осыған байланысты А.Байтұрсын
лексикологияны я сөз жүйесінің (морфологияның) құрам
жатқызған, я тілдің салалараралық бірлігі ретінде түсінген. Осы
пікірдің қайсысын ұстанса да, XX ғасырдың бірінші ширегіндегі
білімінің даму деңгейіне сай ұстам, себебі екі көзқарас та ғылым
болмыстың объективті құбылысы деп түсіну негізінде қалыптасқан

4. Тіл иерархиясының сала-салаға сарапануы тіл білімі тар
хында бір кезде, бірден пайда болған емес. Қазіргі тілтаным
қалыптасқан тіл құрылымының салалық жүйеленуі – көп ғасырл
бойы жүргізілген ғылыми ізденістердің нәтижесі. Мысалы, орыс
білімінде осыдан елу жыл бұрын сөзжасам (дериватология)
иерархиясында арнайы сала ретінде қарастырылмайтын. Ол кез
сөзжасам морфологияның құрамына кіретін еді. Қазіргі орыс
білімінде сөзжасам – тіл құрылымының арнайы саласы (лексик
логиядан соң, морфологияға дейін).

Орыс тіл білімінде осындай жағдай морфонология іліміне
қатысты болып тұр. Яғни бүгінде екі түрлі пікір қалыптасқан:
морфонология – фонология мен морфологияның жігінен пай
болған ілім, сондықтан ол – тіл құрылымында иерархиялық же

емес; ә) морфонологияның өзіне тән негізгі бірлігі бар, ол –
тернанта. Фонологиядағыдай (*фонема*), лексикологиядағыдай
ема), ... оз бірлігі болған соң, морфонология да – солар сияқты
ерархиясының жеке (арнайы) саласы. Мүмкін келешекте екінші
басым түсіп, морфонология да тіл құрылымының арнайы
ретінде қабылданар, қалыптасар.

Тілдің иерархиялық құрылымының салаларға бөлінуі тіл
тарихында бір кезде, бірден қалыптаспайтындығының дәлелі
тіл білімі тарихында да бар. Мысалы, талқыланып жатқан
енің өзі: А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінде лексикологияны
йы тіл құрылымының саласы ретінде анықтамаған, ал Ахаңнан
інші қазақ тілшілері лексикологияны қазақ тілі құрылымының
ғылым саласы ретінде қабылдаған, қалыптастырған. А.Байтұр
ұлы лексикологияны тіл білімінің жеке саласы деңгейінде
ықтамағанымен, сөзді («Әдебиет танытқыш» еңбегінде) көркем
дебиеттің көркемдік құралы ретінде түсінген (Қараңыз: А.Байтұр
ұлы, 1926; 1991. – 340-412-бб.). Яғни сөздің стилистикалық
ызметі жайында ғылыми ізденістер жүргізген. Бұл – Ахаңның сөзді
ігізі тіл құралы ретінде түсінгенін және сөз қызметінің тілдесім
процесінде шексіз екендігін түсінгенін білдіреді. Осы мәселеге көңіл
белген Ш.Жалмаханов былай тұжырымдайды: «... Әдебиеттанудағы
иль мен тілтанудағы стилистика мәселелері төркіндес болғаны
ен, еншілес емес» (Жалмаханов, 1997. – 6-б.). Әрине, тіл салалары
ың стилистикалық ресурстары мен көркем әдебиет тілінің
тилистикасы тең емес; себебі фонетикалық, лексикологиялық,
орфологиялық, синтаксистік стилистиканың мүмкіншіліктері
шектелген, ал көркем әдебиет саласының стилистикасында шектелу
оқ; әр жазушының, ақынның өз стилі бар; бір жазушы я бір ақын
ығармасының өзіне тән стилі бар, яғни көркем әдебиет тілінің
тилистикасында (тіл салаларының стилистикасымен салыстырған
да) функционалдық (динамикалық, тілдесімдік) қызмет басым.
Бірақ, соған қарамастан, стилистиканың осы екі саласын
төркіндес болғанымен, еншілес емес» деп сипаттау – біздің
ойымызша, ғылыми шындықтың шыңы емес. Себебі стилистиканың
барлық төрт саласының да (тіл салаларының стилистикасы,
функционалды стилистика, практикалық (машықтық) стилистика,

көркем әдебиет стилистикасы) негізі – тіл бірлігінің стилистикал
бояуы (реңкі), яғни сөздің, сөз тіркесінің, сөйлемнің... стилистикал
реңкі болады (я болмайды). Болған жағдайда, сол тіл бір
стилистикалық қызмет атқарады, себебі оның стилистикалық боя
(реңкі) бар, сондықтан стилистиканың барлық салаларындағы (
бағытындағы) тіл бірліктерінің стилистикалық ерекшелікте
сипаты сол стилистикалық бояу (реңк) арқылы маркерленеді, я
бұлар – еншілес, себебі шығу тегі бір.

А.Байтұрсынұлы сөзді тілдің иерархиялық салаларын
деңгейінде және стилистиканың көркем әдебиет тілінің стильдерін
негізінде қарастырғанымен, арнайы стилистикалық терминдер
жасамаған. Себебі XX ғасырдың бірінші ширегінде стилистик
әлемдік тіл білімінде тілтанымның арнайы ғылым саласы ретінде а
қалыптаспаған еді. Сол кезде өте тез және терең дамып келе жатқ
орыс тіл білімінде де стилистика ғылым ретінде өз орнын әлі нықт
таппаған болатын. Стилистиканың әлемдік тіл білімін
қалыптасуы, ұғымдарының, терминдерінің пайда болуы, жоғар
оқу орындарына арналған стилистикалық оқулықтарының дүние
келуі XX ғасырдың 30-40-ыншы және 60-70-жылдарына сәйкес кел
Стилистиканың ғылым ретінде қалыптасуы жайында айтып кетет
бір жай бар. Әлемдік тіл білімінде стилистиканың ғылым ретін
негізін қалаушы болып француз ғалымы Шарль Балли таныл
(Балли, 1909-1961). Оның «Француз стилистикасы» атты еңбегі 19
жылы жарық көрген. Орыс тілінде бұл еңбек («Французск
стилистика») 1961жылы баспадан шыққан (аударма). Ш.Балли о
еңбегінде стилистиканың негізгі ұғымдарын, зерттеу әдістер
қалыптастырды. Стилистиканы тек бір тіл материалында ем
бірнеше тіл материалында да зерттеу қажет екендігін дәлелдед
Ғалым: «…сонда ғана әр тілдің ұлттық қасиеттері терең және к
ашылады», – дейді. Өзі француз тілінің стилистикасын неміс тілін
стилистикасымен салыстырып, лингвостилистиканың өте нәз
жайларын анықтаған, олардың тілдесімдегі қызметін атап өтк
(Балли, 1961. – 41-43-бб). Сонымен, Ш.Балли стилистика ғылымын
негізін қалаған ғалым. Ш.Балли салыстырмалы стилистиканы ат
үшін «*stylistique externe*» (*сыртқы стилистика – внешняя стилистик*
терминін қолданған. Бір тілдің стилистикасын зертеу үшін (мысал

француз тілінің) ішкі стилистика (внутренняя стилистика) терминін
қолданған.

Енді А.Байтұрсынұлының еңбектерінің анализіне оралайық.
Сонымен, А.Байтұрсынұлы лексикологияны тіл білімінің арнайы
саласы ретінде анықтамағанымен, лексикологияның негізгі бірлігі –
сөз жайында фонетика, семантика, морфология, синтаксис,
стилистика ілімдерін басшылыққа алып, зерттеулер жүргізген.

Орине, қазақ тілі терминдерінің шығу тегі тек А.Байтұр-
сынұлының шығармашылығымен байланысты емес. Бұл пікірді
қолдайтын ғалымдар баршылық. Мысалы, Ө.Айтбаев, Ш.Құрман-
байұлы, Ш.Жалмаханов т.б. Қазақ тілі терминдерін А.Байтұр-
сынұлынан 30-35 жыл бұрын Ы.Алтынсарин де жасай бастаған.
Ш.Жалмаханов осы жайында былай деп жазады: «Әділет үшін тағы
бір айта кететін жай, *зат есім* (нәрселердің аттары) *сын есім* (зат –
заттың қасиетінің аттары), *сан есім* (есеп аттары), *есімдік, үстеу,*
және (ақыры өзгерілмейтін сөздер), *жалғау, етістік* деген 8 терминді
Ыбырай Алтынсарин «Начальное руководство к обучению казахов
русскому языку» атты еңбегінде... енгізгендігін естен шығармаған
жөн» (Жалмаханов, 1997. – 7-б.). Ия, осы сегіз терминді жасауда
Ы.Алтынсариннің бірінші екендігіне (пионерлігіне) күдік жоқ.
Бірақ, соған қарамастан, бұл терминдерді зерттеушілер А.Байтұр-
сынұлының термин қорына жатқызады. Не себепті? Біздің
ойымызша, оның бірнеше себебі бар:

1. Терминдерді бір ғалым дүниеге келтіріп, ал сол терминді ғы-
лымнан айналымға, ғылыми жүйеге енгізіп, машықтандыратын ғалым
басқа ғалым болуы мүмкін.

Ғылыми айналымға, оқу процесіне, яғни жүйеге енгізілген соң
ғана ғылыми ұғымның және оның атауы – терминнің ғылыми,
әлеуметтік, әдістемелік құны биік болады, сол әлеуметтік сала үшін
қажеттілігі қалыптасады. Жоғарыда аталған сегіз терминді
Ы.Алтынсарин дүниеге келтіргенімен, олардың ғылыми-әлеуметтік
қажеттілігін қалыптастырған, ғылыми тілдесім процесіне, білім беру
үрдісіне нық енгізген – А.Байтұрсынұлы, яғни тек А.Байтұрсын-
ұлының оқулықтары дүниеге келген соң бұл терминдер жалпы
қазақ тіл білімінің, жалпы қазақша білім беру саласының жүйелік
нормалары болып тұрақталды.

Осыған ұқсас жай басқа ұлттардың тіл білімі тарихында
кездеседі. Мысалы, *фонема* терминін орыс тілтанымында алғаш
тілші Н.Крушевский қолданған. Ұлты – поляк. Бірақ *фонема*
терминін әлемдік тіл біліміне таратқан, фонеманы фонология
деңгейіне көтерген, үш фонологиялық теорияны әлемдік
біліміне алып келген ғалым – И.А.Бодуэн де Куртенэ (Н.Крушевскийдің ұстазы).

2. Ы.Алтынсарин жоғарыдағы сегіз терминді қазақ тіл білімін
қалыптастыру мақсатында емес, қазақтарды орыс тіліне оқыту
мақсатында қолданған, яғни *зат есім, сын есім, ...* терминдерін
жасаудағы негізгі мақсаты – қазақ балаларын орыс тіліне оқытқанда
ана тілінің ұғымдарына, деректеріне, ерекшеліктеріне сүйену, яғни
Ы.Алтынсарин осы терминдерді жасағанда, бірінші қатарға қазақ
тілін емес, орыс тілін орналастырған. Ал А.Байтұрсынұлы осы сөз
терминді қолданғанда, қазақ тілін, қазақ тілтанымдық ұғымдарын,
қазақ баласын қазақ тіліне оқытуды мақсат еткен.

Сонымен, А.Байтұрсынұлы жасаған, ғылыми-әдістемелік сала
ға енгізген терминдер қорының өзіне тән мағыналық, құрылымдық
және статистикалық ерекшеліктері бар. Ахаңның тіл біліміндегі
салалық иерархиясын түсінуінде де заманына сай ерекшеліктерін
айқын байқалады. Өзінен бұрын қызмет еткен қазақ ағартушылары
жасаған тілтанымдық терминдерді де ғылым, білім беру жүйесі
ріне енгізіп, жиі қолданылатын дәстүрлі терминдер қатарын
жатқызған.

2.3. А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасы және жалпы тіл біліміндегі тіл, тілдесім, тілдесімдік қызмет ұғымдары

XIX ғасырдың соңғы ширегінде және XX ғасырдың бірінші
ширегінде тіл білімінің екілік және үштік дихотомиясы пайда
болды (тіл, тілдесім; тіл, тілдесім, тілдесімдік қызмет). Бұл
ұғымдардың тілтаным ілімінде жүйеленуі XX ғасырда көп
талқыланды да ақыры тіл туралы ғылымның ең негізгі ұғымдары
ретінде анықталды. «Тілдің осындай екілік және үштік дихотомиясы
А.Байтұрсынұлының еңбектерінде орын алған ба, алмаған ба? Орын
алса, қай деңгейде?» деген сұрақтар туады. Мәселе де, сұрақтар да



болғандықтан, біз еңбектің осы тармағында аталған мәселеге
ғылыми ізденістер жүргізуді жөн көрдік.

А.Байтұрсынұлы еңбектерінде («Тіл – құрал») *тіл, сөйлеу* және
терминдері үш түрлі ұғымды білдірген (Байтұрсынұлы, 1914;
141-144-б; 1928; 1992. – 173-176-б.).

1. Тіл – адамдардың бір-бірімен тілдесімдік қарым-қатынас
жайын құралы.

2. Тіл – адамдарға білім беретін құрал.

3. Тіл – адамдардың білім алу құралы.

Яғни А.Байтұрсынұлы тілді «... адамның адамдық белгісінің
бірі, жұмсайтын құралының бірі...», – деп түсінген (А.Байтұр-
сынұлы, 1914; 1992. – 144-б.). Тіл ұғымын осылай түсіну қазіргі
ғылыми тіл біліміндегі түсінікпен тең.

Сөйлеу терминін Ахаң «бір ойды мазмұндайтын бірнеше
сөйлем» ретінде анықтаған. Ахаңның *сөйлеу* терминін былай түсінуі,
ең алдымен, қазіргі тіл біліміндегі абзац, күрделі синтаксистік
бүтінек (сложное синтаксическое целое) түсініктеріне сай (яғни
мәтіннің бірнеше фразалардан құрастырылған бөлшегі), содан соң
сөйлеу, яғни *тілдесім* (речь) ұғымына өте жақын (бірақ толық сай
емес).

Сөйлесу терминін Ахаң қазіргі тіл білімінде *сөйлеу (речь)*
терминінің мағынасына толық сәйкес қолданған сияқты
(Қалмаханов, 1997. – 7-б.). Бұл А.Байтұрсынұлының тілші ретінде
тіл және тілдесім дихотомиясын толық айырмаса да, айыру
жолының соңына жетіп қалғанының дәлелі, және қазіргі қазақ тіл
біліміндегі *сөйлеу, сөйлесу* (речь, общение) терминдері мағына-
ларының Ахаң осы терминдерге берген мағыналарға толық сай емес
екендігін дәлелдейді. Осы мәселені біз тереңірек және кеңірек
талқылап өтпекпіз.

Вильгельм фон Гумбольдт тілдің даму қызметіне көңіл бөліп,
тілдің бір күйде тұра бермейтінін айтқан: «Язык есть не продукт
деятельности (ergon), а деятельность (energeia)... Каждое поколение
получает от предыдущего язык в готовом виде, но в этих готовых
формах содержится все для обновления языка и вечного движения
его в результате человеческого творчества...» (Гумбольдт, 1859.
Қараңыз: Кондрашев, 1979. – 50-б). Яғни «Язык как масса всего

произведенного речью не одно и то же, что самая речь в ус
народа» (Гумбольдт, 1859. Қараңыз: Реформатский, 1967. – 33-б.). Бұ
жайында Н.А. Кондрашев былай деп жазады: «Подобная трактов
языка Гумбольдтом предвосхищает последующее разграниче
диахронии и синхронии, на котором настаивали Бодуэн де Куртен
и в особенности Соссюр...» (Кондрашев, 1979. – 50-б.). Сонымен
Гумбольдт, тілдің қарым-қатынас құралы ретінде қоғамдық маңы
бар екенін, тілдің диахрониясы мен синхрониясы бар екендіг
тілдің бір күйде емес, екі түрлі күйде болатындығын анықтад
Тілдің бір күйде емес, екі түрлі күйде өмір сүретіндігінің ашылу
жайында қазіргі тіл білімі мамандары көп жағдайда былай дей
«Дихотомию (разделение целого на две части) «язык и реч
принято связывать с именем и работами выдающегося лингвист
XX века Ф. де Соссюра, хотя ему в действительности принадлежит н
сама идея, а то, что она стала в его теории одним из принцип
лингвистического исследования. Сама же идея высказывалась
защищалась давно и неоднократно, и до, и после Соссюр
Достаточно здесь назвать имена В.Гумбольдта, Штейнталя, Потебн
Бодуэна де Куртенэ, Фортунатова, Щербы, Смирницкого. Одна
лишь в работе Ф.де Соссюра «Курс общей лингвистики» эта иде
была положена в основание языковедческой теории» (Березин
Маслов, 1979. – 12-б.). Тілдің екі түрлі күйінің тіл білімінде пік
және теория ретінде қалыптасуының тарихы жайынд
әңгімелегенде, осы көзқарасты ұстанатын тілшілер көп (Қараңы
Стилистический энциклопедический словарь русского языка, 200
– 332-333-б.)

Ф.де Соссюр үшін үш түрлі ұғым бар: *тілдесімдік қызме
(речевая деятельность – langage), тіл (язык – langue), тілдесім (речь
parole)* (Соссюр, 1933. – 39-б.). Л.В.Щерба жоғарыда көрсетілген үш
түрлі ұғым классификациясына өзгеріс енгізді. Ғалымны
концепциясы бойынша, мынадай үш ұғым бар: *тілдесімдік қызмет
тіл системасы (жүйесі), тіл материалы* (Щерба, 1965. – С.361-373).

Ф.де Соссюр мен Л.В.Щербаның түсінуіндегі айырмашылы
біздің ойымызша, мынада:

а) Ф.де Соссюрдің *тілдесімдік қызмет* ұғымы мен *тілдесім* ұғы
Л.В.Щербаның классификациясында бір ұғымның құрамына
Ол – *тілдесім қызметі* ұғымы;

ә) Ф.де Соссюрдың *тіл* ұғымымен Л.В.Щербаның *тіл систе
(жүйесі)* ұғымы бір мағынаны білдіреді, себебі тіл – ең алдымен
ғұбе;

б) Л.В.Щербаның *тіл материалы* ұғымын енгізуі – өзіндік көз
растың белгісі. Тіл материалын Л.В.Щерба тілдесімнің (речьтің)
дыбыстық я графикалық таңбалануының нәтижесі, қорытындысы
деп түсінген (фиксированный результат речи).

Сонымен, Ф.де Соссюр мен Л.В.Щербаның тілді болмыстың
құбылысы ретінде, ұғымдар жиынтығы ретінде, құрал ретінде
түсінулерінде айырмашылық болғанымен, ол айырмашылықта
тілдің екі түрлі сипатта екеніне, қоғамдық-әлеуметтік қызмет
құралы екеніне байланысты қайшылық жоқ.

Жоғарыдағы талқыланған конценцияларды қорыта айтатын
болсақ, қазіргі тіл біліміне негізгі үш ұғым медеу болады: *тіл,
тілдесім, тілдесімдік қызмет.* Ал, төртінші негізгі ұғым – тіл
материалы (тілдесімнің дыбыспен я әріппен таңбаланған нәтижесі,
қорытындысы, яғни мәтіндер). Тіл материалы Л.В.Щербадан басқа
тіл білімі классиктерінің еңбектерінен үлкен орын алмағанымен
ғылыми ұғым және термин ретінде), тілтанымдық ізденістердің
басаны ретінде маңызы да биік, орны да үлкен.

Енді, осы негізгі тілтанымдық мәселелердің, біріншіден,
А.Байтұрсынұлының ғылыми ізденістеріндегі орнын, түсіну
деңгейін, өзіндік көзқарасын қарастырайық, екіншіден, бұлардың
қазіргі қазақ тілтанымындағы сипатталуын, аталуын (терминделуін)
талдайық.

1. *Тіл* (язык – langue) терминінің мағынасы А.Байтұрсынұлы
ның қолдануында жалпы тіл білімінде қалыптасқан мағынамен
бірдей: тіл – адамдардың, қоғамның негізгі жасайтын қарым-қатына
сын, ойлау қабілетін дамытатын, мәдени және тарихи дәстүрлер
ғорын ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп жалғастыратын құрал; арнайы
семиотикалық (таңбалық) жүйе. А.Байтұрсынұлының тілді осы
анықтама мағынасының көлемінде түсінгенін мына жайлар
дәлелдейді:

а) А.Байтұрсынұлы тілді әлеуметік, қоғамдық құрал деп түсінген, себебі ол адамдар қоғамына арнап (қазақ қоғамына) тілді үйретететін оқулықтар жасаған;

ә) А.Байтұрсынұлы тілді арнайы семиотикалық (таңбалар) жүйесі ретінде түсінген, себебі тілдік және тілдесімдік таңбалар жүйесін жасаған (алфавит, әліппе, графика және орфография ережелері, атаулар (терминдер) т.б.);

б) А.Байтұрсынұлы тілді адамзаттың, ұлттың мәдени және тарихи қорын, дәстүрлерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін құрал ретінде түсінген, себебі оқулықтарында ата-бабаларымыздың мәдени және тарихи мұрасын жас ұрпаққа жеткізу үшін қазақ ауыз әдебиеті мен тарихынан тиісті материалды (эпос, аңыз, ертегі, мақал-мәтелдер, тарихи оқиғалар) ұтымды қолданған;

в) А.Байтұрсынұлы тілді жеке адамның және жалпы адамзаттың ойлау-қабілетін дамытатын құрал ретінде түсінген, себебі:

– тілдік қарым-қатынаста адам алдымен сұрақ қойып, сұраққа жауап беріп үйренуі керек: бұл қызмет ойды, іс-әрекетті талап етеді, ал мұндай әрекет адамының ойлау-қабілетін дамытады;

– тілдік қарым-қатынаста адам білген, көрген, естіген оқиғаны, затты, құбылысты қоғамның басқа мүшелеріне тіл арқылы жеткізіп үйренуі керек: бұл әрекет хабарлау дағдысын қалыптастырады, тіл құралдарының ішінен ең қажеттілерін реттеп қолдану дағдысының деңгейін биіктетеді; әңгімелеу, тұжырымдау, сипаттау, әңгімені қысқарту және кеңейту; ауызша және жазбаша тілдесім түрлерінде таңбалау, тілдесімнің қисынын бұзбай, бір логикалық арнада жеткізу әрекеттерін қалыптастырады. Мұндай шығармашылық іс-әрекеттерді жүзеге асыру – тікелей ойлау қызметінің нәтижесі, яғни тіл жеке адамның және жалпы адамзаттың ойлау қабілетін дамытатын құрал ретінде индивидтің тілдесімдік қызметін де дамытады, ал жалпы тілдесімдік қызметтің дамуы адам мен қоғамның ойлау қабілетін де дамытады.

Сонымен, А.Байтұрсынұлы тіл ұғымын жан-жақты, кең және терең түсінген, осылай түсінуінің негізінде Ахаңның нақ ғылыми және ғылыми–әдістемелік ізденістерінің сапасы биік болған.

2. *Тілдесім* (М.Джусуповтың термин қорында), *сөйлеу* қазіргі қазақ тілтанымының термин қорында (Аханов, 2003; Қордабаев,

1983, 1991; Хасенов, 1990). Тілдесім (речь – parole) терминінің мағынасы А.Байтұрсынұлының еңбектерінде жиі кездеседі, бірақ Ахаң дәл осы ұғымды атайтын терминді жасамаған.

Тілдесім (яғни сөйлеу, речь) термині қазіргі тіл білімінде (О.С.Ахмановаңың сөздігі бойынша) былай анықталады: «Речь... 1. (говорение). Деятельность говорящего, применяющего язык для взаимодействия с другими членами данного языкового коллектива; употребление (использование) разнообразных средств языка для передачи сложного содержания, включающего, помимо собственно информации, обращение (призыв, воззвание) к слушателю, побуждение его к действию (соотв. ответу) и т.п... 2. Та или иная разновидность общения при помощи языка, определяемая в своих свойствах обстоятельствами и целью коммуникации. *Речь бытовая. Речь деловая...* . 3. Одна из видов синтаксического построения высказывания. *Речь авторская...*» (Ахманова, 1966. – 386-387- б.).

Сорос-Қазақстан қоры «Ғылым» баспасында шығарған «Тіл білімі сөздігі» («Словарь по языкознанию») кітабында тілдесім (сөйлеу – речь) термині былай анықталады: «Сөйлеу... – дыбыстау арқылы (іштей сөйлеуді қоса) немесе жазбаша түрде қандай да бір ойды баяндау. С. дегенде сөйлеу процесі, сондай-ақ оның нәтижесі түсініледі, яғни *Сөйлеу ережесі*, айтылған сөздің есте қалуы немесе жазылуы бұл құбылыстың қорытындысы ретінде танылады. С. ұжымдық ортада қызмет атқарады және ондағы дәстүрге бейімделеді. Ол екі жақты және адамның қоғамдағы белсенділігінің бір түрі болып табылады. Әдетте С. жалпы сипаттамасы оны *Тілге* қарсы қою арқылы түсіндіріледі...» (Тіл білімі сөздігі, 1998. – 309-310-бб.).

Жоғарыдағы екі анықтама да *тілдесімнің (сөйлеу – речь)* мағынасын жан-жақты ашып береді. А.Байтұрсынұлының *тілдесімді* түсінуінде сол ұғымдардың барлығы бар:

а) *тілдесім* – сөйлеушінің тіл құралдарын қарым-қатынас үшін қолдану қызметі. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде қазақ тілі құралдарын тілдесім процесінде қалай қолдану керек екенін көрсеткен. Осы процесті бірнеше түрге бөліп, әр түрінің ерекшеліктерін анықтаған; әр түрінде қолданылатын тіл бірлік-

теріне атау берген, қасиеттерін сипаттаған: *ауызекі тілдесім, жазба тілдесім...;*

ә) *тілдесім* – тілдік қарым-қатынастың әлеуметтік мақсаттарына байланысты бірнеше түрге бөлінеді. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде қазақ тілінің әртүрлі әлеуметтік салаларда қызмет атқаратынын ескеріп, тұрмыстық қарым-қатынас тілдесімнің ерекшеліктерін, ресми тілдесімнің ерекшеліктерін, көркем әдебиет саласындағы тілдесімнің ерекшеліктерін, ... зерттеп, сол әлеуметтік тілдесім түрлерінің ғылыми-әдістемелік негіздерін жасаған. (Қараңыз: А.Байтұрсынұлы, 1914; 1992; 1991);

б) А.Байтұрсынұлы еңбектерінде тілдесімнің синтаксистік ерекшеліктеріне байланысты ізденістер де жүргізген. Мысалы, төл сөзді (прямая речь) төлеу сөзден (косвенная речь) айырған (А.Байтұрсынұлы, 1914; 1992; 1991).

Сонымен, А.Байтұрсынұлының еңбектерінде *тіл, сөйлеу, сөйлесу* терминдері қолданылады. Осы үш термин, біздің ойымызша, Ахаңның ізденістерінде қазіргі жалпы тіл білімінде қалыптасқан *тіл (язык – langye), сөйлеу, яғни тілдесім* (речь – parole), *сөйлеу әрекеті* (қызметі), яғни *тілдесімдік қызмет (әрекет)* (речевая деятельность – langage) терминдерінің орнына қолданылған. Бірақ А.Байтұрсынұлы тілдесім мен (сөйлеу) тілдесімдік қызметті нақты айырмаған. Оның себебі мынада: XX ғасырдың бірінші ширегінде, ал кейбір жағдайларда бірінші жартысына дейін көп тілшілер мен әдістемешілер бұл екі ұғымды бір ұғым деп түсінген (айырмаған), яғни А.Байтұрсынұлының осы лингвистикалық ұғымдарды дәл анықтап айырмауы сол кездегі тіл білімінің даму деңгейімен байланысты. Мысалы, *тіл, тілдесім (сөйлеу), тілдесімдік қызмет* ұғымдарын анықтап, тіл біліміне нықтап енгізген ғалым –Фердинанд де Соссюрдің осы мәселеге қатысты еңбегі 1916 жылы жарияланды («Cours de linguistigue generale»). Ал орыс тіліндегі нұсқасы («Курс общей лингвистики») Мәскеуда 1933 жылы баспадан шықты. Осы жағдайға көңіл аударатын болсақ, онда А.Байтұрсынұлынан сол кездегі (1900-1930 жылдары) жалпы тіл білімінде әлі толық қалыптаспаған теорияны білуі керек екендігін, сол теорияның ұғымдарын, терминдерін қолдану керек екендігін талап етуіміз әділдікке жатпайды. Бірақ, соған қарамастан, А.Байтұрсынұлының

осы үш негізгі тілтанымдық ұғым мағынасына өте жақын атаулары бар. Бұл дерек Ахаңның сол кезде қазақ тіл білімінде, жалпы түркі тіл білімінде тілдік трихотомия концепциясын түсінуге, ашуға ең жақын тұрған ғалым екендігін дәлелдейді.

1. А.Байтұрсынұлы *тіл, сөйлеу, сөйлесу* терминдерін қолданады. Бұл да – трихотомия. А.Байтұрсынұлы қолданған *тіл* терминінің мағынасы жалпы тіл біліміндегі қалыптасқан тіл терминінің мағынасымен бірдей екенін біз жоғарыда айтып өттік. *Сөйлеу* (говорение) терминін Ахаң жалпы тілдік қарым-қатынас жасау мағынасында да (ауызша, жазбаша), абзац, синтаксистік құрылым (бөлшек) мағынасында да (ауызша, жазбаша) қолданған (екінші мағынада қолдануы басым). Ахмет Байтұрсынұлының *сөйлеу* терминін бірінші мағынада қолдануы Фердинанд де Соссюрдің parole (речь – тілдесім, яғни сөйлеу) терминінің мағынасына өте жақын, себебі parole (речь – тілдесім) – әрі әрекет (қызмет ағылымы процесі), әрі сол процестің нәтижесі (қорытындысы). А.Байтұрсынұлының қолдануында да *сөйлеу* термині осы екі ұғымды қамтиды (процесс; процестің нәтижесі, қорытындысы), себебі сөйлеу үшін әрекет жасау керек (бұл – әрі қызмет, әрі процес), ал сол сөйлеу әрекетінің нәтижесі – я дыбысталып таңбаланған, я жазылып таңбаланған тілдесім қорытындысы.

2. А.Байтұрсынұлы *сөйлесу* (разговаривать с кем-то, говорение) терминін қолданады. Бұл терминді қолдануында үлкен ерекшеліктер байқалады. Ол ерекшеліктер төмендегідей:

а) А.Байтұрсынұлы *сөйлесу* сөзін термин ретінде қолданады, бірақ бәрімізге белгілі біреумен «сөйлесу» мағынасында қолданбайды. Ахаң *сөйлесу* терминін бүгінгі қазақ тіл білімінде қолданылып жүрген *сөйлеу* (тілдесім – речь) терминінің мағынасында қолданған сияқты, себебі *сөйлесу* терминін қолданғанда, Ахаң сөйлесудің жазба, ауызша түрлерін айырады. Мұндай түсінік Фердинанд де Соссюрдің *parole* (речь) терминінің мағынасын толық қамтымайды, бірақ сол мағынаға өте жақын ұғымды білдіреді (Фердинанд де Соссюрдің теориясында *сөйлеу*, яғни *тілдесім* (parole – речь) термині тек тілдік қарым-қатынасты емес, сол процесті, сол процестің нәтижесін, тілдік қарым-қатынастың түрлерін де білдіреді).

Әрине, *сөз* термин статусына ие болған соң оның мағынасында күрделі өзгерістер пайда болуы да мүмкін (болады да). Біз қалыптасқан түсінікке қарсы бола алмаймыз. Бірақ осы *сөйлеу* сөзінің мағынасын *сөйлеу* терминінің мағынасымен салыстырып, содан соң осындай сөздің (мысалы, *сөйлем* сөзі) А.Байтұрсынұлының *сөйлем* терминінің мағынасымен салыстырсақ: А.Байтұрсынұлының *сөйлем* терминінің мағынасы мен *сөйлем* сөзінің мағынасында қазіргі қазақ тілтанымында қолданылып жүрген *сөйлеу* термині мен *сөйлеу* сөзінің мағыналарындағыдай алшақтық байқалмайды, яғни А.Байтұрсынұлы қазақ терминімен қазақи ұғымды, қазақи менталитетті негізге алған, термин семантикасына жасанды мағына, жасанды ұғым қоспаған, себебі ұғым жалпы адамзаттық болғанымен, оның ұлттық ерекшеліктері болуы мүмкін және болады да.

Енді осы *сөйлеу (тілдесім)* термині жайындағы көзқарасымызды нақты ұсыныстармен жалғастырмақпыз. Біздің ойымызша, *речь – parole* ұғымының термині ретінде қазақ тіл білімінде *сөйлеу* терминін емес, *тілдесім* терминін қолдану керек. Себебі *тілдесім* терминінің семантикасы тілдік қарым-қатынастың барлық түрлерін қамтиды. Мысалы: *ауызша тілдесім, жазбаша тілдесім* т.б.

1) *тілдесім* – ауызша тілдесім, яғни сөйлеу сөйлесу: дыбыстау арқылы қарым-қатынас жасау;

2) *тілдесім* – жазбаша тілдесім, яғни жазу: жазу арқылы қарым–қатынас жасау.

Тілдесім термині тілдесім процесін, сол процестің нәтижесін, яғни тілдесім әрекетін білдіреді. Ал енді осы термин тілдесім процесінің нәтижесін білдіретін болған соң, тілдесімдік шығарма ұғымын да білдіріп тұр.

Қазіргі қазақ тіл білімінде *тілдесім* терминінің бұл мағынада емес, басқа мағынада қолданылуы кездеседі. Мысалы, Ф.Ш. Оразбаеваның еңбегінде: «Тілдесім – өмірде бір-бірімен тіл арқылы қарым-қатынасқа түсіп, өзара пікірлесуінің нәтижесінде бірінің ойын бірі түсініп қана қоймай, сонымен қатар өмірлік тәжирибелерді, дағдыларды, әртүрлі іс-әрекеттерді де бірігіп меңгеруі» (Оразбаева, 1996. – 24-б.). *Тілдесім* терминінің анықтамасында автордың ойы тілдік ұғымнан, тілдік қарым–қатынастан тыс

шығып кеткен. Тілдесім процесінің семантикасына өмір сүру тәжірибесін де, өмір сүру дағдысын да, өндірістік іс-әрекетті де енгізген. Әрине, жеке адам және социум тілдесім (речь – parole) арқылы өмірлік тәжірибе жинақтайды, бірақ ол – тілдесім процесінің өзі емес, тілдесім процесінің нәтижесі. Сондықтан тілдесімді жоғарыдағы осы анықтама мағынасында түсіну жаңсақ пікір қалыптастырғандай болады.

Ф.Ш. Оразбаева *речь – parole* терминінің баламасы ретінде қазақ тіл білімінде қалыптасқан, дәстүрлі *сөйлеу* терминін қолданады, яғни Ф.Ш. Оразбаеваның концепциясында *сөйлеу* және *тілдесім* терминдері синоним ретінде қарастырылмайды.

Сонымен, қазіргі қазақ тілтанымында *речь – parole* термині қамтитын мағынаны дәстүрлі *сөйлеу* термині де, Ф.Ш.Оразбаева қолданған мағынадағы *тілдесім* термині де толық білдіре алмайды. Ол мағынаны (*тілдесім процесі, тілдесім процесінің нәтижесі*) жоғарыда біз қолданған мағынадағы *тілдесім* термині қамтиды.

Тілдесім термині, О.С.Ахмановаың лингвистикалық терминдер сөздігінде (Словарь лингвистических терминов), *речь* терминіне арналған мақаладағы, үш негізгі мағынаны да қамтиды: 1) тілдесім – сөйлеушінің тіл құралдарын ауызша және жазбаша қарым-қатынас үшін қолдану қызметі; 2) тілдесім – тілдік қарым-қатынастың әлеуметтік мақсаттарына байланысты түрлері (тұрмыстық қарым-қатынас түрі, ресми қарым–қатынас түрі, ғылыми қарым-қатынас түрі т.б.); 3) тілдесім – айтылым, жазылымның синтаксистік құрастыруының түрі, яғни біздің анықтауымызда *тілдесім* терминнің мағынасы Фердинанд де Соссюр тілтанымдық ізденіс дәстүріне енгізген, Л.В.Щерба тағы басқалар интерпретация жасаған *parole (речь)* терминінің мағынасын толық қамтып тұр.

Фердинанд де Соссюр тіл біліміне енгізген негізгі ұғымдардың ішінде *langage (речевая деятельность)* ұғымы да бар. Осы ұғымды А.Байтұрсынұлы қазақ тілінде *сөйлесу* терминімен атаған сияқты, себебі жазумен, ауызбен сөйлесу деп сөйлесудің екі түрін көрсетеді, яғни А.Байтұрсынұлы жалпы тіл біліміндегі *parole (речь), langue (речевая деятельность)* сияқты екі ұғымды бір *сөйлесу* терминімен атаған сияқты, себебі Ахаңның терминдер номенклатурасында *сөйлесу* термині (қазіргі қазақ тіл білімі дәстүрі бойынша *сөйлеу*)

жалпы тілдесімді (тілдік қарым–қатынасты) білдіреді, ал жазумен, ауызбен сөйлесу тілдесімнің нақты түрлерін білдіреді. Сонымен, тағы да айтып кетеміз: А.Байтұрсынұлының еңбектерінде *тіл, тілдесім, тілдесімдік қызмет (әрекет)* ұғымдары (Ахаңша – *тіл, сөйлесу*) айқын байқалады.

Қазіргі қазақ тіл білімінде *langage (речевая деятельность)* ұғымының атауы, біздің ойымызша, бір доминанттық түрде қалыптаспаған. Мысалы:

1. Тіл білімі сөздігінде осы ұғымды қазақ тілінде былай атаған (терминдеген): «Сөйлеу іс-әрекеті ф.language – тіл арқылы жүзеге асатын коммуникативтік әрекет...» (Тіл білімі сөздігі, 1998. – 309-б.). Сонымен, Фердинанд де Соссюр *language (речевая деятельность)* деп атаған ұғым осы сөздікте *сөйлеу іс-әрекеті* деп аталған.

2. Ф.Ш. Оразбаеваның еңбегінде *language (речевая деятельность)* ұғымы *сөйлесім әрекеті* терминімен аталған: «Сөйлесім әрекеті – белгілі бір ойды, хабарды не деректі баяндау және оны екінші біреуге жеткізу арқылы онымен түсіністікке жету» (Оразбаева, 1996. – 22-б.).

Осы екі анықтаманың ұқсастығы да, айырмашылықтары да бар.

1. *Ұқсастығы:* екі анықтаманың да негізгі мағынасы – тілдік қарым–қатынас ұғымы.

2. *Айырмашылықтары:*

а) Тіл білімі сөздігінде *сөйлесу, сөйлесім, тілдесім* терминдері қолданылмай, *сөйлеу* термині қолданылған;

ә) Тіл білімі сөздігінде *әрекет, қызмет* терминдері қолданылмай, *іс-әрекет* (қос сөзден жасалған) термині қолданылған;

б) Ф.Ш.Оразбаеваның еңбегінде *тілдесім, сөйлеу* емес, *сөйлесім* термині қолданылған; *іс-әрекет* (қос сөз) емес, *әрекет* (түбір сөз) термині қолданылған.

Тіл білімі сөздігіндегі *сөйлеу іс-әрекеті* күрделі терминінің құрамындағы *сөйлеу* терминінің қолдануына тоқтамасақ та болады, себебі бұл терминнің тілдік қарым-қатынастың барлық түрлерін қамтымайтыны жайында жоғарыда айтылды. Осы күрделі терминнің құрамындағы *іс-әрекет* (қос сөз) терминінің қолданылуын орынсыз деп айта алмаймыз, бірақ термин жасау процесінің көп

шарттары бар, олардың ішінде қысқалық және дәлдік шарттары да бар. *Іс-әрекет* қос сөзін *сөйлеу іс-әрекеті* күрделі терминнің бөлшегі ретінде қолдану – терминжасамның қысқалық шартына толық сай емес, себебі дәл осы мағынаны әрекет, я қызмет сөздерінің мағыналары толық қамтиды (*сөйлеу әрекеті, сөйлеу қызметі*). Сөздік құрастырушылар қос сөзді емес, түбір сөзді қолданғанда, қысқалық, дәлдік шарттары толық сақталар еді.

Тілдік қарым-қатынасты атау үшін Ф.Ш.Оразбаева *сөйлесім әрекеті* атты күрделі терминді қолданған. Бұл қолданыстың ерекшелігі – *сөйлесім* терминінің қолдануында, яғни автор, біріншіден, жаңа термин жасаған (*сөйле+сім*), екіншіден, жаңа терминді тілдік қарым-қатынастың барлық түрлерін атау үшін қолданған. Автордың осы тұжырымының біріншісін (жаңа термин жасау) толық қолдаймыз: *сөйлесім* термині қазақ тілі сөзжасамының ережелері негізінде жасалған: *сөйлеу* ұғымын емес (говорить), *сөйлесім* (говорение) ұғымын білдіреді. Автордың екінші тұжырымына біз толық қосыла алмаймыз: *сөйлесім* термині тілдік қарым–қатынастың барлық түрлерін білдіре алмайды, себебі *сөйле* сөзінен жасалған (*сөйле* – говори, *сөйлеу* – говорить), яғни тек ауызша (дыбыстау арқылы) жасалатын тілдік қарым-қатынасты білдіреді (Ф.Ш.Оразбаева *сөйлесім әрекеті* терминінің анықтамасын бергенде, ол процесті ауызша да, жазбаша да болады деп айтпаған).

Сонымен, жоғарыдағы талдаудың нәтижесі *сөйлесім әрекеті* терминінің де, *сөйлеу іс-әрекеті* терминінің де мағыналық жағынан, тілдік қарым-қатынастың барлық түрін қамти алмайтынын көрсетті. Сондықтан *language (речевая деятельность)* ұғымын қазақ тіл білімінде, бүгінде жиі қолданысқа енбеген *тілдесімдік қызмет (тілдесімдік әрекет)* термині ғана толық қамтитыны тағы да дәлелденіп тұр.

Тілдесімдік қызметтің бірнеше түрі болады. Бір топ ғалымдар оның төрт түрін көрсетсе, енді бірқатары - бес түрін көрсетеді. Тілдесім қызметінің түрлерінің атаулары орыс тіл білімінде өте жақсы қалыптасқан: *виды речевой деятельности – говорение, слушание, чтение, письмо.* Біраз ғалымдар осы қатарға аударма қызметін (перевод) және іштей тілдесуді (сөйлесуді) (внутренняя речь) қосады. Қазақ тіл білімінде тілдесім әрекетінің (тілдесім қызметінің)

түрлерінің атауларын (терминдерін) Ф.Ш. Оразбаева жасаған (Оразбаева, 1996. – 22-23-бб.): *айтылым* (говорение), *жазылым* (письмо), *оқылым* (чтение), *тыңдалым* (слушание). Ф.Оразбаеваның ұсыныстарындағы терминдік мағынадағы мынадай негізгі ерекшелік байқалады: *сөйлесім* емес, *айтылым*, себебі Ф.Ш.Оразбаева *сөйлесім* терминін «жалпы тілдік қарым-қатынас» мағынасында қолданады. Сонымен, Ф.Ш.Оразбаеваның концепциясы бойынша – *айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым*. Осы қатарда тұрған *айтылым* терминін ауызша сөйлесім ұғымының атауы ретінде қолдану керек (Ф.Ш.Оразбаеваның қолдануындағы *сөйлесім, тілдесім* терминдерінің мағынасы жайында, ондай қолданыстың қайшылықтары жайында жоғарыда айтып өттік).

Біздің ойымызша, айтылым терминінің орнына сөйлесім тенминің колдану керек (*ауызша, яғни дыбыстау арқылыды карым-катынас жасау*). Соңда бұлай боладі: *сойлесім, жазылым, тындалым, окылым*. Ал, жалпы тілдік карым-катынас мағынасында *тілдесім* терминін колдану керек, себебі бұл термин *тілдесім* карым-катынасының барлық түрлерын камтып тұр: *сойлесім* – ауызша, яғни дыбыстау (сөйлеу, сөйлесу); *жазылым* – жазбаша, яғни жазу арқылы тілдесімдік карым-катынас; *тыңдалым* – тыңдау арқылы тілдесімдік карым-катынас; *оқылым* – оку арқылы тілдесімдік карым-катынас. Ал *айтылым* терминін үз мазнасында (выссказывание ұғымында) колдану керек.

Іштей тілдесу мен аударманы (внутренняя речь, перевод) Ф.Ш.Оразбаева тілдесімдік әрекеттің жеке түрі ретінде қарастырмаған, сондықтан оларға терминдер арнамаған. Ф.Ш.Оразбаева тілдесімдік қызмет түрлерінің атауларын (терминдерін) тілтанымдық ізденістер барысында емес, лингводидактикалық (әдістемелік) ізденістер барысында жасаған. Мұндай жағдай сирек кездеседі.

Фердинанд де Соссюр тіл біліміне енгізген *langage (речевая деятельность)* ұғымын қазақ тілтанымында толық қамтитын термин – *сөйлеу іс-әрекеті* я *сөйлесім әрекеті* терминдері емес, *тілдесімдік қызмет (әрекет)* термині екенін жоғарыда айттық. Осы терминнің екі нұсқасы бар. Екі нұсқаның қайсысы негізгі: *тілдесімдік қызмет* пе, *тілдесімдік әрекет* пе? Біздің ойымызша, бүгінде осы терминнің екі нұсқасын да негізгі десек болады, себебі олар – синонимдер. Әлемдік тіл білімінде бір ұғымды екі, үш терминмен атау кездеседі. Мысалы, орыс тіл білімі

мен лингводидактикасында: а) *дыбыс* ұғымы екі терминмен аталады: *звук, фон* (көне грек тілінде phone) (Большой толковый словарь русского языка, 2002. – 1428-б.); дыбыс жасау ұғымын *звукообразование, фонация* терминдерімен атап жүр (Ахманова, 1966. – 156-б.; 494); ә) дыбыстау мүшелері ұғымын төрт терминмен атап жүр: *органы речи, речевой аппарат, артикуляционный аппарат, артикуляционная база* (Азимов, Щукин, 1999. – 26-б., 296); б) мұндай жағдай қазақ тіл білімінде де кездеседі. Мысалы: *дыбыстау мүшелері, артикуляциялық база; дыбыстау, артикуляциялау; сингармонизм, үндестік, үндесу, дауыстылар гармониясы, дауыстылар үндесуі, дыбыстар гармониясы, дыбыстар үндесуі.*

Сонымен, *тілдесімдік қызмет* және *тілдесімдік әрекет* терминдері бір ғылыми ұғымды білдіреді (Фердинанд де Соссюр енгізген *language (речевая деятельность)* ұғымын). Осы екі синонимдік терминнің қайсысы тұрақтап қалатынын қазақ тіл білімінің келешегі шешеді.

Сонымен, қазіргі қазақ тіл біліміндегі *тіл, тілдесім (сөйлеу), тілдесімдік қызмет (сөйлеу (сөйлесім) әрекеті* ұғымдарының қалыптасуы А.Байтұрсынұлының еңбектерінен басталады. Ахаң бірінші болып қазақ және жалпы түркі тіл білімінде тілдің екі түрлі сипатта болатынын байқаған және сол ұғымдарға XX ғасырдың басындағы тілтанымның даму деңгейіне лайықты терминдер жасаған (*тіл, сөйлесу*). Қазіргі қазақ тілтанымындағы үш негізгі ұғымды (жоғарыда аталған) Ахаң осы екі терминмен атаған: *тіл* – lague (язык); *сөйлесу* – parole (речь), langage (речевая деятельность).

Қазіргі қазақ тіл білімінде тілдің статикалық және динамикалық (әрекеттік) ерекшеліктері терең және кең зерттелген. Әлемдік тілтанымдағыдай үш терминмен маркерленген. *Тіл, тілдесім, тілдесімдік қызмет* ұғымдарының, терминдерінің қазақ тіл білімі тарихында жан-жақты зерттеліп дамуы Вильгельм фон Гумбольдтің, Фердинанд де Соссюрдің, Л.В.Щербаның т.с.с. еңбектерінің әсері десек қателеспейміз. Сол қатарға А.Байтұрсынұлының да атын жазуымыз керек, себебі тілдің екілік және үштік дихотомиясы әлемдік тілтанымда әлі нық қалыптастаған кездің өзінде Ахаң қазақ тілі материалы негізінде дихотомиялық жаңаша ғылыми ізденістер жүргізіп, сол ұғымдарды да, сол ұғымдармен тектес ұғымдарды да, олардың терминдік атауларын да қазақ тіл біліміне, қазақ тілі әдістемесіне енгізді.

әлеуметтік салаларында қызмет атқара алмайды. Қазақ тілі – отарланбаған тіл, себебі тілдік, тілдесімдік қызметтерін толық сақтаған, дамытқан тіл. Ал кейбір кемшіліктерді жою өзіміздің қолымызда, мемлекеттің қазақ тіліне арналған саясатын сауатты түрде іске асыру жұмысының орындалуында.

Сонымен, А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасына арналған еңбектердің ұқсастығы да, айырмашылығы да бар.

Ұқсастығы – зерттеу объектісінің бір екендігінде (Ахаңның терминжасамдық мұрасы), айырмашылығы – зерттеу пәндерінің көптігінде (Ахаңның жалпы терминологиясы, салалық терминология-сы, терминжасам жолдары, терминнің мағынасы, терминнің құрылымы, терминнің шығу тегі т.б.), яғни зерттеушілердің ғылыми пікірлерінің тамыры бір болғанымен, бұтақ болып жайылудағы бет алысы мен жапырақтауы алуан түрлі. Бірақ, соған қарамастан, қазақ тілшілері бір пікірді медеу тұтады: А.Байтұрсынұлы – қазақ терминологиясының негізін салушы.

А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасын объективті зерттеу үшін тек қазақ тіл білімінің жетістіктеріне сүйеніп зерттеу жетіспейді, жалпы түркологияның, әлемдік тіл білімінің жетістіктеріне сүйеніп зерттеу керек. Себебі Ахаңның еңбектерінде XX ғасырдың бірінші ширегіндегі жалпы түркі тіл білімінде, әлемдік тілтанымда пайда болған ұғымдардың, ғылыми бағыттардың іздері байқалады.

А.Байтұрсынұлы терминдері жалпылама ұғымдарды атайды. Терминдердің ішкі дүниесінде бір ұғымдылық байқалады, яғни бір термин екі ойды я екі ұғымды білдірмейді. А.Байтұрсынұлының тілтанымдық терминдерінің статистикалық анализі қазіргі қолданылып жүрген терминдердің статистикалық ерекшеліктерімен бірдей емес. Айырмашылықтар терминдердің жалпы санына да, құрылымына да, салалық ерекшеліктеріне де қатысты. Мысалы, А.Байтұрсынұлының 310 тілтанымдық терминінің 245-і – күрделі тұлғалы терминдер, 65-і – дара тұлғалы терминдер, яғни күрделі тұлғалы терминдер 3,75 есе көп. Бұл – елеулі көрсеткіш. Салыстыру үшін «Тіл білімі сөздігінің» қазақша бөліміне статистикалық талдау жасадық. Бұл сөздіктегі 562 термин – күрделі тұлғалы, 593 термин – дара тұлғалы, яғни күрделі тұлғалы терминдер көп емес. Бұл –

термин жасаудың негізгі шарттарының бірі – қысқалық шартына сай. А.Байтұрсынұлы терминдерінің көпшілігі термин жасаудың осы шартын толық сақтамайды. Бұл А.Байтұрсынұлының қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген 118 терминіне де қатысты (310-ның 118-і). Осы 118 терминнің 82-сі – күрделі тұлғалы терминдер.

А.Байтұрсынұлының термин қорында күрделі тұлғалы терминдердің басым болуын төрт түрлі себеппен түсіндіруге болады:

1. XX ғасырдың басында қазақ тіл білімінің терең және жан-жақты қалыптаспағандығы;

2. XX ғасырдың басында қазақ, жалпы түркі тілтанымында да, әдістемесінде де терминологияның енді қалыптасып келе жатқандығы;

3. А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің көпшілігінің нақ ғылыми подстильге емес, оқыту-ғылыми подстильге арналғандығы;

4. А.Байтұрсынұлының термин қорындағы термин деп анықталып жүрген біраз сөз тіркестерінің термин статусы деңгейіне көтерілмегендігі.

«А.Байтұрсынұлының термин қорынан 18 термин ғана жалпы тіл білімінде қолданылады» деген дерек бар (Жалмаханов, 1997). Статистикалық талдауларымыздың нәтижесі бойынша, Ахаң жасаған терминдердің 112-сі тіл білімінің екі-үш саласында қолданылады (соның ішінде жалпы тіл білімінде де).

А.Байтұрсынұлы терминдерінің құрылымы қазіргі қазақ терминжасамының, жалпы сөзжасамының талаптарына сай келеді. Ахаң терминдерінің құрылымы төмендегідей: 1) дара тұлғалы терминдер (түбір сөзден, туынды сөзден); 2) күрделі тұлғалы терминдер (терминдер тіркесі: екі мүшелі, үш мүшелі, төрт мүшелі).

Ахаң терминдерінің біразы қазіргі қазақ тіл білімінде қолданылмайды, себебі олардың мағыналық, стилистикалық ерекшеліктері бүгінгі ғылыми стильдің терминологиясының талаптарына жауап бермейді. Бірақ мұны кемшілік ретінде түсінбейміз: бұл – ғылымның уақыт кеңістігіндегі даму ерекшеліктері.

А.Байтұрсынұлы лексикологиялық терминдер жасағанымен, лексикологияны тілдің жеке иерархиялық саласы ретінде көрсет-

пеген. Ахаң морфологияны «сөз жүйесі» деп атаған. Бірақ сөзді тілдің негізгі бірлігі ретінде фонетикада да, сөзжасамда да, морфологияда да, синтаксисте де қарастырған, яғни біздің ойымызша, Ахаң сөзді тілдің салалараралық ғылыми ұғымы (бірлігі) ретінде түсінген.

Ахаң стилистикалық ізденістер жасаған (көркем әдебиет тілі негізінде), бірақ стилистиканы да арнайы тіл ғылымы ретінде жекелендірмеген, стилистикалық терминдер жасамаған.

Мұны былайша түсіндірген жөн:

1. Тіл білімінің салаға бөлінуі бірден болған емес. Мысалы, орыс тіл білімінде дериватология (сөзжасам) енді ғана тілдің арнайы иерархиялық саласы болып бөлініп шықты.

2. Стилистиканың тіл білімінің жеке саласы ретінде толық қалыптасуы, жоғарғы оқу орындарында жеке пән статусында қызмет етуі XX ғасырдың екінші жартысына тура келеді, сондықтан әлі әлемдік тіл білімінде жан-жақты орнықпаған ғылымды А.Байтұрсынұлынан талап етуіміз тарихи да, ғылыми да әділдікке жатпайды.

А.Байтұрсынұлы қолданған, қазір де тіл білімінде қолданылып жүрген кейбір терминдер Ахаңнан бұрын пайда болған (мысалы, Ы.Алтынсарин жасаған *зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, үстеу, демеу, жалғау, етістік*). Бірақ тіл білімі мамандары, әдістемешілер осы терминдерді А.Байтұрсынұлының терминдер қорына енгізеді. Оның себебін былай түсіндіруге болады: Ахаң осы терминдерді өзі жасамағанымен, ғылыми айналымға, оқу процесіне енгізді, оқулықтарға тақырып ретінде кіргізді, олардың ұғымдық, тілдік қызметін анықтады, яғни жүйелендірді, сондықтан осы терминдер ғылыми, ғылыми-оқыту қызметін әрі сапалы, әрі жиі атқарып келеді. Ғылым тарихында терминді дүниеге келтірген ғалым ғана емес, сол терминді ұзақ ғылыми өмір жолына енгізген ғалым да сол терминдердің авторы болады.

А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасын зерттеушілердің ішінде, Ахаңды ғылыми білім негізінде емес, сезімталдықтың (интуиция) негізінде ізденістер жасаған ғалым деушілер де бар. Бұл – жаңсақ пікір, себебі ғалымның ғылыми базасы болмаса, ол тек сезімталдығы арқылы ұлттық, халықаралық деңгейде ғылыми

ізденістер жүргізе алмайды, заманына сай жаңашыл тұжырымдар жасай алмайды. А.Байтұрсынұлының тіл білімінің ғылыми базасы өте биік, өте терең, өте кең болған. Мысалы, ұлы ғалым Е.Д.Поливанов Орта Азия халықтары тілдерін мұқият зерттеген. Е.Д.Поливанов қазақ тілі материалы негізінде ізденістерге бармаған. Оның бір-ақ себебі бар: қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикасын зерттеуші қазақ зиялыларының арасынан шыққан А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы сияқты ғұламалардың зерттеулері өте маңызды, өте заманауи, өте жаңашыл болған. Сондықтан да Е.Д.Поливанов сияқты көптеген ғалымдар Ахаңды тілші, әдебиетші ретінде өте жоғары бағалаған, себебі ол – терминологиядан басқа қазіргі заман тілтаным тарихында тұңғыш сингармониялық алфавитті, сингармографиканы, сингармоорфографияны жасаған маман.

Тілдің объективті табиғи болмыс ретінде бір түрлі күйде емес, екі түрлі күйде болатындығын Вильгельм фон Гумбольдт анықтады. Ол тіл біліміне екі ұғым және екі термин енгізді: *ergon* (тілдің статикалық күйі), *energeia* (тілдің динамикалық күйі). Тілдің екі түрлі күйде өмір сүретінін И.А. Бодуэн де Куртенэ де, Ф.Ф.Фортунатов та, Л.В.Щерба да т.б. айтқан. Бірақ Вильгельм фон Гумбольдт бірінші болды. Ол бұл пікірді айтты да қойды, оны теория деңгейіне, тілді зерттейтін ұстаным деңгейіне көтермеді. Бұл жұмысты Фердинанд де Соссюр іске асырды. Ол ұғымдарды толықтырып, анықтады: *тіл* – langue, *тілдесім* – parole, *тілдесімдік қызмет* – langage сияқты үш ұғымды тілді зерттеудің негізгі ұстанымдары ретінде қалыптастырды. Фердинанд де Соссюрден кейін бұл ұғымдардың интерпретациялары болды. Мысалы, Л.В.Щербаның интерпретациясы: *тіл – тілдесім – тілдесім материалы*. Бірақ бұлар кейін пайда болған; барлық интерпретациялардың негізінде екілік (дихотомия) – тіл және тілдесім – жатты (яғни тіл екі түрлі күйде өмір сүреді, себебі тіл – болмыс құбылысы).

А.Байтұрсынұлы да тілдік трихотомияны қолданған: *тіл – сөйлеу – сөйлесу*. Бірақ бұл үштіктің ұғымдық жағы Ф.де Соссюрдің үштігінің мағынасымен тең емес. Тіл ұғымы бірдей. Ал Ахаң айтқан *сөйлесу* ұғымы Ф.де Соссюр айтқан *parole (речь)* ұғымы мен *речевая деятельность – langage* ұғымына өте жақын, себебі Ахаң сөйлеудің

жазба және ауызша түрлері бар екенін айтады (яғни тілдесім түрлерін анықтаған). *Сөйлеу* терминінің мағынасы А.Байтұрсынұлы концепциясында *речь* (parole) ұғымын қамтымайды, абзац, күрделі синтаксистік бөлшек мағыналарында қолданылған. Сонымен, А.Байтұрсынұлы тілдік дихотомияны, трихотомияны ұстаным, концепция ретінде қазақ тіл біліміне алып келмеген, бірақ осы ұғымдарға жақын ұғымдар жиынтығы ретінде сипаттап, сол атауларды қолданған. Сонымен, А.Байтұрсынұлы еңбектерінде *тіл, тілдесім, тілдесімдік қызмет (әрекет)* ұғымдары айқын байқалады, яғни А.Байтұрсынұлы XX ғасырдың басында қазақ тіл білімінде, жалпы түркі тіл білімінде тілдің бір күйде емес, екі түрлі күйде өмір сүретінін ашуға жақын болған, яғни *тіл – тілдесім – тілдесімдік қызмет* ғылыми ұғымдарын анықтамақ болған. Осындай ізденістерді соңына жеткізбесе де, А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасының маңызы төмендемейді, себебі Ахаң тілдің болмыс құбылысы екендігін білген. Сондықтан тіл бір түрлі күйде емес, екі түрлі күйде болатынын қазақ тілін зерттеуге арналған еңбектеріне (мөр басқандай болмаса да) енгізген. Яғни XX ғасырдың басында А.Байтұрсынұлы тілдің дихотомиялық ұғымдарын ашуға өте жақын тұрған ғалым (қазақ және жалпы түркі тіл білімінде). А.Байтұрсынұлының ізденістерінің бітпегендігі, ұстаным, теория болмағандығы – заман ғылымының ерекшелігі (XX ғасырдың бірінші ширегінде бұл ұғымдар жалпы әлемдік тіл білімінде де, орыс тіл білімінде де әлі толық қалыптаспаған, яғни тиісті теориялар әлі пайда болмаған еді). Осы күрделі лингвистикалық мәселе қазіргі тілтанымда ұғым ретінде де, термин ретінде де қалыптасқан (*тіл – сөйлеу – сөйлеу әрекеті*). Бірақ, соған қарамастан, біздің ойымызша, осы мәселенің әлі толық шешімін таппаған жағдайы бар.

Қазіргі қазақ тіл білімінде *langage (речь)* ұғымын *сөйлеу* терминімен атайды. *Сөйлеу* сөзінің мағынасы – ауызша тілдесу (дыбыстау), яғни бұл терминнің шығу тегі тілдесімнің басқа түрлерінің ұғымдарын қамтымайды (жазбаша тілдесу – *жазылым*, оқу арқылы тілдесу – *оқылым*, тыңдау арқылы тілдесу – *тыңдалым*). Сонымен қатар бұл термин бір топ ғалымдар айтып жүрген *тілдесімнің* тағы екі түрінің мағынасын қамтымайды (*іштей тілдесу* – внутренняя речь, *аударма арқылы тілдесу* – перевод). Біздің

ойымызша, *langage (речь)* ұғымын қазақ тіл білімінде *тілдесім* деп атау керек, себебі бұл термин *речь* ұғымын толық қамтиды.

Тілдесім түрлерінің атауларын (терминдерін) қазақ тіл білімінде жасаған – Ф.Оразбаева (іштей тілдесім мен аударма тілдесімнен басқа түрлерінің атауларын: Ф.Оразбаева осы екі ұғымды *тілдесім* (Ф.Оразбаева бойынша *сөйлеу*) түрлері ретінде атамайды) (Оразбаева Ф., 1996). Ф.Оразбаева *тілдесім* терминін де қолданады, бірақ *langage (речь)* ұғымында емес: Ф.Оразбаеваның қолдануында *тілдесім* термині лингвистикалық аспектіден тыс шығып кетеді де, өмірлік тәжірибе жинау аспектін де қамтиды.

Langage (речевая деятельность) – тілдесім ұғымын атауда қазіргі қазақ тіл білімінде біржақтылық жоқ. Мысалы, көп тілшілер осы ұғымды атау үшін *сөйлеу әрекеті* терминін қолданады, «Тіл білімі сөздігінде» *сөйлеу іс-әрекеті* термині қолданылады. Ф.Оразбаева *сөйлесім әрекеті* терминін қолданады.

Біздің ойымызша, *parole (речь)* ұғымын *сөйлеу* термині емес, *тілдесім* термині толық қамтитын болғандықтан, *langage (речевая деятельность)* ұғымын *тілдесімдік қызмет* (тілдесімдік әрекет) терминімен маркерленген жөн. *Тілдесім (речь), тілдесімдік қызмет (речевая деятельность):* соңғы ұғымның түрлерінің атаулары – *сөйлесім, жазылым, оқылым, тыңдалым*). Қазақ тіл білімінде бұл терминдер бүгін де әлі жиі қолданылмайды, бірақ қолданыс процесі басталды. Жоғарыда көрсетілген кейбір ала-құлалықтардың негізгі себебі орыс тілі терминологиясы сөздіктеріндегі лингвоұғымдық мақалаларды қазақ тіліне сол күйінде аудара салуда.

Біз ұсынған *тілдесім, тілдесімдік қызмет (тілдесімдік әрекет)* терминдерінің екіншісі бір түрлі болмай тұр. Қазақ тіл білімінің келешегінде осы синонимдік терминдердің *(тілдесімдік қызмет, тілдесімдік әрекет)* қайсысы доминанта болуы шешілер. Бірақ әлемдік тіл білімі тарихында бір ұғымды екі, үш, ... терминмен атау кездеседі. Мысалы: орыс тіл білімінде *дыбыс* ұғымы екі терминмен аталады; *дыбыстау мүшелері* ұғымы төрт терминмен аталады; қазақ тіл білімінде сөз мағынасын өзгертетін дыбыс (фонема) бес терминмен аталады: *фонема, сингармофонема, сингармема, сингрема, үндеспе.*

Тіл, тілдесім, тілдесімдік қызмет ұғымдарының А.Байтұрсынұлы концепциясындағы түсінік пен қазіргі қазақ тілтанымындағы түсініктің арасында айырмашылықтар бар. Бірінші айырмашылық: Ахаң осы үш ұғымды екі терминмен (*тіл, сөйлесу*) атады десек қателеспейміз, себебі Ахаңның *сөйлесу* термині *тілдесім* ұғымын да, *тілдесімдік қызмет* ұғымын да қамтыған. Ахаң тілдесімнің ауызша, жазбаша түрлерін айырған, ал бұл – *сөйлесуді* (Ахаңның термині) тек *parole* деп емес, *(речь) langage (речевая деятельность)* деп те түсіну. Екінші айырмашылық: қазіргі қазақ тілтанымында қазақ тілінің статикасы мен динамикасын қамтитын үш ұғым бар. Үшеуінің де атауы бар – *тіл, сөйлеу, сөйлесу әрекеті* (дәстүрлі терминдер), біздің маркерлеуімізде – *тіл, тілдесім, тілдесімдік қызмет*.

Қазіргі қазақ тілтанымындағы *тіл, тілдесім, тілдесімдік қызмет* ұғымдарының қалыптасуы, терминденуі, яғни жан-жақты зерттелуінде Вильгельм фон Гумбольдт, Фердинанд де Соссюр, *Л.В.Щерба*, ... еңбектерінің әсері байқалады. Осы қатарда А.Байтұрсынұлының есімін де атауымыз керек, себебі тілдің екілік, үштік дихотомиясы әлемдік тілтанымда әлі қалыптаспаған кездің өзінде, Ахаң қазақ тілі материалы негізінде ғылыми ізденістер жасап, сол ұғымдарды, сол ұғымдармен тектес ұғымдарды, олардың терминдерін қазақ тілтанымына, қазақ тілінің оқыту әдістемесіне енгізеді.

Сонымен, А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасы қазіргі қазақ тіл білімінде жан-жақты зерттеліп келеді. Зерттеу қорытындылары көп жағдайда мақала деңгейінде жазылған. А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасын зерттеу жалпы тілтанымдық теорияларға, әлемдік тіл білімі тарихындағы тілшілердің ғылыми мұрасына терең шолу жасауды талап етеді, себебі Ахаңның ғылыми мұрасы солардың ғылыми мұраларымен замандас, концептуалдық жағынан солардың концепцияларымен тектес.

III тарау

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТІЛТАНЫМДЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ СТИЛЬ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

3.1. А.Байтұрсынұлы ғылыми мәтіндерінің стилі мен қазіргі тілтанымдағы ғылыми стиль сабақтастығы

Еңбектің бірінші тарауының үшінші тармағында А.Байтұрсынұлы қазақ стилистикасының, ғылыми стилінің негізін салушы екенін сөз еттік. А.Байтұрсынұлы ғылыми мәтінінің қазіргі ғылыми стиль ережелеріне сай екендігін дәлелдеу үшін оның негізгі үш қызметі (хабарлау, әсер ету, қарым-қатынас), лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлары, тілдік және құрылымдық стандарттары талданды. А.Байтұрсынұлының ғылымды объективті табиғи болмыс ретінде түсінгені, ғылыми мәтіндерінің басым көпшілігінің ғылыми стильдің ғылыми-оқыту подстиліне жататыны көрсетілді.

Енді А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтіндер стилінің қазіргі ғылыми стиль талаптарына, ерекшеліктеріне, жіктелуіне, тілдік және экстралингвистикалық ерекшеліктеріне толық жауап беретін, толық сәйкес келетін дүние екендігін дәлелдемекпіз.

Функционалды стиль – тілдесімдік жүйесі бар, тарихи қалыптасқан тілдің динамикалық аспектідегі түрі, яғни функционалды стиль – тіл бірліктерінің іс-әрекет жасауының нәтижесінде әртүрлі әлеуметтік салада арнайы қолданылып қалыптасқан тілдік және тілдесімдік жиынтықтың біріккен түрлері.

Қазіргі тіл білімінің стилистикасында функционалды стильдердің мынадай түрлері анықталған:

I. Кітаби стильдер:

1) ғылыми стиль (кейбір ғылыми еңбектерде *ғылыми-техникалық стиль* деп те аталады);

2) ресми стиль (кейбір ғылыми еңбектерде *заңдық стиль* я болмаса *ресми іс-қағаздар стилі* деп те аталады);

3) публицистикалық стиль (кейбір ғылыми еңбектерде *саяси стиль, газет публицистикасы стилі, ақпарат құралдар стилі* деп те аталады);

4) көркем стиль (кейбір ғылыми еңбектерде (*беллетристикалық стиль* я болмаса *көркем әдебиет тілінің стилистикасы* деп те аталады).

II. Бейкітаби (сөйлеу) стиль: 1) сөйлеу стиль (кейбір ғылыми еңбектерде *тұрмыстық қарым-қатынас стилі* деп те аталады).

Сонымен, қазіргі жалпы тіл білімінде бес түрлі функционалды стиль анықталған. Аталған функционалды стильдердің ішінде көркем стильдің анықталуында екі түрлі пікір қалыптасқан:

1) бір топ ғалымдар көркем стильді функционалды стилистиканың бір түрі ретінде қарастырады;

2) енді бір топ ғалымдар көркем стиль функционалды стилистикадан тыс, сондықтан оның құрамына кірмейтінін айтады, себебі көркем әдебиет тілінде көп стильдік элементтер бар (яғни әр жазушының, әр ақынның өз стилі бар; бір ақынның я бір жазушының әр шығармасының өзіндік стилі бар). Бұл пікірді қолдайтын мамандар *көркем стиль* деп атамай, *көркем әдебиет тілінің стилистикасы* деп атайды.

Функционалды стиль жайында екі түрлі пікір бар:

1. Функционалды стиль – әдеби тілдің түрі;

2. Функционалды стиль – тілдесімдік құбылыс (мәтіндік құбылыс), яғни тілдесім стилі (Қараңыз: Виноградов, 1963; Кожин, Крылова, Одинцов, 1982; Стилистика русского языка, 1989; Кожина, 1993, 2003, Розенталь, 1977; Гвоздев, 1955 Ульман, 1980; Балақаев, Жаппейісов, Томанов, Манасбаев, 1974. Екінші көзқарас – стилистикалық ізденістер процесіне терең енген көзқарас, яғни қазіргі тілтаным стилистикасындағы басым көзқарас. М.Н. Кожинаның ойы бойынша (бұл ойды біз де қолдаймыз), осы екі ғылыми көзқарасты біріктірген жөн, тілдесімдік функционалды стиль – тілдің әлеуеттік мүмкіншіліктерінің тілдесімдік қарым-қатынас барысындағы көрінісі, қолданылуы (әр сөйлеушінің ойлау қабілетінде тілдің функционалды стильдерін жасау ережелері қалыптасқан). (Қараңыз: Кожина, 2003. – 582-б.).

Енді функционалды стиль мәселесін А.Байтұрсынұлының стилистикасынан қарастырып көрейік. Біріншіден, функционалды стильге, функционалды стилистикаға арналған ғылыми пікірлер А.Байтұрсынұлы дүниеден өткен соң бірнеше онжылдықтардан кейін пайда болған, сондықтан тілдің диахрондық заңдылықтарын басшылыққа ала отырып, қарастыратын болсақ, А.Байтұрсынұлының стилистикалық ғылыми мұрасын бұл ғылыми пікірлер

негізінде зерттеуімізге де болады. Бірақ, екіншіден, ғылым даму үшін негіз болуы керек. А.Байтұрсынұлының стилистикалық мұрасында осындай негіз бар, сондықтан ғылыми-тарихи шолу жасап көрейік.

А.Байтұрсынұлы еңбектерінде функционалды стиль ұғымы көрініс береді, ғалым ғылыми мәтіннен ресми қағаздар мәтінін, публицистика мәтінін нақты айырып көрсеткен (яғни функционалды стиль түрлерін ажыратқан). Біздің ойымызша, А.Байтұрсынұлы функционалды стильді жалпылама түсінген, яғни бұл – әрі тілдің, әрі тілдесімнің түрлері, әрі тіл мен тілдесімнің динамикалық (іс-әрекеттегі) қосындысы. А.Байтұрсынұлы бұл жайында ғылыми дерек қалдырмаған, бірақ XX ғасырдың тілтаным ғылымының даму деңгейінің ерекшеліктерін негізге ала отырып, осындай қорытынды жасап отырмыз. Ол кезде жалпы тіл білімінде *тіл, тілдесім, тілдесімдік қызмет* ғылыми ұғымдары әлі қалыптаспаған еді, сондықтан функционалды стильдер мәтін түрлері ретінде қалыптасқанымен, функционалды стилистиканың, функционалды стильдердің ұғымдары да, ұстанымдары да, категориялары да әлі айқындала қоймаған болатын. Ал әлі толық қалыптаспаған ғылым жайында, ол ғылымның қалыптаспаған тармақтары жайында концепция пайда болуы мүмкін емес.

А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің функционалды стилистикасын, функционалды стиль түрлерін атамаған, тіл білімінің арнайы саласы ретінде көрсетпеген (бірақ қазақ тілінің ғылыми стилінің де, публицистикалық стилінің де, ресми стилінің де, көркем стилінің де мәтіндерінің негізін салған). Мұның себебі функционалды стилистика ғылымының кенже қалуында. Мысалы, орыс тіл білімінің өзінде функционалды стилистика жеке ғылым саласы ретінде XX ғасырдың 50-60 жылдарында қалыптасты.

Бүгінгі стилистика ғылымының деңгейінен қарайтын болсақ, А.Байтұрсынұлы қолданған стилистикалық мұрада жоғарыда аталған төрт кітаби функционалды стильдің түрлері заманына сай қалыптасқан күйде орналасқан.

Қазақ тілінің көркем стилі (көркем әдебиет тілінің стилистикасы) – А.Байтұрсынұлынан бірнеше ғасыр бұрын қалыптасқан дүние. Бірақ сол мәтіндердің стилистикалық зерттеуін ғылыми

жүйе негізінде бастаған, сол зерттеулерді әдебиеттанымдық ұғымдар мен ұстанымдар, категориялар негізінде ізденістер жасаған ғалым – А.Байтұрсынұлы. Бұл – әдебиеттанушы мамандардың мәселесі, сондықтан бұл тармақта А.Байтұрсынұлының ғылыми, ресми, публицистикалық стильдердің негізін салудағы қызметіне көңіл бөлмекпіз.

А.Байтұрсынұлы қазақ тілі стилистикасын зерттеген және әр функционалды стильдің талаптарына жауап беретін мәтіндер жасаған:

1. *Ғылыми стиль мәтіндері.* А.Байтұрсынұлының шығармашылығында ғылыми стиль мәтіндері үлкен орын алады. Олардың жанрлық саны да көп. Мысалы: Баяншы. Қазақ мұғалімдері үшін. (А.Байтұрсынұлы, 1920; 1992. – 323-333-бб.). Тіл жұмсар, сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытататын I кітап (А.Байтұрсынұлы, 1928; 1992. – 335-356-бб.). Оқу құралы. Қазақша алифба. 1-ші кітап (А.Байтұрсынұлы, 1912; 1992. – 33-47-б.) т.б.;

2. *Ресми стиль мәтіндері.* А.Байтұрсынұлының шығармашылығында ресми стиль мәтіндері көп жағдайда публицистикалық және ғылыми стиль мәтіндерінің (стильдерінің) ерекшеліктерімен бірігіп, біріне-бірі сіңісіп кеткен. Мысалы: «Тағы да народный сот хақында» (А.Байтұрсынұлы, 1991; 1996. – 12-16-бб.); «Қазақ жерін алу турасындағы низам», 1912; 1996. – 19-24-бб.) т.б.

3. *Публицистикалық стиль мәтіндері.* А.Байтұрсынұлының мұрасында публицистикалық стиль мәтіндері өте көп. Ахаңның публицистикалық стилі – нағыз публицистикалық, себебі мәтіндердегі тіл бірліктері хабарлау қызметін де, сұхбат қызметін де, ең негізгісі – әрекеттендіру қызметін де атқарады, яғни Ахаңның публицистикасы -индивидті, қоғамды іс-әрекетке үндейтін публицистика. Мысалы: «Қазақ һәм түрлі мәселелер» (А.Байтұрсынұлы, 1912; 1996. – 52-55-бб.); «Мектеп керектері» (А.Байтұрсынұлы, 1914; 1991. – 269-271-бб.).

4. *Көркем стиль (көркем әдебиет тілі).* А.Байтұрсынұлы бұл салада екі түрлі қызмет жасаған. Біріншіден, көркем әдебиет шығармаларын жазып (өлең, әңгіме, аудармалар т.б.), қазақ тілі көркем стилінің дамуына ықпал еткен. Екіншіден, қазақтың көркем әдебиетін зерттеп, оның жалпы ғылыми, және стильдік

(стилистикалық) ерекшеліктерін, заңдылықтарын, ғылыми ұғымдарын анықтаған, қалыптастырған. Мысалы, қараңыз: «Маса», «Қазақ салты»; «Көркем өнерінің тараулары», «Сөз өнерінің ғылымы» т.б. (А.Байтұрсынұлы, 1989. – 23, 24-бб.; 138-141. – 147-148-бб.).

Сонымен, А.Байтұрсынұлы функционалды стиль ұғымын атамағанымен, тілтанымдық теориясында әртүрлі әлеуметтік салаларда қолданылатын түрлерін айырып атап бермегенімен, функционалды стильдерді тіл материалы (мәтін) ретінде қалыптастырған.

Функционалды стильдердің ең үлкен ерекшеліктерінің бірі – тіл бірліктерінің сайланып қолданылуы, яғни әр функционалды стильде жиі қолданылатын тіл бірліктер қоры болады (сөздер, терминдер; терминдер тіркесі; сөйлем түрлері; сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді байланыстыратын арнайы жалғаулар, ...). Әр функционалды стильдің тілдесімдік жүйесі, жиі қолданылатын арнайы тіл бірліктері, қолданылмайтын тіл бірліктері болады. Мысалы, ғылыми я ресми стильде тұрмыстық қарым-қатынас саласына жататын сөздер, сөз тіркестері қолданылмайды.

Қорыта айтатын болсақ, былай деп тұжырымдағанымыз жөн: әр функционалды стиль мәтіндерінің күрделі ерекшеліктері болады, сондықтан функционалды стильді зерттеу процесі тек тіл бірліктерін (мәтінге дейінгі) зерттеумен шектелмейді, міндетті түрде олардың тілдесімдік қызметі де зерттеледі, яғни мәтін стилистикасы - функционалды стилистиканың (функционалды стильдің) бір бөлігі. А.Байтұрсынұлы жасаған мәтіндердің стилистикасы (стильдік ерекшеліктері) осыны толық дәлелдейді. Мысалы, «Тіл – құрал» (1914 жыл) еңбегінің мәтіні – ғылыми стильдің бір нұсқасы; «Көшпелі һәм отырықшы норма» (1913 ж.) еңбегінің мәтіні – публицистикалық стильдің бір нұсқасы т.б. (А.Байтұрсынұлы, 1914; 1992, 141-171 бб.; 1913; 1991, 230-233-бб.).

Сонымен, функционалды стилистиканың (функционалдық стильдердің) үлкен ерекшелігі – тіл бірліктері қолданылуының тек тілдік емес, экстралингвистикалық та факторларға байланысты екендігінде (әлеуметтік сала, қарым-қатынастың түрі, қарым-қатынастың мақсаты мен міндеттері, жанры т.б.). Стилистиканың

ғы саласында (функционалды стильдер саласында) тіл құрылысының ерекшеліктері емес, тілдесімнің экстралингвистикалық факторлары (ерекшеліктері) басым қызмет атқарады: қарым-қатынас түрін, жанрын, әдеби/әдеби емес екенін, жазбаша/ауызша екенін, ресми/бейресми екенін алдын ала жоспарлайды, яғни тілдесімнің қандай болуы, қанша уақыт болуы тікелей экстралингвистикалық факторларға тәуелді. (А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтінінің лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлары осы еңбектің бірінші бөлімінің үшінші тармағында талданды).

Функционалды стиль әр кез, әр заманда бір түрлі болмайды. Әр функционалды стильдің ішінде өзгертілген (интерпретацияланған), бірақ сол стильдің негізгі қасиеттерін, заңдылықтарын сақтаған нұсқалары (подстильдері) болады. Функционалды стиль негізгі инвариант болса, подстильдер – сол инварианттың вариациялары және варианттары. Яғни орталық пен периферия болады. Әр подстильдің жанрлары (өзіне тән мәтін түрлері) болады. Функционалды стильдің мәтін ретінде қалыптасқан, тілдесімдік қызмет атқаратын осындай түрлері оның ішкі және сыртқы мүмкіншіліктерінің байлығын растайды, өркендетеді. Сонымен қатар функционалды стильдің подстильдеріне жататын мәтін жанрлары функционалды стильдердің аралық қатынастарын қамтиды. Мысалы, ғылыми стильдің нақ ғылыми подстилінің жанрларында (диссертация, монография, мақала, ...) публицистикалық стильдің, көркем стильдің, тұрмыстық қарым-қатынас стилінің негізгі ерекшеліктерін сақтайтын тіл бірліктері қолданылуы мүмкін емес, ал ғылыми-көпшіліктік (ғылыми-публицистикалық) подстилінің жанрларында басқа функционалды стильдердің негізгі тіл бірліктері де қолданылуы мүмкін (метафора, эпитет; қуанышты, реніштті білдіретін сөздер, сөз тіркестері; публицистикалық штамптар, ұрандар т.б.).

Сонымен, функционалды стиль қоғамның нақты бір әлеуметтік саласында қызмет атқарғанымен, оның кейбір подстиль жанрларында басқа әлеуметтік қызмет саласында қолданылатын функционалды стильдің тіл бірліктері де пайдаланылуы мүмкін.

Функционалды стильдің стилистика ғылымының негізгі саласы ретінде зерттелуі, қалыптасуы жайында М.Н.Кожина былай деп жазады: «Научное изучение Ф.с. (функциональный стиль – біздің түсіндірмеміз) – центрального понятия современной стилистики – начинается с 20-х гг. XX в. в трудах ученых Пражского лингвистического кружка, в работах Г.О.Винокура, В.В.Виноградова, М.М.Бахтина и позже – Ю.С.Степанова, В.П.Мурат, Т.Г.Винокур, А.Н.Васильевой, Б.Н.Головина, В.Г.Костомарова, М.Н.Кожиной, К.А.Роговой, Н.М.Разинкиной, О.Б.Сиротининой, Г.Я.Солганика, Т.В.Матвеевой и мн. др. Развитию учения о Ф.с. способствовал поворот языкознания от структурной парадигмы к коммуникативно-функциональной, которому в свою очередь содействовала функциональная стилистика» (Кожина, 2003, 582-б.).

Сонымен, қазіргі тіл білімі саласында функционалды стильдің зерттелуі тілдің тек құрылым ретінде емес, тілдесім ретінде де зерттелуінің тереңдеуімен, кеңеюімен байланысты.

Қазақ тіл білімінде жалпы стилистиканың және нақты функционалды стильдердің зерттелуі А.Байтұрсынұлының еңбектерінен басталады, одан соң Қ.Жұбановтың, С.Аманжоловтың, Н.Сауранбаевтың, Т.Қордабаевтың, І.Кеңесбаевтың, Ә.Қайдаровтың, Р.Сыздықованың, Б.Әбілқасымовтың, Н.Уәлиевтің, Ш.Мәжітаеваның еңбектерінде жалғасын тапқан.

Зерттеудің бірінші бөлімінің үшінші тармағында ғылыми стильдің негізгі үш подстилін атап (нақ ғылыми; ғылыми-оқыту; ғылыми-көпшіліктік), олардың қысқаша сипаттамасын бердік. Жоғарыда аталған үш подстиль қазіргі стилистика ғылымына арналған еңбектердің (оқулықтар, диссертациялар, монографиялар) барлығында орын алған. Бірақ бүгінде жалпы тіл білімі стилистикасында ғылыми стильдің құрамына тағы да бес подстильді енгізеді (Қараңыз: Колесникова, 2003, 264-б.). Сонымен, Н.И. Колесникова және басқалар ғылыми стильде үш емес, сегіз подстиль анықтайды.

Осы мәселені біз А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтіндері негізінде талқылап, қайсысы Ахаңның ғылыми шығармашылығынан орын алған, қайсысы орын алмағанын, оның себептерін анықтамақпыз.

Жалпы функционалды стильдерді және жеке ғылыми стильді зерттеудің қалыптасқан дәстүрі бойынша, басым көпшілік университет, педагогикалық институт оқулықтарында ғылыми стильдің үш подстилін көрсетеді.

7-кесте

Ғылыми стильдің үш подстилі (дәстүрлі көзқарас)



А.Байтұрсынұлының тілтанымдық ғылыми мұрасын ғылыми стильдің үш түрлі подстилі негізінде талдасақ, Ахаңның ғылыми стилі қазіргі заман стилистикасының *ғылыми стиль* ұғымының дәстүрлі көзқарасына толық сәйкес болады. Енді осы тұжырымды нақты мысалдармен дәлелдейік:

1. **Нақ ғылыми подстиль**. А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтіндерінің ішінде нақ ғылыми подстиль талаптарына жауап беретін арнайы мәтіндер көп (әсіресе, ғылыми-оқыту подстиліне арналған еңбектеріндегі нақ ғылыми үзінділер).

Әдебиетаным мәселелеріне арналған шығармаларының ішінде нақ ғылыми подстиль талаптарына толық жауап беретіндері көп. Мысалы: «Әдебиет танытқыш» (А.Байтұрсынұлы, 1926; 1989. – 137-304-бб.). Тілтаным мәселелеріне арналған еңбектердің ішінде де нақ ғылыми подстильдің шарттарына толық жауап беретін еңбектер, еңбектердің үзінділері көп. Мысалы: «Қазақ тіліндегі дыбыстар һәм олардың жазу белгілері» («Баяншы» кітабының тармағы) (А.Байтұрсынұлы, 1920; 1992. – 324-329-бб.); Бірінші Бүкілодақтық түркологиялық құрылтайдағы баяндамасы (А.Байтұрсынұлы, 1926; 1992. – 417-425-бб.). Бұл баяндама орыс тілдінде жасалған, бірақ тақырып қазақ, жалпы түрік халықтарының жазуына арналған, сондықтан бұл еңбекті де қазақ тілінің нақ ғылыми подстилінің

қалыптасуына үлкен әсері болған ғылыми дүние ретінде осы тізімге қостық. Бұл еңбектің тағы бір үлкен мәні бар: еңбек А.Байтұрсынұлының орыс тілі ғылыми стилін биік деңгейде игергендігінің нақты дәлелі; «Тіл қисыны» (А.Байтұрсынұлы, 1926; 1989, 148-150-бб.); «Сөз өнерінің ғылымы» (А.Байтұрсынұлы, 1926; 1989. – 147-148-бб.). Нақ ғылыми подстильдің түріне А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» атты еңбегін жатқызуға болады, себебі еңбекте әдебиет теориясының негізгі ұғымдары, олардың атаулары (терминдері), ішкі құрылымы мен сипаты, ғылыми тұжырымдар т.б. нақ ғылыми подстильге тән ерекшеліктер орын алған (А.Байтұрсынұлы, 1926; 1989. – 137-304-бб.).

2. Ғылыми-оқыту (оқыту-ғылыми, ғылыми-әдістемелік) подстиль.

А.Байтұрсынұлы ғылыми мұрасының басым көпшілігі – ғылыми-оқыту подстиліне жатады, себебі ол еңбектердің негізгі мақсаты – балаға білім беру, яғни тіл материалын оқу процесіне енгізу үшін жазылған дүниелер. Мысалы: «Тіл – құрал» (А.Байтұрсынұлы, 1914; 1992. – 141-171-бб.); «Әліп-би» (А.Байтұрсынұлы, 1928; 1992.- 33-47-бб.), т.б. Осы және басқа еңбектердің ғылыми стильдің ғылыми-оқыту подстиліне жататындықтарының дәлелі – олардың төмендегі ерекшеліктерінде:

1) балаларға тілді үйрету мәселелесіне арналған, яғни еңбектің шығу тегі, мақсаты, ғылыми білімді үйретуді көздейді;

2) шығарма мәтінінің құрамындағы тіл бірліктерінің қолданылуы әдістемелік ұстанымға негізделген (жаңа ғылыми хабар берумен қатар сол жаңа ғылыми хабарды, деректі балаға жеткізу үшін ғылыми-әдістемелік ізденістер жасалған және соның қорытындысы сынау, ереже, жаттығу ретінде берілген);

3) мәтінде түсіндірмелер, анықтамалар, нақты мысалдар, жазу үлгілері т.б. басым;

4) мәтіндердің қисыны – жеңілден қиынға, белгілі деректен белгісіз дерекке, нақты ұғымнан жалпылама ұғымға, ... ұстанымдарына бағынған;

5) жаттығулардың, тапсырмалардың құрамында балалардың өз бетімен жұмыс істеуіне арналғандары көп кездеседі т.б.

Сонымен, А.Байтұрсынұлының стилистикалық мұрасында ғылыми стильдің ғылыми-оқыту подстиліне жататын шығармалар басым, себебі заман ағартушылық, білім беру, білім беруді жүйелендіру, оқу материалдарын дамыту мәселелерін шешуді талап еткен еді.

3. Ғылыми-көпшіліктік подстиль.

А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасында ғылыми стильдің ғылыми-көпшіліктік подстиліне жататын шығармалар көп (мақалалар, очерктер). Ахаңның ағартушылыққа, білім беруге арналған еңбектерінің біразы – ғылыми дискуссияға қатынасқанның нәтижесінде пайда болған мақалалар мен очерктер. Көп жағдайда олардың ғылыми-көпшіліктік подстильдің стильдік реңкі бар, себебі ол еңбектердің негізгі мақсаты – негізгі коммуникативтік қызметті, жалпы ғылымды, ғылым жаңалықтарын, оқыту әдістемесін қоғамға, яғни ғылыммен шұғылданбайтын көпшілікке түсінікті түрде жеткізу, сол көпшілікті бала оқытуға, білім алуға әрекеттендіру. Мысалы: «Қазақша сөз жазушыларға» (А.Байтұрсынұлы, 1913; 1992. – 395-399-бб.; «Бастауыш мектеп» (А.Байтұрсынұлы, 1914; 1996. – 55-58-бб.) т.б.

Ғылыми-көпшіліктік подстиль жалпы қоғамға, көпшілікке арналғанымен, оның үш түрлі оқырманы болады, яғни бұл подстиль үш тармақтан құралады. Олар:

а) білім беру саласынан басқа салада қызмет ететін мамандарға арналған ғылыми-көпшіліктік әдебиет;

ә) жалпы оқырманға арналған ғылыми-көпшіліктік әдебиет;

б) мектеп оқушысына арналған ғылыми-көпшіліктік әдебиет.

А.Байтұрсынұлы шығармаларының осы подстильге жататындарының басым көпшілігі жалпы оқырманға арналған. Оның негізгі себебі – XX ғасырдың басында қазақ қоғамының білімге, ғылымға деген көңілін көтеру, ашу, міндеттендіру еді. Екінші орында білім беру саласынан басқа салада қызмет ететін мамандарға арналған ғылыми-көпшіліктік әдебиет тұрады. Ғылыми-көпшіліктік подстильдің осы түріне жататын еңбектерінің (көбінесе мақалалар) негізгі мақсаты – білімді мамандарды (тілші, дәрігер, әскери қызметкер, дін қызметкері т.б.) жалпы ағартушылық мектепті көбейту жұмыстарына қатынасуға шақыру еді.

А.Байтұрсынұлының стилистикалық мұрасы стильдік талаптарға сай болуы жағынан, қазіргі дәстүрлі функционалды стильдер потенциясының үш подстильдерінің шарттарына толық сәйкес келеді, яғни XX ғасырдың басында А.Байтұрсынұлының жасаған қазақ тілі ғылыми стилі бір ғасырға жуық уақыт өмір сүріп келеді, қазіргі жалпы тіл білімінің стильдік сипаттамаларына жауап береді, қазіргі қазақ тілі ғылыми стилінің негізгі ұйытқысы болып табылады.

Жоғарыда (1.3) Ахаңның ғылыми мұрасын бірінші концепция негізінде талқыладық. Енді Ахаңның ғылыми мұрасын екінші копцепция негізінде талдамақпыз. Екінші көзқарас бойынша, ғылыми стиль сегіз түрлі подстильден тұрады. Бұл – жаңа көзқарас, сондықтан көп оқулықтарға, оқу құралдарына әлі ене қойған жоқ. Бұл концепцияның да ғылыми негізі терең және дәлелді.

8-кесте

Ғылыми стильдің сегіз подстилі
(дәстүрлі емес, жаңаша көзқарас)



А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтіндерін осы сегіз подстиль негізінде талқылау жасап төмендегідей қорытындылар, тұжырымдар жасауға болады:

1. А.Байтұрсынұлының ғылыми-стилистикалық мұрасында осы сегіз подстильдің жетеуінің талаптарына жауап беретін еңбектер бар. Бірақ Ахаң ғылыми еңбектерін дүниеге келтірген кезде бұл классификация әлі болмаған еді, сондықтан ол

шығармаларын осы сегіз подстильге әдейілеп бейімдеген емес. Бұл – ғылымның, тіл материалының объективті табиғи болмыс екенінің тағы да бір дәлелі.

2. А.Байтұрсынұлы ғылыми шығармаларының біразы бірден екі-үш подстильге де жатуы мүмкін. Оған дәлел – сол еңбектердің жанрлық, тілдік, тілдесімдік ерекшеліктері, мақсаты, кімге (қайсы әлеуметтік саланың адамдарына) арналғандығына байланысты. Мысалы: а) «Әдебиет танытқыш» еңбегінің стильдік ерекшеліктерін талдау барысында еңбекте ғылыми стильдің бес подстиліне жататын стильдік белгілердің барын анықтадық, яғни бұл еңбек алдымен нақ ғылыми подстильге жатады. Сонымен қатар осы шығарманың ірі-ірі үзінділерін ғылыми-ақпараттық, ғылыми-ресми, ғылыми-анықтамалық подстильдеріне жатқызуға да болады. Бұл еңбектің құрамында ғылыми стильдің ғылыми-оқыту подстиліне жататын көрсеткіштер де жиі кездеседі. Сонымен, Ахаңның бір ғылыми еңбегінде бес подстильдің ерекшеліктері қамтылған (функционалды стиль теориясының қазіргі деңгейіне сүйенетін болсақ), біздің ойымызша, бұл – XX ғасырдың басындағы ғылыми стильдің қалыптасу деңгейінің ерекшеліктерін толық сипаттайды (Бір ғылыми шығармада бірнеше подстиль ерекшеліктерінің болуы сол кездегі орыс ғылыми стилінде де жиі кездеседі).

3. А.Байтұрсынұлының көпшілікке арналған ғылыми мақалаларын, очерктерін ғылыми-көпшіліктік те, ғылыми-публицистикалық та подстильдерге жатқызуға болады. (Мысалы: «Қазақша сөз жазушыларға»; «Бастауыш мектеп» т.б.). Бұл осы екі ғылыми подстильдің XX ғасырдың басында бөлек-бөлек арнайы мәтіндер қоры ретінде әлі толық қалыптаспағандығын білдіреді.

4. А.Байтұрсынұлының ғылыми еңбектерінің ішінде тікелей ғылыми-ақпараттық және ғылыми-анықтама подстильдеріне жататын мәтіндер бар. Олар – Ахаң жазған аннотациялар, сөздіктер т.б.

5. А.Байтұрсынұлы ғылыми мұрасында ғылыми, стильдің жоғарыда аталған сегіз подстилінің ішінен тек ғылыми-фантастикалық подстильге жататын мәтін таба алмадық. Оның себептері көп: біріншіден, қазақ ғылымында XX ғасырдың басында да, бірінші ширегінде де ғылыми-фантастикалық шығарма жазу әлі қолға алынбаған еді; екіншіден, қазақ тілтанымы, әдебиеттанымы, әдістеме

салаларына арнап ғылыми-фантастикалық шығарма жазу өте қиын. Ол кезде тіпті орыс тіл білімінде де, ағылшын тіл білімінде де, неміс тіл білімінде де, ... ондай шығармалар әлі дүниеге келмеген еді.

Ахаңның ғылыми мұрасының мәтіндерін қазіргі тілтаным стилистикасының негізгі ұғымдарының бірі – функционалды стиль ұғымының екі түрлі концепциясы негізінде талқылаудың нәтижесі қазақ тілі стилистикасының жаратылу негіздерінің өте ғылыми, өте нақ екенін дәлелдейді.

Функционалды стиль мен оның подстильдерінің негізгі қоры - мәтін түрлері, яғни жанрлар. Әр подстильдің өзіне тән жанрлық ерекшеліктері болады; әр жанрдың да (мәтін түрінің) өзіне тән ерекшеліктері болады. Ғылыми стильдің екі топтан құралған жанрлар жиынтығы болады: жазба түрдегі ғылыми жанрлар, ауызша түрдегі ғылыми жанрлар.

Ауызша түрдегі ғылыми жанрлардың құрамына баяндама, лекция, рефератывтік хабар (жариялау), ғылыми дискуссия жатады. Ғылыми стильдің бұл жанрлары А.Байтұрсынұлының шығармашылығынан үлкен орын алған. Ахаң ғылыми жиналыстарда баяндама жасаған (мысалы, 1926 жылғы Бүкілодақтық түркішілер құрылтайында), жоғарғы оқу орындарында дәріс берген (лекция оқиған, семинар жұмыстарын жүргізген), ғылыми дискуссияларға қатысып, сөз сөйлеген. Ғылыми стильдің ауызша түрдегі осы төрт жанрының екеуі – баяндама, ғылыми дискуссия Ахаңның ғылыми мұрасында жазба түрде де сақталған. А.Байтұрсынұлы ауызша жасаған баяндамаларын, ғылыми дискуссиялар барысында сөйлеген сөздерін кейіннен мақала ретінде журнал, газет беттерінде жариялаған, ал кейбіреулері конференциялардың, құрылтайлардың стенографиялық есептерінде сақталған. А.Байтұрсынұлының соңғы 15 жылда баспадан шыққан ғылыми мұрасында біз екі жанрдың нұсқаларын кездестірмедік. Олар – лекция, рефератывтік хабар. Мұның негізгі себептері: а) лекцияның да, рефератывтік хабардың да тек ауызша орындалатындығынан болса керек; ә) XX ғасырдың бірінші ширегінде лекциялардың, рефератывтік хабарлардың оқулық, оқу құралы ретінде басылып шығу дәстүрі әлі қалыптаспағандықтан болса керек. Бірақ Ахаңның лекцияларының мәтіндерін, лекция жоспарларын қазір де іздеп табуға болады

(әсіресе, сол кездегі Ташкентте орналасқан Қазақ тәлім-тәрбие институтының, Орынбор, Алматы, Қызылорда педагогикалық университеттерінің мұрағаттарынан). Біздің ойымызша, бұл – арнайы ізденістер жүргізуді талап ететін ғылыми, тарихи маңызы бөлек мәселе.

Ғылыми стильдің жазба түрдегі жанрларына төмендегі мәтін түрлері жатады:

1) нақ ғылыми подстиль: монография, диссертация, мақала, баяндама тезистері т.б.;

2) ғылыми-оқыту подстиль: оқулық, оқу құралы, әдістемелік құрал, конспект, оқу рефераты т.б.;

3) ғылыми-көпшіліктік подстиль: очерк, ғылыми интервью, мақала т.б.;

4) ғылыми-публицистикалық подстиль: мақала, очерк, ғылыми интервью т.б.;

5) ғылыми-ресми подстиль: ғылыми бұйрық, ғылыми шешім, ғылыми нұсқау, ғылыми ережелер, ғылыми низам, ғылыми жарғы (устав) т.б.;

6) ғылыми-анықтама подстиль: сөздік, каталог, ғылыми есеп;

7) ғылыми-ақпараттық подстиль: аннотация, библиографиялық реферат т.б.;

8) ғылыми-фантастикалық подстиль: мақала, очерк, ... т.б.

Ғылыми стильдің осы сегіз подстиліне жататын мәтін түрлерінің (жанрларының) барлығын Ахаңның ғылыми мұрасынан іздеу әділдікке жатпайды. Себебі:

1. Кейбір подстильдер соңғы 15-20 жыл аралығында қалыптасты;

2. Ахаң ғылыми ізденістерін жүргізген кезде қазіргі жалпы тіл білімінің стилистикасында өзекті орын алатын ғылыми мәтін жанрларының біразы әлі дүниеге келмеген, ал кейбіреулерінің қалыптасуы енді шырамытылып келе жатқан еді. Сондықтан А.Байтұрсынұлы ғылыми мәтіндерінің жанрлық саны бүгінгі функционалдық ғылыми стиль ішінде қалыптасқан мәтіндердің жанрлық санынан аз. Бірақ бұл – Ахаңның стилистикалық мұрасының мәні мен маңызын төмендетпейді, себебі ол ғылыми стиль

мәтіндерінің жанрлары заманның талаптарына, жалпы стилистика ғылымының талаптарына сай қалыптастырылған.

А.Байтұрсынұлы жасаған қазақ тілі ғылыми стилінің жазба жанрларының сипатын әр подстильге байланысты сипаттамақпыз:

1. Нақ ғылыми подстиль жанрлары.

А.Байтұрсынұлы ғылыми мұрасынан орын алған жанрлар: мақала, баяндама тезистері. Жоқ жанрлар – монография, диссертация. Диссертация жанрының жоқтығы, бәрімізге мәлім, Ахаң – диссертация қорғамаған ғалым. Монография жанрының жоқтығы да түсінікті. Ахаң ғылыми еңбектерін бала оқыту, ағартушылық, яғни білім беру салаларына бағыттаған. Бірақ, біздің ойымызша, Ахаңның ғылыми мұрасында мағынасы бойынша монография талаптарына жауап беретін ғылыми шығармалар кездесетін сияқты (мысалы, «Әдебиет танытқыш» еңбегі). Сондықтан осы еңбекті ғылыми стильдің подстильдерін талқылағанда, монография жанрына жатқыздық. Бірақ ғылыми еңбектің титулында «монография» деген атау болмағандықтан, жанрлар анализін жасағанымызда, Ахаңның ғылыми шығармашылығында монография жанрындағы ғылыми еңбек аталмаған деп тұжырымдаймыз.

2. Ғылыми-оқыту подстиль жанрлары.

А.Байтұрсынұлы ғылыми мұрасында ғылыми стильдің осы подстиліне жататын жанрлар саны да, еңбектер саны да көп (оқулық, оқу құралы, әдістемелік құрал). Осы жанрлардың талабына сай жазылған еңбектер қатарында әдістемелік қана емес, нақ ғылыми да мәселелер қаралған. Сол мәселердің ғылыми шешімі де, әдістемелік шешімі де жасалған. Мысалы: оқулық жанры – «Тіл – құрал»; оқу құралы жанры – «Қазақша алифба»; әдістемелік құрал жанры – «Баяншы» т.б.

А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасында ғылыми-оқыту подстиліне жататын жанрлардың ішінен *конспект* және *оқу рефераты* жанрларында жазылған шығармаларды кездестірмедік. Бұл жағдайды да, біздің пікірімізше, заман талаптарымен түсіндіруге болады:

а) XX ғасырдың басындағы негізгі мақсат – әліпби, оқулық, оқу құрал, әдістемелік құрал жасау еді;

ә) конспект, оқу рефераты жанрларында жасалған мәтіндер жоғарғы оқу орнының талаптарына сай, сондықтан Ахаңның шәкіртке арналған еңбектерінің құрамында мұндай шығармалар болмауы да мүмкін. Бірақ Ахаң Орынборда, Ташкентте, Қызылордада, одан соң Алматыда институтта сабақ берген, сондықтан Ахаңнан қалған мұрада конспект және оқу рефераты жанрларында жасалған шығармалар да болса керек деп ойлаймыз. Ол еңбектерді табу үшін арнайы ізденістер жасау керек (әсіресе Орынбор, Ташкент қалаларының мұрағатарында).

3. Ғылыми-көпшіліктік подстиль жанрлары.

А.Байтұрсынұлының ғылыми еңбектеріндегі ғылыми-көпшіліктік подстильге жататын жанрлар – мақала, очерк; орын алмаған (біз кездестірмеген) жанр – ғылыми интервью.

Көпшілік қауымға арналған мақала, очерк жанрларында жазылған ғылыми еңбектер Ахаң шығармашылығында үлкен орын алады.

Ғылыми интервью жанрындағы еңбектердің кездеспегенін бұл жанрдың жақын уақытта қалыптасқандығымен түсіндіруге болады. Сондықтан XX ғасырдың бірінші ширегіндегі Ахаңның ғылыми шығармашылығында ғылыми интервью жанрында жазылған еңбектердің дүниеге келуі мүмкін емес шығар деп ойлаймыз.

4. Ғылыми-публицистикалық подстиль жанрлары.

Бұл подстильдің жанрлары да – мақала, очерк, ғылыми интервью. А.Байтұрсынұлы ғылыми мұрасында ғылыми-публицистикалық мақала, очерк жиі кездеседі, бірақ осы шығармалар, біздің көзқарасымыз бойынша, әрі ғылыми-көпшіліктік, әрі ғылыми-публицистикалық подстильдерге жатады, себебі А.Байтұрсынұлы еңбек еткен заманда бұл екі подстиль әлі дифференциация болмаған еді.

Ғылыми интервью жанры, жоғарыда айтылғандай, Ахаңның ғылыми стилінен орын алмаған.

5. Ғылыми-ресми подстилінің жанрлары (бұйрық, шешім, нұсқау, ереже, низам, жарғы, ...).

Осы жанрлар нұсқасында жазылған шығармаларды А.Байтұрсынұлының соңғы жылдары жарияланған ғылыми-стилистикалық мұрасынан кездестірмедік. Бірақ осы жанрлардың бірнешеуі Ахаңның шығармашылығында орын алған болуы керек, себебі ол бірнеше жыл ғылымды, оқыту жүйесін басқарды, сондықтан ғылым, білім, оқу процесі жайындағы бұйрықтары, ережелері, нұсқаулары, ... болған, жарық көрген. Бұл мәселе де арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізуді талап етеді. А.Байтұрсынұлының осы подстильдің жанрларына бейімдеп жасаған еңбектері Ахаңның тек ғылыми стилінің емес, ресми стилінің де құрамынан табылуы мүмкін.

6. Ғылыми-анықтама подстиль жанрлары (сөздік, каталог, ғылыми есептеме, ...).

А.Байтұрсынұлының еңбектерінің арасында мақал-мәтелдер жинағы (сөздігі) т.б. кездеседі. Біз кездестірмеген жанрлар – каталог, ғылыми есептеме. Бірақ осы екі жанр нұсқасында жазылған шығармалар Ахаңның ғылыми мұрасында жоқ деуден аулақпыз. Оның өзіндік себептері де бар:

а) А.Байтұрсынұлы – ғылыми, ғылыми-әдістемелік әдебиетпен көп жұмыс істеген ғалым, сондықтан каталог жасамауы мүмкін емес. Ол каталог (каталогтар) өзіне де, мұғалімдер қауымына да қажет болған. Бұл мәселенің де тарихи объективті шешілуі үшін мұрағаттарда зерттеу жұмыстарын жүргізуді қажет етеді;

ә) А.Байтұрсынұлы – мұғалім ретінде, ғалым ретінде, оқулықтардың авторы ретінде, басқарушы ретінде бір рет емес, көп рет ғылыми есеп берген адам, бірақ осындай ғылыми құжаттар табылмады я табылса да, әлі жарияланбады, я арнайы іздестірілмеді. Біздің ойымыз бойынша, Ахаңның ғылыми есептемелері мұрағаттарда жатыр. Оларды тауып жариялау – қазіргі ғалымдардың әрі қарызы, әрі парызы.

7. Ғылыми-ақпараттық подстиль жанрлары.

Бұл подстильге аннотация, библиографиялық реферат жанрлары жатады. А.Байтұрсынұлының ғылыми шығармашылығында аннотация жазу, біздің ойымызша, үлкен орын алған, себебі әр оқулықтың, әр оқу құралының қысқаша мазмұнын аннотация жанрында жазу – автордың міндеті. Қазіргі ғалымдардың мақсаты – осы аннотацияларды сол кездегі баспалардың, тағы басқа мекемелердің мұрағаттарынан тауып, анализ жасап, жарыққа шығару. Библиографиялық реферат жанрына жататын еңбек ретінде А.Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» атты еңбегін атауға болады (А.Байтұрсынұлы, 1913; 1991. – 216-222-бб.).

8. Ғылыми-фантастикалық подстилі жанрлары (мақала, очерк, ...).

А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасында ғылыми-фантастикалық подстилінің жанрларында жазылған еңбекті кездестірмедік. Мұның себептерін еңбектің осы тармағында стиль және подстиль мәселелеріне байланысты айтып өттік.

Сонымен, ғылыми стильдің подстильдерін құрайтын жазба жанрлардың біразы А.Байтұрсынұлының ғылыми шығармашылығынан орын алған. Ахаңның стилистикалық мұрасынан орын алмаған жанрлар я XX ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан, я сол кезде (XX ғасырдың бірінші ширегінде) қазақ қоғамының алдында сондай ғылыми жанрлар негізінде шығарма жазу мұқтаждығы болмаған.

Ғылыми стильдің лингвистикалық ерекшеліктері тілдің барлық иерархиялық салаларымен (фонетикамен, лексикамен, сөзжасаммен, морфологиямен, синтаксиспен) байланысты. Тілдік ерекшеліктер бір функционалды стильді басқа функционалды стильдерден бөліп, ерекшелендіріп тұрады. Әр функционалды стиль подстильдерінің де тілдік ерекшеліктері болады, сол ерекшеліктер подстильдің мәтіндер жиынтығы (жанрлар жиынтығы) болуына қызмет етеді.

Енді функционалды стильдің лингвистикалық ерекшеліктерін ғылыми стильдің лексикалық ерекшеліктері негізінде қысқа талдамақпыз. Лексика материалының негізінде талдауымыздың себебі – лексика әр стильдің, әр ғалымның стилінің негізгі көрсеткіші, яғни мағына ең алдымен сөзде болады.

Ғылыми стильдің құрамында алты түрлі лексикалық бірлік қолданылады:

1) жалпы қолданыстағы сөздер. Мысалы: *кітап, адам, мектеп, өмір;*

2) термин сөздер (терминдер). Бұл топтағы сөздер үшке бөлінеді:

а) ғылымаралық (ілімаралық) терминдер. Мысалы: *интерферен-ция* (физикада, биологияда, медицина, тілтанымда); *морфология* (тілтанымда, медицинада);

ә) жалпы ғылыми терминдер. Мысалы, *логика, лингвистика, инвариант, вариант;*

б) салалық ғылыми терминдер. Мысалы: *фонема, ырғақ, буын;*

3) бейкәсіпқой (салалық емес, жалпы) ғылыми сөздер. Мысалы: *сала, салалық, білім, ғылым.*

Ғылыми стильдің жеке мәтінінің құрамында осындай үш түрлі сөздер (ғылыми терминдер) болуы мүмкін. Бірақ көп жағдайда ғылыми мәтіннің құрамында үш түрлі ғылыми терминдердің болуы міндет емес.

Енді А.Байтұрсынұлының «Түркішілер құрылтайы» атты мақаласының үзіндісін ғылыми стильдің лексикалық талаптарына байланысты талдамақпыз. Бұл шағын ғылыми еңбек (А.Байтұрсынұлы, 1926; 1992, 411-416-бб.) ғылыми-есептеме, ғылыми-ақпараттық, ғылыми-көпшіліктік подстиль талаптарына сай жазылған.

Мәтіннің үзіндісі 1926-жылғы басылымнан алынды.

«Осы құрылтайда айтылған пән пәтуаларынша ең жақсы емле де, ең жақсы әліп-би де біздікі болып шықты ....

Қарыптан[1] соңғы жасалған баяндамалар талқыға түсіп сөз болмастан комиссияға жіберіле берді. Ана тілін оқыту әдісі ғана сөз болыңқырады, басқалары тіпті айтыс ашылмастан комиссияға кетіп отырды. Ана тілін оқыту әдісі туралы баяндама жасаған Щерба профессордың айтқан сөзінің қысқаша мазмұны мынау болды: осы кезде ана тілін оқытуға қолданатын әдіс мынау: дыбыс негізді әдіс, тұтас негізді әдіс (Америка әдісі дейтін). Қай әдісті қолдану қолайлы

[1] Сөздердің орфографиясының нұсқасы, тыныс белгілерінің қойылуы А.Байтұрсынұлының қолжазбасындағыдай беріліп тұр. «Тіл тағылымы» кітабы негізінде.

болуы емле жүйесіне қарай: дыбыс жүйелі емлені қолданушыларға дыбыс негізді әдіспен оқыту оңай, тарық жүйелі емлені қолданушыларға тұтас тұлғалы әдіспен оқыту оңай. Тұтас тұлғалы әдіс ағылшын емлесінің ауырлығынан туған әдіс. Ағылшын емлесі тарық жүйелі. Дыбыс негізді әдіспен ағылшын емлесін үйрену азап, қатта мүмкін де емес. Дыбыс негізді әдіс дыбыс жүйелі емлеге өте қолайлы. Емлесі дыбыс негізді жұрттар қолданған жерде үйретуге ең жеңіл, жемісі тез пісетін дыбыс негізді әдіс екені ақиқат...» (А.Байтұрсынұлы, 1926; 1992. – 415-416-бб.).

Осы ғылыми мәтін үзіндісінде жоғарыда аталған алты түрлі лексикалық бірліктер пайдаланылған. Ғылыми терминдердің қолданылуы өте орынды, өте ұғымды. Мәтіннің мағынасы түсінікті. Мәселенің қойылуы нақты, шешімі қысқа және объективті, қорытулары дәлелді.

Ғылыми мәтін үзіндісінің лексикалық ерекшеліктері ғылыми стильдің бүгінгі талаптарына да толық жауап береді.

Мәтін үзіндісінің лексикалық анализі.

1. Мәтін үзіндісінде жалпы қолданыстағы сөздер бар: *ана, тіл, оқыту.*

2.Мәтін үзіндісінде терминологиялық сөздер (ғылыми терминдер) бар:

а) ғылымаралық терминдер: *комиссия, профессор.* Біздің ойымызша, осы екі сөз XX ғасырдың бірінші ширегінде ғылымаралық (интернационалдық) термин қызметін атқарған, себебі бұл терминдер қазақ тіліндегі сөйлеушіге де, өзбек тіліндегі сөйлеушіге де, ... жаңа ұғым, кітаби стилистикалық реңк алып келген; үндіеуропа тілдерінде де, түркі тілдерінде де қолданылған (қазір де қолданылады). Бірақ қазіргі ғылымтану саласында бұл екі сөз ғылымаралық термин емес, – интерсөз, себебі детерминологизацияға ұшыраған;

ә) жалпы ғылыми терминдер: *әдіс, емле;*

б) салалық ғылыми терминдер: *дыбыс, негізгі әдіс; тұтас тұлғалы әдіс; дыбыс жүйелі емле; тарық жүйелі емле.* Бұлар – графикаға, орфографияға, фонологияға жататын, тілтаным ғылымының нақты бір ірі саласында қолданылатын терминдер.

3. Бейкәсіпқой (салалық емес, жалпы) ғылыми сөздер: *пән, баяндама.*

Сонымен, талқыланған ғылыми мәтіннің үзіндісінде ғылыми стильде қолданылатын алты түрлі лексикалық бірлік (сөздер, терминдер) орын алған.

Ғылыми стильдің бүгіндегі ең үлкен ерекшеліктерінің бірі – жат тілдерден енген интернационалдық терминдерді, сөздерді пайдалану. А.Байтұрсынұлының жоғарыда талданған ғылыми мәтінінде ондай термин сөздер де бар (*комиссия, профессор*). А.Байтұрсынұлы жат тілдерден (араб, парсы, орыс, латын, көне грек т.б.) енген терминдерді, сөздерді қолдануға қарсы болғанымен, олардың тілдесімдік қажеттілігі туып тұрған кезде пайдаланудан қашпаған (яғни бұл мәселеде Ахаң түбегейлі қарсы болмаған).

Ғылыми стиль мәтінінің барлық жанрларының тағы бір басты ерекшелігі – терминдердің бірнеше рет қайталанып қолданылуы, яғни ғылыми тавтология – ғылыми стильдің нормасы. Талқыланған ғылыми мәтін үзіндісінде ғылыми терминдердің қолданылу жиілігінің сипаттамасы төмендегідей:

Емле – 9 (тоғыз) рет қолданылған (жеке және терминдер тіркесі құрамында).

Әдіс – 11 (он бір) рет қолданылған (жеке және терминдер тіркесі құрамында).

Дыбыс негізді әдіс – 4 (төрт) рет қолданылған.

Тұтас тұлғалы әдіс – 3 (үш) рет қолданылған.

Дыбыс жүйелі емле – 3 (үш) рет қолданылған.

Тариқ[2] *жүйелі емле* – 2 (екі) рет қолданылған.

Сонымен, талданған мәтін үзіндісінде ғылыми терминдердің саны көп, қолдану жиілігі жоғары.

А.Байтұрсынұлы қолданған осындай терминдер тіркестері атайтын ұғымдардың қазіргі қазақ тіл біліміндегі маркерленуі өзгерген, бірақ ол терминжасамдық өзгерістер ұғымдардың ұғымдық қасиетіне ықпал етпеді: ұғымдар А.Байтұрсынұлы енгізген күйінде сақталған. Мысалы:

Дыбыс негізді әдіс – фонетикалық принцип;

[2] Сөздердің орфографиялық нұсқасы А.Байтұрсынұлының қолжазбасындағыдай берілді тұр. («Тіл тағылымы» кітабы негізінде).

Тұтас тұлғалы әдіс – тарихи (дәстүрлі, традициялық) принцип;

Дыбыс жүйелі емле – фонетикалық жазу (орфография);

Тарих жүйелі емле – тарихи (дәстүрлі, традициялық) жазу (орфография).

Қазіргі қазақ тілтанымында осы күрделі тұлғалы терминдердің А.Байтұрсынұлы енгізген нұсқалары да, одан кейінгі заманда пайда болған нұсқалары да нақ ғылыми, сондықтан олардың ғылыми қолданыста болуының қажеті жойылмаған. Осы күрделі тұлғалы терминдердің ішінен сирек кездесетіні – *тұтас тұлғалы әдіс* термині.

Жоғарыда А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтінін, терминдерін талдадық. Мәтіннің негізгі бірлігі (сөзден кейін) – сөйлем. Сөйлем екі ұғымнан құралады: тема[3] (тақырып), рема[4] (жаңа хабар). Енді Ахаңның мәтіндеріндегі сөйлемдерді осы тема және рема ұғымдары негізінде талдамақпыз.

Жазба тілдесімде жаңа хабар көбінесе сөйлемнің, фразаның соңына таман орналасады. Мысалы:

1. *Жылқы – малдың патшасы.* Бұл сөйлемнің тақырыбы (тема) – *жылқы.* Сөйлемнің ремасы (жаңа хабар) – *жылқының мал патшасы екендігі.*

2. *Алматы – Қазақстаның Алмалы атты көне қаласы.* Бұл сөйлемнің тақырыбы (темасы) – *Алматы* (Қазақстанда осындай қаланың бар екенін бәріміз білеміз). Сөйлемнің ремасы (жаңа хабары) – *Алматының Алмалы атты көне қала екендігі.*

Сөйлем, фраза жаңа хабар (рема) үшін жазылады (жасалады).

Ғылыми мәтіндегі сөйлемнің, фразаның мағыналық құрамындағы тема мен рема (тақырып пен жаңа хабар) маңызы өте биік болады, себебі ғылыми мәтін мен оның бірліктері әр кез тақырыпқа байланысты жаңа хабарды қоғамға, мамандарға жеткізу керек.

Енді А.Байтұрсынұлы ғылыми мәтіндерінен бірнеше сөйлемді тема және рема негізінде талқылайық.

1. «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры. Жұмсайтын қаруының бірі» (А.Байтұрсынұлы, 1914, 1992. – 141-б.).

[3] Тема: грек. thema – хабарлаудың, суреттеудің, зерттеудің негізі (тақырыбы, пәні). Сөйлемнің, жалпы айтылым мағынасының екі компонентінің біріншісі – тақырыбы.

[4] Рема: грек. rhema – сөз, нақыл. Сөйлемнің, жалпы айтылым мағынасының екі компонентінің екіншісі – жаңа хабарды жеткізетіні.

Тақырып (тема): *тіл* (әр халықтың өзіне тән тілі бар екенін бәріміз білеміз). Жаңа хабар (рема): тіл – *адамның адамдық белгісінің зоры, адамның қаруы* (яғни тіл жеке адамның, қоғамның өмір сүру барысындағы ең негізгі қарым-қатынас құралы).

2. «Сөйлем ішіндегі сөздер сөйлем мүшелері деп аталады» (А.Байтұрсынұлы, 1925; 1992.- 264-б.).

Тақырып (тема) – *сөйлем*. (Сөйлеу үшін сөйлем құрастыру керек екенін бәріміз білеміз).

Жаңа хабар (рема): *сөйлем құрамындағы сөздердің сөйлем мүшелері деп аталуы*.

3. «Сөйлем мүшелері тұрлаулы, тұрлаусыз болып екіге бөлінеді» (А.Байтұрсынұлы, 1925; 1992. – 265 -б.).

Тақырып (тема): *сөйлем мүшелері* (сөйлем құрамындағы сөздердің сөйлем мүшелері екендігі бәрімізге мәлім).

Жаңа хабар (рема): *сөйлем мүшелерінің тұрлаулы, тұрлаусыз болуы және солай аталуы*.

Сонымен, А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтініндегі сөйлемдердің мағыналық құрамы міндетті түрде екі компоненттен тұрады: тема (тақырып), рема (жаңа хабар), яғни Ахаңның ғылыми мәтіндерінің жаңа ұғымды, жаңа білімді хабарлауы жоғарғы деңгейде жасалған. Сондықтан жаңа ғылыми ұғымдардың, ғылыми әдістемелік зерттеу нәтижелерінің ғылыми қызметке, мектептегі оқыту жүйесіне енгізілуі нық, тез және дәлелді болған.

Ғылыми білімінің жазба ғылыми мәтін құрамында қалыптасатын кезеңдері болады. Ол кезеңдер беске бөлінеді:

1. Проблемалық ситуация (мәселенің қажеттілігі).
2. Пікір.
3. Болжам (гипотеза).
4. Дәлел.
5. Қорытынды.

Ғылыми білімнің қалыптасуының осындай бес кезеңінің әр ғылыми мәтінде болуы міндет. Осы күрделі мәселенің А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтіндерінде орын алған-алмағандығын Ахаңның «Араб әліпбиін жақтаған баяндамасы» атты шығармасының материалы негізінде қарастырмақпыз. Бұл ғылыми еңбектің мәтінін «Ақ жол» кітабынан алып отырмыз (А.Байтұрсынұлы, 1927; 1991, 133-135-бб.). «Ақ жол» кітабын құрастырушылар бұл еңбектің алғашқы 1927 жылы Қызылордада басылып шыққан «Әліппе айтысы» кітабынан алған.

А.Байтұрсынұлының «Араб әліпбиін жақтаған баяндамасы» атты шығармасындағы ғылыми білімнің жазба ғылыми мәтін құрамында қалыптасу кезеңдерінің анализі:

1. *Проблемалық ситуация (мәселенің қажеттілігі):* алфавит, графика мәселелері.

2. *Пікір:* қазақ және басқа түркі халықтарына араб графикасы негізіндегі жазуды сақтау керек.

3. *Болжам (гипотеза):* араб графикасы негізіндегі жазуды қазақ және басқа түркі тілдерінінің дыбыс жүйесіне бейімдесе, ол ұтымды, жеңіл, сұлу болады.

4. *Дәлел:* араб графикасы негізіндегі жазу латын графикасы негізіндегі жазудан тез жазылады, оқушыны сұлулыққа үйретеді, машинкаға, типографиялық аспаптарға бейімдеу қиын емес, оңнан солға (жүрекке) қарай жазылады, сондықтан қол шаршамайды т.б.

5. *Қорытынды* бес абзацтан тұрады. Негізгі қорыту: араб графикасы негізіндегі жазу латын графикасы негізіндегі жазудан ұтымды болған соң, қазақ тілінің әліпбиі мен әліппесі өте жақсы жасалған соң, осы істі ілгері жылжыту үшін күш жұмсау керек.

Жоғарыда жасалған қысқа анализ А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтініндегі ғылыми білімінің қалыптасу кезеңдерінің қазіргі ғылыми стиль іліміндегі классикалық талаптарға сай екендігін көрсетіп тұр.

Еңбектің осы бөлімінде жасалған ізденістер А.Байтұрсынұлы ғылыми еңбектері стилистикасының қазіргі ғылыми стиль талаптарына сай екенін көрсетеді. Мысалы: *подстиль түрлері; жанр түрлері; ғылыми мәтіннің лексикалық ерекшеліктері; терминдерді қолдану жиілігі; сөйлем құрамындағы тема (тақырып), рема (жаңа хабар) ұғымдары және олардың қолданысы; ғылыми білімнің жазба ғылыми мәтіндегі қалыптасу кезеңдері* т.б.

Сонымен, А.Байтұрсынұлы – ғылыми стильді функционалды стилистиканың жеке саласы ретінде XX ғасырдың бірінші ширегінде қазақ тіл білімінде жан-жақты қалыптастырған ғалым.

3.2. А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтіні – қазақ ғылыми стилі динамикасының негізі

Жалпы тіл білімі және оның салаларының тарихында ғылымның қалыптасуы зерттеледі. Бұл стилистика ғылымының тарихына да қатысты. Ондай зерттеулер екі түрлі деңгейде жасалады:

1. Ұлттық тіл білімінің я оның жеке саласының қалыптасу тарихын зерттеу;

2. Бір ғалымның я бір топ ғалымдардың тілтанымдық еңбектеріндегі ғылыми ізденістердің тарихын зерттеу.

Тілтаным ғылымының стилистика саласына байланысты мынадай ізденістер кездеседі. (Қараңыз: Новое в зарубежной лингвистике. Лингвостилистика; Ульман, 1980; Стилистический энциклопедический словарь русского языка, 2003; Джусупов, Маркунас, Сапарова, 2006; Сапарова, 2006; Мәжітаева, 1999; Нұрмұқанов, 1994; Айтбаев, 1998; Қайдаров, 1992; Әбілқасымов, 1982, т.б.). Қазақ тілі стилистикасында ғылыми стиль ерекшеліктерінің зерттелуі жалпы стилистикалық ізденістердің, кей жағдайларда басқа функционалды стильдерге арналған ізденістердің құрамында да кездеседі (Момынова, 1998; Бүркітов, 1996; Әбілқасымов, 1982; Ерғазиева, 1972; Жанпейісов, 1968; Құрмамбаева, 2003 т.б.).

Жалпы стилистикалық мәселелер тіл нормасымен, тіл тарихымен тікелей байланысты. Бұл мәселелерді зерттегенде ғылыми стильге қатысты ізденістер де жасалады. Қазақ тіл білімінде мұндай (жалпылама) еңбектер көп. (Қараңыз: Сыздықова, 1993, 1997; Айтбаев, 1992; Балақаев, Сыздықова, Жанпейісов, 1968; Балақаев, 1984 т.б.). Мұндай ғылыми ізденістер тілтанымда диахрондық шындықты, тарихи ерекшеліктерді, жеке ғалымның сол ғылымның дамуындағы орнын, шығармашылығындағы бірден байқала бермейтін өзгешеліктерді, эволюциялық өзгерістерді анықтайды, соларды сипаттайды.

Зерттеудің осы бөлімінде А.Байтұрсынұлының қазақ тілі ғылыми стилін қалыптастырудағы қызметін талдамақпыз. А.Байтұрсынұлының ғылыми стильді қалыптастырудағы қызметін анықтау үшін Аханың 1914 жылы Орынбор қаласында жарық

көрген «Тіл – құрал» (Қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық оқулық мәтінінің мәтіні мен осы оқулықтың негізінде жасалып, 1925 жылы Ташкентте қаласында басылып шыққан «Тіл – құрал» (Дыбыс және оның түрлері). Бірінші тіл танытқыш кітап» атты оқулығының мәтінін салыстыра отырып талдадық. Бұлайша талдаудың мақсаты – А.Байтұрсынұлы ғылыми ізденістерінің әр кез даму жолында болғанын көрсету, сол арқылы ғылыми стилінің шыңдалуын көрсету. Әрине, Аханың қазақ ғылыми стилін қалыптастыруын басқа еңбектердің негізінде көрсетуге де болады (А.Байтұрсынұлы, 1989; 1991; 1996), бірақ тілтаным мәселелеріне арналған талдау қорытындысы объективті болуы үшін бір түрлі жанрдағы шығармаларды талдаған жөн және ол ғылыми еңбектер бір тақырыпқа арналғаны жөн, ол еңбектердің баспадан басылып шығуы арасында 10-15 жылдай айырмашылық болғаны дұрыс. Жоғарыда аталған екі оқулық осы шарттарға толық жауап береді.

Аханың қазақ тілі ғылыми стилін қалыптастырудағы эволюциялық өзгерістерін көрсету үшін фрагментарлы түрде осы екі еңбектен басқа еңбектердің материалын да пайдаландық. Бұл мәселені анық зерттеу үшін жоғарыда аталған екі оқулықтың мазмұнын да, құрылымын да салыстырмалы кестеде беруді жөн көрдік. Тарауларда, тармақтарда, жаттығуларда (сынаулар мен дағдыландыруларда) өзгерістер болса, кестеде ондай өзгерістер туралы жақша ішінде қысқа мәлімет беріледі я тиісті сөз ерекшеленіп (курсивпен) беріледі. Өзгерістердің мағыналық аспектісі талдау барысында анықталады, зерттеледі. Екі оқулықтың мазмұндық құрылымы мен мәтіні А.Байтұрсынұлының «Тіл тағылымы» еңбегіндегі нұсқалары негізінде салыстырылды (А.Байтұрсынұлы, 1992; 141-171-бб. – 172-198-бб.).

«Тіл – құрал». Орынбор, 1914 ж.	«Тіл – құрал». Қызылорда, 1925 ж.
1. Титул 2. Сөз басы. 3. *Сөз* мүшелері. Сөйлеу *һәм* сөйлем. 4. Сөйлем *һәм* сөз. Дағдыландыру. Сынау. 5. Сөз *һәм* буындар. Дағдыландыру. Сынау. 6. Буын *һәм* дыбыс. Сынау. 7. Қазақ *сөзіндегі* дыбыстар *һәм* олардың *харіфтері.* а) Дыбыстар дауысты, дауыссыз *һәм жарты дауысты* болады. Сынау. Сынау. Дағдыландыру. 8. а) Дауыссыз дыбыстардың *кейі* қатаң, *кейі* ұяң болады. ә) харіфтер қатаң әм ұяң деп аталады. Қатаң харіфтер. Дағдыландыру. Сынау. б) Ұяң харіфтер. Дағдыландыру. Сынау. в) Ұяң харіфтер өзара екіге бөлінеді: 1) ымыралы харіфтер; 2) ымырасыз харіфтер. Дағдыландыру.	1. Титул (Өзгерістер бар). 2. Сөз басы (Өзгерістер бар). 3. *Тіл* мүшелері. Сөйлеу *мен* сөйлем. 4. Сөйлем *мен* сөз. Дағдыландыру. Сынау. 5. Сөз *бен* буындар. Дағдыландыру. Сынау. 6. Буын *мен* дыбыс. Дағдыландыру. Сынау. 7. Қазақ *тіліндегі* дыбыстар. Олардың *таңбалары.* а) Дыбыстар дауысты, дауыссыз болады. Сынау. Сынау. ә) Жарты дауысты дыбыстар (Жеке тақырып). Дағдыландыру. Дағдыландыру. 8. а) *Қатаң дыбыстар* (Жеке тақырып). Дағдыландыру. Дағдыландыру. Сынау. ә) Ұяң дыбыстар (Бөлек тақырып). Дағдыландыру. Сынау.

(Жазу) қағидалары. 1-інші ереже. Сынау. 2-інші ереже. Сынау. 3-інші ереже. Сынау. 4-інші ереже. Сынау. 5-інші ереже. Сынау. 6-ыншы ереже. Сынау. 7-інші ереже. Сынау. 8-інші ереже. Сынау. Қ *һәм* Ғ дыбыстары (1925 жылғы оқулықта жоқ) 10. Сөз тұлғалары. 11. Сөз жазуының жалпы *ережесі.* 12. Жұрнақтар. Дағдыландыру. Дағдыландыру. Дағдыландыру. Дағдыландыру. Дағдыландыру. Дағдыландыру. Дағдыландыру. Дағдыландыру. Дағдыландыру. Дағдыландыру. Дағдыландыру. Дағдыландыру. Дағдыландыру.	б) --- в) Ымыралы дыбыстар (Жеке тақырып). Дағдыландыру. Ымырасыз дыбыстар (Жеке тақырып). Дағдыландыру. 9. ---- ---- ---- ---- ---- ---- ---- ---- ---- ---- ---- 10. Сөз тұлғалары (Өзгерістер бар: тізіммен берген.) 11. Сөз жазуының жалпы *ережелері.* Ескерту (1914 жылғы оқулықта жоқ). 12. Жұрнақтар. Ескерту (1914 жылғы оқулықта жоқ). Дағдыландыру.

Дағдыландыру.	Сынау.
Дағдыландыру.	Сынау.
Дағдыландыру.	Сынау.
Дағдыландыру.	Сынау.
13. Атауыш сөздер.	Сынау.
I. Зат есім.	Сынау.
Дағдыландыру.	Сынау.
Сынау.	Дағдыландыру.
II. Сын есім.	Сынау.
Дағдыландыру.	Сынау.
Сынау.	Сынау.
III. Сан есім.	Сынау.
----	Сынау.
Дағдыландыру.	Сынау.
Сынау.	Сынау.
IV. Есімдік.	Сынау.
Сынау.	13. Атауыш сөздер.
V. Етістік	I. Зат есім.
Дағдыландыру.	Дағдыландыру.
Сынау.	Сынау.
14. Шылау сөздер.	II. Сын есім.
I. Үстем.	Дағдыландыру.
Сынау.	Сынау.
II. Демеу.	III. Сан есім.
Сынау.	Ескерту (1914 жылғы оқулықта жоқ).
III. Жалғаулық.	Дағдыландыру.
Сынау.	Сынау.
IV. Одағай сөз.	IV. Есімдік.
Сынау.	Сынау.
15. Қорыту.	V. Етістік.
16. Тасымал.	Дағдыландыру.
Дағдыландыру.	Сынау.
17. Мұғалімдер үшін баяндама (1925 жылғы оқулықта жоқ)	14. Шылау сөздер.
	I. Үстеу.
	Сынау.

	II. Демеу.
	Сынау.
	III. Жалғаулық.
	Сынау.
	IV. Одағай сөз.
	Сынау.
	15. Қорыту
	(Өзгерістер бар: көлемі үлкен; тізіммен берілген).
	16. Тасымал.
	Сынау.
	17. ----

Сонымен, жоғарыдағы кестеде мағыналық құрылымында көзге түсетіндей өзгерістердің бар екенін байқаймыз. Өзгерістердің пайда болу себебі көп:

1. 1914 жылы Орынбор қаласында жарияланған «Тіл – құрал» – бірінші басылым;

2. 1925 жылы Қызылордада жарияланған «Тіл – құрал» – бесінші басылым;

3. Екі оқулықтың баспадан шығу аралығы 11 жылды қамтиды, яғни осы кезде оқулық жасау әдістемесі, ғылыми стильдің дамуы т.б. шыңдалды;

4. Осы 10-11 жылда қазақ тілінің әдеби нормалары, стилистикалық көрсеткіштері нық қалыптаса бастады, дамыды.

5. Екі оқулық та бір мәселеге арналғанымен (бастапқы кезеңде тілді оқыту), 1925 жылы жарық көрген оқулықтың құрамында және мазмұнында тілтанымдық, әдістемелік, логикалық өзгерістер жаңа әлеуметтік, ағартушылық талаптарға сай жасалған.

Енді осы екі оқулықтың құрылымдық және мағыналық ерекшеліктерін нақты тақырыптарға байланыстырып талдайық. 1914 жылы Орынборда басылып шыққан оқулықтың титулында былай деп жазған: *А.Байтұрсынұлы. Тіл-құрал (Қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. Орынбор – 1914.* 1925 жылы Қызылордада басылып шыққан оқулықтың титулында бұлай деп жазған: *Жер жүзінің еңбекшілері, бірігіңдер! Байтұрсын ұлы Ақымет. Тіл – құрал. Дыбыс*

жүйесі мен түрлері. 1-інші тіл танытқыш кітап. Қазақ-қырғыз білімпаздарының 1-інші тобының қаулысы бойынша өзгертіліп 5-інші басылуы. Қазақстан мемлекеттік баспақанасы. Қызыл-Орда, 1925 жыл.

Екі кітаптың титулдарындағы анықтамаларда күрделі айырмашылықтар бар. Ол айырмашылықтар негізінен кітаптың 1925 жылғы басылымында, себебі:

Біріншіден, идеологияның өзгергені анық байқалады: кітаптың титулы (1925 жылғы) Кеңес мемлекетінің пролетарлық идеологиясына бейімделген.

Екіншіден, Қазақстанның Кеңес Одағы құрамында жеке мемлекет екені көрсетілген.

Үшіншіден, оқулықтың тіл саласының қайсысына арналғаны дәл көрсетілмеген. Тілді оқыту процесінің қай деңгейіне арналғаны анықталмаған (1-інші тілтанытқыш сипат).

Төртіншіден, кітаптың нешінші басылым екендігі, кімнің, қандай қоғамның қаулысы (шешімі) бойынша өзгерістер енгізіліп басылғаны көрсетілген.

Бесіншіден, 1914 жылғы оқулықта автордың аты-жөні *А.Байтұрсынұлы* деп жазылған, 1925 жылғы оқулықта *Байтұрсынұлы Ақымет* деп жазылған, яғни қазақ аттарын жазуда ұлттық дәстүрге, қазақ менталитетіне негізделгендік орын алған.

Сонымен, осы екі оқулықтың титулында құрылымдық та, мағыналық та айырмашылықтар бар. 1925 жылы жарияланған оқулықтық титулы мұғалімге, оқушыға кітап жайында толық мағлұмат береді (*қандай кітап, неге арналған кітап, кімдер үшін жазылған кітап, қайсы мемлекетте, қайсы қалада басылып шыққан кітап, кімнің (қай ұйымның) шешімімен басылымға ұсынылған кітап* т.б.). Оқулықтың титулындағы осындай мағлұматтар жалпы тілтанымдағы және қазақ тіл біліміндегі ғылыми стильдің талаптарына жауап береді (қысқалық, анықтамалық, нормалық, біройлылық, хабардың толық күйде берілуі, сөйлем құрылымының қысқартылмауы, бейэмоциялық, бейэкспрессиялық, ойдың толық айтылуы, т.б.). Мысалы, кітап титулындағы бір сөйлемді алайық: «Қазақ-қырғыз білімпаздарының 1-інші тобының қаулысы бойынша өзгертіліп, 5-інші басылуы». Осы сөйлемде толық хабарлау бар, яғни төмендегі сұрақтарға толық жауап беріледі:

1. Кітапты кім, қандай ұйым басылымға ұсынды?

2. Қайсы ұлттың (ұлттардың) ғылыми-әдістемелік ұйымы, ол ұйымның қандай тобы?

3. Кітаптың нешінші басылымы?

Осы бір сөйлем бірнеше сұраққа толық жауап беріп тұр. Себебі А.Байтұрсынұлы аз сөзге көп мағына енгізген. Бұл – ғылыми стильдің ішкі дүниесінің ең үлкен қасиеттерінің бірі. Ғылыми стильдің осы ерекшелігін А.Байтұрсынұлы 1925 жылы баспадан шыққан оқулығының титулында толық пайдаланған. Осы оқулықтың титулындағы басқа сөйлемдер де осындай нақты мағлұматтар береді, яғни ол сөйлемдер де ғылыми стильдің талаптарына сай жасалған.

А.Байтұрсынұлының 1914 жылы баспадан шыққан оқулығының титулында да ғылыми стильдің сыртқы және ішкі ерекшеліктері сақталған. Бірақ 1925 жылы жарық көрген оқулықпен салыстырсақ, онда мұғалім мен оқушыға берілетін хабардың толық емес екені байқалады, саяси, идеологиялық бағыттың көрсетілмегені көзге түседі; кімнің, қай ғылыми-әдістемелік ұйымның кітапты баспаға ұсынғаны; кітаптың қай мемлекетте басылып шыққаны айтылмайды т.б. 1914 жылы басылып жыққан кітаптың титулы сол заманның талаптарына жауап береді, себебі ол кезде Кеңес үкіметі жоқ еді, Ресей мемлекетінің құрамында ұлттық мемлекеттік құрылымдар жоқ еді т.б. Осы оқулықтың титулындағы сөйлемдер де ғылыми стильдің қысқалық, біройлылық, нақтылық т.б. шарттарына сәйкес жасалған.

1925 жылғы оқулықтың титулындағы сөйлемдердің құрамындағы тіл бірліктерін талдасақ, қазіргі қазақ тілі стилистикасының ғылыми стилінде кітаптың титулын толтырғанда қолданылмайтын сөздер, сөз тіркестері кездеседі. Мысалы: «Қазақ-қырғыз *білімпаздарының 1-інші тобының қаулысы* бойынша өзгертіліп 5-інші басылуы». Осы сөйлемдегі *білімпаздарының, тобының, қаулысы* сөздері қазіргі қазақ ғылыми стилінің ғылыми-ресми подстилінде (кітаптың титулында) қолданылмайды. Себебі:

біріншіден, *білімпаз* сөзінің мағынасы ғылыми кеңес, ғылыми-әдістемелік кеңес сияқты ұғымдарды қамтымайды, яғни бүгінде *білімпаз* сөзінің семантикалық құрамында ғылыми ұғым жоқ;

екіншіден, *топ (тобы)* сөзі де қазіргі кезде А.Байтұрсынұлы кітаптың титулында қолданған мағынада пайдаланылмайды (*топ* – ғылыми кеңес я әдістемелік кеңес емес);

үшіншіден, *қаулы* сөзі – қазіргі қазақ тілінде жоғарғы стилистикалық реңктегі тіл бірлігі (*Президент қаулысы, Үкімет қаулысы*). Бүгінде оқулықтар қаулы негізінде емес, ғылыми-әдістемелік кеңестің шешімі негізінде басылымға ұсынылады, яғни *білімпаз топ* сөздерінің стилистикалық реңкі қазіргі қазақ әдеби тілінде төмендесе, *қаулы* сөзінің стилистикалық реңкі көтерілген (Бірақ А.Байтұрсынұлының осы сөздерді 1925 жылы басылған оқулығының титулында қолдануы орынды, себебі *білімпаз, топ, қаулы* сөздері XX ғасырдың басында сол стилистикалық реңкте, сол лексикалық мағынада қолданылған).

А.Байтұрсынұлының 1925 жылы оқулық титулына (1914 жылғы оқулық титулымен салыстырғанда) күрделі өзгерістер енгізуі Ахаңның стилистикалық дағдысының шыңдалуына, қазақ тілі стилистикасының дамуына ғана байланысты емес, полиграфиялық, мемлекеттің стандарттардың пайда болуына да байланысты, яғни А.Байтұрсынұлының және жалпы қазақ тілінің сол кездегі ғылыми стилінің дамуына лингвистикалық та, экстралингвистикалық та факторлар әсер еткен.

1925 жылғы оқулықтың титулында, қазіргі қазақ тілі оқулықтарының титулында қолданылмайтын тіл бірліктері болғанымен, 1914 жылғы оқулықтың титулымен салыстырғанда, қазақ тілі ғылыми стилінің эволюциясы кең және терең түрде беріліп тұр.

Екі оқулықтың тарау және тармақтарының атауында қазіргі қазақ әдеби тілі стилистикасының ғылыми стиль нормаларының қалыптасу көрсеткіштері жиі кездеседі. Мысалы: 1914 жылғы оқулықта Ахаң *һәм* шылауын көп қолданған. Сөйлеу *һәм* сөйлем; Сөйлем *һәм* сөз; Сөз *һәм* бұындар; Буын *һәм* дыбыс т.б. 1925 жылғы оқулықта *һәм* шылауының орнына *мен (бен/пен)* шылауы қолданылған: Сөйлеу *мен* сөйлем; Сөйлем *мен* сөз; Сөз *бен* буындар; Буын *мен* дыбыс т.б. Бұл Ахаңның тіл нормаларын, стилистика нормаларын қалыптастыруда екі мәселеге ерекше көңіл бөлгенін көрсетеді:

1. Тіл бірліктерін қолдануда кірме тіл құралдарының орнына қазақ тілінің ішкі мүмкіншілігі негізінде пайда болған тіл құралдарын қолданған. Сондықтан *һәм* кірме шылауының орнына қазақша *мен (бен/пен)* шылауын қолданған;

2. Қазақ тілі нормаларының келешегі: қай сөз, қай тіл бірлігі болашақ қазақ тілі стилистикасының, ғылыми стилінің доминантты нормасы болады. Осы мәселеде А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің стилистикасының келешегін өте жақсы болжамдаған: бүгінде қазақ тілі стилистикасының негізгі нормасы – *һәм* шылауы емес, *мен (бен/пен)* шылауы. Бұл – қазақ тілі мұғалімі мен үйренушісінің қазақи менталитетіне, ойлау қабілетіндегі тіл бірліктерінің психологиялық бейнелеріне (психобейнелеріне) *дәл* келеді, себебі қазақ индивидінің ойында сөзді сөзбен байланыстыру қызметін атқаратын тіл бірліктері – ең алдымен, *және, мен (бен/пен)*, содан соң және мәтіндерде, поэзияда *һәм* шылауы қолданылады, яғни оның қызметі шектелген.

Сонымен, қазақ тілінің жалпы стилистикасын және ғылыми стилінің прагматикалық эволюциясын А.Байтұрсынұлы тек лингвостилистикалық көзқарас негізінде емес, психолингвистикалық көзқарас негізінде де дамытқан.

1914 жылғы оқулықта мынандай тақырып бар: «Қазақ *сөзіндегі* дыбыстар *һәм* олардың *харіптері*». Осы тақырыптың құрамында бірнеше тақырыпшалар бар. Мысалы: «Дыбыстар дауысты, дауыссыз *һәм* жарты дауысты болады». Осындай тақырыптарды атауда Ахаң *һәм, харіптер* сияқты сөз бірліктерін қолданған. Қазіргі қазақ тілі ғылыми стилінде де, оның ғылыми-оқыту подстилінде де бұл тіл бірліктері қолданылмайды (я өте сирек қолданылады). 1925 жылғы оқулығында А.Байтұрсынұлы осы тақырыптардың атауларын күрделі өзгерткен. Ол өзгерістер қазіргі әдеби қазақ тілінің стилистикалық нормаларын қалыптастырған, ғылыми стильдің даму процесін жетілдірген. Мысалы: «Қазақ *тіліндегі* дыбыстар: олардың таңбалары». Осы тақырыптың құрамындағы тақырыпшаларды атауда да А.Байтұрсынұлы елеулі өзгерістер енгізген: «Дыбыстар дауысты, дауыссыз болады». Ал «Жарты дауысты дыбыстар» жайындағы мағлұматты жеке тақырып ретінде берген.

Ахаң еңдірген осындай өзгерістер тіл бірліктерінің қолдануымен ғана байланысты емес, ғылыми ұғымның нақтылануымен, тура аталуымен де байланысты. Мысалы:

1. 1914 жылғы оқулықта «Қазақ сөзіндегі дыбыстар...» деп жазылса, 1925 жылғы оқулықта «Қазақ тіліндегі дыбыстар...» түрінде жазылған, яғни А.Байтұрсынұлы *дыбыс* ұғымын жалпы тілтанымдық деңгейге көтерген, себебі дыбысты қазақ сөзінің бірлігі деп емес, жалпы тіл білімінің бірлігі деп анықтаған;

2. 1914 жылғы оқулықта «... дыбыстар һәм олардың харіфтері» десе, 1925 жылы оқулықта «... дыбыстар: Олардың таңбалары» деп берген. Бұл өзгерісте екі үлкен мән бар:

а) 1925 жылғы оқулықта *һәм, харіфтер* сөздері қолданыстан шығарылған, себебі олардың қазақша баламалары бар. Тіпті А.Байтұрсынұлы *харіф* сөзінің қазақшаға бейімделген түрін де *(әріп)* қолданбаған. Яғни ғалым қазақша ғылыми мәтінінің осы үзіндісін қазақ тілінің табиғатына толық бейімдеген;

ә) 1925 жылғы оқулықта *харіф* сөзінің орнына *таңба* сөзі қолданылған. Мұның өзіндік мәні бар: А.Байтұрсынұлы тілді *таңбалар жүйесі* деп түсіне бастаған, яғни семиотика ғылымының негіздеріне имплицитті түрде сүйене бастаған. Бұл – стилистикалық, жалпы нормативтік эволюцияны сипаттаумен қатар А.Байтұрсынұлының, жалпы қазақ тілтанымының ғылымта-нымдық эволюциясын да көрсетеді. Біздің ойымызша, *харіф* терминінің орнына *таңба* терминін қолдану қазақ тілі ғылымының, стилистикасының дамуына ерекше ықпал етті.

Қазақ тілі ғылыми стилінің дамуы осы екі еңбекте одан әрі қарай да жалғасын тапқан. 1914 жылғы оқулықта А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің дыбыстарын төмендегідей жіктейді: «Дауыссыз дыбыстардың *кейі* қатан, *кейі* ұяң болады. Соған қарай *харіфтер* де қатаң *әм* ұяң деп аталады». Осы анықтамада стилистикалық реңкі жағынан кітаби (ғылыми) стиль талаптарына толық жауап бермейтін сөздер (*кейі, әм*), сөз тіркестері (*кейі қатаң, кейі ұяң, әм ұяң*) кездеседі. *Кей, әм* сияқты тіл бірліктері -тұрмыстық қарым-қатынас (сөйлеу) стиліне тән сөздер.

1925 жылғы оқулықта Ахаң осы тақырыпты өте қысқа, өте ғылыми, өте түсінікті жіктеген: «Қатаң дыбыстар... Ұяң дыбыстар...».

Дауыссыз дыбыстардың түрлері жеке тақырып ретінде берілген. Бұл жіктеуде, бұл анықтамада, бұл түсіндіруде бейкітаби тіл бірліктері қолданылмай, я ғылыми терминдер я стилистикалық реңкі бейтарап (нейтрал) лексемалар қолданылған. Яғни 1925 жылғы оқулықта қазақ ғылыми стилінің эволюциясы нақты көрініп тұр.

1914 жылғы оқулықта А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің дыбыс қорына үйретуді әр кез графика мәселелерімен байланыстырған. Кейде фонетикалық материал емес, графикалық материал басым болып кеткен. 1925 жылғы оқулықта мұндай жағдай кездеспейді: қазақ тілінің дыбыс қоры фонетикалық және фонологиялық ұғымдар негізінде презентацияланады. 1925 жылғы оқулықта қазақ тілі стилистикасының, ғылыми стилінің, оның ішінде ғылыми-әдістемелік подстилінің дамуы ғана емес, қазақ тілі фонетикасының да дамығандығы байқалады.

Фонетика тақырыбы осы екі оқулықта бұдан әрі де жалғасады. 1914 жылғы оқулықта А.Байтұрсынұлы былай деп жазады: «Ұяң харіфтер, ... Ұяң харіфтер өзара екіге бөлінеді: 1) ымыралы харіфтер, 2) ымырасыз харіфтер...». Яғни осы оқулықта фонетика тақырыбы графикалық терминмен (*харіф*) берілген. Бүгінгі тілтаным негізінде қарастырсақ, онда тақырыптың былай аталуы фонетикаға іліміне емес, графика іліміне жатады (XX ғасырдың басында фонетикалық ұғымдарды әріп ұғымымен байланыстырып зерттеу, солай дәріс беру жиі кездесетін еді).

1925 жылғы оқулықта Ахаң осы тақырыпты төмендегідей презентациялайды: «Ұяң дыбыстар... . Ымыралы дыбыстар... Ымырасыз дыбыстар...». Әр ұғым оқулықта жеке тақырып ретінде берілген. Бірінші орында дыбыстық (фонетикалық) ұғым (графикалық ұғым емес) тұр, яғни бұл оқулықта фонетикалық ұғымдар мен графикалық ұғымдар біріктірілмеген, себебі бұлар – әртүрлі ұғымдар, тілтанымның әртүрлі ғылым салалары. Бұл ғылыми мәтін үзінділерін салыстыру негізінде 1925 жылғы оқулықтың стилистикалық реңкінің әрі нақ ғылыми, әрі ғылыми-әдістемелік сипатта болғанын аңғаруға болады. Яғни А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтіні шын мәнінде қазақ ғылыми стилі динамикасының негізі деуіміз тарихи жағынан да, ғылыми жағынан да күдік тудырмайтын ақиқат.

1914 жылғы оқулықта «Жазу қағидалары» атты тақырып бар. Онда әріптердің жазылу ерекшеліктері сөз болады. Тақырып сөгіс ережеден құралған. 1925 жылғы оқулықта мұндай тақырып жоқ. Біздің ойымызша, бұл – оқулықтың сапасы мен мәніне кері әсер етпейді, себебі оқулық әліппелік деңгейден өткен оқушыға арналған. Екі оқулықта да «Сөз тұлғалары» атты тақырып үлкен орын алады. 1925 жылғы оқулықта «Сөз тұлғалары» тақырыбының негізгі ұғымдарын атап өтуде елеулі өзгерістер бар. Мысалы, *түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз, қосымшалар*. Ұғымдардың атаулары тізіммен, екі қатарға бөлініп берілген. Тақырыптың басында негізгі ұғымдарды осылай орналастырудың, біріншіден, үлкен әдістемелік, жалпы педагогикалық мәні бар, екіншіден, тақырып ұғымдарын тізіммен, қатар-қатар презентациялау оқушының жаңа ғылыми материалды қабылдауын жеңілдетеді, үшіншіден, бұл – ғылыми стильдің оқулық жанрына қойған үлкен талаптарының бірі. 1914 жылғы оқулықта да «Сөз тұлғалары» тақырыбының негізгі ұғымдары тақырып басында берілген. Бірақ ұғым атауларының орналасуы екі қатар тізіммен берілмеген. Ұғым атаулары екі жолда, бірінен кейін бірі орналасқан. 1925 жылғы оқулықта екі қатар, бес жол болып орналасқан.

Сонымен, оқулықтар мәтінінің осы үзіндісінің талдау нәтижелері де А.Байтұрсынұлының шығармашылығында қазақ тілі ғылыми стилінің қалыптасуы бір жерде тұрмағандығын, эволюциялық өзгерістерге ұшырағанын дәлелдейді. Бұл тақырыпты презентациялауда екі оқулықтың да терминологиялық, ұғымдық, ғылыми-әдістемелік негіздері бірдей, яғни қолданылған тіл бірліктерінің стилистикалық реңктерінде күрделі алшақтықтар кездеспейді.

1914 жылғы оқулықта да, 1925 жылғы оқулықта да сөз жазуына арналған тақырып бар. 1914 жылғы оқулықта «Сөз жазуының жалпы *ережесі*» деп, 1925 жылғы оқулықта «Сөз жазуының жалпы *ережелері*» деп аталады. 1925 жылы жарық көрген оқулықта А.Байтұрсынұлы *ереже* сөзін көпше түрде қолданады. Мұның мәні неде? Әрине, қазіргі ғылыми стильдің ерекшеліктері тұрғысынан алғанда, бұл сөзді (терминді) жеке түрде қолданған дұрыс. Мысалы:

зат есім (*зат есімдер* емес); *шақ категориясы* (*шақтар категориясы* емес); *септік категориясы* (*септіктер категориясы* емес) т.б.

Жоғарыда салыстырылған екі сөйлемнің стилистикалық реңкіне сүйенетін болсақ, 1925 жылғы оқулықтағы *ереже* сөзінің көпше түрде қолданған нұсқасын мақұлдауға болады («Сөз жазуының жалпы ережелері»). Бірақ бұл жағдайда қазіргі стилистиканың ережесіне қарсы болғандаймыз. Негізінде ондай емес. Иә, қазіргі жалпы тілтаным ғылыми стилінің дағдысы бойынша, көп жағдайда терминдер жеке түрде қолданылады. Бірақ мұндай қолданыс – қатып қалған заңдылық емес. Яғни ұғымды, тақырыпты атағанда, сөз бірлігі (термин) көпше түрде де қолданылуы мүмкін. Бұл контекстке байланысты. Сондықтан 1914 жылғы оқулықта да, 1925 жылғы оқулықта да *ереже* термині дұрыс қолданылған. Ал енді ғылыми стильдің ерекшеліктеріне, мәтіннің контекстсіне сүйенетін болсақ (тағы бір қайталаймыз), 1925 жылғы оқулықтағы қолданысты мақұлдаймыз. Себебі:

1. Сөйлем қысқа болса (мысалы, «Жазу *ережесі*») онда, әрине, терминнің жеке түрде қолданылғаны жөн;

2. Сөйлем ұзындау болса (үлкендеу контекст), терминнің көпше түрі қолданылғаны жөн (Мысалы, «Сөз жазуының жалпы *ережелері*»).

Сонымен, кейбір жағдайда стилистикалық ереже аумағы контекстке байланысты кеңейеді, сонда тіл бірлігін қолдану формасы ғылыми стильде де, ресми стильде де контекстуалды өзгерістерге ұшырауы мүмкін. А.Байтұрсынұлы стилистиканың осы ерекшелігін жақсы сезген, жақсы игерген, сондықтан 1914 жылы қолданған «Сөз жазуының жалпы *ережесі*» деген тіркестегі *ереже* терминін 1925 жылы көпше түрде қолданған («Сөз жазуының жалпы *ережелері*»).

Осы тақырыптың презентациясында тағы бір ерекшелік бар: 1914 жылғы оқулықта ескертпе («Ескерту») жоқ; 1925 жылғы оқулықта «Ескерту» бар. Бұл А.Байтұрсынұлының оқушыларға жаңа тақырыпты түсіндіргенде жан-жақты хабар беруді көздегенін дәлелдейді. Ескерту көлемді және қызық тақырыпқа (сөздің тұлғасы мен тұрпатының бір емес екендігіне) арналған. Мысалы, «Тұрғанбай – Тұрғамбай, «Қара-гөз» – «Қара-көз», яғни ескертпе орфоэпия мен

орфография мәселелеріне арналған (Қараңыз: А.Байтұрсынұлы, 1925; 1992, 183-б.). А.Байтұрсынұлы сингармониялық графика мен орфографияны сингармофонетикалық принципке негіздегенімен, жоғарыда келтірілген сөздердің жазылуын морфологиялық (сингармофонологиялық) принципке бағындырған, яғни Ахаң 1925 жылғы оқулықтың ғылыми жағын көтерген, нақтылаған. Бұл – ғылыми стильдің үлкен ерекшеліктерінің бірі. 1925 жылғы оқулықта авторға да, оқушыға да қойылған ғылыми талаптардың ішкі де, сыртқы да дүниелері тақырыпты ғылымдандыру мақсатын көзден өзгертілген. Мұндай өзгерістер, біріншіден, бүгінгі қазақ тілінің ғылыми стильнің динамикасын күшейтті, екіншіден, ғылыми стильдің қалыптасуын нығайтты.

Екі оқулықта да «Жұрнақтар» тақырыбы бар. Жұрнақтардың саны, олардың түрлері, презентациялануы ғылыми-оқыту подстилінің нормаларына лайық деңгейде жасалған. Бұл тақырыптың екі оқулықтағы презентациясында құрылымдық та, мағыналық та айырмашылықтар бар. Мысалы, 1925 жылғы оқулықта «Ескерту» бар (1914 жылғы оқулықта «Ескерту» жоқ). «Ескерту» -лық жұрнағының орнына («л» әрпімен бітетін сөздерде) -дық (-дік, -тық, -тік) және басқа жұрнақтардың қолданылуына арналған, себебі қазақ тілінің төл сөздерінде екі [л] дыбысы тіркеспейді, сондықтан, бір жағынан, *жар+лық*, екінші жағынан, *сал+дық* (Қараңыз: А.Байтұрсынұлы, 1925; 1992. – 184-б.). Бұл «Ескертудің» де ғылыми мәні жоғары, себебі мұғалімге, оқушыға қосымша ғылыми ақпарат беріледі, яғни оқушының да білімі толықтырылады, жан-жақты болады. Бұл «Ескерту» стилистикалық та қызмет атқарады, себебі баланы (түбірге жұрнақ қосып жаңа сөз жасауында) тек грамматикалық, сөзжасамдық, семантикалық білімге емес, стилистикалық білімге де үйретеді. Сонымен, 1914 жылғы оқулықтың материалымен салыстырғанда, 1925 жылғы оқулықтың «Жұрнақтар» атты тақырыбында да қазақ тілі ғылыми стилінің шыңдалу процесі айқын байқалады.

А.Байтұрсынұлының талдауға негіз болған екі оқулығында да «Атауыш сөздер» тақырыбы бар. Бұл тақырыптың құрамына (екі оқулықта да) төмендегідей тармақшалар енген: *Зат есім. Сын есім. Сан есім. Есімдік. Етістік.* Оқулықтарда тіл материалының берілуі,

оның ғылыми-әдістемелік деңгейі, ақпарат көлемі бірдей сияқты. Бірақ 1925 жылғы оқулықтың сан есімге арналған тармақшасында «Ескерту» бар (1914 жылғы оқулықтың осы тақырыпқа арналған тармақшасында «Ескерту» жоқ). «Ескертудің» мәні сұрақ қою мәселесіне бағытталған: «Неше? деген сұрау, Нешеу? деп те айтылады». (Қараңыз: Байтұрсынұлы 1925; 1992.- 192-б.). Бұл ескерту де оқушының білімін кеңейтеді, тілдесім жасау дағдысын нықтайды, дамытады, яғни бұл ескертпенің де ғылыми және стилистикалық қызметі ерекше, себебі балаға стилистикалық синонимия ұғымы жайында дерек береді және сол білімді (деректі) тілдесім процесінде пайдалануға әрекеттендіреді.

Осы тақырыпты («Атауыш сөздер») бүгінгі қазақ тіл біліміндегі осы ғылыми ұғымды атайтын сөз тіркесімен («Атау сөздер» – күрделі тұлғалы терминмен) салыстырсақ, стилистикалық өзгешеліктер пайда болады. Мұның өзіндік ерекшеліктері осы еңбектің терминологияға арналған тарауында сөз болды. Оған қосатынымыз: қазіргі әдеби қазақ тілі стилистикасының нормалары бойынша, -ыш жұрнағының қатысуымен жасалған көп сөздердің стилистикалық реңкінде көтеріңкі (кітаби) реңк жоқ. Мысалы: *атау+ыш (атауыш), санау+ыш (санауыш), жақтау+ыш (жақтауыш)* т.б. Мұндай сөздердің стилистикалық реңкінде сөйлесім (тұрмыстық қарым-қатынас) саласына тән реңк байқалады. Сондықтан болса керек, қазіргі қазақ әдеби тілі грамматикасында Ахаң пайдаланған «Атауыш сөздер» атты көркем тұлғалы терминнің құрамындағы бірінші сөздің орнына стилистикалық реңкі бейтарап (нейтрал) *атау* сөзі қолданылады. Соның нәтижесінде стилистикалық реңкінде тұрмыстық қарым-қатынас реңкі жоқ - «атау сөздер» термині пайда болды.

Сонымен, А.Байтұрсынұлының 1914 жылғы және 1925 жылғы «Тіл -құрал» атты екі оқулығын салыстыру қазақ тілінің сол кездегі стилистикалық эволюциясын ғана емес, сол уақыттан кейінгі кездегі стилистикалық эволюцияның ерекшеліктерін де анықтауға да жол ашады. Екі оқулықта да «Шылау сөздер» тақырыбы бар. Бұл тармақты бірнеше тармақшалар құрайды: *Үстеу. Демеу, Жалғаулық. Одағай сөз.* Аталған тақырыпшалардың құрамында, мазмұнында, оқулықтардағы презентациялану тәсілдерінде елеулі айырмашылық

байқалмайды. Екі оқулықта да үш үлкен тақырып («Сөз тұлғалары», «Атауыш сөздер», «Шылау сөздер») «Қорыту» қамтылған. 1914 жылғы оқулықпен салыстырғанда, 1925 жылғы оқулықта «Қорыту» кең, көлемді түрде, қатар-қатарға бөлініп, жалпылама анықтамалармен түйінделген. Мұндай қорытуды оқушы тез және дәл ұғады. «Қорытуда» ұғым атаулары нақты және қысқа түрде берілген. 1925 жылғы оқулықтағы қорытындының осылайша берілуі қазақ тілі ғылыми стилінің ішкі, сыртқы ерекшеліктерінің қалыптасқанын білдіреді.

Екі оқулықтың да соңында «Тасымал» тақырыбы берілген. Оқулықтарда осы тақырыпты презентациялау көлемінде де, мағынасында да өзгерістер байқалмайды.

1925 жылғы оқулық осымен аяқталады. Ал 1914 жылғы оқулықта тағы бір тармақ бар. Ол «Мұғалімдер үшін баяндама» деп аталады. Бұл тармақ қазақ тілінің дыбыс қорына, әріптер жүйесіне, кейбір сөздердің жазылуына арналған, яғни осы мәселелер жайында мұғалімге қосымша ғылыми және әдістемелік мәлімет беріледі. Біздің ойымызша, 1914 жылғы оқулықта мұндай ғылыми-әдістемелік тармақтың болуы орынды, себебі ол кезде оқулықтар да, мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдар да өте аз болды. Бірақ осыған қарамастан, біздің ойымызша, «Мұғалімдер үшін баяндаманың» әдістемелік құрал ретіндегі ерекшеліктері жеңілірек стильде презентацияланғаны жөн болар еді. Бұл – ескертпе емес, зерттеушінің ғылыми тұжырымы. Біздің тұжырымымыз тармақтың да, жалпы оқулықтың да ғылыми-әдістемелік, ағартушылық, тарихи құнына кері әсерін тигізбейді. Себебі әр шығарма – өз заманының туындысы, заман талабының нәтижесі.

Екі оқулық та «Сөз басымен» басталады. «Сөз басының» құрамы да, мазмұны да өте ұқсас, бірдей десек те болады. Бірақ 1925 жылғы оқулықта «Сөз басына» А.Байтұрсынұлы қосымша ғылыми-әдістемелік деректер, анықтамалар, түсіндірмелер енгізген. Мысалы: «Бастауыш мектепте балаларға тіл таныту үш тарау болып бөлінеді: 1) дыбыс жүйесі мен түрлері; 2) сөз жүйесі мен түрлері; 3) сөйлем жүйесі мен түрлері» (А.Байтұрсынұлы, 1925; 1992. – 174-б.). 1914 жылғы оқулықтың «Сөз басында» мұндай мағлұмат берілмеген. Бұл – Ахаңның ғалымдық, әдістемелік дағдысының әр кез жетіліп

түрғанын көрсетеді. Жоғарыда көрсетілгендей, тақырыптың сала-салаға бөлініп, жіктеліп, қатар-қатарға реттеліп берілуі ғылыми стильдің нақтылық, логикалық байланыс, қысқалық талаптарына толық жауап береді. Сонымен қатар мұның әдістемелік мәні де жоғары, себебі мұғалімнен оқу материалын оқушыға ретпен жеткізуді талап етеді, сол реттік қисынды сақтау жолын көрсетеді, яғни 1925 жылғы оқулықтың «Сөз басына» қосылған ғылыми дерек қазақ тілтанымының, қазақ тілін оқыту әдістемесінің, қазақ тілінің жалпы стилистикасының, ғылыми стилінің, ғылыми-әдістемелік подстилінің он бір жыл ішінде жаңа, сапалы деңгейге көтерілгенін көрсетеді. Яғни шын мәнінде, А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтіні – қазақ тілі ғылыми стилі динамикасының негізі болып табылады, себебі қазақ ғылыми стилінің бас бұлағы болып Ахаңның ғылыми мәтіні, Ахаң жасаған ғылыми стиль анықталады.

Екі «Тіл – құрал» атты оқулықта да *дағдыландыру, сынау* терминдері қолданылған. Бұл сөздердің (терминдердің) жұмсалуы XX ғасырдың басындағы қазақ тіл білімі үшін жаңалық болатын. Бұл терминдер қазіргі қазақ тіліндегі *жаттығу, тапсырма* терминдерімен мәндес. Осы сөздердің қолданылуы жайында А.Байтұрсынұлы былай деп жазады: «Тіл – құралда» *дағдыландыру, сынау* деген сөздер ұшырайды. «Тіл – құралмен» балаларды оқытқанда, әр ереже туралы аңдату әңгімесі болғаннан кейін балалар әбден түсіну үшін сөйлем-сөйлем сөздерді, мақалдарды үлгіге алып, олардың ішінен ережеге келетін жерлерін балаларға таптырып, басқалардан айырту. Солай бірнеше рет көрсеткеннен кейін балалар керек сөздерді өздері тауып, өздері айыруға дағдыланады, сонан соң балалар дағдыланып, үйреніп болды ғой дегенде нық біліп болған, болмағанын байқау керек, сынау керек, сынағанда үйренген ережелерді орнына келтіріп жаза ала ма? Жаза алмай ма? Соны сынау. ...Бір ережені балалар әбден үйреніп, тиісті орнында жұмсай білгеннен кейін ғана келесі ережені үйрету» (А.Байтұрсынұлы, 1914; 1925; 1992. – 175-б.).

Осы цитатада әрі тілтанымдық, әрі әдістемелік ақпарат бар: қайтапсырма қандай қызмет атқаратыны, қай тапсырманы бұрын, қай тапсырманы кейін орындау керектігі; мұғалімнің оқу жұмысын жүргізу реті, бірізділігі; балалардың білім қабылдау (үйрену)

деңгейін бақылау, бағалау т.б. көрсетілген. Мұндай мәлімет XX ғасырдың басындағы оқулықта мұғалімдер үшін өте қажет еді, себебі *дағдыландыру, сынау* терминдері енді қолданыла бастағандықтан, жаңа терминдерді ғылыми, оқу-ағарту процесіне енгізген маман (А.Байтұрсынұлы) олардың мағынасын, ғылыми-әдістемелік мәнін ашып беруі керек болатын. Осы қызметті Ахаң заманына сай, жоғары деңгейде атқарды. Жоғарыда келтірілген цитатаның екі нұсқасы бар (біз 1925 жылғы оқулықтағы нұсқасын бердік). 1914 жылғы оқулықтағы нұсқасының кейбір жерлерінде қайталау, синонимдерді... қолдану байқалады. Мысалы, осы цитатаның, соңғы сөйлемін салыстырайық: 1) «Бір қағида я ережені балалар әбден үйреніп, тиісті орнында жұмсай білгеннен кейін ғана келесі қағида я ережені үйрену» (А.Байтұрсынұлы, 1914; 1992. – 143-б.); 2) «Бір ережені балалар әбден үйреніп, тиісті орнында жұмсай білгеннен кейін ғана келесі ережені үйрету» (А.Байтұрсынұлы, 1925; 1992. – 175-б.). Оқулықтың 1914 жылғы нұсқасындағы сөйлемде автор *ереже* сөзімен қатар екі рет *қағида* сөзін де қолданған. Оқулықтың 1925 жылғы нұсқасындағы осы сөйлемінде *қағида* сөзі қолданылмаған (тек *ереже* сөзі екі рет қолданылған). Бұл – сөйлем хабарлайтын ғылыми-әдістемелік жаңалықты тағы да нақтылайды, сөйлемді ықшамдатады (қысқартады), сөйлемдегі ақпаратты қабылдау процесін жеңілдетеді, тездетеді, мұғалім де, оқушы да екі сөздің емес (*қағида, ереже*), бір сөздің (*ереже*) мағынасына көңіл бөледі.

Екі оқулықтын мәтінін салыстырғанда, осындай өзгерістер (1925 жылғысында) жиі кездеседі. Бұл өзгерістер – автордың жалпы стилистикалық, нақ ғылыми стильдік білімі мен орындаушылық дағдысының жылдан-жылға нықталып, шыңдалып, ғылымданып бара жатқандығының куәсі. А.Байтұрсынұлының ғылыми шығармашылығындағы осындай эволюциялық құбылыстар – жалпы қазақ тілі стилистикасының, ғылыми стилінің жоғарғы деңгейде қалыптасуының өзегі, ғылыми-әдістемелік негізі.

Екі оқулықтың да «Сөз басында» және басқа тараутармақтарында қазақ тілі стилистикасын, ғылыми стилін қалыптастыруға бағытталған жетістіктермен қатар қазіргі қазақ тілі стилистикасына тән емес (норма емес) қолданыстар да кездеседі.

Мысалы: «Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғаннан жеңіл болмас еді» (А.Байтұрсынұлы, 1925; 1992.- 173-б.). Осы сөйлемде мұғалім үшін де, оқушы үшін де үлкен, құнды хабар бар. Бірақ сөйлемнің жалпы стилі ғылыми емес. Сөйлемде сөйлесімдік (тұрмыстың қарым-қатынас) стильдің ерекшеліктері басым. Осы сөйлемдегі бүгінгі қазақ тілінің ғылыми стилінің талаптарына сай емес қолданыстар, мысалы: «... қандай қиындық күйге түсер еді...»; «...осы күнгі адамдар...»; «... жаза алмайтын күйге ұшыраса...» т.б. Осындай сөз тіркестерінің қазіргі қазақ тілінің ғылыми стилінде қолданылуы өте сирек кездеседі, себебі мұндай сөз қолданыс ғылыми стильдің ішкі де, сыртқы да ерекшеліктеріне сай келмейді. Бірақ осындай сөз тіркестерінің XX ғасырдың бірінші ширегіндегі ғылыми-әдістемелік мәтін құрамында қолданылуын кемшілік ретінде қарамауымыз керек. Себебі ол кездегі қазақтың ғылыми стилі ізденіс үстінде, қалыптасу үстінде болатын. Сондықтан диахрондық көзқарас негізінде талқыласақ, мұндай сөз қолданыстар қазіргі қазақ тілі стилистикасының ғылыми стилінде кемшілік, стилистикалық қате ретінде бағаланса, XX ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ тілі ғылыми стилі үшін, біздің ойымызша, кемшілік, қате деп бағалана алмайды.

Талдауға негіз болған екі оқулықтың мәтіндерінде қазіргі қазақ тілі нормаларына, тіл бірліктерінің стилистикалық реңктеріне сай келмейтін басқа да сөз қолданыстар кездеседі. Мысалы: *дүниядағы* (қазіргі кезде – *дүниедегі*); *даражаға* (қазіргі кезде – *дәрежеге*) т.б. Бұлар да диахрондық тұрғыдан бағалануы тиіс. Екі оқулықта да жаттығулар, тапсырмалар көптеп берілген. Автор оқушыға арналған жаттығу-тапсырмаларды *дағдыландыру, сынау* деп атайды.

1914 жылғы оқулықта дағдыландыру тапсырмаларының саны – 30, сынау тапсырмалар – 24. Барлығы – 54. Дағдыландыру тапсырмасы мен сынау тапсырмасының көлемі алшақ емес (дағдыландыру тапсырмаларының саны 4 жаттығуға көп).

1925 жылғы оқулықта дағдыландыру тапсырмаларының саны – 15, сынау тапсырмаларының саны – 31. Барлығы болып – 46. Бұл оқулықта жаттығулар саны, 1914 жылғы оқулықпен салыстырғанда,

8 жаттығуға кем. 1925 жылғы оқулықта дағдыландыру тапсырмаларының саны – 15, яғни 1914 жылғы оқулықтан екі есе аз. 1925 жылғы оқулықта сынау тапсырмалардың саны дағдыландыру тапсырмалардың санынан екі есе көп (31; 15). Сонымен, 1914 жылғы оқулықта тапсырма түрлерінің саны бір-біріне жақын болса, 1925 жылғы оқулықта сынау тапсырмалары басым, яғни автор 1925 жылғы оқулықта балаларды қазақ тіліне оқыту әдістемесіне елеулі өзгерістер енгізген: білім деңгейін тексеру (әдістемелік мақсат) бірінші орынға шыққан. Себебі білімді сынау тек тексеру емес, ондай жаттығулар дағдыландыру мақсатын да көздейді. Сынау тапсырмалары осындай екі үлкен мақсатты көздегендіктен, 1925 жылғы оқулықтың кейбір тақырыптарында (мысалы, «Жұрнақтар» тақырыбында) дағдыландыру жаттығулары өте аз (екеу), ал сынау жаттығулары өте көп (он жеті).

Сонымен, А.Байтұрсынұлы оқулықтар жазу барысында қазақ тілі стилистикасын, ғылыми стильді, оның подстильдерін (нақ ғылыми подстиль, ғылыми-әдістемелік подстиль т.б.) қалыптастырумен қатар қазақ тілі оқыту әдістемесінің ғылыми негіздерін де қалыптастырды, дамытты, бір емес, бірнеше әдістемелік концепцияны дүниеге келтірді. Екі оқулықтағы жаттығу түрлерінің статистикалық сипатын төмендегі кестеден байқауға болады.

9-кесте

А.Байтұрсынұлының 1914 жылғы және 1925 жылғы «Тіл – құрал» оқулықтарындағы жаттығу түрлерінің статистикасы

Оқулықтар	Жаттығу түрлері мен саны		Жалпы саны	Ескерту саны
	Дағдыландыру	Сынау		
«Тіл – құрал», 1914 ж.	30	24	54	
«Тіл – құрал», 1925 ж.	15	31	46	3

1925 жылғы «Тіл – құрал» оқулығына А.Байтұрсынұлы жаңа ұғым – «Ескертуді» енгізеді (үш рет). Бұл жаңалық (қосымша жаңа ғылыми хабар беру) мұғалімге де, оқушыға да өте қажет, себебі тіл ережесіне, заңдылығына бағынбайтын тіл бірліктерінің жазылуын, дыбысталуын т.б. автор осы «Ескерту» арқылы жеткізеді.

Талдауға алынған екі оқулықтағы жаттығу түрлерінің санында да, мазмұнында да елеулі айырмашылықтар бар. 1914 жылғы оқулықпен салыстырғанда, 1925 жылғы оқулықтың жаттығу-тапсырмалары бала білімінің сапасын анықтауға көбірек бейімделген.

Сонымен, 1914 жылғы да, 1925 жылғы да «Тіл – құрал» оқулықтары мағынасы жағынан да, құрылымы жағынан да, ғылыми-әдістемелік мәні жағынан да, жалпы тілтанымдық деңгейі жағынан да, стилистикалық, ғылыми, стильдік ерекшеліктері бойынша да қазақтың ғылымтану, тілтану, тілді оқыту әдістемесі салалары үшін – теңдессіз тарихи дерек, ғылыми-әдіснамалық негіз. Оқулықтың екі нұсқасын салыстыру негізінде олардың ғылыми, ғылыми-әдістемелік, құрылымдық ерекшеліктері анықталды. Қазақ ғылыми стилінің 11 жыл ішінде үлкен өзгерістерге ұшырағанын (дамығанын) байқадық.

Құрылымдық жағынан А.Байтұрсынұлының және жалпы қазақ тілі ғылыми стилінің илгері жылжуының, нықтап қалыптасуы 1914 жылғы «Тіл-құралмен» салыстырғанда, 1925 жылғы «Тіл – құралда» анық байқалады. Мысалы, 1925 жылғы оқулықта ғылыми деректер, ғылыми хабарламалар қысқа түрде, ретпен, қатар-қатарға бөлініп берілген. Оқулықтың титулында мұғалім үшін, оқушы үшін толық мағлұмат берілген (қандай оқулық, кімге арналған, кім жазған, қай жерде, қашан басылып шыққан, басылуға кім, қандай ұйым ұсынған т.б.). Үлкен тақырып құрамындағы тақырыпшалар жекеленіп (бөлек тармақшалар ретінде) презентацияланған. 1925 жылғы оқулыққа мұғалімдерге арналған баяндама (әдістемелік нұсқаулар) енбеген, себебі, біздің ойымызша, 1914 жылмен салыстырғанда, 1925 ж. мұғалімдердің әдістемелік білімі, тәжірибесі биіктеген, шыңдалған.

1925 жылғы «Тіл – құралдағы» құрылымдық өзгерістер қазіргі ғылыми стилінің оқулық жанрындағы еңбектерге қойылатын

талаптарға сай. Яғни қазақтың оқулық жасау, оқулықтану ғылымының прагматикалық аспектісі құрылымдық (сыртқы стандарты) жағынан 1914 жылы қалыптасқан модель ретінде дүниеге келіп, 1925 жылы жаңаша эволюциялық өзгерістерге ие болып, толықтырылған. Қазақ ғылымында, пәнді оқыту тарихында оқулықтың құрылымдық моделінің негізін жасаған ғалым – А.Байтұрсынұлы. Бүгінде мектеп оқулықтарының құрылымдық негізі сол XX ғасырдың басында А.Байтұрсынұлы (және басқа қазақ зиялылары) жасаған оқулықтардың құрылымдық стандартынан басталады. Оқулықтың мағыналық (ішкі) өзгерістері де қазақ тілі ғылыми стилінің, ғылыми-оқыту подстилінің, жалпы стилистикасының дамуына ерекше ықпал еткен. 1914 жылғы оқулықпен салыстырғанда, 1925 жылғы оқулықта стилистикалық жинақтылық, стильдік, подстильдік нақтылық, сөз қолданыс мәдениеті нықталған. Мәтін құрамындағы бейкітаби тіл бірліктері мен бейкітаби сөйлем құрылымдары азайған. Ғылыми стильдің негізгі қасиеттері – нақтылылық, қысқалылық, түсініктілік, ғылымдылық, біройлылық, түйіндеу, қорыту, ... – оқулық мәтінінің құрамында шыңдалған.

Сонымен, қазіргі қазақ тілі стилистикасының, ғылыми стилінің, ғылыми-оқыту подстилінің ішкі дүниесінің ғылыми-мағыналық құрылымы XX ғасырдың бірінші ширегінде А.Байтұрсынұлының (тағы да басқа қазақ ғалымдарының) оқулықтары, мақалалары, жалпы ғылыми еңбектері негізінде қалыптасқан. Қазақ тілі ғылыми стилінің эволюциялық динамикасы да, ғылыми-әдіснамалық негізі де XX ғасырдың бірінші ширегінде А.Байтұрсынұлы ғылыми мәтіндерінде басталған, сол мәтіндердің негізінде дамыған.

Түйін

Қазіргі функционалды стиль концепциясының құрамы кітаби және бейкітаби (сөйлесім) стильдерден құралған. Олардың аталуында бүгінге дейін біржақты пікір жоқ. Мысалы, бірқатар еңбектерде *ғылыми стильді ғылыми-техникалық стиль* деп атайды; *ресми стильді* кейбір еңбектерде *ресми іс-қағаздар стилі* деп те атайды т.б. Функционалды стильдер құрамына бүгінде бес түрлі стиль кіреді (төртеуі – кітаби, біреуі – бейкітаби (сөйлесімдік).

Ғалымдар арасында функционалды стиль ұғымы жайында екі түрлі көзқарас қалыптасқан: а) функционалды стильдер – әдеби тілдің түрлері; ә) функционалды стильдер – тілдесімдік құбылыс, яғни тілдесім стильдері (тілдік емес). Екінші көзқарас – доминанттық көзқарас, сондықтан бұл пікір басым көпшілік ізденістердің ғылыми негізі болып қабылданған.

А.Байтұрсынұлының еңбектерінде функционалды стиль түрлері аталмағанымен, олар мәтіндер деңгейінде қалыптастырылған. Ахаң дүниеге келтірген функционалды стиль мәтіндері төртеу – *ғылыми стиль мәтіндері, публицистикалық стиль мәтіндері, ресми стиль мәтіндері, көркем стиль мәтіндері* (көркем стиль Ахаң шығармаларына дейін қалыптасқан), яғни біздің ойымызша, А.Байтұрсынұлының тілтанымдық ғылыми дүниесінде *функционалды стильдер* ұғымы терминмен таңбаланбағанымен, имплицитті сипатта болған. Ахаңның шығармаларын талдау барысында төмендегідей тұжырымға келдік: А.Байтұрсынұлы функционалды стиль ұғымын имплицитті түрде тілдік те, тілдесімдік те деп түсінген (тек әдеби тілдің түрі емес), яғни Ахаң терминологиясы бойынша, функционалды стиль – «сөйлесу» түрі.

Функционалды стильдердің ең негізгі ерекшеліктерінің бірі – әр стильге тиісті мәтіндерде тіл бірліктерінің сараланып қолданы-

луында. Сондықтан функционалды стильге тән сөздер, терминдер, терминдер тіркестері, сөйлем түрлері т.б. болады. А.Байтұрсынұлының шығармашылық мұрасында әр функционалды стиль талаптарына сай жазылған мәтіннің құрамындағы тіл бірліктері сол стильдің лингвистикалық ерекшеліктерін бұзбаған, яғни стильдік нормалар сақталған (ол нормаларды Ахаңның өзі қалыптастырған). Ахаңның ғылыми стиль мәтіндерінде қазіргі қазақ тілі стилистикасының ғылыми жанрларында қолданбайтын сөздер, терминдер, терминдер тіркестері кездеседі. Алайда бұл – Ахаңның ғылыми мәтіндерінің мәнін төмендетпейді, себебі ол – заман талабынан туған тілдің тілдесімдік ерекшеліктері, эволюциялық өзгерістердің нәтижесі.

Функционалды стиль мәтіндері әрдайым бір түрлі болмайды, оның құрамында мәтіннің бірнеше вариантты болады. Сондықтан функционалды стильдер ілімінде подстильдер ұғымы бар. Қазіргі тілтаным стилистикасының ғылыми стилі дәстүрлі түрде үш подстильге бөлінеді: нақ ғылыми подстиль, ғылыми-оқыту подстиль, ғылыми-көпшіліктік (ғылыми-папулярлық) подстиль. А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасының мәтіндері осы үш подстильге лайық деңгейде жазылған. Соңғы 10-15 жылда жалпы тіл білімінде ғылыми стиль құрамы сегіз подстильге жіктеледі. А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтіндерінен осы сегіз подстильдің жетеуіне сай келетіндері анықталды.

Ғалым еңбектерінің арасынан ғылыми-фантастикалық подстильдің талаптарына жауап беретін мәтіндерді кездестіре алмадық. Ахаңның кейбір ғылыми еңбектерін бір емес, екі-үш подстильдің құрамында қарастыруға болады. Мысалы, Ахаңның «Әдебиет танытқыш» атты еңбегі, ең алдымен, ғылыми стильдің нақ ғылыми подстиліне жатады. Сонымен қатар еңбектің жекелеген тармақтарын бірден үш подстильге (ғылыми-ақпараттық, ғылыми-ресми, ғылыми-анықтама) жатқызуға болады, яғни А.Байтұрсынұлының ғылыми концепциясында имплицитті түрде функционалды стильдің подстильдер ұғымы да болған.

Жанрлар – подстильдерді құрайтын және жалпы функционалды стильдерді құрайтын мәтін түрлері. Әр подстиль жанрлар жиынтығынан құралады. Әр функционалды стиль подстильдерінің

құрамындағы жанрлар қорынан құралады. Бір подстильдің құрылымында бірнеше жанрда жазылған мәтіндер болады. А.Байтұрсынұлының ғылыми стилінің нақ ғылыми подстилінен екі түрлі жанрда жазылған мәтіндерді кездестіре алмадық. Олар: диссертация, автореферат, себебі Ахаң диссертация қорғамаған. Монография жанрының талаптарына сай жазылған еңбегі ретінде «Әдебиет танытқышты» атауға болады. А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасынан тағы бірнеше жанрлар деңгейінде жазылған еңбектерді кездестірмедік. Олар: конспект, оқу рефераты. ғылыми интервью, ғылыми есеп (отчет) т.б. Бұлардың бәрі (ғылыми интервьюден басқасы), біздің ойымызша, Ахаңның шығармашылығынан орын алған, себебі ол жоғары оқу орнында дәріс берген, сондықтан осы жанрларда орындалған мәтіндерді мұрағаттардан (әсіресе, Орынбор, Ташкент мұрағаттарынан) тауып, талдау – келешектің жұмысы.

Тіл бірліктерінің қолданылуы әр функционалды стильдің, оның әр подстилінің ерекшеліктерімен де байланысты. Мысалы, ғылыми стильде лексикалық бірліктердің алты түрі қолданылады: 1) жалпы қолданыстағы сөздер; 2) терминжасамдық сөздер. Бұлар үш түрлі сипатта болады: а) ғылымаралық терминдер; ә) жалпы ғылыми терминдер; б) салалық ғылыми терминдер; 3) бейкәсіби (салалық емес, жалпы) ғылыми сөздер. А.Байтұрсынұлының талданған мәтінінде осы алты түрлі лексикалық бірліктердің бәрі де кездеседі. Сонымен, XX ғасырдың бірінші ширегінде дүниеге келген қазақ тілі ғылыми стилі мәтіндерінің лексикалық құрамы қазіргі жалпы тіл білімінің, қазақ тілтанымының ғылыми стилінің лексикалық талаптарына сай.

Ғылыми стильдің тағы бір ерекшелігі – терминдердің, терминдік тіркестердің жиі қолданылуында. Бұл – ғылыми стильге тән сипат. А.Байтұрсынұлы ғылыми еңбектерінде терминдердің қолдану жиілігі жоғары. Бұл – қазақ тілі ғылыми стилінің қалыптаса бастаған кезінің өзінде оның бір мағыналылық, нақтылылық, қысқалық, ... сияқты негізгі ерекшеліктерінің нық болғанын көрсетеді. Мысалы, Ахаңның 20 жолдан тұратын (жарты бет) мәтінінде терминдердің қолданылу жиілігі төмендегідей: *әдіс* – 11 рет; *емле* – 9 рет; *дыбыс негізді әдіс* – 4 рет; *тұтас тұлғалы әдіс* – 3 рет;

дыбыс жүйелі емле – 3 рет; *тарих жүйелі емле* – 2 рет қайталанған. Сонымен, А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтіндері терминдердің қолданылу жиілігі жағынан да қазіргі ғылыми стильдің талаптарына, ерекшеліктеріне толық жауап береді.

Сөйлемнің мағынасы екі ұғымнан құралады: тақырып (тема), жаңа хабар (рема). А.Байтұрсынұлының ғылыми шығармаларынан бірнеше сөйлемді осы екі ұғым негізінде талдадық: барлық сөйлемде міндетті түрде тақырып (тема) және жаңа хабар (рема) бар, яғни Ахаңның сөйлемдері тема және рема концепциясы талаптарына толық сәйкес келеді (90 жыл бұрын пайда болса да, олар бүгінгі ғылыми стильдің негізгі ішкі және сыртқы ерекшеліктерінің талаптарына жауап беретін деңгейде жасалған).

Жазба ғылыми мәтін құрамында ғылыми білімнің қалыптасу кезеңдері болады (проблемалық ситуация (мәселенің қажеттілігі), пікір, болжам (гипотеза), дәлел, қорытынды). Жұмысымызда А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтінін осы концепция негізінде де талдадық. Талдау барысында Ахаңның жазба ғылыми мәтінінде ғылыми білімнің қалыптасу кезеңдері осы концепция ұғымдарына, талаптарына дәл келетіндігі анықталды.

Сонымен, А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтіндерінің стилі мен қазіргі тілтанымдағы ғылыми стильдің сабақтастығы әрі терең, әрі кең, әрі жан-жақты. Қазақ тілі ғылыми стилі А.Байтұрсынұлының шығармашылығында ірі эволюциялық процестен соң ғана нық қалыптасты да, қазіргі қазақ тілі ғылыми стилінің динамикалық негізі болды.

А.Байтұрсынұлының ғылыми еңбектерінің қазақ тілі ғылыми стилі динамикасының негізі екендігін дәлелдеу үшін Ахаңның екі оқулығының мәтіндерін стилистикалық көзқарас негізінде талдадық. Ол оқулықтар: 1) «Тіл – құрал» 1914 ж. Орынбор қаласында басылып шыққан; 2) «Тіл – құрал» 1925 ж. Қызылорда қаласында басылып шыққан. Оқулықтардың баспадан шығу аралығы – 11 жыл. Оқулықтар бір ғылыми-әдістемелік мәселеге (қазақ тіліне оқытуға) арналған. 1914 жылғы оқулық – бірінші басылым. 1925 жылғы оқулық – бесінші басылым. Зерттеу екі бағытта жүргізілді: 1. оқулықтардың қазақ ғылыми стилінің дамуына тигізген әсерін

анықтау; 2. оқулықтардың стилистикалық ерекшеліктерінің қазақ ғылыми стилінің дамуына әсерін айқындау.

Ғылыми стильдің А.Байтұрсынұлының еңбектері мен жалпы қазақ тіл біліміндегі даму динамикасы екі оқулықтың титулдарын салыстырғанның өзінде-ақ айқын байқалады. Мысалы, 1914 жылғы оқулықта автордың аты-жөні, кітаптың аты, баспадан шыққан жылы, қаланың аты, оқулықтың оқыту процесінің қай деңгейіне арналғаны нақты көрсетілген. 1925 жылғы оқулықтың титулында мұғалім мен оқушыға хабарланатын мағлұмат толық түрде берілген, яғни жоғарыдағы мағлұматқа қосымша мағлұмат берілген: оқулық қай мемлекетте басылғаны, оқулықты қай ұйымның баспаға ұсынғаны, нешінші рет басылғаны т.б., яғни 1925 жылғы оқулықтың титулы қазіргі оқулықтардың титулына ұқсас. Бұл – осы оқулық титулының қазіргі ғылыми стильдің талаптарына толық жауап беретінін және қазақ тілі оқулығының эволюциялық динамикасының негізі XX ғасырдың бірінші ширегінде басталғанын көрсетеді.

1914 жылғы оқулықта қазіргі қазақ тілі стилистикасында қолданылмайтын сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер бар. Мысалы: «Қазақ *сөзіндегі* дыбыстар *һәм* олардың *харіфтері*». 1925 жылғы оқулықта Ахаң бұл сөйлемді өзгерткен. Сөйлем қазіргі әдеби қазақ тілі стилистикасының нормаларына толық жауап беретін нұсқада жасалған («Қазақ *тіліндегі* дыбыстар: олардың *таңбалары*»). Осы сойлемде Ахаң тек стилистикалық норманы қалыптастырумен шектелмейді, қойылған мәселені, тақырыпты ғылымдандырады (ғылыми тілдесім деңгейін жалпы тілтаным деңгейіне көтереді, имплицитті түрде семиотика ғылымының негіздеріне сүйеніп жұмыс істейді). Осы және басқа да мысалдар қазақ тілі ғылыми стилінің эволюциялық динамикасы А.Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алып, қазақ стилистикасының нормасы ретінде қалыптасқанын көрсетеді.

1914 жылғы оқулықпен салыстырғанда, 1925 жылғы оқулықта жаңа тақырыптың презентациясы, қорытулар, тұжырымдар қатар-қатар, рет-ретімен, көрнекі түрде берілген. Мұндай өзгерістер баланың жаңа ғылыми хабарды қабылдау мүмкіндігін төмендетпейді, баланы тез шаршатпайды, оқулықтың ғылыми-әдістемелік стандарт қалпын нықтайды.

Екі оқулықта да жаттығу-тапсырмалар (дағдыландыру, сынау) берілген. 1914 жылғы оқулықта дағдыландыру тапсырмасы сынау тапсырмасынан сәл көбірек. Жалпы алғанда, екі түрлі тапсырманың саны бір-бірінен өте алшақ емес. Ал 1925 жылғы оқулықта сынау тапсырмасы дағдыландыру тапсырмасынан көбірек, яғни бұл оқулықта баланың білім алу дағдысын тексеруге ерекше мән беріледі. Бұл оқулықтың тағы бір ерекшелігі: тіл заңдылықтарына бағынбайтын тіл бірліктерінің айтылуы, жазылуы «Ескерту» арқылы презентацияланған. Бұл – қазақ тілі ғылыми стилінің жаңа деңгейге көтерілгенінің айғағы.

1925 жылғы оқулықта да қазіргі қазақ тілі стилистикасына тән емес сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер кездеседі. Алайда А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтіндерін талдауда диахрондық ұстанымды басшылыққа аламыз. Сондықтан ондай сөз қолданыстарды сол кезге тән стилистикалық ерекшеліктер ретінде қарастырдық, яғни олар А.Байтұрсынұлының, жалпы XX ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ тілі ғылыми стилінің деңгейін төмендетпейді, себебі әр шығарма – өз заманының талабына сай жасалған туынды.

Сонымен, А.Байтұрсынұлының 1914 жылғы және 1925 жылғы «Тіл – құрал» оқулықтары мәтінінің жалпы стилистикалық және функционалды стилистикалық (ғылыми стильдік) талдауларының нәтижелерін былайша сипаттауға болады:

1. Қазақ тіл ғылымы тарихында, пәнді оқыту әдістемесінің тарихында оқулық стилистикасының, оқулық моделінің, жалпы ғылыми стильдің негізгі қалпын (стандартын) жасаған ғалым – А.Байтұрсынұлы.

2. Бүгінде қазақ мектебінде қолданылып жүрген қазақ тілі оқулықтарының тілтанымдық, әдістемелік, стилистикалық (ғылыми стильдік) негіздері 1914 жылғы, 1925 жылғы (тағы басқа) А.Байтұрсынұлы оқулықтарынан басталады.

3. Қазіргі қазақ ғылыми стилінің қалыптасуына, дамуына ерекше ықпал еткен еңбек – А.Байтұрсынұлының 1925 жылы Қызылордада басылып шыққан «Тіл – құрал» атты оқулығы. Бұл еңбек қазақ тілінің ғылыми стилін және оның негізгі подстилі – ғылыми-оқыту түрін жаңа (биік) деңгейде қалыптастырды.

4. Ғылыми стильдің нақтылылық, біройлылық, қысқалық, түсініктілік, ... сияқты ерекшеліктері осы оқулық мәтінінде ерекше орын алған. Оқулық мәтінін талдау нәтижесінде ғалымның түйіндеу, қорыту сияқты дағдыларының биік деңгейде қалыптастырғанын байқауға болады.

Сонымен, қазақ тілі ғылыми стилінің ғылыми-мағыналық құрылымдары XX ғасырдың бірінші ширегінде А.Байтұрсынұлының ғылыми-әдістемелік ізденістерінің нәтижесі – оқулықтар, мақалалар мен басқа да ғылыми еңбек мәтіндерінің негізінде қалыптасқан. А.Байтұрсынұлының тілтанымдық еңбектеріндегі ғылыми стиль бірден түзілмеді. Ол ұзақ эволюциялық өзгерістерден өтті. А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтіні – қазіргі қазақ тілі ғылымындағы ғылыми стильдің шығу тегі, даму динамикасының негізі.

Қорытынды

Қазіргі тілтанымда тілдің барлық салаларына байланысты бірнеше теория, концепция қалыптасқан. Ол теориялардың, концепциялардың шығу тегі, ғылыми әдебиет беттеріндегі жазылу әдістері мен тәсілдері, таралымы әртүрлі. Сол ғылыми теориялардың бірқатары дәстүрлі теориялар деп аталса (мысалы: фонологиялық теориялар; лексикологиялық теориялар; сөзжасам-дық теориялар; морфологиялық теориялар; синтаксистік теория-лар; стилистикалық теориялар; типологиялық теориялар; салғас-тырмалы-типологиялық теориялар т.б.), енді бірқатары – жаңашыл теориялар (мысалы: когнитивтік тілтаным теориясы; фрейм теориясы; лингвоконцептология теориясы; лингвомәдениеттаным теориясы; компьютерлік бағдармалар (тілтанымдық, әдістемелік) теориясы т.б.) деп аталады. Аталған теориялардың дәстүрлі түрлерінің бәріне қазақ тіл білімі деңгейінде, жалпы түркі тіл білімі деңгейінде, ал кейбір жағдайларда әлемдік тіл білімі деңгейінде А.Байтұрсынұлының ғалым-тілші, ғалым-әдістемеші ретінде тікелей қатынасы бар. Былайша тұжырымдаудың өзіндік себептері бар:

1. Дәстүрлі тілтанымдық, әдістемелік теориялардың шығу тегі XIX ғасырдың екінші жартысы және XX ғасырдың бірінші ширегінде қалыптасқан. А.Байтұрсынұлы XX ғасырдың басында және бірінші ширегінде қазақ тілі материалы негізінде сингармофонемографиялық теориясын (сингармодыбыстар жүйесі, сингармоалфавит, сингармоорфография), лексикологиялық, терминологиялық, морфологиялық және синтаксистік теорияларын, стильдік және стилистикалық жүелерді теорияларды қалыптастырғанда, сол кездегі әлемдік тіл білімінің теорияларымен таныс болған, солардың негізгі ұғымдарын имплицитті түрде қазақ тілі табиғатына сәйкес

интерпретациялаған. Бірақ А.Байтұрсынұлының пайдалануындағы үндіеуропалық теориялар, орыс, араб, парсы тіл біліміне байланысты жетістіктер қазақ тілінің ішкі және сыртқы дүниесін анықтағанда, олардың ғылыми жазылымын жасағанда, мүлдем сезілмейтін болған, себебі Ахаң қазақ тілінің ерекшеліктерін қазақша ғылыми ұғымдар негізінде сипаттауды көздеген және сол мақсатына жеткен.

2. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде үндіеуропа тіл білімінің сарыны, шығыс тіл білімінің сарыны байқалады, бірақ әуені, сөзі мүлдем кездеспейді. Мысалы, *салалас құрмалас сөйлем, сабақтас құрмалас сөйлем...* терминдерінен орыс тіл білімінің әсері байқалады, бірақ атаулар әр кез тек қазақ тілінің сөздік қоры негізінде жасалған. Мұны сол кездегі өзбек тіл біліміндегі құбылыстармен, деректермен салыстырсақ, А.Байтұрсынұлының ұлама ғалым екендігі тағы да тағы дәлелденеді: өзбек тілінде сол сөздердің (терминдердің) баламасы болса да, өзбек тіл білімінде біраз терминдер араб, парсы тілдерінен алынған. Мысалы: қазақша – *етістік*, орысша – *глагол*, өзбекше – *фъел* (араб тілінен алынған); қазақша – *сын есім*, орысша – *имя прилагательное*, өзбекше -*сифат* (фарсы тілінен алынған) т.б.

3. XX ғасырдың басында және бірінші ширегінде тіл теориясы, әдебиет теориясы, тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесі әлемдік филологияда бір ғылыми комплекс ұғымында қалыптасқан еді, себебі филологиялық ілімдердің жеке-жеке бөлшектенуі (мысалы, созжасам, морфонология, ...; лингводидактика түрлері т.б.) XX ғасырдың екінші жартысында сипат алды. А.Байтұрсынұлы да тіл теориясы мен әдебиет теориясын, тіл мен әдебиетке оқыту әдістемесін бір ғылыми комплекс деңгейінде түсінген, зерттеген. Сондықтан Ахаң еңбектерінде тіл теориясы мен тілді оқыту әдістемесі біріне-бірі сіңісіп, бір ғылыми дүние, бір ғылыми мұра ретінде қалыптасқан (осындай ұстанымның әдебиет теориясы мен әдебиетті оқыту әдістемесіне де тікелей қатысы бар). Мұның тағы бір себебі қазақ тілі мен әдістемесінің, қазақ әдебиеті мен әдістемесінің А.Байтұрсынұлына дейін ғылыми, ғылыми-әдістемелік теория ретінде қалыптаспағанында. Сондықтан Ахаң балаларға білім беру (яғни оқыту) мәселесіне ерекше мән берген. Сол себепті қазақ тілін

жүйе ретінде жазып қалыптастыруды мақсат еткен. Прагматикалық мақсат теориялық мәселелерді шешуді қажет етті.

4. А.Байтұрсынұлы әлемдік тіл біліміндегі дәстүрлі (XX ғасырдың бірінші ширегіндегі) теорияларды жақсы игерген және олардың ұғымдарын, категорияларын қазақи тілтанымдық електен өткізіп, қазақ тілі материалы негізінде жаңа теориялардың негізін қалаған (*сингармофонемография, сингармониялық сөзжасам, терминжасам, ...*).

А.Байтұрсынұлының ғылыми-әдістемелік еңбектерін талдау нәтижесінде мынадай қорытынды жасауға болады: А.Байтұрсынұлы XX ғасырдың бірінші ширегіндегі дәстүрлі теорияларды игерумен қатар қазақ тілі материалы негізінде ол теорияларды әрі қарай дамытқан, жаңа тілтанымдық теориялардың негізін салумен қатар қазіргі кезде (XX ғасырдың соңы, XXI ғасырдың басында) енді қалыптаса бастаған теориялардың прагматикалық материалын да өте ұтымды қолданған. Мысалы, Ахаңның 1912 жылы, 1914 жылы, 1920 жылы тағы басқа жылдары жарық көрген оқулықтарында, оқу құралдарында бүгінгі тіл білімінде, тілді оқыту әдістемесінде өзіндік орны бар линовомәдениеттаным теориясына тікелей қатысты лингвокультуремалар (мақал-мәтелдер) негізінде жасалған жаттығулар жиі кездеседі (*оқу – білім азығы, білім – ырыс қазығы; ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле; мың қосшыға бір басшы; бір күн дәм татқанға қырық күн сәлем; елу жылда ел жаңа; оңқа ойын бұзар, тентек жиын бұзар; қылыш жарасы бітер, тіл жарасы бітпес; жер таусыз болмайды, ел даусыз болмайды; мал – жаным садағасы, жан – арым садағасы*). *Лингвомәдениеттану теориясы, лингвомәдениеттанымдық әдістеме теориясы, лингвокультурема* терминдері енді қалыптасып келеді (Қараңыз: Воробьев, 1997; Маслова, 1987, 2001; Қажығалиева, 2000; Акимишина, 2004 т.б.). Ал А.Байтұрсынұлының нақ ғылыми және әдістемелік еңбектері XX ғасырдың басында дүниеге келді. Сол кездің өзінде ғалым лингвомәдениеттанымдық тіл материалын бүгінгі ғылыми ұғымда, бүгінгі әдістемелік сарында қолданған. Бұл – Ахаңның ғылымтанымдық сезімталдығы 70-80 жылдан кейін пайда болатын тілтанымдық, әдістемелік ғылыми ағынды имплицитті түрде сезгендігін дәлелдейді.

А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінде де, жалпы түркі тіл білімінде де алғашқы болып ғылыми термин жасаудың негізгі

ұстанымдарын, категорияларын, ұғымдық және мағыналық ерекшеліктерін анықтап берді. Терминжасам теориясының негізін салу мақсатымен ғалым қазақ тілінің жалпы сөзжасам теориясының ғылыми негіздерін қалады. Сөйтіп, терминжасам саласын жалпы сөзжасам (дериватология) ілімінің бір тармағы ретінде сипаттады. Қазақ және басқа да түркі тілдерінің жалғамалы (агглютинативтік) тілдер тобына жататынын негізге ала отырып, еңбектерінде сол ерекшелікті (агглютинация) басты назарда ұстай отырып, жүздеген жаңа терминді дүниеге келтірді, қазақ тілі үшін жаңа сөзжасам үлгілерін қалыптастырды.

А.Байтұрсынұлы жасаған ғылыми терминдердің басым көпшілігі жалпылама (абстракты) ұғымдар негізінде жасалған. Бұл – Ахаңның, біріншіден, ғылымтанушылық ойының биіктігін дәлелдейді, екіншіден, қазақ индивидінің, қазақ қоғамының ойлау қабілетінің, жалпы менталитетінің дүниенің (болмыстың) құбылыстарын қабылдап ұғуындағы қазақи реңкінің негізгі ерекшеліктерін дәл таба білгенін көрсетеді. Себебі қазақ халқының ойлау қабілеті көп жағдайда жалпылама (абстракциялық) ұғымдар негізінде жүзеге асады (*жылқы* – жалпы жылқы тұқымы; *ағайын* – жалпы туысқан; *зат* – жалпы әлемдегі заттардың барлығы және соның ішіндегі біреуі).

Ахаң қазақ тілінің жалпы терминологиясының, және салалық терминологиясының негізін қалаушы, яғни қазақ терминтаным теориясының негізін салушы. А.Байтұрсынұлы жасаған терминдерінің біразы бүгінгі қазақ тіл білімінде, әдебиеттанымда, лингводидактикада үлкен орын алады. Ахаң жасаған терминдердің бәрі бүгінгі қазақ ғылымында қолданылмайды. Мұның өзіндік себептері бар:

1. Ғылым ілгері жылжып, жаңа ғылыми ұғымдар, жаңа ғылыми ағымдар, жаңа ғылыми мектептер (теориялар) пайда болады. Бұл жаңа терминдерді талап етеді. Сол себептен А.Байтұрсынұлы нақ ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектерінде пайдаланған терминдердің біразы ғылыми қызметтің перифериясынан орын алды я болмаса толық қолданыстан шықты.

2. Қазіргі қазақ тілі сөзжасамы, терминжасамы әлемдік тіл біліміндегі сөзжасам, терминжасам жетістіктерін қазақ тілтаным әлеміне ықпалдандырады, сондықтан бүгінгі қазақ тіл білімінде

интертерминдер жиі кездеседі. Бұл жағдай да Ахаң дүниеге келтірген біраз терминдердің қолданыстан шығуына себеп болды. А.Байтұрсынұлының терминжасам концепциясының негізгі ұстанымдарының бірі бойынша, термин қазақ тілінің негізінде я жалпы түркі тектес сөзінің негізінде жасалуы керек. Кірме (жат тілден енген) терминдер өте сирек қолданылу керек (қазақ тілінде сондай ұғым және оның атауы болмаса). Мұндай жағдайда А.Байтұрсынұлы араб, фарсы тілдерінен енген терминдерді емес, Еуропа тілдерінен енген терминдерді қолдануды мақұлдайды. Сонымен, А.Байтұрсынұлы кезіндегі қазақ тілтанымының терминжасам концепциясы мен қазіргі қазақ тілтанымындағы терминжасам концепциясының кейбір ұстанымдары елеулі өзгерістерге түсті. Сол ұстанымдардың бірі – XX ғасырдың екінші жартысындағы және қазіргі кездегі қазақ тіл білімінің кірме терминдердің қолдануына арнайы бөгет жасамауы, қазақи ғылыми терминжасам елегінің толық күйде қызмет атқармауы.

3. А.Байтұрсынұлының термин қорында күрделі тұлғалы терминдер басым, себебі баланы оқытуда, жаңа ғылыми ұғымды түсіндіруде бір сөзбен емес, сөз тіркестерімен, сөйлеммен түсіндіру жеңіл болады, сонда бала тез ұғады. Сол себептен XX ғасырдың басында Ахаң көп терминдерді күрделі тұлғалы түрде жасаған. Бұл жағдай сол кездегі қазақ және басқа ұлттардың тіл білімі ғылымына тән болған. XX ғасырдың екінші жартысында термин жасау саласында ең негізгі шарттың бірі – қысқалылық шарты болды. Бұл да Ахаң жасаған күрделі тұлғалы терминдердің біразын қолданыстан шығарды.

А.Байтұрсынұлы 310 лингвистикалық термин жасады. Солардың 118-і қазіргі қазақ тілтанымында қолданылады. Бұл терминдердің (118 терминнің) қазіргі қазақ тіл біліміндегі қызметі өте жоғары, өте маңызды, қолданылу жиілігі биік.

Сонымен, қазақ тіл білімінің негізгі термин қорын А.Байтұрсынұлы жасаған және ғылыми қолданысқа енгізген. А.Байтұрсынұлы жасаған лингвистикалық терминдер тілдің барлық салаларына (фонетика, лексика, морфология, синтаксис) қатысты. Ахаң тек фонетикалық я тек морфологиялық термин жасаумен шектелген жоқ. Терминдердің біразы тіл білімінің бірнеше саласында

қолданылды. Мысалы: *дыбыс* – фонетикада және жалпы тіл білімінде; *әріп (наріф), таңба* – орфографияда, фонологияда, лексикографияда, жалпы тіл білімінде..., яғни Ахаң салалық терминдерді жасаумен қатар жалпы тіл білімдік те терминдер жасады.

Ахаңның терминжасам мұрасында үлкен орын алатын терминдер – фонетикалық, графикалық, орфографиялық, пунктуациялық терминдер. Себебі еңбектері мектепке, халық ағартушылыққа арналғандықтан, жазу, сөйлеу ережелерін, атауларын анықтау, оқу процесіне енгізу керек еді. Бұл күрделі әлеуметтік мәселені Ахаң биік ғылыми, ғылыми-әдістемелік деңгейде орындады.

А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер (жалпы терминдер, салалық терминдер, метатіл, терминдер номенклатурасы, ...) жасалу жағынан теңдесі жоқ ғылыми жаңалық болды; ішкі дүниесі жағынан өрісі кең, ғылыми негізі мықты (жалпылама және нақты ұғымдарға негізделген) болып анықталады; құрылымы жағынан қазақ тілінің лексикологиялық, сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік мүмкіндіктерін толық қамтыған терминдер болып саналады (дара тұлғалы, күрделі тұлғалы); теориялық жағынан сол кездегі тілтанымдағы терминжасам (жалпы сөзжасам) теорияларының негізгі ұғымдарына, ұстанымдарына, категорияларына сүйеніп, қазақ тілтанымының сөзжасам, терминжасам ғылыми теориясының негізін салған. Сонымен, А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасының қыры мен сыры көп. Сондықтан ол мұраның бүгінгі қазақ тілтанымындағы зерттелу жолдары да алуан түрлі.

А.Байтұрсынұлының лингвистикалық ғылыми мұрасында қазақ тілінің иерархиялық салалары анықталған, ғылыми жазылым деңгейінде сипатталған. Бірақ Ахаңның ғылыми мұрасында лексикология жеке тіл саласы деңгейінде анықталмаған. *Сөз жүйесі* және *морфология* атаулары қатар қолданылған. Бұл да – бүгінгі тіл білімінің сала-салаға бөліну талаптарына жауап бермейді. Біздің ойымызша, бұл – тіл білімінің XX ғасырдың бірінші ширегіндегі деңгейіне лайықты. Әр ғылыми шығарма, әр ғылыми концепция заман талабына сай жасалады. Ахаң, біздің ойымызша, сөзді салалараралық тіл бірлігі ретінде түсінген, сондықтан сөзді

сөзтаным (лексикология) деп жекеленген, оңашаланған тіл саласы ретінде анықтамаған. Бұл жағдайға біз қазіргі тілтаным деңгейінен көз салсақ, әрине, ғылыми қателік ретінде түсінуге болады. Бірақ жалпы ғылым, соның ішінде тіл туралы ғылым да бірқалыпта тұрмайды. Ғылымның болмысты зерттеуі күннен-күнге тереңдейді, биіктейді, сондықтан Ахаңның лексикологияны жеке салаға бөлмегенін кемшілік деп түсінуіміз қателік болады. Тілдің салалық жіктелуі бүгінгі жалпы тіл білімінде де жалғасып жатыр. Мысалы, орыс тілтанымында дериватология (сөзжасам) морфологиядан бөлініп шығып, жеке иерархиялық сала ретінде қалыптасты, морфонология тілдің жеке иерархиялық саласы болып бөлініп шығуда т.б.).

Сонымен, А.Байтұрсынұлы жіктеген қазақ тілінің салалық иерархиясын заманына сай, қазақ тіл білімінің ілгері жылжуына анық жол көрсеткен ғылыми дүние ретінде түсінуіміз керек.

А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы – лингвистика мен лингводидактиканың, әдебиеттаным мен әдебиетдидактиканың синтезі. Көп жағдайда Ахаңның еңбектерінде тілтаным теориясы мен тілді оқыту әдістемесін айыру мүмкін емес, себебі контекстің мағынасы бір ғылыми комплексті (тіл теориясын және сол тіл теориясына оқыту әдістемесін) қамтиды. А.Байтұрсынұлының тілтанымдық жаңа көзқарастарын анықтау үшін ғылыми контексті әр кез екі ғылымның (тіл теориясы, лингводидактика) негіздеріне, ұғымдарына, ұстанымдарына, категорияларына сүйене отырып талдау керек, яғни А.Байтұрсынұлы еңбектерінің тілтанымдық табиғаты көп жағдайда әдістемелік еңбектер қатарында сипатталады. Бұл – А.Байтұрсынұлының ғалым ретінде жан-жақты эрудит болғанын дәлелдейді, білім деңгейінің, ғылыми тұжырымдау жасау деңгейінің, ғылыми хабарды оқушыға жеткізу деңгейінің ішкі және сыртқы дүниелерінің энциклопедиялық білім деңгейімен тектес екенін көрсетеді.

Сонымен қатар мына жайтты да ескеруіміз керек: XX ғасырдың басындағы қазақ және басқа түркі тілдері негізінде жүргізілген ізденістердің басым көпшілігінде баланы оқыту мәселесіне ерекше көңіл бөлінген, сондықтан сол кездегі тілтанымдық және әдістемелік еңбектердің авторлары үшін бұл екі ғылым бір табиғи дүние ретінде

қалыптасқан. А.Байтұрсынұлының бірқатар еңбектері (мысалы, оқулықтары) осындай көзқарас негізінде жазылған, ал енді бірқатары теориялық еңбек ретінде жазылған (мысалы, «Әдебиет танытқыш» т.б.).

А.Байтұрсынұлының ғылымтанымдық қызметінің ғылыми табиғаты диалектикалық заңдылықтарға қайшы емес, сол диалектикалық заңдылықтар дүниесінің көрсеткіші ретінде қалыптасқан, яғни Ахаң ғылымды былай түсінеді:

1) ғылым – болмыс құбылысы;

2) ғылым жекеленбейді, себебі ғылым табиғи заңдылық, ғылым барлық адамдарға, заттарға т.б. бірдей қатысты. Мысалы, *ағаш* – зат ретінде бүкіл адамзат үшін зат.

3) ғылым – болмысты зерттейтін әдіс, тәсіл. Мысалы, тіл, тілдесім -болмыстың құбылысы. Сол құбылысты тіл білімі зерттейді. Яғни тіл ғылымы – болмысты зерттейтін ғылыми әдістің, тәсілдің бірі. Ғылымды осындай объективті көзқарас ұғымында түсіну негізінде А.Байтұрсынұлы тілді болмыстың құбылысы ретінде өте терең, өте кең, өте нәтижелі зерттеді.

4) ғылым ұлттандырылмайды, мысалы, етістік қимыл-әрекетті білдіретін грамматикалық сөз табы ретінде қазақшаланбайды, орысшаланбайды, ... Барлық тілдерде етістік – қимыл-әрекетті білдіретін сөз табы. Ал енді етістіктің әр тілдегі ерекшеліктері осы сөз табының мағыналық қызметіне, сөзжасамдық ерекшеліктеріне, морфологиялық көрсеткіштеріне, стилистикалық реңктеріне, ... қарай анықталады. Мысалы, қазақ тілінде етістікке септік жалғау жалғанады (*жүгіру – жүгірудің, жүгіруге, жүгіруді...*). Орыс тілінде етістікке септік жалғауы жалғанбайды (бегать).

Сонымен, А.Байтұрсынұлының ғылымды болмыстың құбылысы ретінде, қоршаған ортаның объективті көрсеткіші, сипаттаушысы, заңдастырушысы ретінде, болмысты зерттейтін әдіс, тәсіл ретінде түсінуі, ғылымтануды, ғылымды игеретін жол ретінде түсінуі XX ғасырдың басында қазақ, жалпы түркі, әлемдік тіл білімінде теңдессіз нақ ғылыми, ғылыми-әдістемелік зерттеулердің дүниеге келуіне себеп болды. Ахаңның зерттеу нәтижелерінің объективті ғылыми заңдылықтар деңгейінде басқа зерттеушілер үшін дайын тіл материалы, түйін, тұжырым ретінде қалыптасуы да

ең алдымен, ғылымды болмыстың құбылысы ретінде қабылдауымен байланысты. Ғылым мен ғылымтану, тіл мен тілтаным және тілді оқыту әдістемесі А.Байтұрсынұлының еңбектерінің тілтанымдық табиғатында біріне бірі тәуелді, бірімен бірі тығыз байланыста тұрған болмыс құбылысының біріккен түрі ретінде сипатталады.

Тілдің бір түрлі күйде емес, екі түрлі күйде өмір сүретінін бірінші болып Вильгельм фон Гумбольдт анықтады да, тіл біліміне тілдік дихотомия (екілік) ұғымын енгізді (*ergon – тілдің статикалық күйі, energeia – тілдің динамикалық күйі).* Одан соң Фердинанд де Соссюр тіл біліміне трихотомияны (үштікті) енгізді (*langue – тіл, parole – тілдесім* (қазақтың дәстүрлі тіл білімі ғылымында сөйлесу), *langage – тілдесімдік қызмет).* Фердинанд де Соссюрдің осы мәселеге арналған еңбегі орыс тілінде 1933 жылы басылып шықты («Курс общей лингвистики»). Бұл мәселеге *Л.*В.Щерба ерекше көңіл бөлді. *Л.*В.Щерба да төмендегідей интерпретация жасады: *тіл (язык), тілдесім (речь), тілдесім (тіл) материалы (языковой материал).*

А.Байтұрсынұлы 1914, 1925 жылдары баспадан шыққан «Тіл – құрал» атты оқулықтарында тілдің екі күйде өмір сүретінін байқағаны аңғарылады. Ахаң тілдің екілік және тілдің үштік ұғымдарына терминдер арнады (*тіл – сөйлеу – сөйлесу*). А.Байтұрсынұлының тілдің екілігі мен үштігі ұғымдық жағынан Фердинанд де Соссюрдің тілдік үштігінің мағынасына толық сай емес (тіл – langue ұғымынан басқа екеуі). Бірақ қалай болғанда да, Ахаңның осы саладағы ойын, жасаған терминдерін жоғары бағалауымыз керек, себебі тілдік дихотомия мен тілдік трихотомия тіл білімі тарихында әлі толық қалыптаспаған кезде, А.Байтұрсынұлы қазақ тілтанымында, жалпы түркі тілтанымда бірінші болып осы ғылыми арнада зерттеу жұмыстарын жүргізді. Әрине, Ахаңның тіл дихотомиясы мен тіл трихотомиясы жайындағы ғылыми әрекеттерінің нәтижесі Вильгельм фон Гумбольдтің, Фердинанд де Соссюрдің ғылыми әрекеттерінің нәтижелерімен тең емес. Бірақ Ахаң бір нәрсені жақсы ұқты: тіл болмыс құбылысы ретінде бір түрлі күйде өмір сүрмейді; бұл – диалектикалық заңдылық. Сонымен, қазіргі қазақ тілтанымындағы *тіл, тілдесім, тілдесімдік қызмет* ұғымдарының қалыптасуы А.Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алады. Ахаң осы ұғымдарды, осы ұғымдарға жақын (тектес) ұғымдарды анықтап,

терминдермен маркерлеп (*тіл – сөйлеу – сөйлесу*) қазақ тіл білімі саласына, қазақ тіліне оқыту саласына енгізді.

Ахаң тілдесім түрлерін (виды речевой деятельности) анықтауға байланысты да ізденістер жүргізген. Тілдесімнің екі түрін – ауызша тілдесім (яғни сөйлесімді) және жазбаша тілдесім (яғни жазылымды) анықтаған, ғылыми сипаттама берген. Тілдесімнің тағы екі түріне (тыңдалым – тыңдау арқылы тілдесу, оқылым – оқу арқылы тілдесу) тікелей анықтама бермесе де, ұғымдық деңгейде әдістемелік еңбектерінде пайдаланған, яғни тілдесімнің сөйлесім, жазылым түрлеріне қаншалықты көп жаттығулар, тапсырмалар, сынаулар арнаса, тілдесімнің тыңдалым, оқылым түрлеріне де соншалық көңіл бөлген. Сонымен, А.Байтұрсынұлы қазақ тілтаным, қазақ лингводидактикасы мен әдістеме тарихында және жалпы түркі тіл білімінде алғашқы болып, әлемдік тіл білімінде алғашқылардың қатарында тілдесім түрлерін анықтады, солардың екеуін (сөйлесім, жазылым) толығырақ сипаттады және ғылыми, ғылыми-әдістемелік ізденістер барысында қолданды. Орыс тіл білімінде бұл мәселеге бірінші болып ерекше көңіл бөлген ғалым – *Л.*В.Щерба. *Л.*В.Щерба тілдесімнің барлық түрін анықтап, сипаттамасын жасады. *Л.*В.Щербаның тілдесім саласына қатысты ғылыми ізденістері тілтаным ғылымына ғана емес, лингводидактика ғылымына да ерекше әсер етті. *Л.*В.Щербаның бұл ізденістері А.Байтұрсынұлының ізденістерінен 10-15 жыл кейін басталған еді.

А.Байтұрсынұлы – қазақ тілі стилистикасының негізін қалаушы. Тіл бірліктері қолданылуының әлеуметтік салаларға байланысты ерекшеліктерін анықтап, қазақ стилистикасының функционалды стильдерінің негізін қалаған. Салалық стилистиканың ішінде Ахаң ғылыми стиль мен подстильдеріне ерекше көңіл бөлген, эволюциялық даму жолын анықтаған. Ғылыми стильдің дәстүрлі үш подстилінде де (нақ ғылыми, ғылыми-әдістеме, ғылыми-көпшіліктік) еңбектер жазған. Сол подстильдердің лингвистикалық және экстралингвистикалық ерекшеліктерін анықтап, прагматикалық мақсатта өте ұтымды қолданған, яғни А.Байтұрсынұлы ғылыми стильдің дәстүрлі үш подстилінде қазақша мәтіндер қорын түзген.

А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтіндерінде қазіргі жалпы тіл білімі стилистикасының ғылыми стиліне тән барлық лингвистика-

лық және экстралинвистикалық факторлар орын алған. Яғни А.Байтұрсынұлы ғалым-стилист ретінде өз заманынан 80-90 жыл алдындағыны дәл болжамдаған.

Әр функционалды стильдің тілдік және құрылымдық стандарты болады. Бұл екі стилистикалық стандарт барлық мәтіндерде бірдей емес. Яғни тілдік және құрылымдық стилистикалық стандарттар әр функционалды стильдің әр подстилінде, әр жанрында өзгеше болады. А.Байтұрсынұлы қазақ ғылыми стилінің тілдік және құрылымдық стандарттарын төмендегі жанр мәтіндерінде қалыптастырды: мақала, оқулық, оқу құралы, әдістемелік құрал, рецензия. Біздің ойымызша, Ахаң монография жанрындағы мәтінін де тілдік және құрылымдық стандарттарын қалыптастырған («Әдебиет танытқыш»). Бірақ бұл ғылыми еңбектің титулында монография деген маркер жоқ.

А.Байтұрсынұлы еңбектерінде нақ стилистикалық ғылыми ізденістер жүргізбеген: функционалды стильдердің аттарын атамаған, тіл бірліктері қолданылатын әлеуметтік салаларды атамаған, стилистикалық терминдер жасамаған, ... Бірақ соған қарамастан, ғылыми еңбектерінде бүгіндегі стилистика ғылымының ұғымдары, ерекшеліктері, ұстанымдары, категориялары орын алған, яғни А.Байтұрсынұлы мынау мынандай стиль, мынау – мынандай подстиль, мынау – мынандай – жанр т.б. деп атамаған, түсіндірме бермеген, бірақ ғылыми, ғылыми-әдістемелік мәтіндері стилистикаға байланысты ғылыми-прагматикалық комплексті толық қамтыған және сол стильдік ғылыми-прагматикалық комплекстің талаптарына толық сай сипатталған. Сонымен, А.Байтұрсынұлы – стилист-прагматик. Біздің ойымызша, бұл XX ғасырдың бірінші ширегіндегі тілтанымына тән, себебі ол кезде әлемдік тіл білімінде стилистика дербес тіл ғылымы ретінде әлі толық қалыптаспаған еді.

Қазіргі қазақ тілі стилистикасы, ғылыми стилі, ... жеке лингвистикалық ғылым ретінде қалыптасқан. А.Байтұрсынұлының ғылыми стилінде қазіргі қазақ тілі ғылыми стилінің талаптарына жауап бермейтін қолданыстар (сөз, сөз тіркесі, сөйлем) кездеседі. Бірақ оларды кемшілік деп түсінбеуіміз керек, себебі тіл материалының солай қолданылуы – сол заман тіл ғылымының даму деңгейіне лайықты қолданыс.

Сонымен, А.Байтұрсынұлы – қазақ тілтаным тарихында жалпы терминология, салалық терминология, метатіл терминдер номенклатурасы, стиль, стилистика, функционалды стиль, подстиль, жанр, лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар, тілдік және құрылымдық стандарт мәселелерін қалыптастырған ғалым. Сонымен қатар А.Байтұрсынұлы *тіл және тілдесім* дихотомиясын, *тіл, тілдесім және тілдесімдік қызмет* трихотомиясын (Ахаңша *тіл – сөйлеу – сөйлесу*) қазақ, жалпы түркі тіл білімінде бірінші болып анықтаған, ғылыми ізденістеріне енгізген.

А.Байтұрсынұлының тілтанымдық, әдістемелік еңбектерінде ғылыми стиль эволюциясы айқын байқалады. Стильдік эволюцияны Ахаңның ғылыми стиль мәтіндері анализінің қорытындылары жан-жақты дәлелдейді. Мысалы, 1914 жылы баспадан шыққан «Тіл – құрал» еңбегі мен 1925 жылы баспадан шыққан «Тіл – құрал» еңбегінің ғылыми стильдік, ғылыми-оқыту подстильдік қасиеттерінде, нормаларында, тілдік және экстралингвистикалық факторларының қалыптасуында (бірмағыналылық қысқалылық, нақтылық, түйіндеу, тұжырымдау, бейәмоциялық, бейэкспрессиялық) әрі сапалы, әрі көлемді өзгерістер бар. 1925 жылы баспадан шыққан «Тіл – құрал» атты еңбегінде ғылыми стильдің ғылымилығы, кітабилігі кеңірек және тереңірек көрсетілген. Яғни А.Байтұрсынұлы шығармашылық өмірінде әр кез ғылыми, ғылыми-әдістемелік, жалпы стилистикалық, стильдік ізденістер үстінде болған.

А.Байтұрсынұлының ғылыми еңбектеріндегі ғылыми стиль эволюциясы – қазақ тілтаным стилистикасының, ғылыми стилінің эволюциясы, жалпы түркі тіл білімі стилистикасының, ғылыми стилінің эволюциясы. Осындай ғылыми эволюция А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтіндерінің стилі мен қазіргі қазақ тілтанымындағы ғылыми стильдің сабақтастығын қалыптастырды. Ол сабақтастықтың ең бірінші көрсеткіші – қазіргі қазақ тілтаным стилистикасының, функционалды стильдерінің, ғылыми стилінің құрамындағы А.Байтұрсынұлы тудырған тілдік және құрылымдық стандарттардың, стильдік талаптардың, нормалардың, тіл бірліктерінің функционалды үлгілерінің, терминдерінің жүйелік қызмет атқаруында, жиі қолданылуында.

Жоғарыда А.Байтұрсынұлының жалпы стилистикасы мен ғылыми стилінің, бүгінгі қазақ тілтаным стилистикасы және ғылыми стилімен сабақтас екендігін айттық. Бұл – Ахаңның жалпы стилистикалық дүниесінің, ғылыми мәтіндерінің қазіргі қазақ тілі ғылыми стилінің динамикалық негізі екенін көрсетеді. Себебі қазіргі қазақ тілі стилистикасы мен ғылыми стилінің даму барысы А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтіндерінде қалыптасты да, соңғы 70-80 жыл бойы қазақ стилистикасы үшін өзіндік орны болды. Мұндай динамикалық даму басқа ұлттардың да жалпы стилистикасының, ғылыми стилінің қалыптасу процесіне тән құбылыс. Мысалы, жалпы тіл білімі стилистикасының ғылыми стилінде бүгінде 8 подстиль бар (дәстүрлі үш подстильдің орнына). А.Байтұрсынұлының ғылыми, ғылыми-әдістемелік мәтіндерін талдау барысында, сол 8 подстильдің жетеуінің талаптарына жауап беретін ғылыми мәтіндер бар екені анықталды (ғылыми-фантастикалық подстильден басқалары). Бұл – А.Байтұрсынұлының ғалым-стилист, стилист-прагмат екендігінің айғағы. Себебі Ахаң XX ғасырдың басында қазақ тілі стилистикасында, жалпы әлемдік тіл білімі стилистикасында әлі анықталмаған, қалыптаспаған ғылыми подстильдердің болашақ талаптарына сай ғылыми мәтіндер түзген.

Қазіргі стилистика ілімінің жазба ғылыми стиль құрамында 25 түрлі жанр бар. Сол 25 ғылыми жанрдың 20-сы А.Байтұрсынұлының стилистикалық мұрасында кездеседі. Қалған бес жанрдағы ғылыми мәтіндерді Ахаңның ғылыми мұрасынан кездестіре алмадық. Оның себебі әртүрлі: кейбір жанрдағы мәтіндерді әлі де мұрағаттардан іздеу керек (мысалы, конспект, библиографиялық реферат); кейбір ғылыми жанрлар ол кезде әлі қалыптаспаған еді (мысалы, оқу рефераты т.б.). Бұл жағдай да А.Байтұрсынұлының ғалым (стилист-прагмат) ретінде жан-жақты ғалым екендігін, жоғары ғылыми деңгейде жұмыс істегендігін көрсетеді.

А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтіндерін талдау барысында төмендегідей ерекшеліктер де байқалады.

1. Ғылыми білімнің ғылыми мәтін құрамында бес түрлі қалыптасу кезеңдері болады. Қазіргі тіл білімінде олар былайша аталады: *проблемалық ситуация (мәселенің қажеттілігі), пікір, болжам (гипотеза), дәлел, қорытынды.* А.Байтұрсынұлы оқулықтарында да,

ғылыми мақалаларында да, оқу құралдарында да, олардың құрамындағы әр тақырыптың мәтінінде де осы ұғымдар, яғни ғылыми стиль мәтініндегі ғылыми білімнің қалыптасу кезеңдері нық орналасқан, яғни А.Байтұрсынұлының ғылыми стиль мәтіндері бұл жағынан қазіргі ғылыми стиль мәтіндерінің жасалу шарттарына толық жауап береді.

2. А.Байтұрсынұлының ғылыми стиль мәтіндеріндегі сөйлемдердің анализі олардың тема (тақырып) және рема (жаңа хабар) концепция негіздеріне сай екендігін көрсетті. Яғни А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтіндеріндегі сөйлемдердің құрамында тақырып (тема) және жаңа хабар (рема) бір-бірімен тығыз байланыста тұрады.

3. А.Байтұрсынұлының ғылыми мәтіндеріндегі қолданылған лексика бес түрлі. Оның үш түрі – терминжасамдық лексика (жалпы ғылыми терминдер, ғылымаралық терминдер, жеке салалық терминдер); тағы екі түрін – жалпы қолданыстағы лексика, мамандандырылмаған (жалпы ғылыми қолданыстағы) лексика құрайды. Бұл Ахаңның ғылыми лексикасының қазіргі ғылыми стиль мәтіндерінде қолданылатын бес түрлі лексикалық бірліктердің ішкі және сыртқы ерекшеліктеріне, талаптарына толық сәйкес екенін көрсетеді.

А.Байтұрсынұлы еңбектерінің жоғарыда аталған стильдік ерекшеліктері Ахаңның ғылыми стильді қалыптастырудағы әрекеттерінің әрі нақты, әрі жалпылама екендігін, ғылыми стиль мұрасының болашағы ұзақ, кең, терең болғанын дәлелдейді.

